Пәтер бағасы мен алғашқы жарна мөлшері осындай болғанда жұбайлардың ресми ай сайынғы жалақысы — 240 000 тг болуы керек.

«Банке ЦентрКредите» алғашқы салым 30% кем болмауы қажет.

БЦК «Жас отбасы» ипотекалық бағдарламасының артықшылығы өтінімді үш күн ішінде тез қарау болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстанның кез келген қаласынан баспана алу мүмкіндігі. Жұбайлардың жасы — 35 дейін.

Сыйақы мөлшері — 15%, жалақы алатындарға — 14,5%. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі — 15,7%. Күйеуі кепілгер болуы керек, ол бола алмаса, басқа тұлға болуы тиіс. Алғашқы салым 30% кем болмауы керек болғандықтан, ипотека бойынша есебін 20 жылға емес, 10 жылға қарастырады.

«ЦентрКредит» банкінің ипотекасы бойынша есеп:

Пәтер құны — 10 000 000 тг

Алғашқы жарна — 30%, 3 000 000 тг

Қарыз мерзімі — 10 жыл

Сыйақы мөлшері — 15%

Ай сайынғы төлем — 112 935 тг

10 жылға үстемақы — 6 552 136 тг

Жұбайлардың ресми кірісі — айына 230 000 тг болуы тиіс [3].

2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасы (бұдан бұрын «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы) Халықтың кең топтарын баспанамен қамту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымның №728 Қаулысымен 2020 жылға дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасы бекітілді [4].

Бағдарламаға тұрғын үй құрылысы және халықты баспанамен қамту бойынша бес бағыт кіреді.

- 1) «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ желісімен баспана(халықтың барлық топтарына және жас отбасыларға арналған);
- 2) «Қазақстандық ипотекалық компания» АҚ желісімен баспана;
- 3) «Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ желісімен баспана;
- 4) апатты жағдайдағы үйлерді бұзу бойынша пилоттық жобаның аясындағы баспана.

Бұл бағыт бойынша Астана қаласында кем дегенде екі жыл тіркеуде тұрған, балалары бар, кем дегенде екі жыл некеде тұрған және ерлі-зайыптылардың екеуінің жасы 29 жасқа толмаған (Бағдарламаға қатысуға өтініш беру сәтінде) жас отбасылар, сондай-ақ, балаларды (баланы) ата-ананың бірі тәрбиелейтін, жасы 29 жасқа толмаған, ажырасқан немесе жесір қалған толық емес отбасылар өтініш бере алады.

Жас отбасыларға қойылатын басты талаптар:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе оралман мәртебесі;
- 2) соңғы 2 жыл бойы Астана қаласында тіркеуде тұру;
- 3) Бағдарламаға қатысушының және онымен тұрақты тұратын оның отбасы мүшелерінің (әйелі, кәмелетке толмаған балалары), және отбасы құрамына енгізілген және өтініште көрсетілген басқа отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығымен тұрғын үйдің болмауы;
- 4) Бағдарламаға қатысушының және онымен тұрақты тұратын оның отбасы мүшелерінің (әйелінің, кәмелеттік жасқа толмаған балаларының), және отбасы құрамына енгізілген және өтініште көрсетілген басқа отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында соңғы 5 (бес) жылда тұрғын үйді ауыстыру немесе өзіне меншік құқығымен тиесілі баспананы иелігінен шығару жолымен тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлату фактілерінің болмауы.

Қатысушылар арасында іріктеуді балл беру арқылы (алған баллдың көптігі бойынша) тұрғын үй комиссиясы жүргізеді.

- 1) бірінші балаға – 20 балл, әрбір екінші және одан кейінгі балаға – 30 балл;
- 2) мүгедек немесе кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлеріне шалдыққан әрбір отбасы мүшесі үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы №1309 қаулысына сәйкес – 10 балл;
- 3) мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде осының алдындағы іріктеуде құрылысы біткен тұрғын үйдің тізіміне енгізілмеген үміткерлерге – қосымша 5 балл;
- 4) жетім бала және ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала, жасы жиырма тоғызға толмаған, кәмелеттік жасқа жетпей ата-анасынан айырылған санатына жататын ерлі-зайыптының әрбіріне – 10 балл [4].

«7-20-25 ипотекалық бағдарламасы қазақстандықтар 7% қолжетімді бағамен қолжетімді баспана алуға есептелген. Пайызы өте қолайлы, көпшілік бұл жағдайды ұзақ күтті. Егер осы бағдарлама енгізілетін болса, бұл экономика үшін де тұрғын үй нарығы үшін де жақсы болар еді. Жылжымайтын мүлік нарығының қатысушыларының барлығы қос қолдап қолдады» [5].

Бұл бағдарлама бойынша тұрғындардың барлығы алғашқы және кейінгі нарықтың үйлерінен ипотекаға арналған.

Жалпы Қазақстандағы ипотекалық несиелендіру жүйесі жақсы ұзақ мерзімдік болашағы бар, алайда қазіргі таңда тұрғын үй мәселесін тек қана жоғары табысы бар адамдар ғана шеше алады. Тұрғындардың басым бөлігінің кірістері бұл кесте бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартып алмайды. Дегенмен де «7-20-25 ипотекалық бағдарламасы қазақстандықтар үшін тұрғын үй мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауы. [//www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).

2. Пономарев В. Государственная жилищная политика России: реализация и перспективы / В. Пономарев// Рынок ценных бумаг. — 2006. — №6. С. 62-65.
3. «Нұрлы жер» бағдарламасы. //Электронный ресурс: <http://2017>
4. «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы//Электронный ресурс: <http://2017>
5. «7-20-25 ипотекалық бағдарламасы . //Электронный ресурс: <http://2018>

Канатбаева А.Б., Ю-31к тобының студенті, ҚКЭУ
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, з.ғ.мағ., Әділбекова Қ.Қ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫС ЖАСАУЫНЫҢ КЕЙБІР СЕБЕПТЕРІ

Еліміз үшінші мыңжылдықтың табалдырығын тәуелсіз мемлекет ретінде аттап, құқықтық – демократиялық мемлекет негізін қалыптастыруға кірісті. Нарықтық – экономикалық қатынастардың қоғам өміріне тереңдеп енуі, еркін жұмысшы күші мен меншіктің әр түрлілігі сияқты көптеген факторлар еліміздің әлеуметтік-экономикалық өміріне өзгерістер енгізіп, саяси сала азаматтық қоғам институттарының өркендеуімен, сөз бостандығы, демократия, плюрализм сияқты процестермен ерекшеленді.

Нарықтық қатынастарға байланысты орын алған жұмыссыздық, көптеген қала мен ауыл тұрғындарының өмір сүру дәрежесі мен әлеуметтік жағдайының төмендеуі біршама келеңсіз құбылыстармен байланысып жатыр, әсіресе саны жағынан да сапасы жағынан да қылмыстық құқық бұзушылықтың өсіп отырғандығы ерекше назар аударатын өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтар мемлекетте қалыптасқан қоғамдық қатынастармен себепті түрде байланысты екендігі белгілі, сондықтан да елде жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар жастардың әлеуметтік жағдайына елеулі ықпал ете қоймағандықтан да, сәйкесінше олардың тарапынан жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың өсуі де белең алуға.

Еліміздің тұңғыш Президенті ел жастарымен болған кезекті бір кездесуінде «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот болып келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады» - деген еді [1]. Елбасының «Мен жастарға сенемін!» деп айтқан сөзінен жастарға үлкен сенім артып отырғанын байқауымызға болады. Егер, қоғам дамуына айырықша үлес қосатын да, жарқын болашақ бағдарламасын жасап, жүзеге асыратын да, еліміздің алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылуына лайықты үлес қосатын да еліміздің болашағы жастар деп оларға үлкен үміт артқанымызбен де, еліміздегі қылмыстылықтың санының артуындағы жастардың үлес салмағының артқандығын көріп, ойымыз орынсыздау емес пе екен деген сұрақ туындайды.

Оның бір мысалы ретінде, соңғы уақытта кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың, оның ішінде ауыр қылмыстар: қасақана кісі өлтіру, зорлау, ауыр дене жарақаттарын салу, тонау және т.б.күш қолдану, қорқыту арқылы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушылар санының көбейіп келе жатқандығын жасыра алмаймыз [2].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын алу жұмыстарын жүргізу тек қана құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ғана жұмысы емес, оған жалпы қоғам мүшелері түгелдей ат салыспайынша қажетті нәтиже шықпайды. Өйткені, оларды қылмыстық құқық бұзушылыққа итермелейтін себептер- үлкендердің теріс ықпалы, жасөспірімдер арасында маскүнемдікпен нашакорлықтың кеңінен таралуы, ата-ана тарапынан кәмелетке толмағандар тәрбиесіне тиісті назар аудармау, жасөспірімдердің бос уақытының шамадан тыс көп болуы, түрлі спорттық секцияларға

баруға қаржы тапшылығы салдарынан мүмкіндіктің болмауы, нәтижесінде бос уақыт өткізу мәселесін кездейсоқ адамдармен, кез-келген ортада өткізуге мәжбүр болуы, отбасындағы жұмыссыздық салдарынан орын алған әлеуметтік жағдай: ата-аналарының жұмыссыздығы, отбасының толық еместігі, балаларын колледждер мен университеттерде оқытуға қажетті қаржылық тапшылықтың орын алуы, мектептердің кәмелетке толмағандардың бос уақыттарын өткізуді ұйымдастырудағы материалдық базасының әлсіздігі, ата-аналар мен кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтық тәрбиенің жеткіліксіздігі және т.б.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың басым көпшілігі қылмыстық құқық бұзушылықты ортақ қатысу нысанында, әсіресе үлкендер ұйымдастырған қылмыстық топпен бірге жасайды, ғалымдардың зерттеу нәтижелерінің қорытындысына сәйкес әрбір үшінші қылмысты кәмелетке толмағандар ересектермен бірігіп жасайды [3].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының жоғары деңгейде дамып, өріс алуы заң шығарушыны кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін аса мұқияттылықпен регламентациялау қажеттілігіне итермелейді, қабылдануға тиісті нормалар қылмыстылық жауапкершілік пен жазалаудың жалпы ережелерінен кей жағдайларда олардың арасындағы байланыстың өзгеше болуы қажет екендігін көрсетеді.

Статистикаға сүйенсек, заң бұзып, қылмыс жасаушы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің көбі толық емес отбасында тәрбиеленгендер, олардың ішінде 29 пайызы әкесіз тәрбиеленгендер, ал ата - анасының екеуі де қызметте болып, тәрбиеге уақыт бөлмеуі 28 пайызды құрайды[4]. Осындай жағдайлардың әсерінен қадағалаусыз қалған жасөспірімдер әртүрлі психологиялық табыссыз факторлардың туындауына, одан әрі құқық бұзушылық әрекеттерге, содан барып қылмыс жасауға орын алдырады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының 90 пайызы осы қадағалаудың болмауының салдарынан екенін атай кеткен жөн.

Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдердің қылмыс жасауының бірден бір кең таралған себептерінің бірі ішімдік және есірткі заттарды, сонымен қатар жүйкеге әсер ететін заттарды қолдану болып келеді. Ал, ішімдік ішу және есірткі заттарды қолданудың бірден бір себептері ретінде төмендегідей мәліметтерді келтіруге болады: қызығушылық - 52,3., рахат сезімін сезіну үшін - 19,2 пайыз, достарынан қалмау - 10 пайыз, ал қалған бөлігі өзінің уақытша депрессия жағдайын ұмыту.

Қазіргі таңда ата-ананың бала тәрбиесіне толық қатыса алмауының себептері ретінде: нарықтық экономика кезеңіндегі әлемдік дағдарысқа сай отбасылардың әлеуметтік -тұрмыстық жағдайының қыспаққа түсуі, тұрмыстық әл- ауқатының төмендеуі, баланың толық отбасында тәрбиелене алмауы, отбасылық рухани құндылықтың жетіспеуі, отбасындағы келіспеушіліктер, жанжал, отбасы мүшелерінің өздеріне тиесілі рөлдерді дұрыс атқара алмауы, нәтижесінде бала қараусыз және бақылаусыз қалуын көрсетуге болады.

Зерттеу қорытындыларына сүйенсек, 9-15 жас арасындағы жасөспірімдер құқық бұзушылық әрекеттерге жиі барады, сондай-ақ, статистикалық мәліметтер 14-15 жастағы жасөспірімдердің арасындағы қыз балалардың қолымен жүзеге асатын қылмыстық әрекеттер (15%) үлесінің бар екенін айтып, дабыл қағып қана қоймай, алаңдаушылық білдіруде, бұл- әрине,тез арада шешім қабылдауды қажет етсе керек.

Жалпы кәмелетке жасы толмағандар арасында білім деңгейінің төмен, үлгерімінің нашар болуы, оқуға селқос қарауы - өтпелі кезеңмен, отбасындағы орын алған келеңсіз жайттармен, қоршаған ортамен, жеке басының құқық бұзушылық пен қылмысқа «жақын» болуымен немесе маңайындағылардың әсерінен де болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

Қылмыстың үлкен кішісі жоқ, олай болса, күнделікті үлкен немесе кішінің қолымен іске асып жатқан қылмыстардың азаймай, көбеюі - сол қылмыстарды жүзеге асырғандардың болашақ өмірінің жарқын жақтармен емес, керісінше, бұлыңғыр шақтарға

толы екенін көрсетсе керек. Қалай болғанда да қылмыстылықпен күресті жүргізе беру - мемлекетіміздің сындарлы саясаты ретінде қала беретініне күмән жоқ.

Бұл үлкен мәселенің алдын алу үшін ең алдымен бала тәрбиесіне аса қатты назар аударуымыз керек. Себебі, әрбір бала тәрбиесі отбасынан басталып, қоршаған ортада болып жатқан құбылыстармен тығыз байланыста бола тұрып жүзеге асады. Қазіргі қоғамда бала тәрбиесіне жасалған жағдай көбінесе құжатта ғана, олай дейтініміз, толып жатқан спорттық секциялар, үйірмелер бар екендігі рас, бірақ оларға балаларын жіберетіндей ата-аналарының қаржылары жоқ.

Кеңес одағының кезінде мұндай секциялар мен үйірмелер балаларға тегін қызмет көрсеткен, сондай-ақ, әр аулада аула клубтары болып ондағы тегін үйірмелерге сол ауланың үлкенді-кішілі балалары баратын, көрші ауланың балаларымен түрлі кездесулер мен жарыстар өткізіп, сөйтіп ол балалардың арасында бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнап, үлкендері өз ауласының кіші балаларына қамқорлық танытып отыратын. Қазірде оның бірі жоқ, тіпті бір ауланың баласы түгілі бір подъездің балалары бірі-бірі танымайтын заман туды, осының бәрі жиылып келіп кәмелеттік жасқа толмаған баланың дәл қазіргі таңдағыдай интернет желісі арқылы көрсетілетін бағдарламалар арқылы санасын улауға негіз болмас еді.

Болашақ тағдыры саналатын жеткіншектерді өзіне қызықтыра алатын жабылып қалған ұйымдардың қайта ашылып, өз құшағына оларды тартуы бос уақыттарын азайтуы - қоғамға жат әрекеттердің (құқық бұзушылық, қылмыс) азаюына жол ашар еді.

Бала тәрбиесіне мемлекет тарапынан көңіл бөлініп жатқан жоқ деп кесіп айта алмаймыз, бірақ мемлекет тарапынан атқарылып жатқан іс-шаралардың әлі де болса бала тәрбиесіне ететін әсері аздық ететіндігін айтпай кетпеуге болмайды. Осы орайда, ананың мейірімі мен әкенің тәрбиесін еш мектеп бере алмайтындығын ескерсек, бала тәрбиесімен айналысу үшін аналарға мемлекет тарапынан жасалған жағдайлар әлі де болса жеткіліксіз деген есеппен, ананың бала тәрбиесімен айналысуы үшін жағдай жасаулы керек сияқты, ең болмағанда, ананың жұмыс уақытын қысқартса, мектеп жасына дейінгі көп балалы отбасына берілетін жәрдемақы көлемін әр баланың жасына сай көбейтсе т.б.с.с

Тағы бір ескере кететін жәйіт, қалалар мен аудандарда қайырымдылық шараларын көрсету орталықтары ашылса, оған қоғам мүшелері өздеріне қажет емес деген дүние-мүліктері мен киім-кешектерін тапсырып, оны әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына тегін таратса, оны пайдаланған отбасы балаларының бірі болмаса бірі қоғам тарапынан көрсетілген қамқорлықты түсініп, қалайда қоғамға қажетті тұлға болып өсуге ұмтылатындығы сөзсіз.

Әрине, кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы күресуде ұйымдастырылып, өткізіліп жүрген іс-шаралар әлі де болса қылмыстылықтың алдын алуда жеткілікті болып табылмайды. Өйткені, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының өсуіне қоғамда әлеуметтік-экономикалық даму бойынша төмен отбасыларының әлі де болса болуы, халықтың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейінің күрт төмен түсіп кетуі, отбасылық қатынастардың өзгеруі, жасөспірімге деген қатігездіктің жоғарылауы жағдайының әсері болып жатқандығын ескермеуге болмайды.

Ең күрделі даулы және аз дамыған криминологиялық проблемалар қатарында жастардың қылмыс жасаған кездегі мінез-құлқына қатысты жасалған зерттеулер жатады. Криминологтардың тұжырымдамасы бойынша жастар қылмыстық құқық бұзушылық әрекет етеккен кезде жиі агрессивті және албырт мінезде болады да, одан келетін зардапқа көп көңіл аудара бермейді, тіптен ол туралы ойланбайды десе де болады. Кәмелетке толмағандардың тұлғалық қасиетінің қалыптасуында оның отбасылық жағдайы және тәрбиесі маңызды рөл атқаратындығы сөзсіз.

Ендеше, осындай жағдайларға орай ұйымдастырылатын іс-шаралардың маңыздылығы бойынша бірінші орындарда әлеуметтік, экономикалық және тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың болуы заңдылық болғандықтан, Қазақстанда қазіргі уақытта жасөспірімдер қылмыстылығына талдау жүргізіліп, олардың құқыққа қарсы мінез-

құлықтарының себептері мен жағдайлары анықталып, олардың алдын алу шаралары жасалады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жалпы қылмыстылық, соның ішінде жасы кәмелетке толмағандар қылмысының одан әрі көбейіп, белең алмауы үшін тек қана құқық қорғау органдарының қызметкерлері ғана емес, сондай-ақ олардың ата-аналарының ат салысуымен және кәмелетке толмағандардың тікелей қатысуымен жүргізілетін тәрбиелік шаралардың нәтижелі болуына баса назар керек екендігін баса көрсеткенін айтсақ та жеткілікті. Жалпы қылмыстылықты ескерту мен алдын-алуды көп зерттеген қазақстандық криминолог-ғалым Е.І.Қайыржанов «қылмыс жасаған жасөспірімдер тағдыры «өте қиын» болғандықтан, оларға барлығымыздың қол ұшын беруіміз керек» дегенді қадағалап айтқан болатын.

Негізінен кәмелетке толмағандардың қылмыс жасау себептерінің түрлері мен жағдайлары толып жатыр, сондықтанда олардың қылмыстылықтарының алдын алуға қатысты іс-шаралар ұйымдастыруда осыған сәйкес жүргізілген зерттеу қорытындылары басшылыққа алынуы керек деп ойлаймыз, сонда ғана атқарған іс-шара нәтижелі болары сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N591 Заңы

4. Статистическая информация о состоянии преступности в РК и основных результатах борьбы с нею.- Астана, 2008. - 82 б

5. Каиржанов Е. И. Понятие, структура и виды профилактики преступлений.- Караганда, 1986.

Қапият Д., 2 курс студенті, ҚҚЭУ

Ғылыми жетекші: PhD докторы, доцент Г.Б Каржасова

ЛИЗИНГ ҚАТЫНАСТАРЫ, ОЛАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Бүгінгі таңда банк қызметтерін жетілдіру, банк жүйесінің даму жолдарын анықтау еліміздің экономикалық, саяси, әлеуметтік өмірінің басты назарында. Қазақстан экономикасының нарықтық қатынастар жолына түсуі оның жалпы әлемдік тенденция спекторында дамуын анықтайды. Сондықтан коммерциялық банктер қазіргі банктік несиелік істі қалыптастыра отырып әлемдік тәжірибеге сүйенеді. Бірақ, қазіргі жағдайда батыс экономикалық теорияларының жетістіктері Қазақстандық коммерциялық банктердің қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыра алмайды.

Бәрімізге белгілі Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастыру кезеңі сауда-экономикалық байланыстардың жаппай үзілісі, өндірістің құрылуы және инфляция мен баға деңгейінің өсуі нәтижесінде, инвестициялық белсенділіктің төмендеуі жағдайында бастады.

Міне, осы жағдайларда Қазақстан экономикасындағы негізгі құрал-жабдықтардың табиғи және моральдық жағынан тозуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі көптеген кәсіпорындардың ақша қаражаттарының жетіспеушілігі, сонымен бірге

техникалық құрал-жабдықтардың толық құнын төлеу үшін несие алудағы қиыншылықтар әсер етеді.

Осы жағдайларда негізгі құрал-жабдықтарды жаңартудың тиімді әдістерінің бірі күрделі құбылысты қаржыландырудың және инвестицияның ерекше формасы лизинг болып табылады.

Қазақстанда лизинг жаңа пайда болған қызмет түрлерінің бірі болып табылады. Өндірістік салаға инвестицияларды ынталандыру, өнеркәсіптік әлеуетті жаңарту, отандық өндірушілердің бәсекелестік қабілеттілігін көтермелеу үшін лизинг қатынастарын дамыту керек. Бірақ ол үшін қажетті жағдайлар тудыру қажет. Көптеген дамушы мемлекеттердің тәжірибесі көрсететіндей оған үлкен көңіл бөлінеді: қажетті заңдар қабылданған, салық жеңілдіктері берілген т.б.

Лизинг шарты азаматтық-құқықтық шарт, ол бойынша лизинг беруші лизинг алушы көрсеткен мүлікті сатушыдан меншігіне сатып алуға және лизинг алушыға осы мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға міндеттенеді.

Лизинг шартының даму тарихы шартты түрде 2 кезеңге бөлінеді, олар:

1) Шетелдерде лизинг шартының даму тарихы мен құқықтық реттелуі: ежелгі және қазіргі заманғы Еуропа елдері;

2) Қазақстан Республикасы лизингі туралы заңнамасының дамуы тарихы (ҚазКСР мен Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы лизинг шартының даму тарихы мен құқықтық реттелуі).

Және де бұл тарихи даму кезеңдердің әр мерзіміндегі құқықтық реттелу процесстері лизингтік қатынастардың құқықтық реттелуіне зор әсерін тигізді. [1,286]

Лизинг шартының өзіне тән ерекшеліктері болып келесілер табылады:

1. Лизинг шартында міндетті тұлға ретінде лизинг беруші мен лизинг алушыдан басқа мүлікті сатушы қатысады.

2. Лизинг беруші мүлікті жалға беруде мүліктің иесі болып табылмайды. Сонымен қатар, лизинг беруші лизинг алушы үшін мүлік сатып алғанда мүліктің белгілі бір тұлғаға жалға берілетіндігі туралы сатушыны хабардар етуге тиіс.

3. Арендалық қатынастарда белсенді рөл лизинг алушыға берілген. Лизинг алушы өзі сатушыны белгілеп, қандай мүлік қажет екендігін көрсетеді. Бірақ, лизинг шартында сатушыны және сатып алынатын мүлікті таңдап алуды лизинг беруші жүзеге асырады деп көзделуі мүмкін (ҚР АҚ-нің 565-бабының 2-тармағы).

4. Лизинг шартында мүлікті лизинг алушыға сатушы береді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының территориясына кіргізілген тауарларға алынатын кедендік баждар мен салықтарды төмендету жағдайын да қарастырған жөн.

Лизингтің негізгі ерекшелігі болып: жалға бұрын пайдаланылған емес жаңа мүлік берілуі табылады. Жалдау мерзімі жабдықтың қызмет етуі мерзіміне сәйкес келетіндігі лизинг шартына тән. Жалдау мерзімі аяқталған соң, жалға алушы мүлікті меншікке алуға, шартты жаңартуға және жалға берушіге мүлікті қайтаруға құқылы.

Лизингтік келісім-шарттардың келесі санаттар бойынша жіктеледі:

1. Қатысушылар құрамына байланысты;

2. Мүлік нысанына байланысты;

3. Мүліктің өтелімділігі бойынша;

4. Амортизация деңгейіне байланысты;

5. Қызмет көрсету мөлшері бойынша;

6. Нарық секторына байланысты;

7. Лизингтік төлемдер сипатына байланысты;

8. Салық және амортизациялық жеңілдіктерге қатысты;

9. Қаржыландыру әдісіне байланысты;

10. Жалға алынатын мүлікке қатысты. [2,296]

Бұлар өз үшінде бірнеше түрлерге жіктеледі.

Лизингшарты пәнінің ерекшелігі ретінде лизинг объектісінен басқа, міндетті екі жақтың әрекеті кіреді: біріншіден, жалға алушы мүлікті жалға алғаннан кейін оны дұрыс ұстап күтуге және оны мерзімінде ақшасын төлеп, қайтаруға міндетті; екіншіден, лизинг берушінің сатушымен лизинг алушы көрсеткен, лизинг мүлігін алуға бағытталған сатып алу-сату шартын жасасу әрекеті.

Лизинг шартының объектілерімен нысанасына бағалы қағаздар мен табиғи ресурстарынан басқа кәсіпкерлік қызметте қолданылатын кез-келген тұтынылмайтын зат жатады. Лизинг объектілерінің өзгешеліктеріне қарай жылжымалы мүлік лизингі және жылжымайтын мүлік лизингі болып екіге бөлінеді.

Лизинг шартында өзгеше көзделмесе, лизинг шартын өзгерту және бұзу мүлікті жалға алу шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Жалпы ереже бойынша мүліктің жойылу және бұзылу қауіпін оның иесі көтереді. Лизинг шартында жалданатын мүліктің иесі лизинг беруші табылады. Бірақ лизинг шартында лизинг нысаны болып табылатын мүліктің кездейсоқ жойылу және бұзылу қауіпін мүлікті берген кезде лизинг алушы көтереді. [3,296]

Қазақстанда лизингтің дамуының өзектілігі болып, еліміз әзірше шикізат ресурстарының әлемдік бағаларына тәуелді және бұл тәуелділік көмірсутекті шикізат экспортының көлемінің ұлғаюына байланысты алдағы орта мерзімді болашақта сақталып әрі өсе түсуі табылады. Қазақстан экономикасын шикізат ресурстарының бағалары тұрақсыздығынан қорғаудың тағы да бір тетігі отандық өндірістің дамуы болып табылады. Бұл жағдайда елдегі құрал-жабдықтардың 80 пайызы тозғанын, алдағы бірнеше жылда оларды алмастыру қажеттігін ескерген жөн.

Осы мәселені шешудің бір жолы жалға алудың басқа түрлерімен салыстырғанда кешенді сипаты бар сыртқы - экономикалық, несиелік және инвестициялық операциялар элементтерін біріктіретін лизинг болмақ.

ҚР Азаматтық кодексі (Ерекше бөлімі) лизинг алушы мен лизинг берушінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды оның бір мақсаты ретінде есептейді. Кодексте ішкі құжаттарға сілтеме жасайтын нормалар да бар, оларды жоспарлау мен қабылдау лизинг компанияларына міндетті болып табылады. [4,306]

Отандық өндірушілер мен кәсіпкерлерге осы қызмет түрін дамыту үшін қажетті жағдайлар тудыру керек. Ол үшін біріншіден, лизинг мәмілелерінің (келісім-шарттарының) мерзімін ұзарту қажет (3 жылдан кем емес мерзімге және одан ұзақ мерзімге).

Сонымен зерттеу тақырыбын қорытындылай келе, лизинг туралы заңнаманы ары қарай жетілдіру мақсатында келесі ұсынысты жасаймыз:

ҚР АҚ-де Лизинг шарты туралы тарау жасап, оны жобалағанда халықаралық лизинг туралы Оттава Конвенциясының ережесіне сәйкес лизинг мүліктік қатынастардың субъектілеріне қатысты үш тарапты кешені ретінде қаралсын, яғни ол бойынша лизинг компаниясы (лизинг беруші) пайдаланушының (лизинг алушының) өтініші мен нұсқамасы бойынша дайындаушыдан (жеткізушіден) жабдықтар алады, одан кейін лизинг алушының уақытша пайдалануына береді. Кешен құрамына екі шарт кіреді: сатып алу-сату шарты (лизинг компаниясы мен дайындаушы (жеткізуші) арасында жабдықтар алуға байланысты қатынастар, мұнда дайындаушы (жеткізуші) – сатушы, ал лизинг компаниясы – сатып алушы) және лизинг шарты (лизинг компаниясы мен пайдаланушы (лизинг алушының) арасында жабдықтарды уақытша иелену мен пайдалануға беруге байланысты қатынастар.

Лизинг қазіргі таңда ұзақ мерзімді несиелеудің нысаны болып табылады, себебі лизинг беруші лизинг алушыға қажетті мүлікті оның таңдауы және тапсырмасы бойынша алады.

Қазіргі уақытта лизингтік қызметтер нарығы әлемнің шамамен барлық аймақтарында дамуда деп айтуға болады. Әлемнің көптеген елдеріндегі инвестицияның жалпы көлеміндегі лизингтің алатын үлесіне байланысты лизингті инвестициялаудың болашағы бар бір формасы деп толық санауға болады. [5,306]

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жалыбин С. Факторинг, лизинг, франчайзинг и другое. Казахстанская правда. – 30 июля 1999. №182-183
2. Кабатова Е.В. Лизинг: правовое регулирование, практика. М.:Ифра-М, 1998.
3. Кулагин М.И. Избранные Избранные труды (Классика российской цивилистики). М., 1997.
4. Лизинг – коммерческий кредит. Учебное пособие. М.: Истсервис, 1994.
5. Нурғалиев Н. Лизинг – особый вид договора имущественного найма // Юридическая газета. – 20 января 1999 года.

Нуркеев А.Ж., магистрант,
Карагандинский экономический
университет Казпотребсоюза,

СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ БОРЬБЫ С КОМПЬЮТЕРНЫМИ ПРЕСТУПЛЕНИЯМИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Наряду с прогрессивными проявлениями информатизации, развитие современного общества привело к появлению новых видов уголовно-наказуемых деяний, совершаемых с использованием различных электронно-вычислительных систем, средств телекоммуникации и связи.

Количество правонарушений с использованием вычислительной техники или иной электронной аппаратуры, особенно возросло в последние годы. В общей структуре преступности увеличилось количество хищений безналичных денежных средств с использованием устройств, в основе которых лежат высокоточные информационные технологии.

Электронно-вычислительные системы и компьютерные технологии функционируют относительно давно. При этом их развитие происходит огромными темпами, что связано с большой заинтересованностью в них широких слоёв населения, в том числе и лиц с девиантным поведением. Совершаемые такими лицами уголовные правонарушения, связанные с использованием компьютерной техники, - это лишь специализированная часть преступной деятельности в информационной сфере.

В отечественных и зарубежных изданиях и средствах массовой информации в последнее время появились различные термины, обозначающие те или иные проявления криминального характера в информационной области. Встречаются термины «компьютерная преступность», «киберпреступность» и т.п.

По официальным данным компании Allianz Global Corporate & Specialty мировой кризис значительно увеличил количество компьютерных преступлений по всему миру за 2015 год составил 445 млрд. долларов США, а в 2016 году общий ущерб для мировой экономики от данного вида преступлений возрос и составил 575 млрд. долларов США (ущерб включает прямые потери, недополученную прибыль и расходы на восстановление систем) [1].

По своему механизму, способам совершения и сокрытия эти виды преступлений имеют определённую специфику, они характеризуются высоким уровнем латентности и низкой раскрываемостью.

На сегодняшний день в Казахстане преступления в сфере компьютерных технологий в процентном соотношении пока уступают общеуголовным, но имеет тенденцию к росту.. Данное обстоятельство связано, прежде всего, с тем, что становится больше активных пользователей сети Интернет, поэтому велика вероятность увеличения в геометрической

прогрессии компьютерных преступлений. На наш взгляд, это связано со слабым контролем со стороны правоохранительных органов.

По мнению ряда ученых-исследователей по данной проблематике в ближайшей перспективе количество компьютерных преступлений будет увеличиваться, что в свою очередь не обязательно отразится в официальной уголовной и судебно-следственной практике в силу ряда специфических черт, свойственных данному виду преступности, а также вследствие достаточно большого числа объективных причин [2, с. 384].

Принятый 3 июля 2014 года Уголовный кодекс Республики Казахстан, впервые в истории отечественной юриспруденции обратил внимание на данный вид преступления и включил целую главу, посвященную «Уголовным правонарушениям в сфере информатизации и связи (глава 7 УК РК). Руководствуясь данной главой состав преступления, предусматривающего ответственность за такой вид деяний, правоохранительные органы получили реальное средство борьбы с лицами, использующими компьютерную технику в преступных целях. Наказание по этим статьям варьируется как в плане штрафа - от 200 до 3000 МРП, так и в части сроков лишения свободы - от 2 до 5 лет.[3]

В целом, статистические данные о количестве зарегистрированных компьютерных преступлений свидетельствует о том, что количество таких преступлений стремительно растет.

По данным Министерства внутренних дел Республики Казахстан публикуемая на официальном сайте уровень и динамика преступности в сфере компьютерной информации приведены в таблице 1 и графически представлены в диаграмме 1 (составлен автором по данным Комитета по правовой статистике и специальным учётам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан [4].

Годы	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Количество зарегистрированных преступлений	296	306	447	649	720	370

Таблица 1 - Уровень преступности в сфере компьютерной информации в Республике Казахстан




Диаграмма 1 - Динамика преступности в сфере компьютерной информации в соотношении количества зарегистрированных преступлений на период с 2012 по 2017 годы

Как видно из таблицы и диаграммы 1, данные имеют скачкообразный характер, количество зарегистрированных преступлений по данной категории, самый высокий всплеск приходился на 2016 год, а самый низкий наблюдается в 2012 г. данный факт обусловлен, прежде всего, с усилением и внедрением правовых норм, направленных против фактов неправомерного доступа к информации.

В Республике Казахстан в ближайшее время займется составлением всеобъемлющего перечня критически важных объектов информационно-коммуникационной инфраструктуры. К таким, к слову, планируют отнести и онлайн-СМИ. Для защиты интернет-ресурсов от угроз планируется внедрить «надежную идентификацию пользователей» и меры по обеспечению их конфиденциальности. Отдельной составляющей национального киберщита станет распространение знаний о масштабах проблемы и способах самозащиты. В 2017 году в школьные образовательные программы войдут «обучающие практики по защите персональных данных» [5].

Таким образом, проанализировав статистические данные, можно сделать следующие выводы:

- динамика количества зарегистрированных компьютерных преступлений имеет скачкообразный характер и в ближайшие пять лет будет сохранять тенденцию снижения, при условии усиления борьбы с преступностью в сфере компьютерной информации;

- прямое действие на возрастание масштабов преступности в сфере компьютерной информации оказывает повсеместное внедрение, использование и развитие высокими темпами информационно - телекоммуникационных технологий;

- преступность в сфере компьютерной информации тесно взаимосвязана с другими видами преступности и приобретает черты экономической преступности;

- компьютерные преступления могут выступать способом совершения других противоправных уголовно наказуемых деяний [6, с. 44 - 47], и в последние годы нередко становятся инструментом для совершения преступлений, имеющих политический подтекст (DDoS - атаки на правительственные сайты, кибершпионаж, распространение в киберпространстве экстремистских материалов) [7, с. 243].

- преступность в сфере компьютерной информации является высокоорганизованным видом преступности в сочетании со свойственными для данного вида преступности высокотехнологичным характером и профессиональным подходом к осуществлению противоправных действий;

- для преступности в сфере компьютерной информации свойственна крайне высокая степень латентности [8, с. 832].

Следовательно, преступность в сфере компьютерной информации, будучи относительно недавно сформировавшимся видом преступности, находится в стадии динамического и ускоренного развития и требует принятия необходимых мер со стороны государства.

Список литературы:

1. Официальный сайт компании Allianz Global Corporate & Specialty. – Режим доступа: <http://www.agcs.allianz.com/assets/PDFs/risk%20bulletins/CyberRiskGuide.pdf>

2. Агапов П.В., Антонов Г.В. - Романовский, В.К. Артеменков. Теоретические основы предупреждения преступности на современном этапе развития российского общества // Академия Генеральной прокуратуры Российской Федерации. – М.: Проспект, 2016. – 656 с.

3. Уголовный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.)

4. Официальный сайт Комитета по правовой статистике и специальным учётам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан – Режим доступа: http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat?piref36_223083_36_2

5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 8 сентября 2016 года № 529 «Об утверждении Правил и критериев отнесения объектов информационно-коммуникационной инфраструктуры к критически важным объектам информационно-коммуникационной инфраструктуры» – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1600000529>

6. Чекунов И.Г., Шумов Р.Н. Современное состояние киберпреступности в Российской Федерации // Российский следователь, 2016. N 10. - с. 44 - 47.

7. Криминология. Особенная часть. В 2 т. Т. 2: учебник для академического бакалавриата. // под общ. ред. О.С. Капинус. – М.: Издательство Юрайт, 2016. – 311 с.

8. Криминология: учебник / под общ. ред. А.И. Долговой. – 4 - е изд., перераб. и доп. – М.: Норма: ИНФРА - М, 2014. – 1008 с.

Омурзак А., Ю-15с/к тобының студенті, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекші: к.ю.н., доцент Сатбаева Қ.Х.

ЕЛІМІЗДЕГІ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікке ие болғалы бері өзін демократиялық құндылықтарды ұстанушы мемлекет ретінде жариялап, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының басымдығын танытып отырғандығы заңды құбылыс. Оның заңды дәлелі Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында баянды етілген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітіп, басты құндылығы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары табылады» [1]. Еліміздің негізгі заңында бекітілген адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы туралы идея өсіп келе жатқан ұрпақтың құқықтары мен бостандықтарының қалыптасуы мен дамуына кепіл болып табылады.

Қазақстан Республикасында балалық шақты адам өмірінің маңызды кезеңі екендігін танып, балаларды қоғамда тіршілік етуге бейімдеуді қамтамасыз ету маңызды шаралардың бірі. Сондықтан, Елбасымыз Қазақстанның тәуелсіздік алғанынан бастап неке мен отбасы, бала, ана мен әке институттарын нығайтуды алғашқы орынғы сұрақтар қатарына қойды. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» даму стратегиясында баяндалды: «Біз өзіміздің болашағымызды және балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті. Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтынын: әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді? Олар жақсы әрі азат қоғамда өмір сүре ме? Олар бейбіт-татулықта өмір сүре ме? Біз осынау қарапайым, бірақ маңызды сұрақтарға бүгіннің өзінде жауап беруге тиіспіз. Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты - біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Біздің басты оң игіліктеріміздің ішінде - халқымыздың, немесе былайша айтқанда, адам ресурстарының сапасы тұр» [2].

Біздің Президенттің Рухани Жаңғыруды айтып өткен ұлттық кодын жалғастырушы ретіндегі жас ұрпақтың тағдыры мемлекетпен дұрыс шешілуі ең маңызды сұрақтардың бірі.

Еліміздің қолданыстағы Конституциясының 27 бабында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және

оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы және міндеті» делінген. Қазақстан Республикасы Конституциясының бұл бабы балалық шақтың мемлекеттің қорғауында болатынын және ол мемлекетпен танылатын және қорғалатын негізгі әлеуметтік құндылық болып табылатынын бекітіп отыр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінде еліміздегі отбасы қатынастарының құқықтық тұрғыдан реттелуінің негізгі бастамалары баяндалған. Бұл кодекс Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының негізі мен адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын баянды ететін еліміздің қолданымдағы Конституциясының нормаларымен тікелей не жанама байланысты болып келеді.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатты бекітіп отыр:

- балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;
- балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;
- бала құқықтары кепілдіктердің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;
- балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке дами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлі, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдеседі;
- кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөнінде нысаналы жұмысты қамтамасыз ету болып табылады.
- Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және:
- баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге;
- балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға;
- аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға;
- баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына;
- баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген [3].

Елімізде жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүгедек, мүмкіншілігі шектелген балаларға әлеуметтік қамқорлық жасауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар қабылданған. Атап айтсақ: «Қазақстан - Балалары», «Жетім балалар», «Мүгедек балалар» және т.б.

Бұдан басқа аталған жағдайларды реттейтін мемлекетімізде бірқатар заңнамалық актілер де баршылық. Олар: «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлері туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» және т.б.

Балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған халықаралық құжаттар да жоқ емес. Олар: «Бала құқығы туралы» Конвенция, «Балаларды қорғау және шетелден (мемлекетаралық) баланы асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы» Конвенция «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциясы және т.б.

Елімізде балалықтың мемлекеттік - құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілуімен қатар, оның жүзеге асырылуында, құқықтық қорғалу механизмдері аясында, оларды жетілдіру барысында бірқатар қиындықтар кездеседі. Атап айтқанда: балалардың қаңғырып жүрушілігі, балаларды мәжбүрлеп еңбекке тарту, оның ішінде жезөкшелікке, есірткі сатуға баулу, баланың есірткіге құмарлығы, жас өспірімдердің арасындағы қылмыстылық пен құқық бұзушылыққа бейімделуінің өсуі және т.б. Қазіргі таңда бұл проблемалар мемлекеттік қауіпсіздік деңгейіне көтеріліп, қазіргі күннің басты мәселелерінің біріне айналды. Қазіргі жастарымыздың есірткіге құмарлығы адамзаттың тіршілік етуіне үлкен қауіп төндіріп отыр.

Балаларды мәжбүрлеп еңбек етуге итермелеу күннен-күнге өсіп келе жатқан мәселе. Балалардың қиын әлеуметтік және экономикалық дағдарыс кезінде, отбасылық ахуалына байланысты, қайыр сұрауы, автокөліктердің терезелерін сұрту сияқты еңбектенуі күнделікті кездестіретін жәйт болды.

Баланың қорғалуы мемлекеттің басты қызметтерінің бірі. Мемлекет өзінің функциясы арқылы балалық шақты қорғауды жүзеге асырады. Жас ұрпақты дұрыс, салауатты тәрбиелеу үшін, балалықты қорғау механизмдерін жетілдіріп қана қоймай, оны дамыту қажет. Осы ретте отандастарымыздың балаларды асырап алуға ынталандыру саясатын жүргізу қажет, Қазақстандық балаларды шетел азаматтарының асырап алу саясатын тиімді етіп жүргізу, интернаттық мекемелерде тәрбиеленіп жатқан жетім балаларды әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды медициналық қамтамасыз етуді жетілдіру керектігі туындап отыр. Бұл мәселелерді іске асыру барысында еліміз халықаралық тәжірибелерге сүйенуі қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жылы қабылданған. (2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен).
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы, 2002.
3. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы кодексі.
4. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір 2017
5. Интернет желісінен статистикалық мәліметтер

Попов Е.В., СОШ № 63, 10 «В» класс

Шалин Ш.А., студент 1курса, КЭУК

Научный руководитель: к.ю.н., доцент Филин В.В.

ОСОБЕННОСТИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО ПОРЯДКА В ГОРОДЕ БАЙКОНЫР

Каждый гражданин своей страны, воспитанный с чувством патриотизма и гражданского долга, отвечая благодарностью и взаимностью должен внести свой вклад в ее процветание и благополучие. Готовясь стать квалифицированными юристами, мы делаем свою первую попытку в юридическом осмыслении правовых механизмов обеспечения общественного порядка в городе Байконыр, как одного из условий в едином преобразовании национальной правоохранительной системы.

По данным МВД Республики Казахстан в г.Байконыр зарегистрировано 75200 человек, из них: граждан Российской Федерации - 26628 (35,4%), граждан Республики

Казахстан - 46072 (61,3%), граждан СНГ - 2500 (0,3%) человек. На обслуживаемой территории в пос.Торетам - 11084, из них: а/о Акай – 5048 [1].

Правовой основой по взаимодействию органов внутренних дел Казахстана и России в обеспечении правопорядка на территории комплекса «Байконур» являются: Международное Соглашение об основных принципах и условиях использования космодрома «Байконур» от 28.03.1994г.; Договор аренды комплекса «Байконур» между Правительством Российской Федерации и Правительством Республики Казахстан от 10.12.1994 г.; Межправительственное Соглашение о взаимодействии правоохранительных органов в обеспечении правопорядка на территории комплекса «Байконур» от 04.10.1997 г.

В соответствии с абзацами 2 и 3 части 5 статьи 4 Соглашения об основных принципах: «...На территории комплекса в отношении военнослужащих, лиц из гражданского персонала Российской Федерации и членов их семей применяется законодательство Российской Федерации и действуют ее компетентные органы.

В иных случаях применяются нормы законодательства Казахстана и действуют ее компетентные органы» [2].

Также, согласно абзацу 4 студента 6.12. Договора аренды, «.. Конституционные права граждан Республики Казахстан должны обеспечиваться ее компетентными органами (суд, прокуратура), расположенными в г.Ленинске (ныне - г.Байконур), в соответствии с законодательством Республики Казахстан...» [3].

Таким образом, в вышеуказанных базовых документах уже была определена юрисдикция государств Сторон.

В соответствии со статьей 9 Соглашения о взаимодействии «Правоохранительные органы Российской Федерации и правоохранительные органы Республики Казахстан будут незамедлительно извещать друг друга о всех ставших им известными правонарушениях, относящихся к юрисдикции соответственно Российской Федерации или Республики Казахстан, а также проводить неотложные следственные и иные действия до прибытия представителей правоохранительных органов государства другой Стороны, которым будут передаваться все относящиеся к делу материалы и вещественные доказательства» [4].

Данное означает, что на территории города Байконур возможно применение уголовного и административного законодательства обоих государств с учетом гражданской принадлежности.

Однако, на сегодняшний день казахстанские граждане привлекаются к административной ответственности за административные правонарушения, совершенные ими на территории комплекса «Байконур» по российскому законодательству. При этом, российская сторона высказывает мнение, что термины «**взаимодействие**» и «**рассматриваются**» используемые в международных соглашениях охватывают вопросы юрисдикции исключительно Российской Федерации.

Руководствуясь требованиями международных соглашений по комплексу «Байконур» Управлением МВД Российской Федерации на комплексе «Байконур» за последние четыре года, к административной ответственности было привлечено **более 65,3 тысяч граждан Республики Казахстан** (в 2014г. - 19 888, в 2015г. - 16 498, в 2016г. - 14 681, за 11мес.2017г. - 14227), при этом граждан Российской Федерации - 9805 [1].

В целях реализации наших национальных конституционных принципов, считаем необходимым внесение дополнений в Межправительственное Соглашение о взаимодействии правоохранительных органов в обеспечении правопорядка на территории комплекса «Байконур» от 04.10.1997г. по вопросам более четкого разграничения административно-юрисдикционной компетенции между Управлением МВД Российской Федерации на комплексе «Байконур» и Представительством МВД Республики Казахстан в г.Байконур.

Следует заметить, что данное Представительство, в соответствии с Положением, утвержденным приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан и главой администрации г. Байконур от 07.01.1999г., осуществляет:

- расследование и оперативно-розыскные мероприятия по уголовным делам о преступлениях совершенным гражданами Республики Казахстан;
- паспортно-визовую работу в отношении граждан Республики Казахстан;
- учет и регистрацию автотранспортных средств физических и юридических лиц Республики Казахстан;
- лицензионно-разрешительную работу в отношении объектов и граждан Республики Казахстан;
- содействие правоохранительным органам Российской Федерации в обеспечении общественного порядка.

Список литературы:

1. Аналитический обзор Представительства МВД Республики Казахстан в г.Байконур за 2017 г.
2. Соглашение между Российской Федерацией и Республикой Казахстан «Об основных принципах и условиях использования космодрома «Байконур» от 28.03.1994г. // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs>
3. Договор аренды комплекса «Байконур» между Правительством Российской Федерации и Правительством Республики Казахстан от 10.12.1994г. // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs>
4. Соглашение между Правительством Российской Федерации и Правительством Республики Казахстан «О взаимодействии правоохранительных органов в обеспечении правопорядка на территории комплекса «Байконур»» от 04.10.1997г. // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs>

Raizaeva G., student of the group Yu-35k
Scientific adviser Sarbassov B.A.
Karaganda economicUniversity
of Kazpotreboyzuz

ACTUAL PROBLEMS OF PROTECTION OF ENVIRONMENTAL HUMAN RIGHTS

The Constitution of the Republic of Kazakhstan of 1995, the Environmental code of the Republic of Kazakhstan of 2007, the Concept of transition to sustainable development for 2007-2024 and other environmental and natural resource legislation recognized the right to a favorable environment.

In the Environmental code of the Republic of Kazakhstan, paragraph 1 of article 13 is devoted to the rights of individuals in the field of environmental protection: the right to an environment favorable to their life and health; to implement measures for the protection and improvement of the environment; to create public associations and funds for environmental protection; to participate in the process of decision-making by state bodies on issues relating to the environment in the manner prescribed by the legislation of the Republic of Kazakhstan.; to participate in meetings, rallies, pickets, processions and demonstrations, referenda in the field of environmental protection in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan; to appeal to state bodies with letters, complaints, statements and proposals on issues of

environmental protection and to demand their consideration; to receive from state bodies and organizations timely, full and reliable information; to participate in discussion of projects of normative legal acts on issues of environmental protection at the stage of their training and submit their comments to the developers; participate in the preparation of plans and programmes relating to the environment; to make proposals on carrying out public ecological expert examination and participate in it; to require the cancellation in an administrative or judicial procedure of decisions on the placement, construction, reconstruction and commissioning of enterprises, constructions and other ecologically hazardous objects and also on the restriction and termination of economic and other activities of individuals and legal entities having a negative impact on the environment and human health; sue for damages caused to their health and property as a result of violation of the environmental legislation of the Republic of Kazakhstan[1].

As you know, the most important feature of any legal system is the unity of rights and obligations, reduced to the fact that «everyone is obliged to observe the order, regulations and prohibitions of legal norms, and, in turn, has the right to rely on the protection and creation of the necessary conditions for the realization of their rights and freedoms» [2, p.26].

Environmental obligations of citizens, as a term of legal science, has a very complex semantic content based on its characteristics as a phenomenon of legal reality. In General terms, environmental obligations can be thought of as socially necessary behavior in order to environmental protection and rational nature management, prescribed standards of environmental legislation and supported by the government a flexible system of types and measures of legal responsibility [3, p. 15].

Kazakh legislator, on the basis of this unity in paragraph 2 of article 13 enshrines the following responsibilities of individuals to preserve the environment, protect natural resources; to promote measures aimed at rational use of natural resources, environmental protection and ensuring ecological safety; to prevent threats to environmental security that can arise on fault of their own; carry out its activities in accordance with environmental legislation of the Republic of Kazakhstan.

To date, there are a number of legal shortcomings, gaps that entail the weakness and ineffectiveness of the institution «ensuring environmental human rights». These include:

First, the current environmental legislation refers to subjects of environmental rights as citizens, as well as public associations engaged in activities in the field of environmental protection. Legal entities are not subjects of environmental rights in accordance with the Environmental code of the Republic of Kazakhstan.

Secondly, the earlier consideration of the principle of sustainable development confirms that the subjects of environmental rights should be the peoples living in a certain territory and future generations of people. This provision has not yet been properly enshrined in Kazakhstan's legislation, although some steps have already been taken in this direction. Recall that the Concept of transition of the Republic of Kazakhstan to sustainable development for 2007-2024 defined the sustainable development of the country as a development that meets the needs of this generation and does not jeopardize the ability of future generations to meet their needs. In our opinion, the rights of future generations to a favorable environment should find a constitutional basis, as well as it is necessary to develop legal mechanisms for their observance and protection [4].

The first Constitution of independent Kazakhstan, adopted on 28 January 1993, recognized in article 26 the right of citizens «to an environment conducive to life and health». The second Constitution, adopted on 30 August 1995, only declares in article 31 that «the state shall aim at protecting an environment conducive to human life and health». The article on human rights in the natural environment was deleted, despite the fact that Kazakhstan signed the Rio Declaration of 1992, the first paragraph of which proclaims these rights. This effectively denies the principle of the «universality and indivisibility of human rights» proclaimed in the 1993 Vienna Declaration and Programme of action.

Moreover, the wording of the 1995 Constitution was unclear and could therefore be understood in two ways. Firstly, the state protects the entire environment, and secondly, the state does not take over the protection of the environment as a whole, and protects only that part of it, which is not affected by the destructive anthropogenic impact and is favorable to human life.

According to article 38 of the 1995 Constitution, citizens «are obliged to preserve nature and to respect natural wealth».

Article 6 defines the rights of ownership of natural resources and thus the order and right of access to them: «Land and its subsoil, water, flora and fauna, other natural resources are in state ownership. The land may also be in private ownership.» (V. 6, p. 3). This indicates that «property obliges that its use must simultaneously serve the public good» (V. 6, p.2). In fact, two main types of access to resources are recognized, first, for all citizens equal rights of access to resources that meet their vital needs, and secondly, the available amount of consumed goods (such as land) may depend on the personal well-being of everyone [5].

An important point of the Constitution of 1995, especially in the light of expanding international cooperation, is the recognition of the priority of international instruments signed by the Republic of Kazakhstan. Article 4 (3) States: «International treaties ratified by the Republic shall have priority over its laws and shall be applied directly, unless the international Treaty provides that its application requires the promulgation of a law».

A number of other environmental human rights, such as the right to benefit fairly from the conservation and sustainable use of nature and its resources, the right to the protection and justiciability of air, water, land, flora and fauna, biological diversity and ecosystems, are not even mentioned in Kazakhstan's legislation.

The environmental code of the Republic of Kazakhstan of January 9, 2007 in Art. 13 proclaims the right of individuals to a favorable environment for their life and health; to receive timely, complete and reliable environmental information from state bodies and organizations; to sue for damages caused to their health and property due to violation of the environmental legislation of the Republic of Kazakhstan [1].

Significant opportunities in the protection of the rights of citizens were represented by the laws canceled now: «on environmental expertise» and «on specially protected natural areas». However, they did not contain specific mechanisms for the realization of human rights to a healthy environment. These provisions also do not exist in the relevant sections of the Environmental code of Kazakhstan.

Speaking about the implementation of citizens' rights in the field of ecology, it is necessary to identify such a problem as informing citizens about the state of the environment. For the effective implementation of the right contained in article 31 of the Constitution, it is necessary to comply with a number of requirements, namely: the completeness of the information provided, its reliability and timeliness. Despite the modernization of technical and information spheres, at the same time there is a deterioration of industry and the use of natural resources. At the same time, environmental rights and legitimate interests of almost the entire population of the Republic of Kazakhstan are violated. Environmental ignorance, ecological and legal nihilism, disregard for the rights of citizens by the authorized bodies are called as the reasons for the emergence of this situation [5].

Most citizens are not sufficiently aware of their rights to reliable information on the environment. And this is a major problem, as the right to receive information about the environment allows to realize other important rights such as the right to a favourable environment, for damages caused to health or property by ecological violations [2, p. 52].

The legislation of the Republic of Kazakhstan contains a sufficient number of rules defining the right to obtain comprehensive information on the environmental situation. Article 18 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan provides for the direct obligation of state and local self-government bodies and their officials to ensure that everyone has the opportunity to read data relating to his / her rights and freedoms. This rule needs to be interpreted broadly, as it is a rule of direct effect. This provision also correlates with part 3 of article 18, under which

everyone has the right to freely find and receive the required information. Any kind, including ecological [5].

Social institutions of state power at all levels, as well as competent state bodies in the field of environmental protection, have the obligation to provide information to citizens on environmental issues.

Such property of information as completeness means sufficiency of the provided data for the solution of the tasks necessary at the moment. The reliability of the information can be described as the correspondence of the data to the real facts. Timeliness of information can be defined as its relevance to the time of receipt of information. Incomplete information may lead to an incorrect conclusion or decision.

Implementation of environmental rights of citizens at the moment can not be called satisfactory. In particular, this conclusion follows from the fact that the only mechanism for the protection of the rights in question is a lawsuit. Article 18 of the Constitution establishes that the rights of freedom of the individual and the citizen shall be guaranteed by justice. The legislator provides for disciplinary or administrative, as well as criminal liability for violation of environmental law, but in practice this mechanism is ineffective due to the low legal culture of society, manifestations of legal nihilism, disbelief by virtue of the law among citizens. It should be noted that many citizens do not know their environmental rights or do not have sufficient information in this area [5].

Thus, in the current state-legal mechanism there is no possibility of consistent implementation of the powers of the President of Kazakhstan as a guarantor of environmental human rights.

All other ways of protecting environmental rights are quite widely specified in the legislation and provide both disciplinary or administrative and criminal liability. But in practice it appears that there is a serious infringement of the rights of citizens in the sphere of ecology, because the ecological situation in the country is seriously started. There are many environmental problems that need to be addressed. Many scientists and experts consider the ecological situation in Kazakhstan a crisis.

In addition to the above problem, there is another situation that hinders the protection of environmental rights. Unfortunately, most citizens are unaware of their environmental rights and obligations. Hence, there are numerous disagreements with public authorities. Often, people do not even know they have a certain list of rights and may apply to any environmental authority for further information and explanations, thus realizing their right to information [6, p. 216].

Conclusion: in order to correct this situation, it is necessary to:

First, to confer on the Commission on human rights appropriate administrative powers in the field of environmental protection. For example, issuing fines for violation of environmental legislation, and for failure to pay a fine, criminal liability can be provided. Moreover, not only the Executive authorities, but also individuals and legal entities should be fined.

Why is this necessary? The fact is that many environmental disputes are not crowned with success, and the rights of citizens remain unprotected. But it is not just about some material rights, because often environmental disputes are connected with life and health.

From this, it can be concluded that it is necessary to address the problem at the state level by prescribing the administrative powers of the Commission on human rights. At the same time, the mechanism of consistent implementation of the President's powers as a guarantor of environmental human rights will be implemented.

Secondly, there is a need to increase the knowledge of citizens about their environmental rights in General. Conduct various seminars at universities and schools, where the younger generation would be brought information about the environment and their inalienable ecological rights. This should be carried out as at the state level, i.e. directly under the control of the state, but also on the level of non-state actors that will improve the legal literacy of the population of Kazakhstan in the field of environmental law [7, p. 16].

Summing up the results of the study, it should be noted that the modern legal mechanism for the implementation of environmental rights of citizens in the Republic of Kazakhstan is characterized by the lack of completeness and consistency in the legislative consolidation of legal means of implementing environmental rights of citizens and a plurality of gaps. This complicates the legal regulation of relations on the provision of environmental information, citizens' participation in environmentally significant decisions, citizens' access to justice in case of violation of their environmental rights.

Do not forget that the protection of the rights of citizens should be carried out not only by various organizations, but also by the citizens themselves. Therefore, citizens should clearly understand the list of their rights and be able to use them.

List of references:

1. Code of the Republic of Kazakhstan No. 212-III of 9 January 2007 «Environmental code of the Republic of Kazakhstan» (as of 01.01.2012, as amended) <http://www.zakon.kz/>
2. Berekashvili L. sh., Ignatov V. p. Ensuring human rights and the rule of law in the activities of law enforcement agencies. Tutorial with album diagrams. – M.: Moscow University of MIA of Russia, Publishing house «Shield-M», 2003. - 269 p.
3. Klinov, V. V. On the concept of ecological citizens' duties // Environmental law. - 2005. - №.4. – S. 14-17.
4. «On the Concept of transition of the Republic of Kazakhstan to sustainable development for 2007-2024» Comment of the Department of social and economic analysis of the Presidential Administration of the Republic of Kazakhstan to the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated November 15, 2006 216 p.
5. The Constitution of the Republic of Kazakhstan (adopted by national referendum 30 August 1995) (with changes and additions as 10.03.2017) <http://www.zakon.kz/>
6. Kavaliauskas A. I., Abanina E. N. Problems of realization of environmental rights of citizens // the Scientific community of students XXI century. Social science: collection of articles on the Mat. LIII international. stud. science.- practice. Conf. No. 5 (52).
7. Cebanico, I. A. problems of protection of environmental rights of citizens in the Russian Federation // Politics, state and law. 2

Сапарғали А., ЮЗІ қ тобының студенті, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, құқық магистрі Хауия С.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ МЕХАНИЗМІ

«Жаһандық сын-қатерлер жағдайында жастардың жұмыссыздығы өсуі әлемнің көптеген елдерін аландатып отыр. Халықаралық еңбек ұйымының болжамына сәйкес, жастар арасындағы жұмыссыздық жақын жылдары Еуропалық Одақ мемлекеттері - Испанияда, Италияда, Грекияда 30 пайыздан асады. Әрине, бізде жағдай басқаша, дегенмен жастарды жұмыспен қамту әруақытта өзекті болуы тиіс қой».

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың төменгі көрсеткіші тұрғысында Қазақстан ТМД арасында бірінші орында (5,4 пайыз). Осы орайда Әзербайжанда оның деңгейі 10,3 пайыз болса, Беларусьте - 9,7 пайыз, Қырғызстанда - 13,5 пайыз, Молдовада - 9,9 пайыз, Ресейде - 9,6 пайыз, Тәжікстанда - 15,5 пайыз, ал Украинада бұл көрсеткіш 12,9 пайыз деңгейінде болған. Сонымен қатар бұл бағытта Армениядағы жағдай қиындау, яғни ондағы жастар жұмыссыздығы 29,4 пайызға жеткен екен. Жалпы алғанда, ТМД елдерінде жастар жұмыссыздығы 10,4 пайыз деңгейінде болса, Еуропалық одақта осы көрсеткіш 18,1 пайызды қамтыды. Мәселен, Испанияда оның межесі 40,8 пайызға жетсе, Грекияда 43,6 пайызды құрады.

Қазақстанда жастар 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдар жатады. Жастар еліміз тұрғындарының 30% жуығын құрайды және қоғамның маңызды қозғаушы күші болып табылады. Осыған байланысты жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау мен дамыту Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басым бағыты болып табылады. Елімізде қандай да бір салада тәжірибесі, дағдысы жоқ алайда ірі инновациялық және шығармашылық потенциалы бар жас адамдардың жұмыс табуы қиын проблема болып тұр. Оқу процесінде алған теориялық білім жұмыс берушінің талаптарынан ерекшеленеді. Әдеттегідей, түлектерді жұмысқа орналастыру барысында орынның ауысуына байланысты еңбек операцияларын жеке өздері орындауға жауапты үлкендердің әлеміне мүлдем басқа жаңа ортаға түседі, ол қорқыныш сезімін тудырады [1, 78б].

Сонымен қатар тәжірибелік дағдысы жоқ жастар аз еңбекақымен жұмысқа келіспейді, ал жұмыс беруші мардымсыз тәжірибелік дағдысына жоғары айлық төлегісі келмейді.

Дуалды (екіжақты) оқыту – бұл жұмыс орнындағы оқытудың бір түрі болып табылады. Мұндай оқыту түрі Германия, Австрия және Швейцарияда танымал. Германиядағы жұмыс күшінің нарығының 54% дуалды оқыту бағдарламалар түлектерінің есебінен құрылады. Оқытудың немістік жүйесі екіжақты деп аталады, себебі оқушылар аптасына 1-2 күн колледжде оқиды, ал қалған 3-4 күн кәсіпорында оқиды. Дуалды бағдарламалар бойынша 340 мамандық (мамандықтар бойынша емес) оқытылады. Мұнда оқушы өзі кәсіпорынға барып келісімшартқа отырады. Жұмыс беруші оны колледжде тіркейді және оқуы үшін ақысын төлейді [2, 58б].

Бүгінгі таңда қазіргі жастардың жұмыспен қамтылуы аса маңызды мәселе болып отыр. Бәсекеге қабілетті жастарды қолдау мен дамыту Қазақстан республикасының мемлекеттік саясатының стратегиялық басым бағыттарының бірі болып табылады. Президенттің ел халқына жылсайынғы Жолдауында әлеуметтік-бейімделген мемлекетті құру мен дамытуға басты көңіл бөлініп отыр.

«Қазақстандықтардың жаңа жұмыс орнын салыстырмалы түрде тезірек иеленуге, соның ішінде еліміздің басқа да елді мекендерінен жұмыс табуға мүмкіндігі болуға тиіс. Бірыңғай электрондық еңбек биржасын кең ауқымда енгізу қажет. Онда бос жұмыс орындары мен жұмыс іздеушілер туралы барлық ақпарат жинақталуға тиіс. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды тіркеу үдерісін мейлінше жеңілдетіп, оларға мемлекет алдындағы міндеттерін адал атқару тиімді болатындай жағдай туғызу қажет» [3].

Еліміздегі жоғары оқу орындарын тәмәмдаған түлектердің жұмысқа орналасуының әлсіз жақтарына мыналар себеп болады:

Біріншіден, жастар жоғары оқу орындарының еңбек нарығының ағымдағы конъюктурасына бейімделеді, белгілі бір мамандығын оқып шығады, алайда оқу бітірген соң еңбек нарығында мүлдем басқа мамандыққа сұраныс барын байқайды.

Екіншіден, техникалық және ақпараттық технологиялар, био және нанотехнология саласындағы мамандықтарға гранттар санының артуына қарамастан университеттердің профессорлық-оқытушылық құрамы іс жүзінде ауыспайды, сондықтан да студенттерге берілетін білім жұмыс берушілердің ағымдағы нарықтағы қажеттіліктерін ескерместен дәстүрлі түрде оқытылады.

ЖОО алған теориялық білімнің тәжірибелік дағдылар мен біліктілікті айтпағанда жұмыс берушілердің талаптарына мүлдем сәйкес келмейтіндігін айтқым келеді. Сонымен ЖОО алған студенттердің біліктілігі шынайы өмірдің талаптарына жауап бермейді. Бұл дегеніміз университеттердің профессорлық-оқытушылық құрамы ауыспайды, соған сәйкес олардың беретін білімдері де нақты өмір талабына жауап бермейді дегенді білдіреді. ЖОО бітірген дипломын алған студенттердің басым көпшілігі өз мамандықтары бойынша жұмыс істемейді немесе жаңа кәсіпке қайта оқу арқылы еңбек нарығында сұранысқа ие мамандық алатындығын тәжірибе көрсетіп отыр.

«Дипломмен ауылға». Бұл мемлекеттік бағдарлама алғашында 2012 жылға дейін деп бекітілген, жастар бағдарламасы 2020 жылға дейін жалғасатын түрі бар.

«Мәселен, ағымдағы жылы жұмыссыздық 5,5 пайызды құрады, 2017 жылы бұл көрсеткіш 8,5 пайыз, 2016 жылдары 15-16 пайыз аралығында еді. Жалпы, жастарды жұмыспен қамтудың бірқатар мемлекеттік бағдарламасы бар. Мәселен, «Дипломмен ауылға» бағдарламасының аясында 14 мыңнан астам жас мамандар ауылдық аймақтарға барып жұмысқа орналасты.

2009 жылы қолға алынған «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында 2012 жылы 20 891 мың жас жұмысқа орналасса, соның 5883 -ін оңтүстіктің жастары құрап отыр. Айта кетейік, бағдарламаға сәйкесінше жас мамандарға:

- а) 124 632 теңге сомада біржолғы көтерме жәрдемақы төлеу;
- ә) тұрғын үй сатып алуы үшін әлеуметтік қолдау — 2 187 984 теңге он бес жыл мерзімге 0,01% пайыздық мөлшер бойынша бюджеттік несие беру;
- б) ауылдық елді мекендерде орналасқан әлеуметтік сала ұйымдарының қызметкерлеріне 25 пайыздан кем емес мөлшерде көтеріңкі лауазымдық жалақы (тарифтік ставкалар бойынша) тағайындау жағдайлары қарастырылған [4].

Жоғары оқу орнынан жаңа ғана шыққан тәжірибелік дағдысы жоқ жас түлекті жұмыс беруші жұмысқа алғысы келмейді. Жұмысқа лағна күнде де еңбекақы мөлшері жас маманның көңілінен шықпайды. Елімізде экономика қажеттіліктерін есепке ала отырып кәсіби өзін өзі анықтауда жастарға көмек көрсетуде қызметті үйлестіретін қызмет жоқ. Жастар жылдам мансаптық өсу мен «әлеуметтік лифт» ретіндегі жұмысты қарастырады, ал жұмыс беруші жас кадрларды оқытуға қосымша шығындар жұмсағысы келмейді. Сонымен қатар мамандық бойынша жұмысқа орналасқан ЖОО түлектері үшін тіпті баспана алуда ешқандай да әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылмаған.

«Жастар кадрлар резерві» жобасы бойынша негізінен «мемлекеттік және жергілікті басқару», «саясаттану» мамандықтары бойынша біліктілік алған студенттер жұмысқа орналасады. Бұл бағдарлама 2008-2010 жылдар аралығында 3000 жас партия кадрларын, жас саясаткерлер мен мемлекеттік аппарат қызметкерлерін табу, тәрбиелеу мен алға тарту үшін база жасауға мүмкіндік береді.

«Ауыл жастары» бағдарламасы бойынша айталық бір Жамбыл облысының ауылдарында 200 дей жас маман жұмыс істейді. Олардың әрқайсысына 70 АЕК мөлшерінде алғашқы көмек берілді. Мұғалім кадрларын жұмысқа орналастыруда жұмыс берушілерде проблема жоқ, ал жас медициналық мамандарды жұмысқа орналастыруда проблемалар көп, соның ішінде жастар ауылда жұмыс істегісі келмеуіне жоғары ақы төленетін жұмыстың және қазіргі заманға сай инфрақұрылымның болмауы себеп болып отыр. Сонымен қатар аудандар бюджетінен жас мамандарға жеңілдікті баспана алуға, мал, жер учаскелерін алу үшін көмек көрсетудің басқа да механизмдерін қарастыру керек, қажет жағдайда олардың балаларын мектепке дейінгі мекемелерге орналастыруды қамтамасыз ету қажет [5].

«Жастардың евразиялық конгресі» елімізде бәсекеге қабілетті экономиканы құру үшін маңызды фактор болып табылады, бизнес пен азаматтық қоғам, бизнес пен мемлекет арасындағы байланыстырушы аралық болып саналады.

Жалпы қорыта айтқанда, жастар елдің болашағы ол еліміздің тұрғындарының 30% құрайды, сол жастарға елімізде «Дипломмен ауылға», «Жастар кадрлар резерві», «Ауыл жастары», «Жастардың евразиялық конгресі» сияқты көптеген бағдарламалар жұмыс істеп жатыр. Ары қарай да жастарды экономиканы дамытудың ілгері күші ретінде шетелдерде инновациялық оқытуға жіберіп тұлғалық жағынан дамыту керек. Болашақ бағдарламасының гранттарын көбейту керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жоламанова Г.Е. Анализ ситуации на молодежном рынке труда Республики Казахстан // Электронный ресурс: http://2004-2010.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=3793&Itemid=44

2. Абакумова Н.Н., Ведовская Н.М., Плюснина Л.К., Русина Л. В. Безработица и самозанятость / Отв. ред. М.В. Удалцова - Новосибирск: НГАЭиУ, 2010.

3. 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауы. //www.akorda.kz.

4. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы. //Электронный ресурс: <http://2009>.

5. «Ауыл жастары» бағдарламасы. //Электронный ресурс: <http://2009>

Танибеков Н., 2 курс студенті, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекші: к.ю.н., доцент Сатбаева Қ.Х.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 25 қаңтар 2017 жылғы «Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі» Қазақстан халқына арнаған Үндеуі Қазақстанның саяси дамуының демократиялық жолдан таймайтындығының ресми айғағы болып табылатыны сөзсіз. Оны Республика Президентінің «Реформалар бағдарламасы – ол Қазақстан қай бағытта жүреді деген сауалға біздің жауабымыз. Жауап айқын және дәйекті – демократиялық даму жағына қарай» - деген сөзі нақтылай түседі[1].

Ел Президенті өзінің Үндеуінде күшті президенттік вертикаль мемлекет қалыптастырудағы орасан қиындықтарды еңсеру барысында қажет болғандығын мәлімдеп, «Біз жаңа мемлекет, жаңа экономика, жаңа қоғам құрдық. Біз іргесін қалаған даму траекториясының дұрыстығын тарихтың өзі қуаттап отыр» - дейді[1].

Политолог, еуразиялық талдау клубының басшысы, Ауғанстан, Орта Азия елдері бойынша маман Никита Мендкович Республика Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу туралы аса маңызды шешім қабылдағандығын, бұл шындығында тарихи оқиға екендігін, тәуелсіздіктің барлық жылдарында елде күшті президенттік вертикаль режимінің әрекет еткендігін мәлімдей келе, еуразиялық континенттегі өздерінің ішкі және сыртқы саясатында дәрменсіздік танытқан бірқатар мемлекеттердің жағдайын қарастыра отырып, Қазақстандағы президенттік басқару нысанының бірден-бір дұрыс шешім болғанын мойындайды[2].

Президенттік басқару нысанының Қазақстанға тән ерекшелігінің дұрыстығына заң ғалымдарының докторы С. Зиманов былай деп әділ баға береді: «Конституция толық билік пен жауаптылықты республика Президентінің қолына шоғырландыруды қарастырады. Бұл белгілі мағынада қауіпті, бірақ қажет. Мұнсыз ойға алған мемлекеттік аппараттағы қайта құру ұйымдастырылған қорытындысына жетпеген болар еді» [3, 234 б.].

Ел Президентінің 1998-жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Бүгін, жиырма-сыншы ғасырдың аяқ шенінің өзінде, екінші дүниежүзілік соғыс пен қырғи-қабақ соғыстан алынған сабақтан кейін де, әлемнің блоктар мен одақтарға бөліну қаупі жойылған жоқ. Бірақ бұл жол Қазақстан үшін қолайлы емес, біздің бес элементтен тұратын стратегиямыз осыған келіп саяды» - делінген [4].

Республика Президенті өзінің аталмыш Жолдауында мемлекет болашағының біртұтастықта екенін еске салуы да тегін емес. Қазақстан жерінде сан-алуан ұлттар өкілдері тұрады, осыған орай тіл мәселесі, дін мәселесі, мәдениет мәселелері өз шешімін халықтың өзі сайлаған Елбасының Жолдауынан табуы – мемлекетіміздің біртұтастығының, мызғымастығының кепілі болып табылады. Әрине, мемлекеттіліктің алғашқы жылдарын қазіргі уақытпен қатар қоюға болмайды.

Елбасының Үндеуіне сәйкес «...билік тармақтары арасындағы қарым-қатынасты конституциялық деңгейде теңгерімді ету өте күрделі міндет болып табылады. Конституциялық реформа аясында Парламент сайлауында жеңген партияның Үкімет құрамын анықтауға түбегейлі ықпал етуі көзделіп, Үкіметті жасақтаудағы Парламенттің рөлін күшейту қарастырылады. Осыған байланысты министрлер кабинетінің өкілетті билік алдындағы жауапкершілігі артып, биліктің заң шығарушы тармағының атқарушы билікке бақылауын күшейту көзделеді». [1]

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі» Қазақстан халқына жолдаған Үндеуі Қазақстан Республикасы Конституциясының басты қағидаларының бірі болып табылатын парламентаризмді дамыту идеяларына негізделеді. Бұл идеялар, біріншіден, билік бөлу тұжырымында негізделген. Жоғары дамыған деп танылатын елдерде парламентаризмнің ел өркендеуінде аса мықты қозғалыс күші болғанына әлемдік тәжірибе куә. Ол азаматтық қоғам құрудың басты кепілі болып табылады. Парламенттің беделі мен сапасы және халық пен мемлекеттің өркендеуі арасында тікелей байланыс бар. Бұл жалпыдүниежүзілік заңдылықтардың бірі. Арада өткен жылдар Қазақстан мемлекетінің біртұтастығын, халық бірлігінің мызғымастығын, қорыта айтқанда — мемлекеттілік құру барысында ұстанған жолдың туралығын дәлелдеп берді. Қазақ елін мекендеген барлық ұлт өкілдерінің ойынан шығатын ортақ шешім қабылдау да оңай іс емес. Көрсетілген мәселелердің Елбасының халыққа арнаған Жолдауларында жиі қозғалатыны да, оның Елбасы ретінде өз елінің басын біріктіру барысындағы көп әрекеттерінің бірі.

Бүгінгі конституциялық реформа мемлекет басшысының тағы да халық ойынан, қоғам ойынан дөп шығуының айқын дәлелі. Себебі, демократия – бұл халық билігі, ал аталмыш реформа мемлекеттілігіміздің демократиялық жолмен дамуының дәлелі болып табылады.

Біздің мемлекетімізде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары негізгі орынға ие. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында Қазақстан осы саладағы БҰҰ-ның барлық негізгі конвенцияларына қосылып отыр.

Еліміздің Негізгі Заңының 1-бабында адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы болып табылатындығы бекітілген. Адам және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары қазақстандық заңнамамен бекітілген барлық құқықтар мен бостандықтардың негізі болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясы, әдетте, белгілі бір құқықтың жалпы ұғымын анықтайды. Конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру үшін нақты өкілеттіктерді жан-жақты ашу қажет, оларды пайдалану арқылы негізгі құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру мүмкіндігі болады, сонымен қатар құқықтарды қамтамасыз етуде мемлекеттің нақты органдарының рөлі дәл анықталуы қажет.

Елімізде адам құқығының мемлекеттің басты құндылығы ретінде танылуының тағы бір айғағы – Конституцияның 55-бабына енгізілген өзгеріспен айқындалды. Конституцияның 55-бабын [1-1\) тармақшамен](#) толықтыруға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметке сайлау және оны қызметінен босату Сенаттың ерекше қарауына жатқызылды, яғни аталмыш институт өз орнын Негізгі Заңнан тапты.[5] Бұл конституциялық норма мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтарын жоғары деңгейде қорғау мақсатын айқындаумен қатар, адам құқықтарына қатысты органды сайлауды Парламент Сенатының құзырына жатқыза отырып, заң шығарушы биліктің де мәртебесін өсіріп отыр. Аталмыш мәселе парламенттің шексіздігін, бірегейлігін білдірмейді. Оның үстіне, билік бөлу принципі үстемдік құрғанда, тек заң шығару билігі ғана емес, сонымен бірге атқарушы және сот биліктерінің беделі мен

сапасы жоғары болғанда, өкілеттіктер нақты және әділ бөлінгенде парламенттің басты қасиеттері барынша тиімділігімен ашылады.

Парламенттің мемлекет басшысымен, биліктің өзге тармақтарымен өзара әрекеттестігін білу үшін, яғни мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын дәл белгілеу үшін, оның атқаратын қызметінің негізгі бағыттарын анықтау қажет.

Парламент қызметі заңдар шығарудан, мемлекеттік бюджетті қабылдаудан, халықаралық шарттарды бекітуден, конституциялық қадағалау органдарын тағайындаудан тұрады. Осы аталған белгілердің бәрі де біздің Республикамыздың Парламентіне тән белгілер. Сол себепті президенттік басқару үлгісінің Қазақстанға тән ерекшелігімен анықталатын Республика Парламентінің мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны да ерекше.

Қазақстан Республикасы Парламенті қызметінің тиімділігі еліміздегі жалпы саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайлармен, экономикалық реформалардың нәтижелерімен, Республиканың халықаралық қоғамдастықтағы орнымен, оның сыртқы саясаттағы жетістіктері және кемшіліктерімен тікелей байланысты.

Осы орайда елімізде болған соңғы конституциялық реформа қазақстандық парламентаризмді парламентаризм белгілеріне сәйкес дамыту, оның қызметінің тиімділігін, мемлекеттік органдар жүйесіндегі рөлін арттыру мақсатында мемлекетіміздің заң шығару билігіне қатысты бірқатар өзгерістер мен толықтыруларды қамтыды. Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар республикамыздағы заң шығару билігін жүзеге асырушы органның мәртебесін одан әрі нығайта түсті.

Айталық, Негізгі Заңның 49-бабының 1-тармағы Парламенттің заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілді орган ретіндегі ерекше мәртебесін бекітті. [5] Мұндағы ерекшелік, енгізілген өзгерістерге дейін еліміздің заң шығарушы органы заң шығару қызметін жүзеге асырғанмен, заң шығаруды жүзеге асыру барысында дербес билікке иелік еткен жоқ, себебі, Негізгі Заңға соңғы өзгерістер енгізілгенге дейін (10.03.2017ж.) Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген екі жағдайда заң шығару қызметін атқара алатын. Біріншіден, Палаталардың бірлескен отырысында Парламент Президенттің бастамасы бойынша әр палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің даусымен Республика Президентіне бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін береді (53-б., 4-т.); екіншіден, егер Парламент мемлекетке аса қажетті заңдарды шұғыл қабылдай алмаса, Президент заң күші бар Жарлық қабылдауға хақылы (61-б., 2-т.). Әрине, осы екі жағдайдың екеуінде де, Президенттің заң шығару өкілеттігі уақытша сипатта болды. Дегенмен, мемлекет басшысы, Парламенттің негізгі қызметіндегі рөлін арттыру мақсатында, жоғарыда аталған өкілеттіктерден бас тартты. Енді ел Парламенті заң шығару билігін дербес жүзеге асыру мәртебесіне ие.

Сондай-ақ, келесі конституциялық норма да заң шығарушы биліктің билік тармақтары арасындағы рөлін нығайта түскендей, онда «Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік даусымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады» делінген (57-баптың [6 тармақшасы](#)). [5] Өзгерістерге дейін Республика Президентінің мұндай өтінішті қабылдамау құқығы болды. Ондай жағдайда Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына аталмыш мәселені қайталап қоюға хақылы болатын.

Республика Парламентіне қатысты енгізілген келесі өзгеріс атқарушы биліктің, яғни Үкіметтің, өз қызметінде Республика Президентінің және Парламенттің алдында жауаптылығын анықтайды (64-баптың 1-тармағы). [5]

Сонымен қатар Конституцияның 67-бабы 4)тармақшасының жаңа редакциясына сәйкес Премьер-Министр Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде бұрынғыдай Президентке ғана емес, енді Парламентке де баяндап отыруға міндетті. [5]

Конституцияның 44-бабының 3-тармақшасына енгізілген өзгеріс Үкіметті жасақтаудағы Парламент рөлін күшейте түседі. Аталмыш норма Республика Президентінің Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайтындығын бекітеді [5] (енгізілген өзгерістерге дейін Парламент Мәжілісімен консультациялар қажет етілген жоқ).

Еліміздің заң шығарушы билігі мен атқарушы билігі арасындағы өзара тығыз байланысты, сонымен қатар заң шығарушы биліктің ерекше мәртебесін анықтайтын келесі конституциялық новелла – бұл Үкіметтің жаңадан сайланған Республика Парламенті Мәжілісінің алдында өз өкілеттігін доғаруы [5].

Қазақстандық парламентаризм — әлеуметтік мүдделер келісімін Қазақстандағы бүкіл халық мүдделеріне келтіру үшін заң шығару өкілеттіктері мен маңызды мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыру барысында өзге билік тармақтарымен тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара бірлесіп іс-қимыл жасайтын, билік бөлу жүйесінде өзінің жалпыхалықтық мәртебесіне сәйкес өкілді орган ретіндегі парламенттің басымдық жағдайы.

Республика Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Парламент мәртебесі маңызды түрде өзгерді. Енді ол заң шығару қызметін жүзеге асыратын орган емес, заң шығару билігін жүзеге асыратын орган ретінде анықталады. Және, өзінің осы мәртебесіне сәйкес, атқарушы билікке қатысты аса маңызды өкілеттіктерге иелік етті, яғни жоғарыда көрсетілген Елбасы Үндеуіне дәлме-дәл келіп, конституциялық реформаға сәйкес Парламент сайлауында жеңген партия Үкімет құрамын анықтауға түбегейлі ықпал ететін болды, Үкіметті жасақтаудағы Парламенттің рөлі күшейді. Үкіметтің өкілетті билік алдындағы жауапкершілігі артып, биліктің заң шығарушы тармағының атқарушы билікке бақылауы күшейтілді.

Олай болса, парламент биліктің барлық тармақтарының үйлесімді дамуы, өзара әрекеттестігі, өзара көмектестігі үшін атсалысуы қажет. Бүгіндей мемлекеттік билік күшінің алғы шарты осында.

Қазақстандағы заңдардың дамуына сәйкес республикалық парламентаризмнің қалыптасуында өткен өткелдерден алған тәжірибелері мемлекеттік біртұтас биліктің белді бір тармағы заң шығару билігінің тұрақты, шынайы кәсіби, сауатты, салауатты, сапалы актілер қабылдайтын орган болуына ықпалын тигізері сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі ҮНДЕУІ // // Егемен Қазақстан. - 2017. - 25 қаңтар.
2. Конституционные реформы поддерживаем // Республиканская общественно-политическая газета «Литтер». – 2017. – 27 қаңтар
3. Зиманов С. З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. — Алматы: Жеті Жарғы, 1998. — 352 б.
4. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан — 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. — Алматы: Білім, 1998.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: Жеті Жарғы, 2017

ТИТУЛЬНОЕ СТРАХОВАНИЕ: ОСНОВНЫЕ ПРАВОВЫЕ ВОПРОСЫ

Все рискуют оказаться в ситуации, когда права собственности на объект недвижимости могут быть оспорены, а понесенные убытки не с кого будет взыскивать. Такое может случиться не только в результате умышленного подлога со стороны продавца квартиры или нарушения, допущенного сотрудником регистрационного органа, нотариусом или риэлтором при совершении данной сделки. Зачастую причина заключается в обнаружении каких-либо нарушений, совершенных в предыдущих сделках с данным объектом недвижимости, поскольку все объекты недвижимости имеют свою историю собственников. Последнее относится и к только что построенному зданию, поскольку оно возведено уже на принадлежавшем кому-либо ранее участке земли, имеющем собственную историю смены собственников.

Вряд ли представляется возможным в процессе заключения сделки выяснить все обстоятельства предшествующих сделок, установить их соответствие действовавшему на тот момент законодательству, а также проверить, были ли учтены при этом все права третьих лиц. Тем не менее, это может стать одной из причин признания сделки недействительной, что влечет за собой недействительность всех последующих сделок. При этом «крайним», естественно, оказывается последний приобретатель в этой зачастую длинной цепочке перехода прав собственности. Что бы избежать таких случаев, поможет титульное страхование [1, с.103].

Под титульным страхованием в Казахстане понимается страхование рисков утраты права собственности лица на принадлежащее ему недвижимое имущество. Данный вид страхования представляет собой защиту на случай, если приобретенный в собственность объект недвижимости будет истребован у владельца:

1) в результате признания заключенной с имуществом сделки недействительной и применения судом последствий её недействительности в виде обязанности возврата полученного по сделке имущества;

2) в результате удовлетворения судом предъявленного к владельцу имущества виндикационного иска (иск об истребовании имущества из чужого незаконного владения).

В нашей стране титульное страхование не развито, можно сказать, что оно только начинает развиваться. А вот за рубежом этот вид страхования очень распространён, и ни одна сделка купли-продажи квартиры или дома не заключается без одновременного заключения договора титульного страхования. Это позволяет добросовестному приобретателю недвижимости уверенно смотреть в завтрашний день и не бояться изъятия или обременения приобретенного имущества по юридическим основаниям, возникшим до заключения договора продажи недвижимости, поскольку в случае такого изъятия (обременения) он вправе рассчитывать на страховое возмещение, эквивалентное стоимости утрачиваемого имущества (характеру и объему обременения).

Гражданский кодекс Республики Казахстан предусматривает многочисленные основания ничтожности или признания недействительной совершенной сделки с недвижимостью, например,

- совершение сделки несовершеннолетним, достигшим 14 лет, без согласия его родителей (усыновителей) или попечителей, кроме сделок, которые он по закону имеет право совершать самостоятельно;

- совершение сделки лицом, ограниченным судом в дееспособности;

- совершение сделки гражданином, хотя и дееспособным, но находившимся в момент её совершения в таком состоянии, когда он не мог понимать значения своих действий или руководить ими;

- появление после совершения сделки не указанных в договоре лиц, имеющих право собственности на имущество, являющееся предметом сделки: неучтённых наследников по закону или завещанию, иждивенцев, престарелых и несовершеннолетних граждан, служащих в армии, находящихся в местах лишения свободы;

- совершение сделки лицом, находящимся под влиянием заблуждения или стечения тяжёлых обстоятельств;

- совершение сделки лицом, имеющим на это недостаточные полномочия;

- совершение сделки лицом, признанным недееспособным вследствие душевной болезни или слабоумия;

- совершения сделки с совместным имуществом супругов без согласия одного из них;

- продажа имущества по доверенности после смерти лица, выдавшего доверенность, признания его недееспособным, ограниченно дееспособным или безвестно отсутствующим;

- продажа имущества, не принадлежащего контрагенту;

- подделка, подлог документов;

- совершение сделки юридическим лицом в противоречии с целями деятельности, ограниченными законодательством РК или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции его органа.

Титульное страхование защищает собственника имущества от всевозможных правовых коллизий, например от нарушений прав предыдущих владельцев, неучтенных наследников, иждивенцев, незаконности предыдущих сделок, поддельных документов, являющихся необходимыми для совершения сделки, ошибок регистратора, недееспособности сторон сделок, неправомочных решений суда и т.д. Титульное страхование предусматривает защиту собственника в случае оспаривания его права собственности, а также в случае неблагоприятных последствий, возникающих после вынесения судом решения о лишении права собственности. Страховая компания принимает на себя риск лишения собственником недвижимости и берет всю полноту ответственности за последствия. Титульное страхование применимо в следующих случаях:

- при осуществлении сделок на вторичном рынке недвижимости;

- при приобретении недвижимости на первичном рынке в результате выкупа у государства;

- при приобретении инвестором прав на недвижимость в результате нового строительства или реконструкции;

- при кредитовании на приобретение (строительство) недвижимости или под залог имеющейся у заемщика недвижимости.

Важно понимать, что титульное страхование может защитить только от убытков, связанных с потерей прав собственности на весь объект недвижимости или какую-то его часть. Если после получения квартиры в собственность возникает обременение или ограничение права собственности правами третьих лиц, то это не будет относиться к страховому случаю, такие риски покрываются отдельным страхованием, относящимся к страхованию финансовых рисков.

Например, если после приобретения жилья выяснится, что ранее зарегистрированный на этой площади гражданин (не имевший прав собственности, но прописанный) вернулся из мест лишения свободы и ему негде жить, то в соответствии со статьей 25 Конституции РК он имеет право проживания в квартире. При этом не возникает посягательств на право собственности, и, следовательно, титульное страхование не действует.

С принятием Закона от 26.07.2007 г. «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество» введена обязательная процедура регистрации прав и сделок с недвижимостью, при этом такая регистрация по сути является основанием и моментом

возникновения у лица права на имущество. За регистрационными органами закреплена функция обязательной проверки законности совершения с недвижимым имуществом сделки. Только после проверки всех правоустанавливающих и иных документов регистратор прав принимает решение о регистрации соответствующего права или сделки и выдает свидетельство. Однако необходимо учитывать, что регистратор законодательно весьма ограничен в масштабе такой проверки. Кроме того, регистратор при проведении экспертизы в отношении недвижимости проверяет только «последнюю» проведенную с имуществом сделку, то есть ту, на основании которой он регистрирует право. Регистратор не наделен полномочиями по проверке предыдущих совершенных сделок и законности выдачи свидетельств о регистрации права предыдущим владельцам недвижимости.

Например, рассматривая поступившие ему на рассмотрение документы по купле-продаже недвижимости, регистратор вынужден презюмировать тот факт, что продавец владеет имуществом законно. Он не может проверить и оспорить законность выдачи ему свидетельства о регистрации - это может сделать только суд.

Реальность такова, что наличие у владельца недвижимости свидетельства о государственной регистрации права не является стопроцентной гарантией «чистоты» его титула, поэтому при принятии решения о страховании необходимо проверять всю цепочку произошедших с недвижимостью сделок, по крайней мере, за последние три года, когда сохраняется угроза предъявления владельцу недвижимости со стороны участников этой цепочки виндикационного иска (иск об истребовании имущества из чужого незаконного владения). Именно на основании детального юридического заключения страховой компанией должно приниматься решение о возможности и условиях страхования, при этом предпочтительно, чтобы такое заключение делалось профессиональными юристами, работающими в сфере недвижимости. Необходимо понимание того, что титульное страхование – это особый вид страхования, при реализации которого необходимы специальные знания в области недвижимости и детальный анализ истории каждого объекта недвижимости [1, с. 105].

Сегодня в Казахстане существует несколько факторов, которые препятствуют активному развитию титульного страхования:

1. Многие страховые компании все еще проявляют осторожность к данному виду страхования, так как оно является относительно новым, а значит и наиболее рискованным.

2. Титульное страхование является юридически и организационно гораздо более сложным видом страхования, чем простое имущественное страхование, которое приносит значительно большую «отдачу».

3. В настоящее время до определенной степени сохранилась неразбериха в действующем законодательстве о недвижимости, что значительно повышает «титульные риски» владельцев недвижимости (т.е. риски утраты прав на эту недвижимость). При высоких «титульных рисках» страховые компании вынуждены устанавливать высокую стоимость страхования, тем самым понижая на него спрос.

4. У населения попросту не сформировалась страховая культура, большинство не заинтересовано в страховании в принципе, предпочитая на нем экономить.

5. Развитие титульного страхования возможно при стабильной экономике, в первую очередь, при стабильном банковском секторе (так как титульное страхование очень часто связано с предоставлением кредитов под залог недвижимости).

Из всего вышесказанного можно сделать неутешительный вывод о том, что приобретатель недвижимого имущества в Казахстане, в том числе и добросовестный, находится под постоянной угрозой утраты принадлежащего ему имущества. При этом найти идеально «чистый», юридически безупречный объект недвижимости практически невозможно. Угроза предъявления виндикационного иска и признания сделки недействительной существует практически всегда. Поэтому добросовестному приобретателю недвижимости сегодня необходимо титульное страхование, всестороннее

развитие которого в Казахстане рано или поздно произойдет вместе с развитием экономики и правовой культуры всего общества.

Список использованной литературы:

1. Терехов Д.В. «Понятие титульного страхования». Омский научный вестник №2 (76) 2009.
2. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.)
Шаг первый

- Объявить конкурс среди студентов, желающих поднять культурный уровень сельских школьников в плане изучения английского языка.

Шаг второй

- Провести конкурс с участием компетентной комиссии (ППС КЭУК).

Шаг третий

- Из прошедших конкурс студентов выявить самых активных, ярких и сообразительных для последующего отправления их на педагогическую практику на срок 3 месяца в сельские местности.


Шаг четвертый

- Ознакомить победителей конкурса с курсом программы.

Шаг пятый

- Направить практикантов в выбранную сельскую местность для непосредственного прохождения педагогической практики.

Программа обучения английскому языку



ИЮНЬ

ИЮЛЬ

АВГУСТ

1. Использование фильмов для погружения в языковую среду.
2. Отсутствие сложных грамматических схем и необходимости заучивать правила.
3. Системность в изложении материала. Охвачены все ключевые темы языка.
4. Наглядность. Используются очень понятные, несложные схемы-картинки, которые позволяют быстро усвоить многие сложнейшие разделы грамматики (предлоги, времена и т. д.).
5. Компактность материала.
6. Честный подход. Никому не обещает ни быстрых успехов, ни легкого обучения. Необходимы ежедневный кропотливый труд и усердие – никакого иного воздействия на подкорку.
7. Учить нужно не языку. Нужно создавать условия, при которых человек заговорит на иностранном языке.
8. Курс включает в себя 3 цикла по 100 часов каждый. Между циклами делается перерыв на 1-3 месяца, во время которого ученик читает на английском, смотрит и обсуждает фильмы, слушает песни.
9. Высокая скорость усвоения материала. 10-20 дней обычно хватает на усвоение всего курса. Затем предполагается самостоятельная работа.
10. Высокая скорость изложения курса. Максимальный срок обучения языку (уровень Intermediate) по этой методике – 12 недель.



По окончании курса обучающиеся смогут эффективно действовать в проблемной ситуации, научиться адаптироваться в изменяющихся условиях современного общества, станут конкурентоспособными, готовыми к самореализации личности, дальнейшему продолжению образования.

Университеты – главные игроки на поле интернационализации образования во всем мире. Будущий выпускник ВУЗа – будущий патриот своей Родины, будущий двигатель развития и конкурентоспособности своей страны.

Приложение 1





Абдуллин Б.Ғ., тобы студенті Э-12, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекшісі: оқытушы Баербекова А.Е.

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ МӘНГІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Ұлтты басқа ұлттан ерекшелендіріп тұратыны оның тілі, салт-дәстүрі, ұлттық ойындары, салт-дәстүр жырлары, шешендік өнері, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, салт-санасы, ділі, діні, мәдениеті, өнері, ұлттық тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын құндылықтары. Осылардың бәрі – ұлттың баға жетпес құндылықтарына жатады.

Құндылық деген ұғымның өзі ата-бабаларымыздың өмір сүрген дәуіріндегі, өздері таңдап алған адамдық, адалдық, әдептілік, әділеттілік, тектілік, мәдениеттілік деген жалпы жағымды қасиеттерге бағышталған, бізге мирас етіп қалдырған, дәстүр-салт, әдет-ғұрыптан тұратын өмір сүру жолындағы ережелері. Бұл құндылықтар қастерленбесе, онда қоғамның өркениетке бастаған жолына, оның дамуына нұқсан келетіндігі анық [1].

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз» деген болатын.

Қазақтың ақиық ақыны, «Педагогика» оқулығының авторы Мағжан Жұмабаев: «Әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі. ...Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші (ұстаз дегені) сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»[2,16] деген болатын.

Құндылық - тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға: меймандостық, қонақжайлылық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Көне грек философиясында адам белгілі бір ұлтқа жатуын сезіну үшін бес түрлі шартқа сай болуы тиіс делінеді:

1-ші ұлтының тілін жақсы білу қажет;

- 2-ші ұлтының дінін меңгергені жөн;
- 3-ші ұлтының дәстүрін толық бойына сіңіруі тиіс;
- 4-ші ұлтының тарихын түгендей алуы абзал;

5-ші ұлты мекендеген жердің ой-шұңқырын жақсы білуі парыз [3, 32]. Осы сипаттар түгел бойынан табылған адам ғана сол ұлттың толық өкілімін, ұрпағымын деуге құқылы – деп жазады ғалым әрі қаламгер Ж.Иманқұлова.

Біздің ең басты құндылығымыз – тіліміз бен Тәуелсіздік.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өткен жылдардағы Қазақстан халқына жолдауында: «Тәуелсіздік - ата-бабаларымыздың жүздеген жылдармен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты», - деп Тәуелсіздік құнын тереңнен толғай келіп, айрықша тұжырымдағанды. Тәуелсіздік – ұлы ұғым. Оны қастерлеуге үйрету, дағдыландыру, адам бойындағы басты қасиетке айналдыру - әрқайсымыздың парызымыз.

Тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап, ана тіліміз – қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, ұмыт болған ұлттық құндылықтарымыз: салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық ойындарымыз ортамызға оралды.

Қазақ халқының барлық жақсы қасиеттерін бойына сыйғызған адам ол Отанын, туған жерін қастерлеп сүйетін, отаншыл, патриот азамат болып өсіп, қалыптасады. Патриот - ол елін, жерін, ұлттық құндылықтарды қадірлеп- қастерлейтін, шын сүйетін, тал бойында адалдық, әділдік, парасаттылық, ізгілік қасиеттері бар халқының мәдениетіне, өнеріне, салт - дәстүрі мен Отанына деген жанашырлығы, сүйіспеншілігі мол адам.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды.

Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын»[4] деген риясыз ықыласын жастарға түсіндіріп, жас ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды терең сіңіруге әрбір оқу орындарының оқытушылары атсалысуымыз қажет.

Халқымыздың: «Мінген атыңнан құласаң да, халқыңның салтынан құлама» деген ұлағатты, даналық сөзі бар.

Ұрпақ тәрбиесінің басты құралы – ол ұлы дала елінің ежелден келе жатқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы. Қазақтың салт - дәстүрі - ол қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез - құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Қай халықтың дәстүрін алып қарайтын болсақ, мәдениетпен тығыз байланысты болады. Ұлттық салт - дәстүр арқылы болашақ жастарды ізгілікке, инабаттылық пен мейірбандыққа тәрбиелейміз.

Ұлттық салт дәстүрлердің, әдеп-ғұрыптардың заманға сай ұрпақтарымызды өркендетер өрнектерін халық жоғары бағалайды.

«Біз қазақпыз,

Кең пейілміз, данамыз.

Сыйласқанға ақ көңілміз, баламыз.

Салт – дәстүрді биік ұста ұлым деп,

Өсиет қып айтып кеткен бабамыз» деп ақын Б.Әділов жыр еткендей, салт – дәстүр дегеніміздің өзі, ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани және мәдени азық. Біздің халқымыз өз ұрпақтарын қасиетті салт – дәстүрмен, өнегелі әдет – ғұрыппен, ырым – тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл мен инабатты қызды теріс жолға түсірмей тәрбиелей білген.

Ұлттық құндылықтар – ол қазақ халқына тән асыл қасиеттер. Тәлім-тәрбиенің түп қазығы, қайнар көзі, негізі – ол біздің ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымыз. Әрбір ұлттың, халықтың өзіне тән, қоғамның дамуына байланысты өз ерекшеліктері бар. Ата-бабаларымыз ұлттық құндылықтарды өмір сүру салтымызға бейімдеп, шығарып, дамытып, ұрпаққа асыл мұра ретінде қалдырып отырған. Маңыздысы сол – ұлттық құндылықтар әр ұлттың баға жетпес қазынасы, меншігі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды – ұлт ұрпақтары сақтап, заманына қарай жетілдіріп, дамытып отырғаны жөн.

Б.Момышұлы «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне көзім жетті» деп жазады. Бұдан отаншылдық, ерлік, батырлық, жомарттық, адамгершілік қасиеттердің бәрі салт – дәстүр арқылы даритынын түсінуге болады. Яғни, салт – дәстүр адамды адастырмас тура жолмен жүруге, жөн – жосықты біліп, үйренуге және өмірде қолдануға үгіттейтін мызғымас заң іспетті десек те болады.

Әрбір қазақ ұлттық салт-сана, дәстүр, әдет, әдептен аттап өтпейді. Және оны берік ұстайды, жас ұрпаққа үйретеді. Ұлан-ғайыр даланың заңдылығын сақтай отырып, мәдениет пен ізгі қасиетке толы ата дәстүрімізді көздің қарашығындай сақтап келген. Қазақ халқы бастарына қандай да қиындық тумасын ата дәстүрімізді сақтаған, әлі де сақтап келеді.

Ұлы дала елінің бай қазына мұрасы ол – салт-дәстүр мен әдет ғұрыптары ғой. Осындайда мынадай өлең жолдары еріксіз тілге оралады:

Ұрпақпыз ата-салтын ұмытпаған,
Жасасын, өркен жайсын Ұлық далам [5,18]!
Жас ұрпақ өнегелі өсе берсін,
Ұлтының құндылығын ұлықтаған.

Елінің намысы үшін тұра алатын,
Сөздерін даналардың ұғалатын [5,18].
Кішіге ізет, үлкенге құрмет жасап,
Халықпыз ұлықтаған ұлағатын!

Ұлы дала елінің мәңгілік құндылықтарына қыз ұзату, келін түсіру, шілдеhana, бесікке салу, тұсаукесер, бауырмалдық, қазақ халқының меймандостық-қонақжайлылығын жатқызамыз. Осы салт-дәстүрлерді атқару барысында орындалатын тұрмыс-салт жырларын да мақаламызда атап өткеніміз дұрыс болады. Ұлттық құндылықтардың негізі - ұлттық фольклорлық шығармалардан бастау алады. Олар: бесік жыры, тұсаукесер жыры, тойбастар жыры, беташар, сыңсу, жар-жар, т.б.

Қай халықтың болмасын, өзінің тек тамырын танып, ұлттық келбетін айқындауда ғылыми саланың ең алдымен дәстүрлі дүниетанымның таусылмас қазынасы – фольклорға жүгініп жататыны да сондықтан. Қазақ фольклорының хатқа түсуінің аса қарқын алуы ХІХ ғ. екінші жартысы десек, бұл кезеңдегі әр түрлі басылымдарда жарық көрген мағлұматтар көлемді тізім құрайды. Аса белсенді жұмыс жасап, мол еңбек сіңірген адамдар қатарына Л.Ф. Костенко, А.К. Харузин, И.И. Крафт, И.А. Кастанье, В.Радлов, А.Васильев, Я.Лютш, Н.И. Гродеков, М.В. Готовицкий, А.Е. Алекторов, А.Н. Харузино, И.Ибрагимов, Л.Ф. Баллюзек, Н.Ф. Катанов, И.Аничков, А.Самайлович, И.С. Колбасенко, Г.Н. Потанин сияқты орыс ғалымдары мен Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Т.А. Сейдалин, С.А. Жантөрин, Ж.Ақпаев, Қ.Құстанаев, М.Бекимов, Г.Балғынбаев, И.Букин, Ә.Диваев, М.Көпеев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин сияқты қазақ зиялыларының есімдерін атап айтқан жөн.

Ұлы дала елінің мәңгілік құндылықтарының бірі – қонақ күту дәстүріне тоқталып өткенді жөн көріп отырмын.

Біздің қазақ ежелден бауырмал, көпшіл, қонақжай халық. Ұлы дала елінің ұрпағы қыз ұзату, келін түсіру, шілдеhana тойларына шақырылған қонақтарын құрметтеп, күтіп

алады. Халқымыз: «Қонақ келсе, құт келер» деп мақалдаған. Той-томалаққа келген қонаққа төрден орын ұсынып, бар жылы-жұмсағын қонағының алдына қойған. Қазақтың кез келген ұлттық тойларында атап айтатын болсақ: шілдехана, тұсаукесер, қыз ұзату, үйлену тойларында міндетті салт-дәстүр бойынша қонақтарға арнайы той табақтары тартылады. Кез келген той-томалақта қонақтардың ақ дастарханына алдымен ұлттық брендiмiз саналатын, қасиеттi ұлттық сусын – қымыз ұсынылады. Қымыздан кейiн табақ-табақ мүшелi ет тағамы тартылады.

Сый табақ - аты айтып тұрғандай, сыйлы қонақ келгенде тартылып, оған бас, шеке, жамбас, қазы-қарта, жал-жая, телшiк, құйрық, асықты жiлiк, тоқпақ жiлiк, жалпақ омыртқа сияқты кәделi мүшелер салынады. Әрине, кәделi мүшелердiң бәрiн бiрдей қазанға салу шарт емес. Еттi адам санына қарай мөлшерлеп асады [6]. Мұндайда, бас, жамбас, жiлiк, омыртқа сияқты сүйектi еттер бiрiнiң орнына бiрi жүрiп, сыбаға ретiнде тартыла бередi.

Сый табақ тартқанда құрметтiң ең көрнектiсi ретiнде қойдың басы берiледi. Басты сый табақтағы еттiң үстiне салып әкеледi немесе жеке табаққа салып бередi. Әдетте: «бас қайда болса, жамбас та сонда» деп, баспен бiрге жамбасты да ұсынады. Халық арасында: «қойдың басы-құданың асы» - деген тамаша сөз бар. Басты ұстаған қадiрлi қонақ немесе бас құда басқа арнап бата бередi:

Бас қосылсын әрдайым,
Жарқырасың маңдайың [7,14].
Бiлiп жүрсiн жәмиғат,
Бiр-бiрiнiң жағдайың!
Басқа бата берейiк,
Өссiн ұрпақ көбейiп.
Жылы сөзбен демейiк,
Одан басқа не дейiк! Әумин!

Бастың маңдайың айқыштап әкеледi. Онысы - «тәу етер тiлегiмiз Тәңiрге бағышталған дегенi. Сыйлы адамға бастың тұмсығын, пышақтың сабын қаратып қояды. Онысы - «Сiзге арнап сойған малымыз, көрсеткен құрметiмiз» дегенi. Кейде бастың бiр құлағын кесiп алып қалады, кейде құлағын бүтiн қалпында ұсынады. Бастың құлағы бүтiн келсе, сый-құрмет көрiп отырған адам оң жақ құлақты кесiп, сол үйдiң баласына немесе жасы кiшiге ұсынады. Онысы «ен-таңба салынған құлақ осы шаңырақтың өзiнде қалсын, ырысы өкше басар ұрпаққа бұйырсын, жастың құлағы жақсылыққа түрiк болсын» дегенi. Мұнан әрi бас ұстаған адам оң жақ езуiнен бiр жапырақ құйқа кесiп алып, ауыз тиедi. Қазақта «езуiнен еншi берген» деген тұрақты сөз тiркесi бар. «Яғни, бас ұстап құрмет көрген адамның езуден бастап ауыз тиюi - «тiлеуiм жолдарында» дегенi. Соның айғағындай, бас ұстаған адам бастың әр жерiнен кесiп алып, маңайындағы кiсiлерге «еншi» үлестiре бастайды. Бұл үлестiрудiң астарында тiлеуқорлық емеурiнi болады. Мәселен, бас ұстаған сыйлы адам «шешен бол» деп таңдайдан, «төзiмдi бол»-деп құйқаның қалың жерiнен, «әншi бол» деп көмейден, «тең құрбыңның алды бол» деп маңдай құйқасынан, «екi көзiмнiң бiрi бол» деп көздеп, «палуан бол» деп желкеден т.б. жанындағыларға ауыз тигiзедi. Ауыз тиюшiлер мұндай емеурiндi iштей түсiнiп, тiптен жақсы ырымға жорып, ризашылығын бiлдiредi [6,183].

Қазақта тойға келген қонақтардан «қонақ кәде» сұрау салты бар. Той-томалаққа келген қонақтар қазақтың ежелгi салт - дәстүрi бойынша «қонақ кәде» дайындап келуi керек. Қонақ кәде салты бойынша домбырада күй шертiп, шырқатып ән салып, жыр, терме, толғау, дастан орындап беруi керек. Қонақ әңгiмесiн, ән мен жырын балалар зейiн қойып тыңдаған. Қонақтың айтқан әрбiр мағынаға толы әңгiмесi, жыр - дастаны балаларға, жастарға таптырмас асыл мұра, тәрбие, әрi ұлағатты сабақ болған.

Қонақпен бiрге дастархан басында отырған адамдар көңiлдi дем алсын деген ниетпен үй иесiнiң қонағына «қонақ кәде» айтыңыз деп өтiнiш жасайтыны бар. Бұл қонақтың өнерiн сынайтын, ортаға салуды сұрайтын салт. Қонақ «қонақ кәдеге» өлең

айтады немесе күй тартады. Егерде ол әнші, жыршы болса, ауыл адамдары оны 2-3 күн қонақ етіп, өнерін тамашалап көңіл көтереді. Барған жерінде қонақ кәдеге өнерін көрсете алмай, ұятты болып қалмасы үшін қазақтар балаларына жастайынан ән, күй, жырды үйретіп, өнерге баулып өсірген.

Өзімнің қатарлас дос-құрбыларымды «Ұлы дала елінің мәңгілік құндылықтарын» қадірлеп, оның дамып, жаңғыруына өз үлестерін қосуға шақырамын. Мақаламды төмендегі мына өлең жолдарымен қорытындылағанды жөн көріп отырмын:

Арайланып, нұрын шашсын таң күліп,
Салт-дәстүрім өркендесін жаңғырып.
Болашағым жарқын болып, жайнасын,
Жасай берсін Қазақ Елім мәңгілік!

Әдебиеттер тізімі:

1. Өмірзақов Б. Құндылықтар қасиеттелсін. Егемен Қазақстан. 07.11.2015.
2. Жұмабаев М. Педагогика. -Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Иманқұлова Ж. Жалын журналы. №2-32 бет, 2011.
4. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 12.04.2017.
5. Әбілқасов Ғ.М. Ұлттық құндылықтар ұлағаты. Монография. Қарағанды – 2017.
6. Сейдімбеков А. Қазақ әлемі. -Алматы: Санат, 1997.
7. Әбділдаұлы О. Өссін ұрпақ көбейіп. Парасат №12. 2012.

Айсағали Ұ., Ф-12 тобы, ҚҚЭУ

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Топашов М.Ә.

АҚЫН ПОЭМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕСІ

Әдебиетіміздің жетекші саласының бірі - поэзияның эстетикалық байлығы артып, көкжиегі кеңіді. Әдебиеттің даму кезеңдеріндегі әрбір дәуір өз ақынын туғызады десек, қазақ ақындарының әрқайсысы өзінше қайталанбас шығармашылық тұлға ретінде жеке дара көріне алады. Сондай дара таланттардың бірі - Мұқағали Мақатаев. Лирикалық шығармаларының қатарынан, ақынның поэмаларының алатын орны ерекше. Оның эпикалық жанрдағы мазмұны мен көркемдігі, идеялық - эстетикалық жағынан тұщымды жиырмаға жуық поэмалары мен толғауларды дүниеге келтіргендігін ескерсек, оның бұл жанрда да өнімді еңбек еткендігін көреміз. Ақын поэмалары қазақ поэзиясында замандас бейнесін жасауда өзіндік өрнегімен танылған тамаша туындылар.

Оның қаламынан шыққан поэмалар сюжетті - эпикалық, лиро-публицистикалық, кейде циклдік, кейде элегиялық түрде кездеседі. Мәселен, «Ильич» поэмасы біз көп кездесе бермейтін соны түр-циклдік поэмаға жатады. Атап айтқанда, бұл поэма «Ғасырлар перзенті», «Жыр жалғасы», «Аппасионата», «Соңғы минуттар» атты төрт циклдің негізінде құралады. «Ақынды халыққа кеңінен танымал еткен осы поэмасы Мұқағалидың қазақ поэзиясына әкелген жаңалығын, көркемдік жағынан тың бейне жасаудағы өзінің алғашқы туындысы бола тұра ақындық алғырлығын, сенімнің шексіздігін, шабытының шалқар, ойының тереңдігін байқатады»,[1,95]. Мұндай сұлулық әсерін біз ақынның аталған поэмалар циклінен ғана емес, оның «Дариға- жүрек» лиро-психологиялық поэмасынан да нәзік түйсінеміз. Сезім құдіреті бізді оқыған сайын баурап әкетіп, ақынның Дариға жеңгесін сұлулықтың символы ретінде идеялық-көркемдік жағынан аса шебер бейнелегеніне тұщынамыз. Мұның өзін ақынның сыршыл туындыларында адам образын жасаудағы тек өзіне ғана тән дара шеберлігі десек, артық айтқандық болмайды. Әдетте қазақ поэзиясында Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған поэмалардың сюжеттік мазмұны майдандағы жауынгерлердің ерлік істеріне байланысты тартысты оқиғалар желісінде жазылатыны белгілі. Ал, осындай тарихи поэмалар қатарынан табылатын М.

Мақатаевтің "Дариға-жүрегі" соғыстағы қаһармандық ерлік туралы емес, Дариға арқылы елдегі болып жатқан соғыс жылдарындағы тұрмыс-тіршілігін, қиын сәттерін, көңіл-күйін шебер суреттеп көрсетеді, сондықтан да бұл поэма терең сезімге толы шын мәніндегі лиро-психологиялық поэманың үлгісі. Ақынның тағы бір шоқтығы биік болып саналатын тамаша поэмаларының бірі - "Аққулар ұйықтағанда". Поэма фабуласы ежелден сұлулық символы болған аққу құстың киелі қасиеттерін жырлауға құрылады: ғазиз ананың жан сырын, балаға деген мөлдір махаббатын адам сезімінің тұңғыық терең иірімдеріне айналдырады. Мұқағалидың бұл шығармасында екі бірдей сабақтас идея бар. Оның бірі – киелі құсқа қарсы оқ атпау, тәтті тыныштықтың шырқын бұзбау, яғни, адамгершілік пен игілікті дәріптеу болса, екіншісі – қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа жанашыр, қамқор болу. Поэмадағы негізгі кейіпкерлер ана мен әкенің сом тұлғасын, типтік бейнеде ақын образ мінез-құлқын ашуда, диалог арқылы ана мен әкеге сөз береді, бұл жерде кейіпкерлер сөзі олардың психологиясын реалистік тұрғыдан нанымды беруде ақын шеберлігін танытып тұр.

«Ақын поэмасының көркемдік жағынан сәтті шығуы үшін қолданған кілті - тап-таза реализм. Мұндағы табиғат көрінісі, адам тағдыры барынша ықшам, нақтылығымен бағалы болып келеді», [2,59]. Осындағы әсіресе ауырып жатқан нәрестеге ғазиз ананың не істерін білмей, қандай жағдайда баласын ажалдан алып қалуды ойлап жаны төзбей, ақыры тәуіп шалдың баланы аққумен аластандар деген сөзінен басқа үміті қалмаған ананың, еріксіз көлге барып аққуға оқ атқан жеріндегі көріністі, ананың сол кездегі адамның ішкі жандүниесін терең бірудегі тапқырлығын танытады. Поэмадағы ананың да, әкенің де, поэмада бір-ақ рет көрінсе де, оқырманның көз алдында қалатын қарт жылқышының жарқын бейнелері өте нанымды, көркемдік бояуы қанық, дара кейіпкерлер. Сондықтан да "Аққулар ұйықтағанда" – қазіргі қазақ поэзиясындағы эпикалық туындылардың маңдай алдынан орын алып отыр. Мұқағали дастандарының әрқайсысы өз объектісін шебер, көркем игерумен бірге, сол арқыл жекелеген адамның ғана емес, күллі қоғамның, заманның бейнесін жасайды. Соның бәрін дәуір тынысымен тығыз байланыста, терең философиялық толғаныстарымен бейнелеп көрсетуде өзінің нұсқалы стилімен ерекшеленеді. Бұл – бұл талантты ақынға тән ұнамды қасиеттер.

Мұқағалидың эпикалық туындыларының ішіндегі тағы бір шоқтығы биік шығармасы халықаралық тақырыпқа жазылған "Чили – шуағым менің" поэмасы. Бұл поэма Чили халқының ер жүрек ұлы ақыны Пабло Нерудағы арналғын көркем ескерткіш, автордың бүкіл әлемдік шеңбердегі жалпы адамзаттық мазмұн мен пішінге көше алатын кемелдігі мен шеберлігін аңғартатын ауқымды шығарма. Сонымен бірге, бұл поэма – жер бетіндегі бейбітшілікті баянды етуге шақырған ақынның асқақ ұраны іспетті, әрі әлем кеңістігін ақынның эпикалық кең құлашымен түгел қамтыған көркем де кесек, дара туынды.

Ақын бұл поэманың басты кейіпкері болған Паблонның көркем бейнесін жасауда айрықша шеберлік танытып, оның халқына, Отанына деген ақ та пәк махаббатын ерекше қастерлеп, жоғары бағалап әр қырынан суреттеп, оған жаны ашыған ақын дүниесіндегі барлық ақынды бір адамның баласы санап:

"Саулығын Паблонның біліп қайт деп,

Ақындық рухымды аттандырғам",-деп үлкен жүреппен парасатты түйін түйеді. Сайып келгенде, бұл лирико-публицистикалық поэмада Чили халқының әйгілі ақыны Пабло Нерудың көркем бейнесі реалистік тұрғыдан нанымды да нақты шығуы, Чили халқының фашизм зұлымдығынан отқа оранып жатқан ауыр халін ақынның терең түйсініп, құдды өзінің жеке басынан өткергендей күй кешіп, қуатты сезіммен толғанып, ақ жүрегінен ақтарылып жырға қосуынан деп те ойлауымыз керек. Оның "Чили – шуағым менің" поэмасы тұтастай алғанда, ақынның шығармашылық эволюциясының тың белесі.

"Райымбек! Райымбек!" атты поэмасы – тарихи тақырыпқа, ерлікке, ел қорғауға арналған көлемді де көркем туынды. Мұқағали бұл поэмасында қазақ халқының басынан өткен ең бір ауыр, қайғылы кезеңі "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" оқиғасының ел

жадында сақталған деректерін, тарихи орындардағы мәліметтерді жинақтап, өте шеберлікпен сол кезеңнің есте қаларлық сұмдық оқиғаларын кең көлемде алып, шынайы, нанымды етіп суреттеп берген. Не бәрі алты жүз сексен сегіз жолдан тұратын, шағын-шағын үш тараудан құралған бұл поэманың өткен тарихты оқырманға кең таныстыруда, оларға әсерлі сезім беруде адам таң қалғандай сапасы, көркемдік күші бар. Сондай-ақ, поэмадағы адам образын жасаудағы бейнелегіш тәсілдер көркем компоненттермен қатар, кейіпкер монологының, диалогының, кейіпкер сөзінің атқарып тұрған ролі де ерекше. Қорыта айтқанда, поэмадағы тарихта болған Райымбек батырдың көркем образын сәтті сомдаған, ал Қабай жырау, Әлмерек бидің де көркем образдарын жасауда да ақынның ойының жүйріктігі мен алымдылығы, айтарлықтай. Ақынның бұл поэмасы бұрыннан келе жатқан қазақ халқының ауыз әдебиетінің өзекті саласы эпостық батырлар жырының дәстүрі, жалғасы іспетті. Мақаламызда жоғарыда шолу жасалынып өткен поэмаларынан басқа көлемі жағынан шағын, мазмұны жағынан құнды, әрі күрделі шығармасы "Моцарт. Жан азасы./Реквиемі/". Поэма негізінен алғы сөзінен басқа "Табыт үні", "Халық үні", "Жесірлер үні", "Жетімдер үні", "Бесік жыры" атты тараулардан тұрады. Ақын бұл элегиялық-поэмасында ұлы композитор Моцарт Вольфганг Амадейдің /1756-91ж.ж./ хормен, оркестрмен айтылатын "Реквием", "Жан азасы" атты әйгілі музыкасының желісіне құрылған поэма. Бұл поэманың қазақ әдебиетінде қандай орын алатынын біз еңбегімізде нақты талдап, ақынның мұндағы шеберлігін жан-жақты сөз еттік. Ақын поэмалары жөнінде жалпы пікір берер болсақ, олардың басты ерекшелігі – қандай оқиғаны болса да автор тек алған тақырыбының төңірегінде шектемейді, әрі заманның, әрі қоғамның, уақыт пен кеңістіктің образын жасайды, терең уақыттың астарына ақындық түйсікпен барлау жасайды.

Өткен ғасырдың 60-шы, 70-ші жылдардағы әдебиеттің бетін айқындап, поэзияға қойылатын көркемдік талаптар бойынша өзінше үн қатып, қуатты лирикасын алға тартып, қоғамдық қажеттілікке жұмсап-дамытатын жеке дара сөз өнері саңлақтарының қатарынан көрінетін М.Мақатаев поэзиясының әсері осы тұста басымдау болғаны талас тудырмайды. Ақын өзінің шығармаларында көркем образ жасауда, сөзбен сурет салуда өзіне тән өзгеше мәнер, машық танытып, көріктеу құралдарын орасан шебер қолданады. Солардың бірі көркем шығармада көп қолданылатын эпитет пен теңеуді, метафора мен метонимияны мейлінше ұтымды пайдаланады. Мұның өзі ақынның қиялға бай әсемдік әлемінің кеңдігін, пікірге жетік, тілге шебер екендігін аңғартады. Мұқағали құбылтулары мен айшықтауларында қолдана-қолдана әбден жауыр болған көріктеу құралдары жоқ, ақын оларды қайталамастан, өзінше ізденіп бейнелі сөздерді жаңарта, жаңғырта қолданады. Айталық, айқындаудың әр түрін жырларында аса шеберлікпен, талғампаздықпен пайдаланады, сондықтан олар орнын тауып, ойнап тұрады. Ақынның қиыннан қиыстырған образды орамдары жырланып отырған объектіні, өмір құбылыстарын ықшам да бейнелі, әрі нақты. Әрі затты көрсетеді, Ақынның қайбір өлеңін алып қарамайық, олардың әрқайсысында тороп атаулының құбылып, құлпырып, олардың жылы лебі мен терең әсері өзара өріліп, өзгеше үйлесім тауып, Абай айтқандай: "Сылдырап өңкей келісім, тас бұлақтың суындай",[3,95]- айрықша гармонияға көшіп тұрады. Бұдан шығатын тұжырым: Мұқағали тілі бай, ой-қиялы мол, сөзі суретті, өлең өрімі өзгеше айшықты. Демек, ол – тау біткен тума, мөлдір талант! Мұқағали Мақатаев туған халқының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің үлгілерінен мол сусындаған; өзгеше өнеге алған; сондықтан да оның өлеңдері халықтық; ұлттық сипаты айқын; дәстүрге өз жаңалығын қосып, сөз өнерін біршама байыта білген. М.Мақатаев өзінің шығармаларында диалог сөздерді жиі және ұтымды қолданған. Ол лирикалық қаһарман ба, жоқ әлде эпикалық шығармадағы басты кейіпкер ме, бәрі бір, сол диалогты аз сөзбен кейіпкердің жан дүниесін, ішкі болмысын, оның жасаған ортасына деген көзқарасын, дүние танымы мен мінез-құлқын реалды тұрғыда ашып, көркем түрде суреттейді. Сондай-ақ Мұқағалидың лирикалық шығармаларында, поэмаларында диалогтарды пайдаланудағы шеберлігін әрі осы тәсілмен әрбір адамның өзіне тән болған характерін ашу, лирикалық

немесе эпикалық қаһармандардың көркем образын әрқайсысының тек қана өзіне тән ерекшелігін екшеп көрсету, оның өзінің стильдік қолтаңбасын айқындай түседі. Ақынның сөз үстіндегі алып әрекетін, шеберлік дегеннің өзі әр сөздің орнын тауып қолдану, өлең жолдары жай баяндаудан емес, сөзбен сурет салудан тұратындығын жете ұғынғаннан әр өлеңін оқыған сайын ұғып, түсініп қана қоймай, кәдімгідей түйсініп отырамыз. Бұл да оның ақындық ерекшелігіне саятын нәрсе. Сондай-ақ М.Мақатаев туындыларында әдеби тілдің әсемдігі әрі әсерлілігі үшін қажетті тәсіл құбылтудың түрлерінің шебер пайдаланғанын ерекше атап айтуымыз шарт. Бұл тұста ақынның сезім сергектігін, көңіл жүйріктігін, көз қырағылығын, көркемдегіш тәсіл кейіптеуді өте тапқырлықпен құбылтып, құлпыртып, басы артық сөз қоспай, баламаларды үйлесімді, табиғи, жарасымды қолдана білетінін аңғарамыз. Бұл да Мұқағалидың ақын ретіндегі басты ерекшелігі.

Қазіргі қазақ поэзиясында көркемдегіш құралдардың қатарында көп қолданылатын құбылтудың бір түрі – символ яки астарлау. Мұқағали мұны да ерекше тапқырлықпен шебер пайдаланады. Осымен бірге, ақынның метонимияны қалай пайдаланғандығы һәм пайдалану ерекшеліктері туралы да осы бөлімде өлең жолдары арқылы нақты дәлелдеп көрсеттік. Мұқағали Мақатаев жырлары осы тәсіл арқылы нақты дәлелдеп көрсеттік. Мұқағали Мақатаев жырлары осы тәсіл арқылы сыртқы түр ғана емес, ішкі сыр терең мағынаға, бай мазмұнға ие. Сол секілді ақын алмастырудың түріне жататын мегзеу яки синекдоханы да орынды жерінде шеберлікпен қолдана отырып, өлең тексттерінің көркемдік бояуларына табиғи сипат беріп, қалам ізінің өзгеше сұлу өрнегін төгеді. М.Мақатаев шығармаларында жоғарыдағылардан басқа, сирек те болса сәтті кездесетін көркемдеу құралдарынан кекесін-мысқыл, әзіл-әжуә-юмор, ирония, сатира, сарказм элементтері де баршылық. Мұқағали поэзиясының әсерлі де шебер болып шығуының тағы бір құпиясы оның әдеби тілді құбылтып, ажарлаумен қатар, өлең сөзге айрықша эмоциялық жылылық дарыта білуінде жатыр. Мәселен, ақын арнау, қайталау, егіздеу секілді фигуралық оралымдарды жай қолданбайды, өлеңнің әсерлі, эмоциялық баурағыш күшін күшейте түсу үшін орнын, орайын тауып, шебер қолданады. Сол сияқты, «көркем шығармаларда қолданылуында қарай жай қайталау, еспе қайталау, әдепкі қайталау – анафора, кезекті қайталау – эпифора болып бөлінетін әр алуан айшық түрлері де Мұқағали лирикасында молынан кездеседі», [4,68]. Ақын өлеңдерінде кездесетін қайталау сөздері әсерлілік пен әсемдікті арттыру, оқырман назарын сол та жақ негізгі ойына аудару үшін ойды оқшаулап, даралап көрсету мақсатында қолданғанын дәлелдедік. Оның үстіне, сөз қанша рет қайталанса да текстің лексикалық мағынасына, үйлесімді ұйқысына, ырғағына ешқандай ешқандай нұқсан келтірмей, оқыған сайын оқырманға қай тәсілмен эстетикалық әсер беріп, оның өзіне қай әдіспен баурап әкетіп отырғанын нақты мысалдармен пайымдауға тырыстық. Ақын шығармаларында бұлардан басқа стилистикалық фигураның антитеза немесе шендестіру тәрізді түрлері де жиі ұшырасады. Көріктеу құралдарының градация-дамыту тәсілінде Мұқағали үлкен шеберлікпен, биік талғаммен қолданып, өзінің алдыңғы сөзінен соңғы сөзін, алдыңғы ойынан соңғы ойын асқақтата, асыра түскенін, өлең мазмұны мен мағынасын үсті-үстіне үстемелеп, ұғымды тереңдете түскенін көреміз. Ақын поэзиясының идеясы мен мазмұн тереңдігін, тіл байлығын, нұсқалы стилін, өлең өріміндегі жаңалығын зерттеу, байыптау, пайымдау арқылы М.Мақатаевтың қазіргі қазақ әдебиетіне көркемдік тұрғыдан қосқан үлесіне, әрі ақындық шеберлігіне баса назар аудару бүгінде өзекті мәселе.

Қысқасы, ақын шығармаларына қай қырынан алып қарамайық, ғылым тұрғыдан қалайша талдамайық, Мұқағали Мақатаевтың сыр мен мұңға толы сұлу жырларын қандай шебер қолдан туғанын түсініп қана қоймаймыз, түйсінеміз. М.Мақатаев өлеңдерінің күллі қадірі мен қасиеті дәл осы арада жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қабдолов З. Жебе. Зерттеу-эссе, - Алматы, 1988,-203б.
- 2.Ыбырайымов Б. Ой мен сөз. -Алматы, 1985,-189б.

3.Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы,-Алматы,1988,-234б.

4.Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары,-Алматы,1994,-200б.

Айтметов А., тобының студенті МН-12, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекшісі: оқытушы Баербекова А.Е.

«ҚОРҚЫТ АТА» КІТАБЫНДАҒЫ АДАМ ЕСІМДЕРІ

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы – антропонимика. Антропонимика кісі аттары, әке аты patronim (отчество), фамилиялар, лақап аттар (прозвища), бүркеншік аттарды (псевдонимы) зерттейтін ономастиканың бір саласы екеніне жоғарыда көзіміз жеткен болатын.

Антропонимика (кісі аттары) - тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра. Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Немесе қазақ халқының ұлттық әдеті бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамайтын. Сөйтіп жас келін күйеуінің ағасын, інісін я қарындасын тура атымен атай алмай, жанама ат қойып алатын. Атап айтқанда, қайынсіңлілерін – шырайлым, бикеш, бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды төрем, шырақ, мырза жігіт, молда жігіт т.б. деп атайды. Тіпті күйеуінің құрдастарының аттарын атауды да ұят санап құрдас, замандас немесе аттас деп атау дәстүр ұстаған.

Түркі әлемінде көпаттылық деген мәселе бар. Яғни бұл адам мәртебесі және қоғамдық-саяси жүйедегі орны өзгергенде адамның аты да өзгереді.

Мұндай мәселе «Қорқыт Ата кітабында» да көрініс тапқан. Қорқыт атаның 12 жырында да Қорқыт ата образы кездесіп отырады. Жай ғана кездесіп отырмай, Қорқыт ата жырдың соңында тілегін айтып, бата береді. Көп жағдайда жырда бас кейіпкерге жай ғана бала, ұл деген ат беріледі де, кейін оған Қорқыт ата жеке ат қояды. Мұндай сарынды руникалық ескерткіштерде де кездестіруге болады. [1, с.284-290]

Бұл мәселені Л.Н.Гумилев «Древние тюрки» еңбегінде сөз етеді: тюрки не носили одного и того же имени от рождения до смерти, как европейцы.Имя тюрка всегда указывало на его положение в обществе. Мальчиком имел кличку, юношей – чин, мужем – титул, а если это был хан, - то титул менялся согласно удельно-лествичной системе» деген. [2]

Бірақ бұл тұжырымды нақты дұрыс деп айта алмаймыз, өйткені ежелгі түркілер қоғамындағы антропонимдерді зерттеген ғалымдар көзқарасы әр түрлі болып келеді.

Көне түркілік қоғамда адам атының рөлін бағалау өте қиынға соғады. Бұл пікірге дәлел ретінде И.В.Бестужев-Лада сөзін мысалға алуға болады: «По древним представлениям, личность человека и его имя были органически связаны, более того, имя выполняло важнейшую охранную функцию, обеспечивая его носителю защиту от злых (или покровительство со стороны добрых) сверхъестественных сил» [3, с.137-143]

Ежелгі көне түркілік антропонимияда мынадай негізгі категорияларды атап көрсете аламыз:

Жеке есім (жалқы есім). Белгілі бір әлеуметте туған кезде немесе үлкен адамға қойылатын ат, есім. Ежелгі ескерткіштерде жеке есімдер аз қолданылған, ал орта ғасыр әдеби және тарихи шығармаларда антропонимдер ерекше көп қолданылады. «Қорқыт ата кітабындағы» антропонимдердің көбі жеке есімдер.

Ер аты – «батырлық есім» немесе «ер адам есімі». Бұл есімге кейіпкерлер өздерінің батырлық іс-әрекеттерімен иеленген. «Қорқыт ата кітабындағы» ұлдар қиын кезеңде

өздерінің даналығы мен ерлігін көрсетіп, жаңа атқа немесе өз аттарына қосымша, үстеме есімге иеленген. Мұндай батырлық есімдер халық арасында үлкен рөл атқарып, жан-жаққа тараған.

Рулық есімдер. Көп қолданылмаған, бірақ қызметтік мағынасы ерекше болған. Рулық есімдер өзіндік кодификаторлық қасиетімен айқындалады. Яғни белгілі бір тұлғаның қандай да бір рудан шығуы түркі халықтарында ерекше қаралған. Өйткені түркілер таққа отыратын адамның шыққан тегіне айрықша көңіл бөлген.

Әлеуметтік есімдер. Мұндай адам аттары орта ғасырларда, көне дәуірлерде де мемлекетті басқарып отырған билік басындағы адамдарға ғана тән болған. Мысалы, қараханид әулітінен шыққан Арслан-хан мен Богра хандар сөзімізге дәлел бола алады.

Кісі лауазымы немесе атағы (персонифицированный титул). Бұл антропонимиялық санат батырлық есімдерге ең жақыны болып табылады. Алайда мұндай аттарды ерекше лауазымы мен атағы барларға ғана қойылатын болған. Мұндай антропонимдер аса көп кездеспейді.

Есімнің жайылған (развернутый) форма түрінде келуі. Бұған жоғары биліктегі адам есімдері мен титулдары жатады.

«Қорқыт ата кітабындағы» антропонимдерге талдау жұмысын жүргізбес бұрын, оғыздар туралы мәлімет бере кеткеніміз дұрыс болар. Өйткені «Қорқыт ата кітабындағы» 12 жыр осы оғыз тайпасы туралы жырланады.

Оғыздар – VI-VII ғасырларда Алтай мен Орталық Азия жерін, ал X ғасырға дейін Орта Азия мен Поволжье жерін мекендеген біріккен түркі тілдес тайпалар. Кейін олар Кавказ жерінің күнгей жағына көшіп барып, онда көшпелі өмір салтын ұстанды. Уақыт өте келе, бұл тайпалар әзербайжан халқының этногенезінің негізін құрады.

«Қорқыт ата кітабындағы» жырлар әр қилы, олар бір-бірімен сюжеттік жағынан да, тақырыптық жағынан да байланыспайды. Тек ортақ бір дүние – Қорқыт ата образы. Қорқыт ата образы барлық жырда дерлік кездеседі. Жоғарыда айтып өткендей, Қорқыт ата не ат қояды, не бата беріп жатады.

Антропонимдерді талдау жұмысын, ең алдымен, Қорқыт ата есімімен (Деде Корқыт/Деде Коркут) бастаған жөн. Ел аузындағы аңыздардың бірі Қорқыттың жаратылыс заңынан елден ерекше боп дүниеге келуі, және оған Қорқыт есімінің берілуі жайында сыр шертеді.

Аңыздар бойынша Қорқыттың анасы жүкті кезінде құланның жаясына жерік болып, жерігі бір жылда әрең басылыпты. Анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп, жылына бір рет толғақ қысып отырыпты. Ең соңында туатын жылы тоғыз күн толғатып, жер дүниеге үш күн, үш түн қараңғылық түсіпті, қалың қара жаңбыр, сұрапыл қара дауыл соғып, біреуді-біреу көре алмай, ел-жұрты қатты қорқынышқа батады:

Қорқыт туар кезінде,
Қара аспанды су алған.
Қара жерді құм алған.
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған.

Сол қараңғылық қорқынышта туғандықтан атын «Қорқыт» қойыпты, Қорқыт Сыр суына жақын Қаратаудың бір қойнауында туған екен. Ол тауға «Қарашық» деп, «Қараспан» деп ат қойыпты. Аңыз бойынша, анасының құрсағынан шығысымен Қорқыт тілі шығып, «сөйлей» туыпты. Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құйма құлақ болып өседі.

Проф. Ә.Қоңыратбаевтың «Қорқыт» сөзі «хор» және «хұт» деген екі буыннан құралып, алғашқысы тайпа, соңғысы «ойшыл», «сәуегей» деген ұғым береді, яғни Қорқыт – «құтты адам», «құт әкелетін адам» деген сөз, деген пікір немесе проф. Ш.Ыбраевтың да пікірі көңіл аударарлық: «Қорқыт» есімінің алғашқы сыңары көр (ғор, гөр) сөзінің мағынасы «о дүниелік» ұғыммен жапсарлас, екі дүниенің ортасындағы жалғыз заттық айғақ көрмен байланысты болуы әбден ықтимал деген пікірі. [4, 126]

Сонымен, Қорқыт антропонимнің лингвомәдени, әлеуметтанымдық сипатына, біздің ойымызша, проф. Т.Қоңыратбаевтың төмендегі тұжырымдарының тікелей қатысы бар;

Біріншіден, Қорқыт оғыз елінің бірлігі, тұтастығы үшін зор әлеуметтік қызмет атқарған тұлға - этнофор.

Екіншіден, Қорқыт оғыз елінің этникалық құрылымын жеткізуші, этникалық сананың қоғаушы көзі - индикаторы.

Үшіншіден, Қорқыт тұлғасы оғыз еліндегі этникалық үрдістің жеке бір көрінісі - микробөлшегі.

Ең бірінші жырда кездесетін кісі есімі – Байындыр хан/Баяндүр хан. Сюжет желісіне жүгінсек, Байындыр хан жоғары билеуші тұлға болып табылады. Оған дәлел, есіміне «хан» деген титулдық атақтың қосылуы. Қазіргі түрік тілінде bayındır сөзі «көркеюші, гүлденуші, өніп өсуші, өркендеуші» деген мағыналарды білдіреді. Басқа зерттеушілердің еңбектерін қарастыру барысында, біз бұл сөзге қатысты басқа ештеңе таба алмадық. Мұның себебі, Байындыр хан басқарып тұрған кезеңде оғыз мемлекетінде тыныштық пен бірлік болған. Антропонимия категориясы бойынша, бұл есім жалқы есім, «хан» деген титул дәрежесін көрсететін антропоним. Қорқыт атаның өзінің берген анықтамасы бойынша, Байындыр хан өз кезіндегі «Хандардың Ханы» болған екен.

Дерсе хан/Дирсе хан – сюжетте Байындыр ханға ренжіген бектердің бірі болып суреттеледі. Мұнда да Дерсе деген жалқы есімге «хан» деген атақ-дәрежені білдіретін есім қосылып тұр. Алайда, Дерсе хан ерекше көзге көрінетін бектердің бірі болып табылады. Ол – ықпалды, бай адам. Оның иелігінде әжептәуір мал мен жер бар.

Жырда бала батырды бейнелеу үшін, оның күшін көрсету үшін, оның біреулермен күрескенін, не жаумен шайқасқанын суреттейді.

Батырлар бейнесіне тоқтасақ, олардың күштілігі, қайраттылығы мен бірге қандай құрметке ие болғаны да көрсетіледі. «Қорқыт ата кітабындағы» жырларда берілген образдар әр түрлі типке бөлінеді. Әсіресе дастанда көп кездесетін қаһармандық образдар, олар: Бұқаш хан, Домрул, Еміре, Бисат, Секірек т.б. Осымен қатар сатиралық образды да кездестіруге болады. Мәселен, Қарашар, ол қарындасының қалыңдығына: «Інген көрмеген мың бура, қысырақ көрмеген мың айғыр, саулық көрмеген мың қошқар, құлақ-құйрықтан жұрдай мың ат, қараша-қараша мың бүрге бересің» - деп сұрайды. Кейін, сұрағанын орындап Қорқыт ата Қарашарға сұрағанын орындап, бүргеге талатқызады.

Ал Дерсе ханның ұлын жырдың басында жай бала/ұл деп қана атаса, кейін өзінің ерлігі мен қайраттылығын көрсеткеннен кейін, Қорқыт ата оған Бұқаш/Бугач/Богач деген есім береді. Бұқаш «бұқа» деген сөзден шыққан жалқы есім. –ш деген еркелету мағынасын білдіретін қосымша. Қазіргі түрік тілінде «boğa» деген сөз активті сөздер қатарына жатады. Жырдағы «Бұқаш» образы дәу бұқаны ерлікпен жеңгеннен кейін Дерсе хан ұлына қойылды. Бұқаш жырдың негізгі кейіпкері болып табылады. Кейін бұл жалқы есімге «хан» деген антропоформант қосылады.

Әдебиетте образ, образ жасау деген түсінік бар. «Қорқыт ата кітабындағы» бейнелер өте әсем тілмен суреттелген. Жырда табиғи көріністер де сирек кездеседі. Ал, әйел батыр, бала, қысқасы адам бейнесін суреттеу өте жиі қолданылады және бейнелеуі зор шебер тілмен суреттеледі.

Мысалы, әйел бейнесін, сұлулығын хан өз әйеліне сырын айтып, мұңын шаққан кезде байқаймыз.

Бері кел, басымның бақыты, үйімнің тақыты,
Үйден шыға ырғалған сұңғақ бойлым,
Тілерсегіне түскен қолаң шаштым,
Құрулы садақтай иілген имек қастым.
Қос жаңғақ симайтын оймақ ауыздым,
Балдай тәтті тіл үйірген қауыным.
Күзгі алмадай алқызыл жемісім,
Көрермісің халымның не болғанын? [5,17]

Азиялық өркениеттерде күнмен қатар қастерленген аспан шырағы ай болған. Ай көне түрік мәдениетінде Күннің орынбасары, сұлулықтың таңбасы, көп мұраларда әйел құдай ретінде танылған. Көшпенділер үшін де айдың маңызы зор болған. Даладағы малшылар қараңғы түнде айдың тууы мен батуын бақылаған, одан өздерінше қорытынды жасап, жыл мезгілдерін айырц есебін шығарған. Олар жаңа туған айдың күн сайын көлемінің кемитінін, ақырында «таусылып» – «өліара» келетінін білген. Бұл кезде ауа райы өзгеріп, ғылыми тілмен айтқанда, циклон басым болады. Халықтық дүниетаным айдың климатқа тигізетін әсерін жақсы білген.

Алайда, айдың басты символдық ерекшелігі оның күн мен түннің арасындағы алатын орнына қатысты. Күн батып кеткенімен, нұр (ізгілік, жылулық, сәуле) жеңілмейді. Аспанға күннің ізбасары (дублері) ай арасындағы тартыс ғарыштық сипатқа ие болады. Шоқан Уәлихановтың пікірі бойынша, қазақтар айды құдай тұтқан. Бұл көне дәуірден келе жатқан дәстүр. Мысалы, Қаратау тауларындағы жартастығы суреттер көзәйнек тәріздес қосылған жұп адамдарды бейнелеген. Осындай таңбалар ішкі Монғолиядан да табылған. Сондағы адамдардың бастары дөңгелектің бірінен сәуле шашып тұрса, екіншісі ондай емес. Бұл белгілі бинарлық оппозицияны (күн мен ай) білдіреді. Ай мен күнді қосып тұрған сызық адамдардың «қасиетті жолы» деп аталады.

Күн мен айдың қатарласуы әлемдік мәдениетте кең таралған идеяның бірі. Мұсылмандық әлемде ай діни таңбаға айналған. Мұсылмандық әлемде ай діни таңбаға айналған. Бұл жерде ескертетін бір жайт бар. Ай символикасы мәдени гомогендік дәстүрмен тығыз байланысты. Ол аруақтар дүниесімен жалғастыратын беліг болып табылады. Мұсылман зираттарына ай белігісін қою ұрпақтар, дәстүрлер сабақтастығын көрсетеді.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, ай әдемілік пен сұлулықтың белгісі болып табылады. Айсұлу, Айбарша, Ай-Таңсық, Айшат т.б. антропонимдермен қатар, қазақ эпосында сұлулық, нәзіктік Ай мен теңестіріледі: «Туған айдай толықсып, бұралып кете барады» (Қыз Жібек), «Жалғыз қызы Гүлбаршын – он бесте толған ай еді» (Алпамыс), «Жақсы Ай – Күңдей, жарығы әлемге бірдей» (мақал). [6, 132]

Әзербайжандық жазушы Анардың нұсқасы бойынша Бұқашты ана сүтімен және тау гүлімен жарасын жазған, Бұқаштың анасы – Айна Мелек.

Бұл жерде түрік тіліндегі melek сөзі «періште» деген мағынаны білдірсе, ауна – «айна» деген мағынаны білдіріп тұр. Қазіргі қазақ тілінде де осы мағынасында қалған. Ең қызығы автордың өзі бұл есімнің шығу тарихын өзі ашып береді. Айна Мелектің анасы жүкті кезінде айна мен айға балам айдай аппақ болсын деп көп қараған дейді.

Зерттеуші А.Гафуровтың айтуынша, бұл антропонимге басқаша түсінік береді. Оның айтуынша, жақын Шығыс пен Орта Азияда бұл компонент, яғни «айна» сөзі «әдемі, сұлу, көрікті» деген мағына әйел адамға қатысты айтылады да, ал ер адамдардың есімінде бұл сөз «бақыт» деген мән береді.

Екінші жырда бас кейіпкерлердің бірі – Салор-Қазан/Қазан Салор/Салур Казан және Қара Қойшы/Гараджа-Чабан.

«Қорқыт» дастанына негізгі кейіпкер болған тарихи адамдар. Олардың кейбір варианттары Сыр бойында, Арал теңізінің жағасында, Ұлытауда сақталып келген. Қорқыт жырларының негізгі желісі күрделі сюжеті Оғыз-Қыпшақ заманындағы ел басқарған кемеңгер, ойшыларды қадірлеу. [7, 173] Соның бірі – Қорқыттың өзі ғажайып ерлігімен халыққа қорғаныш болған, халық сүйіспеншілігіне бөленген адам, алыптардың ішінен көзге бірінші түсетін Ер Қазанбек/Қазан Салор – «барлық алыптардың ұлы ағасы, Түркістанның тірегі» [8,175]

Сөйтіп, «Қорқыт» хикаясын оқып отырып, Қорқыт заманында өзінің алып ерлігімен аты шыққан, халық ерекше ардақтаған алыптар (батырлар) көп болғанын, сол сияқты шешен билер, ақылды данышпан сұлтандар да аз болмағанын көреміз. Қорқыт өмір сүрген дәуірдің айтулы тұлғаларында оның мұрасынан танимыз.

Салор Қазан – ірі қара малы бар, бай билеушілердің бірі. Қазан – жалқы есім. Оны кейде Қазан би деп те атайды. Би – бұл жерде ер адамға ерекше айтылған сый-құрмет білдіретін атау. Ал Sulur (Салор) – бұл рулық атау.

Жалпы би сөзінің этимологиясы жайлы сөз етер болсақ, «би» деген термин – көне түркілік «бег» сөзінен шыққан. «Би» - «бегтің» кейінірек өзгерген түрі болып табылады. «Бек» сөзінің соңындағы «г» «й»- ге ауысқанын байқауға болады.

А.А.Леонтьев «Бий и его судебная власть» деген мақаласында: Само слово «бий» указывает на то, ибо происходит от глагола «билейді», что значит «управляет», - деген пікір айтады. [9, 271]

Ал Абай тілі сөздігінде: «Би¹ (26) 1. Дау-жанжалды шешуші, билік айтушы (25). Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап, Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап», - деп берілген [10, 132]

Қазақ дәстүрінде адамның жалқы есімнен басқа да толып жатқан (жанама, бүркеме лақап, балама т. б.) қосымша аттары болады. Қосымша аттар адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың ыңғайына қарай өзгеріп, әр алуан морфологиялық тұлғалармен түрленіп, сұхбаттасушы субъектілердің бір-біріне деген ізет-құрметін, көңіл-күйін, ішкі сезімін, дәстүрлі әдептілік пен жол-жоралғыны таныту үшін, жан дүниесін паш ету мақсатында жұмсалады.

Лақап атаулардың ерекшелігін зерттеген Т.Жанұзақов, Т.Абдрахманова, А.Бахамова, Г.Байғосынова т.б. Ономастиканың антропонимика саласының негізгі мәселелерінің бірі - бейресми жалқы есімдер (лақап ат). Бейресми жалқы есімдер барлық халықтарда бар. Орыс тілінде лақап атқа - «прозвище, название, данное человеку в насмешку, в шутку и т.п.» обычно содержащее в себе указание на какую-либо заметную черту его характера, наружности, деятельности и т.д.» деп анықтама берілген [11, 164]

Сонымен, қазақ, орыс т.б. халықтарында да лақап ат қою адамның бет-пішіне, мінез-құлқына, істейтін кәсібіне немесе бір ерекшелігіне байланысты қойылады. Кейбір тура тауып қойылған есімдер, сол адамға өмір бойы қосалқы ат болып қалады. Зерттеуші пікірі бойынша, жалпы лақап есімдер өзіндей белгілері бойынша лексика-семантикалық топтарға бөлінеді.

Сонымен, тілімізде ресми шын аттармен қатар, лақап аттар да бар. Ондай лақап аттардың тым ерте кездерде-ақ қолданылғанын байқаймыз. V-VIII ғасырларда тән түрік халқының жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін, Яш Ак Баш, Джагий Шад, Тоныкөк сияқты есімдер - лақап аттар. Халық ертеңдеріндегі Шіңкілдек, Желаяқ т.б. - халық ойынан шексіз қиялынан қойылған лақап аттар. Ерте кезде лақап тек адамдардың ғана емес, тіпті кейбір рулардың да лақап аттарының болғаны байқалады. Бұл құбылыс түркі халықтары арасында көбірек кездеседі.

Проф. Т.Жанұзақов лақап аттарды лексикалық мағынасына қарай мынандай топтарға бөледі:

1. Адамның бет-әлпет түріне, көзі, шашына байланысты: Қаракөз, Ақбала, Айша, Қарақыз т.б.

2. Адамның жүрісі, тұлғасы мүсіне байланысты: Жорға, Жұмабай, ұзын Ахмет, Құлагер т.б.

3. Адамның дене-мүшесінің кемдігіне байланысты: Бүкір, Сақау, Шолақ, Кекеш.

4. Мінез-құлық, бейімділік әрекетке, ерекшелік қасиеттерге байланысты: Найзағай, Асан т.б.

5. Негізгі кәсібі, қызмет бабына байланысты етікші Ахмед, мұғалім Оспан, қойшы Аман, дәрігер Нұржан т.б. [12, 59]

Осындай лақап аттардың бірі - Төбекөз. Төбекөз/ Тепегөз (Теменной глаз) антропонимі жалғыз көзді дәуге айтылатын мононим болып табылады. 1815 жылы Диц деген ғалым алғашқы рет аударды. Бұл әдебиеттануда үлкен таңғаларлық оқиға айналды. Әзербайжан зерттеушісі Анардың пікірінше: Обратимся к древнегреческому путешественнику и историку Геродоту. После описания иссидонов – одного из

многочисленных племен Центральной Азии – он сообщает: «... А выше его, по рассказам иссидонов, живут одноглазые люди и стерегущие золото гриффы. Со слов иссидонов повторяют это скифы, а от скифов знаем мы, почему и называем их по-скфски аримаспами. Словом арима скифы называют «один», а спу на их языке «глаз». Территория аримаспов, судя по древним источникам, находилась где-то между Вочтоном Уралом и Алтаем» [13]

Яғни Төбекөз антропонимі Тере/Дере және göz деген екі компоненттен кейіннен пайда болған. Бұл күрделі сөз қазіргі барлық түркі тілдерінде осы мағынасында қолданылады.

Жырдағы Төбекөз адам мен пері қызынан жаратылған жан болғанын онда адамның да, перінің де қасиеттері баршылықты. Ол ойлай біледі және өте күшті, денесіне оқ тимейтін қылыш кеспейтін адамдарға қырғидай тиетін дәу. Міне осылай Төбекөз қандай қорқынышты, өлім батпайтын болса да, амалын тауып оны Бисат жеңіп шығады. Мұндай көріністер дүние жүзі халықтарының фольклорымен кең байланысты. Төбекөз бейнесі, грек аңызындағы жалғыз көзді дәу Полифенге ұқсас: іс-әрекеті, әрбір қимылы, ой мақсаты, қатыгездігі – «Одиссей» жырының үрейлі қаһарманын еріксіз еске түсіреді. Осымен қатар, Қорқыт жырындағы таңқаларлық етіп айтылатын Төбекөздің хикаясы қазақтардың ескі дәуірден келе жатқан ертегілерінде орасан көп. Шоқан Уәлиханов: «Жалғыз көзді дәу қазақтың сахарасына кеңінен тараған ескі мифтің бір түрі» деп санаған [14, 183]

Қорыта келгенде, Қорқыт жырларында өте көп антропонимдер кездеседі. Жоғарыда атап өткендей, кейіпкерлерге есімдер жайғана қойылмаған, әр антропонимнің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл есімдер баяндалып отырған образдардың мінезін, сыр-сипатын анықтайды деп айтқанбыз. Бұл жырдағы антропонимдер әлі де түбегейлі зерттеуді қажет ететін тың тақырып. Біз 12 жырдан антропонимдердің 70-ке жуығын тауып, картотека жасадық. Ал жұмысымызда олардың 15-ке жуығына ғана талдау жұмысын жүргіздік. Төменде «Қорқыт ата кітабындағы» антропонимдерге әліпби бойынша кесте жасадық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мори М. Бегю-каган и Поцзуй // Turcologica. – Москва, 1976. – С.284-290.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки, - Ленинград, 1967
В последние десятилетия иностранные языки являются объектом пристального внимания и изучения не только ученых, но и простых людей. При этом отмечается возрастающая роль, которую играют иностранные языки, в осуществлении влияния на сознание и деятельность широких слоев населения. Также необходимо учитывать, что знание иностранных языков является весьма значимым в сфере личной и профессиональной коммуникации человека, что позволяет быть ему на шаг впереди других [1, с. 334].

Важность знания иностранного языка сложно переоценить. Практически невозможно представить себе жизнь современного человека, не знающего иностранный язык, ведь большинство современных средств коммуникации и общения ориентированы на людей в той или иной мере, владеющих языком [2, с. 152]. В современном мире нельзя недооценивать возрастающее влияние информационных технологий на повседневную жизнь и рабочую среду, где знание иностранных языков просто необходимо для полноценной и грамотной работы: общение, online конференции, иностранные партнерства.

Знание иностранного языка позволяет заводить иностранные знакомства, которые в последствии приведут к сотрудничеству и деловым связям, то есть расширению. В настоящее время возрастает необходимость в изучении китайского языка, поскольку влияние Китая на мировой рынок увеличивается с каждым днем. Стране грозит в скором времени стать экономической державой первой величины. При таком раскладе китайский язык станет для нас не менее актуальным, чем английский. Владение им становится залогом преуспевающего бизнеса [4, с. 123].

Необходимо отметить, что увеличение популярности китайского языка началось в 70-е гг. XX века. В то время отмечалось «смягчение» китайско-американских отношений, было восстановлено членство Китая в ООН, внешний мир по-новому взглянул на Китай, который начал свой путь открытости внешнему миру.

Однако вследствие слабого экономического влияния страны и ее неразвитых внешнеэкономических связей, популярность китайского языка не была продолжительной.

Новый всплеск интереса к китайскому языку имеет более широкий масштаб, затрагивает большее количество людей и обладает более оптимистичными тенденциями развития. Новый виток популярности произошел на фоне динамичного развития Китая в эпоху экономической глобализации. Экономическое развитие КНР открыло внешнему миру значительные коммерческие возможности и перспективы трудоустройства, что, безусловно, способствовало повышению интереса к изучению китайского языка.

Статистика свидетельствует, что многие граждане России активно изучают китайский язык. Если перейти к цифрам, то еще 20 лет назад в России существовало около 20 учебных заведений, в которых преподавался китайский язык. На сегодняшний день их число достигает 100.

Китайский язык входит в китайско-тибетскую (сино-тибетскую) семью. Он является официальным языком КНР, одним из древнейших языков мира, на котором сейчас говорят более миллиарда человек, то есть около четверти населения планеты. Китайский язык служит одним из шести официальных и рабочих языков ООН. Необходимо отметить, что китайский язык относится к категории самых сложных языков мира. Сложность изучения заключается в иероглифической письменности. Многие специалисты отмечают, что

сложно изучать неродственные языки, поскольку приходится сталкиваться с проблемами произношения, лексики, грамматики и правильного построения предложения [5, с. 87].

Последнее время был обнаружен большой интерес к изучению китайского языка. Ключевой причиной является взлет Китая в международном обществе. Настоящее исследование приурочено к китайскому языку, как интереснейшему, перспективному и удивительно-необычному языку. Исследования в данном направлении актуальны для изучающих этот язык, переводчиков, учителей в средних учебных заведениях и ВУЗов, студентов, проходящих практику. Практическим смыслом нашего исследования является связь с преподаванием восточного языка.

Актуальность проведенного исследования обусловлена относительно низкой изученностью китайского языка. В нашем исследовании приготовлена попытка обобщить ключевые моменты, помогающие людям понять чем интересен китайский язык. Объектом исследования послужили труды, написанные учеными, которые исследовали китайский язык. Теоретической базой исследования послужили положения, изложенные в трудах зарубежных и русских разработчиков. Решение задач стало возможным благодаря достижениям, представленных в работах русских лингвистов. Таких как Алексахина А.Н. Деминой Н.А., Курдюмова В.А., Бурова В.Г. и других.

Единица китайского языка — иероглиф, графическое изображение, состоящее из определенного количества черточек. Национальный китайский язык называется путунхуа.

Иероглиф произведено из ключа и графемы. Его невозможно разобрать по частям слова, как в русском языке. Благодаря знанию ключей и графем, возможно квалифицировать, к какой сфере относится незнакомое слово, будь оно связано с питанием или животными и т. д. При запоминании написания иероглифов продуктивно будет создавать ассоциации с некими предметами, к примеру иероглиф 人 (ren — рэн — человек) действительно похож на человека. Всякий иероглиф имеет свой индивидуальный тон, в последствии чего на начальном этапе исследования, при знакомстве с фонетикой китайского языка, для четкого произношения слова, надо распевать звуки, как будто на уроках музыки! Есть 4 тона, которые ставятся над звуком: ровный (прямой) тон — «-»; восходящий тон — «/»; тон, при котором интонация в начале понижается, вслед за тем возвышается, образуя «горку» — «\»; грубый тон вниз — «\». Неразнообразное написание иероглифа при различном значении, содержит вероятность давать разное произношение, к примеру: 教 преподавать — 1 тон, 教 религия — 4 тон [3, с. 178]. Есть определенное количество ходовых иероглифов, и способом их сложения образуются новые слова.

На нынешний момент пользуются прогрессивное написание иероглифов. С классическим написанием возможно встретиться в античных китайских книжках, передовых картинах. Любой иероглиф сберегает в для себя роскошную ситуацию народа. Человеку, начинающему исследовать китайский язык нужно станет в одно и тоже время исследовать произношение, грамматику, иероглифику и лексику.

В последние годы расширяется тесное сотрудничество с Китаем. Не обращая внимания на то, собственно что педагоги в свое время были проведены удовлетворительную лингвистическую подготовку, почти все из их не имеют все шансы знаться с носителями китайского языка, а коммуникабельность, в собственную очередь, считается ведущей стратегией изучения, в следствие этого ключевой целью проведения урока китайского языка станет обучить ребят применять китайский язык как средство общения. Качество запоминания китайского языка учениками находится в зависимости от числа часов изучаемого языка в

школе. Любой наставник обязан владеть направленными на определенную тематику и поурочными намерениями уроков.

В китайском языке есть большущее количество поговорок и пословиц, к примеру называемых «чэньюев», состоящие, как правило, из 4 иероглифов. А еще, практически все поговорки в китайском языке, при переводе на русский, достаточно схожи по смыслу с русским языком. К примеру, поговорка «проглотить язык», по-китайски напишем так: 不做声。 Отдельно — 不 (bu) — не, нет 做 (zuo) — делать, 声 (sheng) — звук. Дословный перевод: «не делать звук». Разберем поговорку: «В чужой монастырь, со собственным уставом не ходят». По-китайски напишем так: 到什么山上唱什么歌, где 到 (dao)- прибыть, 什么 (shenme) — что, 山 (shan) — гора 上 (shang) — ввысь, 唱 (chang) — петь, 什么 (shenme) — что, 歌 (ge) — песня, текст в текст — «На какую гору придете, данную песню и пойте» [5, с. 155]. К примеру вполне вероятно работать на протяжении нескольких часов над словарем и вдумываться в смысл пословиц, выражений и поговорок. Китайской грамматике присуща структурная простота и смысловая ясность словесных форм и синтаксических построений [6, с. 13]. В китайском языке нередко вполне вероятно наблюдать переход глагола в существительное. Одно и то же слово способно в для себя кооперировать активные симптомы нескольких частей речи [6, с. 27]. Алфавит официально был принят в КНР в 1958 году, включает это же количество букв и их порядок, как и в английском языке и именуются пиньинь. Иероглифы, как рукотворные письменные знаки не изменяются сами по для себя, их имеют все шансы совершенствоваться пользующиеся ими люди [1, с. 9]. В 1964 году Комитетом по реформе китайской письменности был расположен официальный список облегченных иероглифов. В настоящее время, люди, владеющие китайским языком, пользуются облегченным написанием иероглифов.

Основными причинами повышения интереса к изучению китайского можно назвать:

1) Темпы роста экономики Китая.

В сфере бизнеса азиатские рынки становятся все более привлекательными, и уже сейчас почти все, чем мы пользуемся в повседневной жизни произведено именно в Китае. Крупные корпорации открывают свои производства в этой стране, торговые компании закупают огромные партии товара на китайских заводах, бизнесмены со всего мира едут в Китай, поскольку там дешевле производить, дешевле покупать, а значит больше прибыли. С 2005 года порт в Шанхае является крупнейшим в мире портом по грузообороту, а ведь это только перевозки морем, не считая авиа и ж/д перевозок.

2) Профессиональную востребованность.

Ввиду сложности языка, специалистов по нему в нашей стране — считанные единицы. Этот навык уверенно выделит вас среди должностных конкурентов. На объеме заработной платы это, разумеется, тоже является плюсом.

3) Распространенность.

Китай — самая густонаселенная страна мира. Не удивительно, что и китайский язык лидирует по количеству владеющих им людей, встретить которых можно далеко не только на исторической родине. К числу государств, где активно используется китайский язык, относятся Индонезия, Камбоджа, Лаос, Вьетнам, Мьянма, Малайзия, Тайланд, Сингапур и ряд других.

4) Доступ к информации.

На сегодняшний день наблюдается рост объемов интернет-ресурсов на китайском языке. Знание китайского позволит открыть для себя большое количество полезной и актуальной информации.

5) Культура.

Знание китайского открывает новые возможности для путешествий. Возможность познакомиться с совершенно иной культурой и образом жизни. Китай – это другая история и другая культура. Это свои традиции, своя мифология, философия, литература и искусство.

Развитие Китая продолжает идти вперед, являясь великой экономической и военной державой, Китай находится в списке кандидатов на звание сверхдержавы. Звание сверхдержавы включает в себе много аспектов, один из которых привлекательность страны для иммигрантов. Все мы знаем, какой бум наблюдается сейчас на изучение английского языка, ведь США уже многие годы остается сверхдержавой. Такое же будущее не за горами и для Китая, поэтому изучение китайского языка сейчас является своего рода инвестицией в свое будущее. Но есть и другая сторона. Язык - это «шифр» мышления, выраженный в быте, культуре, обычаях. Постигая язык другой цивилизации, можно научиться понимать все многообразие восточных традиций.

Список использованной литературы:

1. Буряк Н.Ю. Лингвопедагогическая культура. Учебное пособие для студентов подготовки направления бакалавриата.–Краснодар: Издательский дом «ХОРС»,2013. – 404с.
2. Буряк Н.Ю. Лингвокультурология. Учебное пособие для аспирантов научной специальности. –Краснодар: Издательский дом «ХОРС», 2013. –364с.
3. Буряк Н.Ю. Взаимодействие языка и культуры в межкультурной коммуникации. Сборник материалов международной научно–практической конференции «Современные научные исследования: исторический опыт и инновации». –Краснодар: ИМСИТ, 2015. – С.14–7.
4. Дорошенко Д.А., Константинова М.А. КИТАЙСКИЙ ЯЗЫК –ЯЗЫК БУДУЩЕГО // Успехи современного естествознания. –2012. –№ 5. –С. 123-123;
5. Кленин И. Д., Щичко В. Ф. Лексикология Китайского языка –М.: Восточная книга, 2013. –272 с.

Бөген Д., ГМУ-21к тоб. студенті, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекшісі: магистр Бажикеев Қ.Қ.

Ә. БӨКЕЙХАННЫҢ ӘДЕБИ КӨРКЕМ АУДАРМАЛАРЫ

Әлихан Бөкейхан - ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының саяси көшбасшысы, қоғам қайраткері. Сондай-ақ Ә. Бөкейхан ұлт лидері болуымен қатар жан-жақты дарын иесі, үлкен энциклопедист ғалым, көсемсөздің хас шебері, этнограф, әдебиеттанушы, сыншы әрі аудармашы. Бір өзі осыншама ауқымды істерді қатар алып жүрген ұлт зиялысының бүгінгі күнге жеткен мол мұрасының ең көлемдісі – көркем аудармалары. Жалпы, ғасыр басында ғұмыр кешкен Алаштың қай зиялысы болсын, аудармамен, көркем аудармамен айналыспағандары сирек. Алаш Арыстары қалың қазақ жұртына халықтың төл әдеби мұрасынан бөлек өзге жұрттар әдебиетіндегі асыл туындылар мен ғажайып өрнектерді туған халқының игілігі үшін аударып, аударып қана қоймай өздерінің «еңселі азат ел боламыз» деген асқақ армандары мен мақсат-мүдделері жолында қолдана отырып, қазақтың шұрайлы да кестелі, нәзік те өткір сөз байлығын өз көркем аудармаларында да барынша сарқа пайдаланды. Көркем аударма жасау арқылы да өз ұлтын шексіз сүйген жандар екенін дәлелдеп кетті. Солардың бірі – Әлихан Бөкейхан.

Ә.Бөкейхан әр жылдары Л. Толстой, В.Короленко, А.Чехов, Д.Мамин-Сибиряк, Г.Д.Мопассан, Н. Маркс сынды орыс, еуропа қаламгерлерінің біршама шығармаларын тәржімалаған. Олардың қатарында шағын әңгімелерден бастап, «Қажымұрат», «Қапқаз тұтқыны» тәрізді ауқымды туындылар да кездеседі. Әлихан Бөкейхан көркем

аудармаларының басым көпшілігі 1920-30 жылдары аралығында жасалған. Яғни, 1922 жылдан бастап 1927 жылға дейін КСРО халықтарының орталық баспасындағы қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет етіп жүрген кезде аудармамен көп айналысқаны байқалады. Оған дәлел ретінде аудармаларының жарыққа шығу мерзімі болып табылады.

Әлихан ең алғаш орыс жазушысы Л.Н.Толстойдың «Сурат кофеханасы» әңгімесін тәржіме қылған. 1 Ол 1900 жылы «Дала уалаятының газетінде, кейіннен 1915 жылы «Қазақ» газетінде санында жарияланған.

«Рухани қазына» атты еңбегінде: «Дала уалаятының газетінде» басылған шығармалардың ең күрделісі – Л.Н.Толстойдың «Суратская кафейная» дейтін ұзақ әңгімесі. Бұл әңгіме газеттің 1900 жылғы 10, 11 сандарында екі тілде қатар басылды. Аударма, қазақ тілі мен әдебиетінің сол кездегі дәрежесіне қарағанда, бірқыдыру тәуір жасалған. Автордың стилі толық сақталғанмен, айтайын деген ойын қазақша түсінікті және жатық етіп, еркін жеткізді», - дейді Әбен Сатыбалдиев [2, 43]. Бірақ зерттеуші бұл шығармаға аударма жасаған Әлихан Бөкейхан екендігін атап көрсетпейді, оған себеп Әлиханның шығармашылық мұрасын түгілі атын атауға тиым салған Советік идеология екені түсінікті.

«Әдебиетіміз бен әдеби тіліміздің әлі кемеліне келіп болмаған кезінде аудармашылардың қай-қайсысы болса да түпнұсқаның стиліне гөрі шығарманың жалпы сарынын, сюжеттік желісін, оқиғаның даму жолдарын, осының төңірегінде автордың негізгі идеяларын жеткізу мақсатымен көбірек шұғылданған» деген пікірдің жаны бар [1, 210]. Әлиханның аудармаларынан да осындай ерекшеліктерді байқау қиын емес. Әлекеңнің осы «Сурат кофеханасы» аудармасы жөнінде Ә.Сатыбалдиев біраз кемшіліктерін атап өткен: «Сөйлем еркін құралды, аудармашының кей жерінде орынсыз инверсияға ұшырағанын көреміз», - дейді [2, 45].

Толстойдың әңгімелерінен бөлек Әлихан аударған тағы бір шығармасы - «Жетпіс жеті мысал». «Жетпіс жеті мысал» Әлихан Мәскеудегі СССР Халықтары Орталық баспасында әдеби қызметкер болған шақта аударылған дүние. Түпнұсқасы грек мысалшысы Эзопаға тиесілі. «Жетпіс жеті мысалдың» ерекшелігі осыған дейін мысалдар аудармалары Ыбырай, Абайдан бастап халыққа өлең үлгісінде, мысал өлеңдер болып поэзия тілінде берілсе, Әлихан аудармасының қара сөз үлгісінде жазылуында. Жоғарыда айтылған А.Байтұрсыновтың «Қырық мысалы», С.Көбеевтің «Үлгілі тәржімесі» С.Дөнентаевтің мысал өлеңдері өлең арқылы өрілген еркін аударма үлгілері болатын болса, «Жетпіс жеті мысалда» автор ондай еркіндікке бара бермейді. Түпнұсқа мәтіні сөзбе-сөз аударылып, сол қалпында берілген деуге болады. Әлихан аудармасы түпнұсқа қалпын сақтап, қарапайым тілде, жеңіл баяндау үлгісінде берілген. Бұрынғы ертегі, әңгімелер желісіндегідей еркін көсілу, ұзақ баяндау, оқиғаның мейлінше әр түрлі көркемдегіш тілдік құралдармен бейнеленуі Әлихан аудармасында кездеспейді. Тағы бір көңіл аударатын дүние Әлихан Бөкейханов «Жетпіс жеті мысалды» аудару арқылы белгілі мақсатты көздеп, халыққа ой тастау, ұлт сана-сезіміне ықпал етуге бел байламағандай көрінеді. Аудармада Ахмет мысалдарының соңындағындай қортынды түйін пікір де, оқырманға арналған ғибратты тәмсіл де берілмеген. Кезінде Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясын» құрастыру барысында Ильминскийге жолдаған бір хатында «Мысалдарды (басни) кітабыма енгізгім келмейді, өйткені, қатаң тұрмыста өскен қазақтарға мұнан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін... өз тәжірибемнен білем» деген болатын [3, 110]. Әлихан ұлт ұстазы Ыбырайдың осы бір пікірімен келісіп, мысал аударуда осы ойды басшылыққа алғаны сезіледі.

Әлихан жасаған аудармалардың бірі –«Ескі Қырым сөзінен тәржімелер» деп аталады [4]. Бұнда орыстың белгілі қолбасшы генералы әрі тарихшы болған Никандр Александрович Маркстің Қырым халықтарының аңыз-әңгімелерін жазып алып, «Легенды Крыма» деген атпен бастырған жинағынан аударған аңыз, ертегі, әңгімелер қамтылған.

Бұған дейін біршама Қырым татарларының аңыздары ХІХ ғасыр соңында жергілікті тарихшы, этнограф Василий Кондракидің «Универсальное описание Крыма» деген еңбегінде жарық көргенімен, ол сол сала мамандарына ғана белгілі еңбек болса, Марк құрастырған «Легенды Крыма» 1913 жылы Мәскеуде басылып шығып, Қырым аңыздары барша Ресей жұртына мәлім болды. Қазақ халқына Қырым татарларының бұл аңыз-әңгімелерін алғаш таныстырушы Әлихан Бөкейхан болды. Қазақ халқы ертегі, жырға, аңыз-эпсанаға құмар әрі бай халық. Ендеше осы аудармалары арқылы Әлихан қазақ оқырманын басқа жұрттың да аңыз-әңгімелерімен таныстыруды мақсат еткен. Басқа емес, Қырым халқының аңыздарын алуының өз мәні бар. Қырым татарлары - қазақ халқымен діні бір, ділі ұқсас түркі жұрты. Әлиханның түбі бір туыс халықтың әдеби мұрасын қазақ жұртының да білгенін қалаған ниетін байқаймыз. «Құрбан қия», «Азамат Юсуф», «Пайғамбарға хат», «Сұлтан Сәли», «Қыздың сарайы» т.б аңыздардың аудармалары «Қазақ», «Ақжол» газеттерінің, «Темірқазық» журналының әр санында жарық көрген болатын.

Әлихан Бөкейханның «Қырым аңыздарын» аударудағы табысының бірі – түпнұсқа мәтінін өз жанынан қоса отырып әдемі тіркес, ажарлы сөйлем етіп жеткізе білуі, әр сөзді тауып қолдануы. «Высохла Фатимэ, стала похожа на сухую тарань» дегенді «Фатима әруақтай семіп, қурап қатты» деп тәржімелесе, Захотели — написали, — ответила дочь эфенди. Деген сөйлем аудармада «Нәпсі тілеген тілекті жазған, - деді ғылымды қыз» деп тапқыр, кестелі тіркестермен өріледі. Сол тәрізді «благородное ухо» дегенді «асыл зада құлак» деп, «приятель» дегенді «көңілдес дос-жаран» деп әрі әдемі, әрі тауып қолданады. «Не то красиво, что красиво, а то красиво, что сердцу мило» деген сөзде «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» мақалмен лайықты өз баламасын тапқан.

Әлихан аударған аңыздарда автор тарапынан жасалған еркіндік басым. Яғни еркін аударма деуге болады. Жалпы еркін аударма ерекшелігі де алдымен авторды өз қалпынша сөйлетуге емес, оның айтар ойын жеткізуге күш салатынында. Аудармашы кей тұстарда түпнұсқа мәтінін өз жанынан толықтырып өтсе, кейде қалдырып аудармай кеткен тұстар да кездеседі. «Пайғамбарға хатта» Әлихан аудармашы әйелдер мінезін түпнұсқадан тыс «Хауа анамыздан қалған мирас, қатын уағда ұстаған ба?» деген сөйлеммен оқырманға тамаша жеткізеді.

Әлихан Бөкейханов аңыз аудармаларды ұлттық ұғымға сай, қазақи қалыпта беруге тырысқан. «Пайғамбарға хат» аңызында «думбало било целую неделю» дегенді «домбыра шегі шертіліп» деп аударса, «Сұлтан Салиде»: «Никто, кроме Ресамхан, не умел так приготовить камбалу, пожарить каурму» дегенді «Рәсімхандай қуырдақты ешкім істей алмайтын» деп аударды [5, 308]. Өзге ұлттың музыкалық аспабы мен тағамына қазақтың төл дүниелерімен балама жасайды. Мұндай жағдай көптеп кездеседі. Кей аңыздарды оқи отырып, қазақ аңыз-әңгімесін оқып отырғандай боласың.

Жалпы қай халықта болмасын аңыз-әңгімелер ауыздан-ауызға еркін түрде жеткен болса, Әлихан Бөкейхановтың «Қырым сөздері» халық санасына сол еркін де әсерлі қалыпта жеткеніне күмәніміз жоқ.

Әлихан орыстың атақты жазушысы А.П.Чеховтың «Хамелеон» әңгімесін де тәржімалаған [5,328]. Адамның құбылмалылығы, екіжүзділік, жағымпаздықты сөз ететін бұл әңгіменің айтар ойын, жалпы негізін жеткізе білген. Десе де аудармашы ретінде Әлихан Чехов шығармасының көп жерін қысқартып, ықшам етіп баяндайды. Шығарма кейіпкерлерінің киім-киісі, базарды суреттейтін жері, күшіктің жатқан қалпын бейнелейтін сөйлемдер аудармада көрініс таппаған. Мысалы:

«...Заней гонится человек в ситцевой накрахмаленной рубашке и расстегнутой жилетке... ...стоит вышеписанный человек в расстегнутой жилетке...»

«В центре толпы, растопырив передние ноги идрожа всем телом, сидит на земле сам виновник скандала - белый борзой щенокс острой мордой и желтым пятном на спине. В слезящихся глазах его выражениетоски и ужаса» [6, 7-8]. Соңғысы қысқаша берілген. Аудармашы бұл сөйлемдерді тастап кету аудармаға пәлендей әсерін тигізбесін

түсініп, осы қадамға барған тәрізді. Сонымен қатар «конфискованным» деген сөз «барымталап алған», «лягавые» деген «тазы» деп аударылып, «она маленькая, а ты ведь вон такой здоровила!» дегенді «Ол биттей, сен сырықтай» деп, «собака – нежный тварь» дегенді «нәресте шырағым» деп аударып, әр сөз қазақи баламасымен өз орнын тапқан.

Әлихан Бөкейхан орыстың белгілі жазушысы В.Г.Короленконың да біршама шығармаларын аударған. «Огоньки» әңгімесін «Түндегі от» деп тәржімелеген. Бұл шағын әңгіменің айтар ойы, рухы Әлиханның ойымен үндес. Әлиханның өз сөзі сынды. Бұрынырақ сібір өзенінде болған оқиға емес, Әлихан өз басынан өткергендей баяндайды. Аударма алдына эпиграф етіп Нарманбет ақынның:

Қуандым түнде жүріп, күн шығар деп,

Болса да, бұлт бүркеу, жел қуар деп – деген жырынан үзінді қосады. Түндегі оттың әрі жақын, әрі алыс болып жеткізбейтінін айта келе Әлихан: «Бірақ ғұмыр өзені баяғы өзінің қараңғы қабағы арасында ағып жатыр. Алыс...суды есіңдер! Сонда, сонда ғана алдымыз от-шырақ!»– түйіндейді. [5 ,307]. Бұл аударма емес, Әлиханның бар қазақ жұртына, ұлтының азат ел, тәуелсіз жұрттар қатарында болуын көксеп, сол жолда күреске түскен Алаштың игі жақсыларына, «елім, жұртым» деген қайраткер ұл мен қызына арнаған үндеуі іспетті. Демек, шығарма рухын Әлиханның жеткізе білгені.

Әлихан Бөкейханның «Макардың түсі» атты шығарманы аударғаны туралы Жүсіпбек Аймауытов өз мақаласында былай тоқталады: «Жазушылықтың жайын білмеген, әдебиеттің ішінен қарауы өтіп, сыртынан шыға алмайтын адамдар «Макардың түсінде» не мән бар? Керегі жоқ нәрсе ғой деп қарауы мүмкін. Олай, емес онда үлкен мән, пікір, идея бар. Аударма сөзбе-сөз деп айтуға болмайды, еркін істелген. Ұзын сөйлемдер, керексіз сөздер қысқартылған. Қыр баласы аударғанда пышақпен жонбайды, балтамен шабады» деп шұбатпайды, келтесінен қайырады. «Шолпан жаман ауыл емес: шіркеуі бар» деген сықылды сөздерді орнына қоймай кететін жерлері де бар» [7 ,136-138]. Шығарманы аударғанда Әлекең Короленконың әрбір сөзіне қазақ тілінің қазынасынан лайықты сөз баламаларын тауып, мүмкіндігі болғанша әр қайсысының ұғымдық шектерін айыра түсу, ой желісін үзбеу әрекеті жасалған.

Повесть аударуда Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның Толстойдан аударған аудармасы «Қажымұрат» повесі бар. Жүсіпбек Аймауытов: «...данышпан Толстойдың сөзімен орысша білмеген қазақ баласы «Қажымұратты» оқудан бастап танысады», – дей келіп, шығарманың мазмұнын баяндап барып, аударма туралы былай дейді: «Роман жалпы айтқанда жақсы аударылған. Сөзді ұғымды, жетелі қылу үшін қазақ сөздерінен тапқан кейбір салыстыру, мәтелдер, өлеңдер жақсы-ақ! «Гүлдің сабағы дәл тарамыс», «асық тілі-тілсіз тіл», «алыс пен жақынды жортқан біледі», «Иығы Алатаудың иығындай», «көгендегі қозыдай», «қошқардың шүйдесіндей», «жатық маңдайы қары кеткен төскейдей», «айылын қатты тартқан буаз бие іштеніп, бойы нардай, жүрісі желдей, сұлулығы құсбегі пішкен томағадай», «асқа тіккен үйдей», «дауысы домбыраның босаған ішегіндей қалтырап». Мұның бәрі аудармашы шеберлігін көрсетеді. Суретті, әдемі жерлері көп: «Мылтық ұстап лып етіп үзеңгіге аяғын салып сып етіп, атқа мініп алады», «Қызықты қияны қырмызы қызылын біліп, қан жаудырған бүркіттей қоқиланып, жігерін, терең сырын сабырмен сипаттап: - мен жұрттың тілегін қабыл алдым» – деді Қажымұрат, «Төрелердің ұрлығы сауысқанның аласындай, аласыз сауысқан жоқ, ұрлықсыз шенеунік жоқ».

«Аударманың жақсы екенін осындай сөздерден байқауға болады. Орыс тілінде жазылған таулықтардың өлеңі де қазақшаға жатық аударылған. Хат білетін адам Қажымұратты оқып, ауызының дәмін алғандай», - деп Жүсіпбек мақаласын қорытады [7, 54]. Жүсіпбек Аймауытовтың осындай мақала жазуынан-ақ Әлихан Бөкейханның аудармаларының жоғарғы дәрежеде аударылғанын байқауға болады.

Әлихан аудармалары - әдеби байланыстар мен салыстырмалы әдебиеттану проблемасы тұрғысынан алғанда әліде үлкен зерттеуді талап ететін сарқылмас қазына. Қазақ аудармасының әрі-берідегі өткен жолы қаламгер творчестволық ғұмырнамасына

елеулі із қалдырғанына, жазушының көркемдік идеясына, өзіне тән қалыптасқан стиліне белгілі дәрежеде ықпал еткенін көруге болады.

А.С.Пушкин француз тіліне өлендерін аударған Н.Б.Голицынге жазған хатында: «Сіздің таңдап алғаныңыз аударма ғой, бұл мен білетін әдебиет салаларының ең бір ауыры, ең бір жақсы атақ бермейтін түрі» - (Род литературы кототрому вы посвятили себя, - наиболее трудный и наиболее неблагородный из всех мне известных»), –дейді [8, 54]. Ендеше Пушкин айтқан «әдебиет салаларының ең бір ауырын» Әлихан Бөкейхановтың абыроймен атқарғанына күмәніміз жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Смағұлов Ж. Ә. Бөкейхановтың әдеби аудармалары. «Ә.Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметі және Қазақстан тәуелсіздігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2012. – 209-213 б.
2. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы: Ғылым, 1987.– 263 б.
3. Алтынсарин Б. Таза бұлақ.– Алматы: Раритет, 2008. – 207 б.
4. Маркс Н. Легенды Крыма. –Москва: Художественная литература, 1989.– 150 с.
5. Бөкейханов Ә. Шығармалар. –Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
6. Чехов А.П. Рассказы и пьесы. –Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 396 с.
7. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 2.– Алматы: Ғылым, 1997. – 252 б.
8. Топер П. Традиций реализма. Сборник «Вопросы художественного перевода». – Москва: 1975.– 180 с.
9. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. - Астана: Сарыарқа, 2009

Жакенов С., Дикун П., Ю -13 тобы, ҚКЭУ
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Топашов М.Ә.

БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ

Бұқар жырау өмір сүрген мезгіл қазақ халқының тарихындағы ең бір ауыр шақ болатын. Қазақтың ертеңі, болашағы қалай боларына күмән туа бастады. Батырлық насихатталып, ерлік дәріптелді. Елін, жерін қорғаушылар қатарына Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай және солар сияқты ұлттың жауынгерлік рухын көтеретін «шетінен сен тұр, мен атайын» деген ерлер келіп қосылды. Батырлықтың, қаһармандықтың небір тамаша үлгілерін көрсеткен, сөйтіп, халықтың қорғаны болған Бөгенбай батыр ерліктері сонау «жан алысып, жан беріскен» заманда қазақ рухын көтерудің өзегіне айналды.

Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпағын,
Қисапсыз қол көрінсе
Қорқып жаудан қайтпаған,
Қазақ деген халқынан
Батыр шыққан даңқынан,
Қарсыласқан асылдар,
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті, Бөгенбай

Ұлы жырау Абылайға арнаған бірнеше толғауында Бұқардың бүкіл дүниетанымы көз алдыға келеді. Ол Абылайдың орны мен маңызын, халықтың түпкілікті мұраттары үшін қаншалықты қажыр жұмсай білгендігімен бағалайды. Ханның істері халыққа пайдалы болғанын тіледі. Билеушіні астамшылықтан, қиянаттан, асығыс шешімдерден сақтандырады. Жырау айтқан осы аңсарларының қаншалықты мән - маңыздылығы бүгінгі

қоғамдық - саяси әлеуметтік жағдайлардан анық көрініс беріп отырған жоқ па?! Алдымен елдің амандығын тілеген дана қарт Абылайдың Абылайлығына қарап бетің бар, жүзің бар деп отырған жоқ. Хандықтың өзі халықтың арқасында. Елдің, жердің тыныштығын сақта, халық сыйлап басына көтерсін десең деген ойға жетелейді. Жыраудың сөзіне тоқтаған Абылай көрші орыс халқымен соғысам деген ойынан қайтқан. Бұл жерде халқымен, оның қабырғалы билерімен кеңінен кеңесе отырып ақылын жерге тастамай мемлекет, ел басқаруда пайдаланып, қолдана білген мемлекет басшысы Абылайды көреміз. Сол арқылы болашақ ұрпақ иелерін де астамшылықтан сақтандырып кеткен. «Жыраудың қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық күресіне арналған өлеңдерінде тәуелсіздік үшін соғыстың қаһармандарына сипаттама жасалады».[1,55]. Дүлей күштерге қарсы шашыранды қазақ халқын біріктірген, тарихи мәні бар істер атқарған ерлер есімін Бұқар келешек ұрпақ ұмытпасын, әрдайым алғыспен еске алсын дегендей қайталап айтып отырады. Абылайға қарата айтылған өлеңнің бірінде ол аса көрнекті қайраткерлеріне зор баға береді.

Қара керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Қаздауысты Қазыбек,
Шақшаұ ұлы Жәнібек
Ормандай көп орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек,
Тұғыр болған сол еді,
Сіздей төре сұңқарға , - дейді.

Бұл ұлы жыраудың жүрегінен шыққан азаматтық сөздері еді. Өзі көзбен көрген, көңілге түйген жайларды баяндай отырған жырау жеке адамның бейнесін жасай білді. Отанын, елін, жерін жаудан ерлікпен қорғаған ерлердің бейнелерін сомдап, болашақ ұрпақ, халқының ерлік дәстүрін, қазақ халқының өрлеуге беттеген, сонымен бірге сырт жаулар қаупінен құтылып болмаған аса жауапты қайталанбас кезеңінің шытырман шындығын білдірсем деген ой аңғарылады. Шынында, данқты ұрпақты елін, жерін сүйген патриоттық өршіл рухта тәрбиелеудегі Бұқар жырау жырларының маңызы зор. Бұқар жырау шығармаларында заман жайында түйгендері, мораль, этика хақындағы ой-толғаныстары әлем, болмыс, тіршілік, табиғат сырының мән-мағынасы, адам өмірінің әр кезеңі, олардың іс-әрекеттері, адамгершілік қасиеттері келелі сөз болады. Бұқар жыраудың заман, болмыс жайындағы терең ой түйген болжау, толғаулары шығармашылығында ерекше орын алады. Болжау, толғауларынан бізге мәлімі Асанқайғының «Мұнан соң қилы-қилы заман болар» деген өлеңінің мәнін шешкен «Ханға жауап айтпасаң», сонымен қатар «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында» деп аталатын бір топ жырлары ғана. Бұл шығармаларының алғашқысында ол заман, дәуір, болашақ туралы түйген ойларын Асанқайғы жұмбағын шешу үстінде өзінің сонымен іштей үндесетіндігін де бүкпесіз білдіріп, баяндайды.

Судан қашып қарағай,
Шөлге біткен бір дарак.
Шортан көлге шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарак.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағанға шықпас деп.

Ұлы жырау адамзат дамуында талай-талай кезеңдер де кездесетін қилы-қилы заман жайында болжау сыр ашып отыр. Өз дәуірінде өмір сүрген ұрпақ қобалжымасын дегендей ішке түйген сырын ашпауға, Абылай хан қоймай тілек еткен соң «Ханның көңілі қайтады» деп айтуын айтса да, «Қандыра жауап сөйлесем, халқым не деп айтады?» деп бір жағынан толқығаны да байқалады. Десе де, Асан қайғының «Мұнан соң қилы-қилы заман болар» деген өлеңінің астарын, мәнін ашып, жырлап береді. «Ойлама шортан ұшпас деп, қарағайға шықпас» деп Бұқар да сөздің мәнін астарлап шешіп отыр. Яғни,

шортан шөлге шыдамсыз болса, қарағай судан қашса бір кезде өмір, болмыс, табиғат, тіршіліктегі жайлар соған кереғар болатын да кездер болады деп топшылайды. Жырау болжауларының талай заман өткен соң көп жағдайларда бүгінгі өмірдің өзінде көрініс беруі, Бұқардың керемет көреген, алысты болжай білген данышпандығын көрсетеді. Адами қасиеттердің әлсірей бастауы кереғар көзқарастардың, қайшылықтардың көбеюі, табиғатқа деген «жабайы» жанашырлық сезім, болмысты қоршаған сыртқы дүниенің – адамның, тіршіліктің өзіне қауіп төндіріп, қасірет әкеле бастады. Осындай тұста өлеңдерінің, жалпы адамзаттық мәселелерді қозғаған, оған алдын-ала барлау жасаған көреген ойлары дәл бүгінгі күні де ескерту жасап отырғандай әсер қалдырыды. Міне, бұл Бұқар ойларының, Бұқар туындыларының мәнін, маңызын жоймайтындығын көрсетеді. Енді болмысқа, табиғатқа байланысты мына бір өлең жолдарынан үзінді келтіріп көрелік:

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе азайып,
Көл суалмас деменіз...

Философиялық оймен суарылған осы бір жолдар мәңгілік ештеңе жоқ деген ойды аңғартады. Сол арқылы адамзатқа алдын-ала ескерту жасайды. Табиғатта жанды тіршілік, өз заңы бар. Оған да аялы алақан, ақыл мен парасаттылық керек: Құландар жортқан асыл арман, ой-қиялы ізгілік мұраттарына қызмет жасаса, өзгермейтін бұл дүниеде ештеңе жоқ. Адам ойы ғаламат, ғажайып тылсым күш. Соны дұрыс пайдалан. Ал өз орынына дұрыс бағыттамасаң түптің түбінде табиғат болмысты тұлдыр ай тақырға айналдырасың дейді. Оны «Айналасын жер тұтқан айды батпас деменіз», [2,59]- деген сөзінен байыбына бара түсеміз, шынында осы осы бір ұлағатты сөздер ақиқатын мойындамасқа лажымыз жоқ.

Артына өлмес мұра қалдырған Бұқар жыраудың құнарсыз, рухани әлемнен тыс жаратылмағаны сөзсіз. Ол бай ауыз әдебиетінен, өзінен бұрын жасаған ақын - жыраулар мұрасынан еркін сусындады. Асанқайғы, Шалкиіз, Жиенбет, Қазтуған сияқты жыраулардан басталған дәстүрлі поэзияны тақырып, әрі түр жағынан байытып, жыраудың өзінен кейінгі жыраулық, ақындық дәстүрдің дамуына да тигізген әсері мол екендігін байқаймыз. Әсіресе, ол Абай, қазақ жазба әдебиеті мен Бұқар арасын байланыстырып тұрған ірі тұлғалар Дулат, Шортанбай мұраларынан анық сезіледі. Бұқар туындыларымен бұл ақын - жыраулардың шығармашылығы аралас, көзқарастары жағынан үндес жатыр. Бұқар өлеңдерінен сусындап өскен Дулат, Мұрат, Шортанбайлар жерін, суын алып, бекініс салдырып жатқан патшалық Россияның түпкі мақсатына қарсылық үні ретінде өздерінің өлең-толғауларын шығарды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елеуенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры.-А, 1999,- 365б.
2. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: таным және көркемдік шешім.-А.,2003. -285б

Жанзаков О., ГМУ-12 тоб. студенті, ҚКЭУ
Жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Қабатаева К.Т.

СЫҢАРЛАРЫ МАҒЫНАСЫЗ ҚОС СӨЗДЕР ТАРИХЫ

Қосарлама сөздердің мағыналық сипаты аса күрделі. Олардың мағыналарын айқындау үшін, әрине, оның жеке-жеке сыңарларының да мағыналық өзгешеліктерін анықтап алу қажет. Компонентінің не біреуі, не екеуі де жеке-дара қолданылмайтын, мағынасы түсініксіз қосарлама сөздер екі түрлі болады: бірінші түрі – бір сыңары ғана түсініксіз сөздер, екіншісі – екі сыңары да түсініксіз сөздер.

Б.Зиядаұлы алдыңғы сыңары түсініксіз қосарлы етістіктерге апырып-жапырып, алап-жалап, ымқырып-қымқырып, желеп-жебеп, ұбап-шұбап деген қос сөздерді мысалға келтірсе, соңғы сыңары түсініксіз қосарлы етістіктер деп асығып-үсігіп, аптығып-үптігіп, ақсап-тоқсап, алдап-сулап, шатып-бұтып, жамап-жасқа, жылап-сықта деген қос сөздерді жатқызады. Ғалымның айтуынша, «Мұндағы түсініксіз делініп отырған жеке сыңарлар қазақ тілінде жеке-дара қолданылмайтын сөздер. Олардың кейбіреуі әуелде дербес қолданылатын сөздер болған да кейін тек қос сөз құрамында ғана сақталған. Мысалы: «сықта» сөзі көне түркі тілінде дербес қолданылған, қазақ тілінде тек қос сөз құрамында ғана қолданылады. Енді кейбіреуі алдыңғы не соңғы сыңардың айтылу ыңғайына қарай белгілі ұйқас, ырғақ негізінде қалыптасқан болуы керек»

А.Ысқақов мұндай қос сөздердің түсініксіз болып немесе мағынасы жоқ сияктанып көрінген сыңарларын мынадай екі түрлі жолмен пайда болған дейді:

1.Әуел баста дербес мағынасы бар белгілі бір сөз екі рет қайталанып, бірте-бірте оның я бірінші, я екінші компоненті бастапқы өз мағынасын біржолата жоғалтумен (делексикаланумен) бірге дыбыстық жағынан да тиісті өзгеріске ұшыраудың нәтижесінде өзіне тән дербестігінен айырылып, тек өзгермейтін компонентке қосақтасып жұмсалатын қосалқы я қосақтама мүше ретінде ғана қалыптасқан.

2.Әуел баста дербес мағыналары бар басқа-басқа екі түрлі сөз ұдайы қосарланып жұмсала-жұмсала жүріп, бірте-бірте бірде бір сыңары, бірде екеуі де бірдей өз мағынасын я біржолата, я жартылай жоғалтып (делексияланып), бастапқы өз дербестігінен айырылып, не тек мағыналы компонентке, не бір-біріне қосарланып қосалқы сыңар ретінде ғана жұмсалатын болып қалыптасқан.

Біз өзіміз жинаған деректегі қос сөздерді сыңарларының мағынасы түсініксіз қос сөздер және екі сыңары да мағынасыз қос сөздер деп екіге бөліп қарастырдық.

1.Бір сыңарының мағынасы түсініксіз қосарлама қос сөздерге мысал:

Айғай-сүрең салып қуғыншылар да келіп қалды. (Ғ.Мүс.).

Текке шіріп далада қалатын тері-терсек, жүн-жұрқа керекке жаратқаным ба? (Қ.Жұмаділов).

Ал енді қуанышың қайырлы болсын, той жаса, жеңеше! – дескен абысын-ажын, қайнаға-қайындардың қостау-қошамет сөздері естіледі. (Қ.Жұмаділов).

Мысалдардығы айғай-сүрең, тері-терсек, жүн-жұрқа, абысын-ажын деген қос сөздердің бір сыңары, мәселен, сүрең, терсек, жұрқа, ажын сөздері жеке-дара қолданылмай, мағынасы түсініксіз болып, тек аталған сөздермен ғана қосарланып жұмсалады.

2.Екі сыңары да мағынасыз қос сөздерге мысал:

Қалың жылқы аттың сауырына соқтығып ұмар-жұмар бірге келе жатқандай сезіледі. (Ғ.Мүс.).

Таңертен тұрсам, қашан кеткенін білмеймін, байғұс қонағым зым-зия. (Ғ.Мүс.).

Қазіргі кезде мағынасы жоқ сыңарлар ерте замандарда өзіне тән мағынасы бар дербес сөздер болғандығы шексіз. Ондай түсініксіз сыңарлар делексикалану нәтижесінде өздерінің әуелгі дыбыстық мүсіндерін өзгертумен бірге жеке сөз ретінде қолданылу қабілеттерінен де айырылып, тек белгілі тіркестің құрамында ғана қолданылып «қосалқы компоненттер есебінде сақталған».

Мысалы, ем-дом дегендегі дом сөзі біршама түркі тілдерінде (мысалы хакастарда) дәрі деген мәнде дербес сөз ретінде кездеседі.

Сонымен, қос сөздер мағыналық та, формалық та, грамматикалық та ерекшеліктері мол өз алдына категория екенін, бұл категорияның өзін тән шығу төркіні, даму, қалыптасу заңдары бар екенін көреміз.

Жинақы мағына беретін мәндес қос сөздердің бір сыңары әдеби тілімізде дербес лексикалық мағынада жұмсалғанымен, олар түркі тілдерінің бірінде, не монғол тілінде сол мағыналы компонентінің мәнінде қолданылады. Мұндай «сыңар» мәндес қос сөздердің лексика қорын байытуда және қазақ тілін тарихи зерттеуде алатын орны айрықша.

Мысалы, жолдас-жора сөзін алатын болсақ, жора қазақ тілінде жеке лексикалық сөз ретінде (жолдас мағынасында) қолданыла бермей, тек жолдас сөзімен тіркесте ғана қолданылады.

Жеке тұрғанда лексикалық мәні болмайтын жора сөзі қырғыз тілінде жолдас мағынасында жұмсалады. Сондай-ақ өзбек тілінде, дәл осы мағынада түрікмен тілінде әйел адамның жолдасы мағынасында айтылады.

Ә.Нұрмағамбетов «Қос сөздердің құпиясы» деген еңбегінде бірен-саран, қыз-қырқын, жақын-жаран, жүдеп-жадау, киім-кешек, жамап-жасқау, азын-аулақ, асығып-үсігіп, айт-үйт, алдап-арбау, үйлі-баранды, үрім-бұтақ, сәлем-сауқат тағы да басқа қос сөздердің шығу тарихы жайын қарастырып, өз ой-пікірін айтқан.

Мысалы, бірен-саран сөзі жайында: «бірен» сөзінің түбірі «бір» екені белгілі, оған «ен» жұрнағы қосылған, ал «саран» сөзінің қайдан келгені, қандай мағына беретіндігі белгісіз. Біздің байқауымызша, қазақ тіліндегі «сирек» сөзінің мағынасын туваларда «шаоран», якут тілінде «сидэх», монғолша «сийрен» сөздері береді. Ал бұлардың түбірі – «шаор», «сэд», «сийр» сөздері. Қос сөздердің соңғы буындары үйлес, үндес келетінін ескерсек, «бірен» сыңарына сәйкес келтірудің нәтижесінде жоғарыда көрсетілген түбірлерге «ан» жұрнағы қосылып «шаоран» пайда болған. Осыдан келіп «бірен-шаоран» шыққан. Одан «бірен-саран» сөзі пайда болған дейді.

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» І.Кеңесбаев: «Бұл тіркестігі сөздер қырғыз тілінде өзара ұйқасып, бірін-серін түрінде келеді. Екінші компонентінің түбірі – сара (жеке, дара, өз алдына). Бұндағы –ен/н көне түркі тіліндегі көмектес септіктің жалғауы: -ын/ін, -ан/ен, -ун/үн деп пікір айтады.

Бірен-саран ұры-қары, баскесері болмаса, қалың ел ерген жоқ. (Ғ.Мүс.).

Сонымен, бұл қос сөз сирек, бір-екеу деген мағынаны білдіреді. Тілімізде саралау деген сөз бар. Ол сұрыптау, іріктеу деген мағынаны білдіреді.

Біздің ойымызша, тіліміздегі саралау сөзі «сара» сыңарымен түбірлес тәрізді. Ал қос сөздердің соңғы буындарының үйлесіп тұратындығын жоғарыда айтқан болатынбыз.

Қыз-қырқын сөзі жайында: «Чуваш тілінде «хир» сөзі біздің қолданудағы «қыз» мағынасын меншіктенеді. Әдетте, түркі тілдерінде «з» мен «р» дыбыстарының орын алмасулары жиі кездеседі. Осыдан келіп біздің тіліміздегі «қыз» сөзі шыққан. Ал қос сөздің екінші сыңарында чуваш тіліндегі «хир» сол қалпын сақтаумен бірге, оған «қын» жұрнағы қосылып, «қыз-қырқын» тіркесінің тууына себепкер болған. Мұнда «қыз» сөзі де «қырқын» сөзі де қыз мағынасын иемденген» десе, Ә.Төлеуов «Слово кырқын в древности означало «рабыня», «невольница», как об этом можно судить по словарю Махмуда Кашкарского». Олай болса, қырқын – күң, кіріптар әйел мағынасында дейді.

М.Кашқари сөздігінде жоғарыда айтылғандай «Қыз-күң», «қыз-қырқын-күндер» деп берілген.

Біздің ойымызша, екі ғалымның да айтқан пікірлері дұрыс, шындыққа жанасады. Қалай десек те «қыз-қырқын» қос сөзі қыз-қыз көп деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Онда да лық толы қыз-қырқын, жігіт-желең.* (Қ.Жұм.).

Бүгінгі күн осындай гып, дақпыртын көрген кәрі-құртан, жігіт-желең, қыз-қырқын, қатын-бала, әрине, бұл уақиғаны оңайлықпен ұмытпайды. (М.Ә.).

Жақын-жаран. Мысалы: *Күдері де осынау аға-жеңге, жақын-жаранмен қоштасар қимас сәтте томағасын алған бүркіттей дүр сілкініп, шын шабыт үстінде тұр еді.* (Қ.Жұм.).

Ә.Нұрмағанбетовтің пікірінше «жаран» сөзінің түпкі төркіні парсы тіліндегі «йар» «дос» деген мағынаны білдіреді. Ал «йар» сөзінің көпше түрі парсы тілінде «йаран» болып келеді. Осыған қарағанда «жақын-жаран» қос сөзі «жақын-дос» деген мағынаға жақындайды.

Сонымен бірге тілімізде «жат-жаран» деген қос сөз бар. Мысалы: *Жат-жарандар кетіп, енді тек өз шаруасындағы адамдар ғана қалған соң, бұйрықтарын қысқа-қысқа, ашық-ашық берді.* (Ғ.Мүс.).

Ғалым А.Ысқақов айтқандай, қос сөздердің қайшы мәндес (антоним) сыңарлардан да жасалатынын ескерсек Ә.Нұрмағанбетовтың жорамалы дұрыс сияқты.

Бөлек-салақ. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Бөлек-салақ – бөлек жүрген, басы артық» деп берілген.

Ә.Нұрмағанбетов аталған қос сөз жайында: «Біздің байқауымызша, біздегі «бөлек, жеке, дара, бөліну» сияқты сөздер моңғол және қалмақ тілдерінде «салах» (монғол тілінде), «салх» (қалмақ тілінде) түрінде айтылады. Біздің тіліміздегі қос сөз құрамында кездесуіне қарағанда «салах» сөзі ертеректе қазақтарда болғанға ұқсайды».

Тілімізде салақтау етістігі бар. Біздің ойымызша, «салақ» сыңары осы салақтау етістігімен түбірлес. Себебі салақтап тұрған нәрсе бөлек, жеке тұрады емес пе? Оны мына сөйлем арқылы да дәлелдеуге болады: *Белбеулеріне байлап алған мыс шәугім, жез құман, қалайы шелек секілді бөлек-салақтары да толып жүр.* (Қ.Жұм.).

Бұл мысалдағы мыс шәугім, жез құман, қалайы шелек сияқтылар белбеулеріне байлап алғандықтан, бөлек яғни салақтап жүр.

Келін-кепшік. «қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: жас әйелдер, келіншектер деп түсіндіріледі.

Бибі бұл сапарға көптен бері дайындалып, ата-енесіне апаратын сыйлықтарын, келін-кепшік, бала-шағаға үлестіретін тәтті дәмді базарлығын алдын ала әзірлеп қойған-ды. (Қ.Жұм.)

Ақ шаршы, кестелі кимешектерін әсем ғып салған күлкіші келін-кепшіктер де көп. (М.Ә.).

Бұл қос сөздің бірінші сыңары түсінікті болғанмен, этимологиясына үңіліп көрсек, көне түркі тілінде «келін» сөзі «кел» деген етістіктен шыққан. «Кел» - бір-біріне қосылу деген мағынада. Сонда «келін» - үйге бір адам қосылды деген мағына береді. Мұндағы – ін- етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ.

Ал қос сөздің құрамындағы «кепшік» сыңары «кел» етістігінің «кеп» болып өзгерген түрі деп жорамалдаймыз. –шік – кішірейту мағынасын тудыратын жұрнақ. Мысалы: үйшік, інішек.

Бұл сөздің екінші сыңары кедей-кепшік қос сөз құрамында да келеді.

Бұл екі қос сөз де менсінбеу, қомсыну мағыналарын білдіріп тұр. Әуел баста келін-кепшік, содан кейін кедей-кепшік пайда болса керек.

Дау-шар. Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» деген еңбегінде дау-шар қос сөзі жайында: Шар сөзі ертеде «дау, жанжал» мағынасында қолданылған. Мысалы, «Қобыландыда»:

Шарға салып басыңды

Бола көрме сен құмар.

Дау-шар қос сөзінен өзге, бұрын біреудің басын шарға салу, ісін шарға жіберу деген тұрақты тіркестер болған деген.

Ал «қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: Шар. 1.Өз диаметрінің айналасында айналу пайда болған геометриялық дене, доп-домалақ нәрсе. 2.Тарихи . Октябрь революциясын бұрынғы қазақ өмірінде дауыс бергенде салатын домалақ тас деген мағыналарын келтіреді.

Алайда жоғарыда «Қобыландыдан» келтірген мысалда болыстық сайлау туралы әңгіме жоқ. Сонда шар сөзі дау деген сөздің синонимі сияқты. Мағынасы бірдей екі сөздің қосарлана жұмсалатыны бізге білгілі. Тілімізде оны плеонастикалық құбылыс дейді.

Бір-біріне тәуелділігі синтаксистік байланыс негізінде құрылған, оның тәуелді сыңары (көбіне бірінші бөлігі) тіркестегі негізгі сыңардың мағынасын ерекше анықтап немесе әсірелеп күшейте аларлықтай дәрежедегі, мағына жағынан жақын немесе айқындауыш-анықтауыш қатынастағы синоним сөздердің кез келген тіркестерін плеоназм деп санауға болады. Мысалы: зәулім биік, кәрі шал.

Тілімізде екі мәндес сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейтеді. Мұндай сөз қолданысын тіл білімінде плеоназм немесе плеонастикалық сөз тіркесі деп атайды.

Дүниеінің дау-шарынан,үскірік-ызғарынан құға беріс, жалғыз жылы ұясы бар еді. (Қ.Жұм.).

Осындағы дау-шар қос сөзінің де плеонастикалық құбылыс арқылы жасалғандығы көрініп тұр.

Осыдан байқағанымыздай, қос сөздердің құрамында да аталған құбылыстардың жиі ұшырайтындығын аңғаруға болады. Сондықтан Р.Сыздықованың пікірін бізде құптаймыз.

«Қазақ грамматикасының» авторлары былай дейді: «Дау-шар – қосарлы зат есіміндегі шар сөзі түсініксіз. Көне ұйғыр тілінде сар/шар сөзі – жауыздық бәле деген мағынаны білдірген. Араб тілінде шар сөзі – бәле, жала мәнінде жұмсалады».

Жүдеп-жадау. Ә.Нұрмағанбетов бұл сөз турасында былай дейді: Қырғыз тілінде «жада» сөзінің мағынасы әлсіз, шаршаған, хакаша – «чадап» әрең, зорға, монғолдарда «ядан» - әзер, зорға, манжур тілінде «шада» - шаршау, қалжырау, әлсіздену деген мағыналарды білдіреді. Осы деректерге қарасақ, «жүдеу» мен «жадау» арасында мәні жағынан айырмас барын ажырату қиын емес. Жүдеудің дәл мағынасы – еті жұқарып, арықтау болса, ал жадаудың мағынасы – жүдеу сөзінің нәтижесінен туған – шаршау, әлсіреу, зорға қозғалу мағынасын білдіреді. Егер ойымыз орынды болса, жүдеп-жадау дегеніміз жүдеп-шаршау болып шығады.

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» жадау сөзінің түркі тілдеріндегі бірнеше баламаларын келтіре отырып: «Түркі тілдерінің даму барысында болған қатаң дыбыстардың ұяңдану, тіл арты дыбыстарының тіл алды тіл алды дыбыстарға айналу нәтижесінде «jadar» сөзі қазақ тілі үшін жадау-жайау болып өзгерген де, екеуі де екі мағынаға ие болып қалыптасқан. Жадау сөзінің осы фонетикалық формада сақталуына оның жүдеу сөзімен тіркесіп қолданылуы себеп болған және оның семантикасы «атсыз» деген мағына емес, жүдеу сөзінің мағынасын қайталап, күйзелген деген мағыналарды білдіреді» делінеді.

Идиомалану, лексикалану, гармматикалану процестері – қос сөздерге тән қасиет. Қос сөздердегі бұл процестер практикада үнемі, әрі жиі қолданылудың нәтижесінде кейінгі замандарда пайда болған құбылыстар.

Қорыта келгенде, тіліміздегі бір сыңары мағынасыз қос сөздердің сыңарларының бір кездерде түсінікті немесе монғол, түркі тілдерінде мағыналы сөз болғандығын байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зиядаұлы Б. Қазіргі қазақ тіліндегі қосарлы етістіктер. Ф.ғ.канд...авторефераты. – Алматы, 1995.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. –Алматы, 1986.
3. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. –Алматы Мектеп, 1986.
4. Әжібекова Г. Плеоназмдарды мағынасына қарай топтастыру //Қазақ тілі тарихы лексикологияның мәселелер. –Алматы: Ғылым, 1988. – 198 б.
5. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.- Алматы: Санат. 1997. -256 б.
6. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002, -783 б.
7. Момынова Б., Саткенова Ж. Қазақ тілі морфологиясы. Есімдер. –Алматы: Арыс.2007. 64.
8. Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. –Алматы: Ана тілі, 1991.

ОРЫС ТІЛІН КӨП МӘДЕНИЕТТІ КЕҢІСТІКТЕ ОҚЫТУ

Қазақстан - 130-дан астам этникалық ұлтөкілдері тұратын мемлекет. Сондықтан, тіл аралық және мәдениет аралық қарым-қатынас мәселесі әлі де өзекті болып табылады. Сол себепті мемлекеттік тіл саясатын жан-жақты қарастырып оны әрі қарай дамыту керектігі айқын.

Тіл – бұл қарым-қатынастың ең маңызды құралы ғана емес, бұл бейімделу үдерістерін дамытуды көздейтін мәдениеттің негізі, мәдениеттер арасындағы диалог құралы. Кез келген көптілді қоғамдағы тілдік жағдай екі бірдей табиғи, бірақ қарама-қарсы қажеттіліктердің өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады, олар жеке басының қажеттілігі деп аталуы мүмкін және өзара түсіністіктің қажеттілігі. Бірінші қажеттілік - қарым-қатынас жағдайында ерте балалықта үйренген ана тілін қолдануға байланысты. Көбінесе, мұндай тіл, ана тілі ретінде, өз тілі ретінде, өзінің этносының және мәдениетінің тілі ретінде қабылданады. Екінші қажеттілік - «бейтаныс» тілді және «бейтаныс» мәдениетті үйренуге, тануға деген құштарлықпен байланысты. Кейін, сөйлесу барысында «бөгде» тіл басқаша қабылдана бастайды.

Әрбір тілдің табысты меңгерілуі үшін тілдік орта маңызды рөл атқарады.

Өмірдің бастапқы кезеңінде тіл баламен шындық ретінде қабылданады. Бала осы жүйеге қосылып әлемді таниды, адамзаттың әлеуметтік мәдени тәжірибесін игереді, білім алады, оны дамытады, өзі жетіледі. Сондықтан тілдік орта когнитивтік функцияларды атқарады, яғни индивидтің интеллектуалды дамуына әсер етеді, оның санасына әлем бейнесін қалыптастырады.

Тілді меңгеру барысында адам тілдік дағдыларды игеріп қана қоймай, сондай-ақ тәрбиеленеді. Сондықтан тілді үйрету бүкіл тәрбиелеу процесінің өзегін құрауы тиіс және тіл құралдары адамның лингвистикалық қалыптасуына бағытталуы керек. Тілді үйрену-сол халықтың мәдениетін де үйрену болып табылады. Себебі тіл және мәдениет біртұтас, бірі бірінсіз жоқ болады. Әрбір халықтардың өз мәдениеті, өз тілі болады.

XX ғасырдың басы әлемдік қоғамдастықтың экономикалық өмірінің жаһандану үрдісімен және бірыңғай ақпараттық-технологиялық жүйесінің қалыптасу процесімен сипатталады, яғни бұл әлем мен өзара байланысты және интеграциялық процестерді одан әрі тереңдетуде. Сондықтан көпұлтты және көпмәдениетті ортада белсенді іс жүргізетін, басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін сезіммен құрметтеп және түсіне білетін, басқа адамдармен түрлі ұлт, нәсіл және дініне қарамастан бейбітшілік пен келісімде өмір сүру үшін адамның көптілді білім алуын ұйымдастыру туралы сұрақ туындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында айтқан. 2007 жылғы « Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдамасында Елбасы «Тілдердің үш тұғырлығы» – «Триединство языков» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды.

Көптілді білім беру — индивидті тілдік білім, білік және дағдыларға, тілдік және сөйлеу іс-әрекетіне жинақталған адамзаттың әлеуметтік мәнді тәжірибесінің бір фрагменті саналатын бірнеше тілді бір уақытта меңгеруі негізінде көптілді тұлға етіп қалыптастырудың мақсатты бағытталған, ұйымдастырылған, нормаланған ұштағанды оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісі. Мазмұндық тұрғыда үш тілде білім беру бөлімдері қатаң тілдік білім беру пәндері болып табылады: ана тілі, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілі және шет тілі (ағылшын тілі) әлемдік экономикадағы интеграция тілі ретінде қолданады. Үш тілде білім берудің мақсаты мен күтілетін нәтижесі - көп тілдік тұлғаны қалыптастыру.

Орыс тілінің үштұғырлы тіл ретінде маңызы ерекше себебі ол әртүрлі социалдық этникалық топтарды біріктіреді. Қазақстанның халқын құрайды. Сонымен қатар орыс тілі

алғы шептегі ғылымның дамуымен, техниканың технологияның дамуымен қатар жүреді. Бұл жерде оның әсіресе техникалық саладағы мамандарды дайындаудағы ролін байқауға болады. Орыс тілі мәдениет аралық коммуникациялар және ұлтаралық стратегиялық серіктестік ретінде бұрынғы кеңестік кезеңдегі КСРО құрамында болған мемлекеттермен ұлтаралық кеңістіктегі байланыс құралы ретінде бүгінгі таңға дейін қолданылады.

Қазақстанда орыс тілінің болуы және оның қолданылуы туралы айтатын болсақ, орыс тілінің арнайы ұлттық нұсқасы ретінде орыс тілінің бар екендігін атап көрсетуге болады, оның шеңберінде осы нұсқаға тән тіл пайда болады. Орыс тілі бізге әлемдік тіл сияқты әр түрлі мемлекеттерде белсенді қолданылған сайын полеұлттық белгілерді өз бойына сіңіре бастайды өйткені сол мәдениет ортасында байланыса отырып тіл лексикалық дефицитке ұшырайды себебі қоршаған орта тіл иесінен тиісті жауап күтеді. Сондықтан орыс тілінде лексикалық бірліктер, қазақ тілінен кірме сөздер келді. Ең бірінші орында бұл әрине, топонимдер, антропотонимдер, саяси қоғамдық, социалдық мәдени лексика.

Мысалы, мерекелердің атауы: Наурыз, Құрбан айт, Құрбан-Байрам; өнімнің атаулары: құрт, қазы, шұжық, жанбас, бауырсақ, қымыз, сорпа; Тұрмыстық болмыстың белгілері: кесе, пиал, киіз үй, домбыра, ақын, теңге, дастархан және т.б. орыс тілінде баламасы жоқ және орыс тілінің халқымен Қазақстанның мәдениетінде бекітілгендей қолданылады. Әлеуметтік-саяси лексика, мемлекеттік және басқару ұйымдарының атаулары: мәслихат, әкімдіктер, мәжіліс, қала әкімі - олар әртүрлі концепцияларды белгілесе де, олар Қазақстанда бекітілгендей жүзеге асады. Әлбетте, бұл кез-келген мәдениет тұрғысынан жұмыс істейді, тіл жеке лингвистикалық бірліктерді немесе сөздік формаларды қарастыру арқылы жауап бере алмайды.

Мысалы, орыс тілінде таныс емес әйелге тән үндеу- «қыз». Қазіргі таңда сирек естуге болатын үндеулер «ханым» немесе одан да сирек «азаматша». Қазақстанда орта жастағы әйелге «тәте» деп айтсаңыз онымен ешкімді таң қалдыра алмайсыз, осыған ұқсас ер азаматқа «аға» деп айтсаңыз да, орта жастағы әйелге «апай» десеңіз де, бір қызығы, бірде-бір орыс баламалары жеткілікті түрде пайдаланбаған және толықтай дұрыс емес. «Ақсақал» деп бай өмірлік тәжірибесі бар дана, беделді, лайықты адамға нұсқайды. «Тамада» сөзі орыс тіліндегі «жүргізуші» сөзін іс жүзінде тоқтатады, тек мынандай жағдайда, егер отырыстарға байланысты болса және өзінің түп нұсқасын сақтаған болса, егер бұл ресми іс-шара туралы мәселе болса. Қазақ тілінде бұл ұғымдар алдын ала дифференцияланған. Кең мағынада таралған сөз «Айналайын» сөзі – бұл қымбат жанға, жақын адамға деген үндеу, мағынасы бойынша бұл сөз «қымбаттым» деген сөзге жақынырақ, яғни бұл мақұлдау, сүю деген мағынаны білдіреді. Әрине мұндай кең мағыналы кірме сөздердің орыс тіліндегі баламасы болмағандықтан, оларды орыс тілінде түсіндіру қиынға түспек. Мәселен, «бейшәрә» сөзін қолданып, біз жай сөзге әлдеқайда көп түсініктеме беруге болады, мысалға : кедей, бақытсыз, бейбақ. Ресейде өзге ұлттық бейтаныс адамға аға немесе әпке деп айту қызық көріну мүмкін, алайда Қазақстанда бұл үндеудің кең тараған нұсқасы. Бұл адамға жүгінуден бұрын өзге мәдениеттің өкіліне талеранттылықты көрсетудің бір белгісі. Орысша не қазақ тілдері пустоль емес және жақын қолданыстың өзінде тілдің құрылысына әсер етпей құр лексикалық ықпалымен ғана шектеледі. Қазақстандағы орыс тілінде сөйлейтін адам Беларусьяның орыс тілінде сөйлейтін адамды түсінеді себебі ешқандай жүйелі өзгерістер байқалмайды. Қазіргі таңда орыс әдеби тіл еліктеу элементтерімен қоса тек белгілі бір мәдени кеңістікте сәтті қарым-қатынас жасау үшін ғана қолданылады деп толық сенімділікпен айтуға болады.

Қазақстан аймағында Ресейге қарағанда аз қолданылады, сонымен қатар ол әртүрлі тілдік өзгерістерге ұшырап отырады, сонымен қатар орыс мәдениетінен тыс консерваториялық үлгілерді құрайды. Ресейдегі диалектикалық өзгерісі көрінбейді. Қазақстандағы орыс тілі өзінің тілдік нормаларын сақтап қалған, әдеби-эталон нормаларына Ресейдің көптеген аймақтарына қарағанда әлдеқайда жақын деп толық сенімділікпен айта аламыз.

Сонымен қатар, ақпараттық кеңістіктің қарқынды дамуына байланысты осы кірме сөздердің көбісі Қазақстан үшін бірегей болып табылатын жай ғана аймақшылдық болуды тоқтатты, мысалға: ақын, батыр, той, тамада, дастархан және т.б. олардың семантикалық мәнерлі бояуына қарамастан, олар Ресейде кеңінен қолданылады. Тіпті едәуір кірме сөздер бар болған жағдайда да лексикалық бірліктер толық орыс тіліндегі ережелерге сәйкес жұмыс істейді: Әкімдіктің жанында кездесеміз, домбырада ойнау, бауырсақ пісіру, мен осы бейшәрәні кездестірдім. Сол сияқты, қазақ тіліндегі белгі бір өзгерістер орыс тілімен сабақтасқан жағдайда өзгеріске ұшырайды. Көшпелі өмір сүру жолынан отырықшы өмір сүру салтына көшкеннен бастап, қазақ тілінің лексикасының маңызды қабаты жоғалды.

Сирек жағдайда орыс тілінде қазақ тілінің сөздерін түбір етіп өзгерген нұсқаларын көруге болады, мәселен: тәтешка (тәте), ағашка (аға), апашка (апа), пиалушка (пиала). Сөз тудырушы жұрнақ ретінде кішірейткіш орыс тілінің –к- жұрнағы қолданылады. Қазақ тілінің сөздері қалай құрылатынын біле тұра орыс тілінен кірген сөздердің бұл жұрнақ арқылы қалай қалыптасқанын түсіну оңай және де ол қазақ тілінің жүйесіне қарсы келмейді. Әрбір тілді үйрену оның ішінде (орыс тілінде) таңдалған мемлекеттің мәдениетін танудың мықты құралы. Көп тілді білуі адамның белсенді өмір салтын, оның әртүрлі салаларда мамандана білуін, қоғамдық өмірде, өзінің ішкі өмірінде және өзге де қарым-қатынастарына жақсы әсер етеді. Тілді үйренген кезде біз өзімізді сол тілдің иесіне ұқсас этно- социо- психологиялық ерекшеліктері бар тілді жоғары сый ретінде түсіне алатын ұлттық адами құндылықтарын қабылдай алатын тұлға ретінде қалыптастыруымыз керек. Жеке тұлғаның осы интегративтік сапасының маңыздылығы дәстүрлі білім берудің жеке-бағытталған парадигмасына көшуіне байланысты, қоғамға белсенді тұлғалар қажет болғанда, өз шешімдерін қабылдауға қабілетті, өз алдына мақсат қоя алатын және соған жету жолдарын жан-жақты қарастыра алатын тұлға қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Лебедева Н. М. Теоретико-методологические основы исследования этнической идентичности и толерантности в поликультурных регионах России и СНГ // Идентичность и толерантность. М.: Наука, 2002. С. 10–34.
2. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. Волгоград: Перемена, 2002. 250 с.
3. Назарбаев Н. А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. — № 33 (25278). — С. 1-2.
4. Концепция развития системы образования РК до 2015 года.
5. Кондубаева М. Р., Джумабаева М. С. и др. Взаимосвязанное обучение казахскому и русскому языкам. Методические рекомендации. – Алма-Ата, 1991.
6. Караулов Ю. Н., Русский Язык и языковая личность. М. 2006.
7. Купина Н. А. Русский язык в мультикультурном обществе: теоретические вопросы и прикладные задачи // Русский язык в многоречном социокультурном пространстве : [монография] / отв. ред. Б. М. Гаспаров, Н. А. Купина. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2014. С. 41–51.

Жеңіс Д., ГМУ-21к тобының студенті, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Акатаева Ш.Б.

3. ҚАБДОЛОВ - ЖАЗУШЫ, ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМ

Зейнолла Қабдолов – көркемсөздің ел таныған майталман шебері, аса көрнекті ғалым-академик, ұлағатты ұстаз, еліміздің біртуар ардақты азаматы. Қазіргі қазақ сөз өнерінің, әдебиеттану ғылымының ең беделді, ең білгір көшбасшылары туралы сөз қозғалса, жазушы, ғалым, ұстаз Зейнолла Қабдолов есімі жиі аталатыны тегін емес.

Өйткені – ол қазақ жазушысы, қазақ көркем сөзін дамытудағы еңбегін ел таныған қарымды қаламгер. Ол - әдебиеттану ғылымына, оның ең бір қиын да күрделі, әлі жете зерттелмеген саласы - әдебиет теориясына зор үлес қосқан ғалым-академик.

Зейнолла Қабдоловтың жазушылық өнерге бар ықыласымен ден қойып, өлең жазудан бастап, үлкен прозалық туындылар жазуға ойысқаны, сонымен қатар әдебиетті зерттеуге, күрделі теориялық мәселелердің шешімін табуға аянбай күш жұмсауы, бұларға қоса университетті бітірген кезінен бері қарай жастарға дәріс беріп, білім-ғылым үйретуден жалықпай келе жатқаны - әдебиет саласындағы еңбегінің осы қырлылығы Мұхтар Әуезовтің алып әмбебап тұлғасын жан-жағынан қамтып, тұтас бейнелеп көрсетуіне мүмкіндік берді (1).

Әрине, тарихи-әдеби процестің заңдылықтарын ашып көрсету үшін, жеке жазушының суреткерлік тұлға-бітіміндей өзгеше сипат-қасиеттерді тап басып, дәл аңғару үшін жүйеге жүйріктік, ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеру қандай қажет болса, эстетикалық сезім, сыншылдық сондай қажет. Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» атты кітабынан зерттеушінің осындай қасиеттері – зерделілігі, білгірлігі, сезімталдығы анық байқалып отырады. Әдеби шығарманы талдағандағы дәйектілік, әр пікірдің дәлелділігі, айтылған ойлардың келелі ойдың келісті сөзбен жеткізілетіні автордың зерттеу стиліне, айту мәнеріне өзіндік сипат, жақсы ажар беріп тұратын қасиеттер.

Қазақ сөз өнеріне, әдебиетіне қатысты айтылған пікірлер бері айтқанның өзінде Шоқан Уәлиханов еңбектеріндей ой-түйіндерден басталады. Оның қазақтың ауыз әдебиеті, жыршылық өнер, жыр, өлең, қара өлең туралы алғаш айтқан ғылыми тұжырымдары әлі құнын жойған жоқ, кейінгі зерттеушілерге тірек. Әсіресе, Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабында поэтика, стилистика, өлең құрылысы саласындағы келелі, түйінді ойлары өзінің жүйелілігімен, жаңашылдығымен, поэзиясының табиғатын, қыр-сырларын айқын анықтап беруімен аса бағалы.

Табиғаты да, заты да бөлек дара тұлғалы біткеннің қай-қайсысының да бастау-көзі, ұлағат тапқан ұясы болатын. Сондай ұстаз ұлағатын ұғу арқылы ғана ол өз қасиетін тани алуы мүмкін. Зейнолла Қабдолов бұл тарапта өз қасиетін Қазақ университетінде Мұхтар Әуезов ұлағатын тану үстінде тапса керек. Әуезовтің данышпандығы, ғұламалығы, кемеңгерлігі кезінде жас оқытушы Қабдоловтың алдынан ұстаздықтың ұшы-қиырсыз ұлы көкжиегін көтерген болуы ғажап емес.

«Асылы, Жан-Жак Руссоның байлауы дұрыс, - дейді ұстаз. – Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық – ұлы нәрсе».

«Ол кісі – тәлімгер. Тәлімгер болғанда да мұқым жүріс-тұрысынан, сөз сөйлеу мәнерімен, сабақ өткізу тәсілімен төңірегін түгел тәрбиелеп жүретін жан. Бүгінде әдебиет аулын маңайлаған талай жастар Зекеңе қарап бойын тіктеп, тәрбиесін көріп, өсіп келеді. Кішіге деген ағалық ізетін үнемі сақтайтын, есімі жалпақ Қазақстанға танымал Зекең қарапайымдылығы талай жанның таңдайын қақтырған да шығар!» (2).

«Адамзаттың Айтматовы» аталып кеткен әлемге әйгілі Шыңғыс Төрекұлұлы бір кезде өзінің «Қызыл алма» атты тамаша әңгімесін Зейнолла Қабдолұлына тегін арнамаса керек. Мұның өзі З.Қабдоловтың қазақ зиялыларының мәрт, шоң тұлғалы көшбасшыларының бірі екендігі көрсетілген, тасқа басылған құрмет шығар!

Әрине, З.Қабдоловтың көркемсөздің майын тамызатын шешендігі, қиыннан қиыстырар тапқырлығы мен ұтқырлығы – ол кісінің дуалы ауыз тұлға екендігін дәлелдей түседі. Қолына қалам ұстаған сәттен бастап жарты ғасыр бойында киелі сөз өнерінің өзі көтерілген тұғырынан таймай, тап бүгінгі күнге дейін құдыретті қазақ сөзінің биік байрағын бір сәтке де аласартпай биік ұстаумен келеді.

Жазушы, қаламгер ретінде Зейнолла Қабдолов қалың қазақ оқырманын алдымен өзінің прозалық туындыларымен елең еткізді. Алғашқы романы «Ұшқын», сонан соң іле-шала «Жалын» романы жарыққа шыққанда қазақ әдебиетіне ешкімге ұқсамайтын, өзіндік

жазу стилі бар, көркемдік кестесі оқшау көрінетін, суреткерлік талғам мен талаптың жаңа биігіне көтерілген қаламгердің келгенін қалың оқырман бірден аңғарды. Аңғарды да, жазушы Зейнолла Қабдоловтың ендігі жарық көретін дүниелеріне назар тігумен болды.

Өзі де ұлы суреткерге ғана тән қасиеттің қазақ әдебиетіндегі көрінуін дәлелдеп кеткен Мұхтар Әуезов, өзінің өкшесін басып келе жатқан біраз қаламдас інілерінің талантын мойындап, оларға оқырман назарын аудартқан. Сол санаулы, М.Әуезов есімдерін ілтипаттаған қаламгерлердің ішінде Зейнолла Қабдоловтың да шығармашылығы айрықша аталады.

Алдымен, З.Қабдолов ұлы Әуезовке, оның ұлы шығармашылық өнеріне, көркем мұрасына бала жастан бас ие қызығып, құныға құмартты, қабырға қатып, қолына қалам ұстаған күннен бастап ұлы суреткерге шәкірт, үйренуші ретінде жақындады. Екіншіден, кейінірек өз туындыларында Әуезов салған, Әуезов қалдырған қайталанбас көркемдік дәстүрлерді қайта жаңғыртты. Өзіндік қолтаңбамен жаңаша қайталады, суреткерлік, қаламгерлік тәжірибесінде пайдаланды. Әдебиеттегі Әуезов дәстүріне арқа сүйеген қаламгер өзі де қосқыртыс, қатпарлы, терең де тартымды көркем шығармаларды жазуға осылайша әдебиетте Әуезов салған суреткерлік дәстүрдің арқасында қол жеткізді.

Жазушылық шеберлік - әрбір қаламгердің қолтаңбасын анықтайды. Ол ең алдымен шығарманың көркемдік болмыс, бітімінен басталады. Көркемдік жоқ жерден шеберлікті іздеу бос әурешілік. Яғни, «жазушының шеберлігі қандай шексіз болса, шығарманың шынайы жетілуі де сондай шексіз. Демек сөз өнеріндегі әрекетте шек жоқ», - дейді бір тұста жазушының өзі.

Зейнолла Қабдолов – ғалым, жазушы, ұстаз ретінде де өз творчествосында, ғылыми, көркем және оқытушылық творчествосында парасаттылықты, суреткерлікті және шешендік өнер өрнегін интеллектуалдық бір ғана күрделі қасиетке айналдыра алған қазіргі жоғары мектептің дара тұлғалы, саңлақ ұстазы.

З.Қабдолов – қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті өкілі, үлкен ғалым. Елу жыл бойы ғылымға сіңірген, оның еңбегі өлшеусіз, ұлан ғайыр. Әсіресе, ғылымның аса қиын, күрделі саласы - әдебиет теориясына қосқан үлесі қомақты. «Әдебиет теориясының негіздері», «Сөз өнері», «Жанр табиғаты», «Жебе», «Арна» атты әдеби-сын, эссе толғаныстары - жоғары оқу орындарында филология факультеттері студенттерін әдебиет туралы білімнің негізімен еркін сусындатып келеді.

Қазіргі кезде әдебиет қисынының орны ерекше артып отыр. Оның ұлттық сипатта көне дәуірдегі көркемдік ойлар тарихы, методологиялық негізі қайтадан күн тәртібіне қойылуда.

Ұлтымыздың қалыптасқан әсемдік әлемі, қазақ әдебиеттануының даму, қалыптасу жолын анықтап, жіті қарастыру нәтижесінде белгілі бір жүйеге түсіруі ұлттық әдебиет теориясы саласының бүгінгі күнге жеткен биігінің өлшемі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Әбдешұлы Қ. Қазақ сөзжінің хас шебері. //З.Қабдолов. Ұстаз ғалым, жазушы. Алматы, Қазақ университеті, 2002.

2.Дәдебаев Ж. Ұстаздық – ұлы нәрсе. //З.Қабдолов. Ұстаз ғалым, жазушы. Алматы, Қазақ университеті, 2002.

3.Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы, Жазушы, 1983.

4.Қабдолов З. Көзқарас. Алматы, Рауан, 1996.

5.Бүркіт Отар Әлі. Зерлі сөздің зергері. //З.Қабдолов. Ұстаз ғалым, жазушы. Алматы, Қазақ университеті, 2002.

6.Мәдібай Қ. М.Әуезовтің ұстаздық дәстүрі. Шәкірт - Зейнолла Қабдолов. //З.Қабдолов. Ұстаз ғалым, жазушы. Алматы, Қазақ университеті, 2002.

7.Елеуенов Ш. Менің Қабдоловым. //З.Қабдолов. Ұстаз ғалым, жазушы. Алматы, Қазақ университеті, 2002.

8.Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 2002.

9.Қабдолов З. Арна. Алматы, Жазушы, 1988.

10.Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, Мектеп, 1976.

11.Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы, Қазақ университеті, 1999.

Zholdybai A.E., KEUK

Scientific supervisor: G.T. Aubakirova, candidate
of philological science, professor

TEACHING FOREIGN LANGUAGE FOR STUDENTS IN NON-LINGUISTIC INSTITUTIONS

According to the standard of the discipline "foreign language" in a non-linguistic institution, instruction in a foreign language should be communicatively oriented and professionally directed. The main goal of teaching foreign languages is the formation, improvement and development of the personality, capable of achieving the required level of communicative competence. The training is also aimed at developing the cognitive independence of future specialists on the basis of the formation of linguistic-professional orientations in the process of working with literature on the chosen specialty. It should be noted that the presentation of one's own thoughts, especially in a foreign language, is a complex process, both linguistically and psychologically. Quite often during a speech people can not structure a speech, clearly formulate ideas, spontaneously choose the necessary language tools; they experience stiffness, a sense of insecurity and are greatly worried, which affects their physical condition, and of course, the results of their speech. It is proved that one of the main reasons for fearing students to speak before strangers in a foreign language is their lack of communication skills and experience of public speaking in their native language.[1, p.190]

In non-linguistic universities, a foreign language in the system of other training courses takes a somewhat isolated position, as many students encounter it when learning it with new linguistic and speech material. Teaching foreign-language communication in a non-linguistic university is associated with a number of restrictions, including the unfavorable frequency-time characterization of classes and the fact that communication is primarily educational. If there is no need to communicate in the studied language, that is, when learning a language outside the linguistic environment, "communication" is reduced to understanding and reproducing some typical, situationally conditioned language stamps.[2, p.2]

Communication in a foreign language is much inferior to communication at home. As a result, a lack of active oral practice, sufficient individualization and differentiation of training is the main obstacle to effective mastering of foreign-language reality. Unfortunately, in a non-linguistic institution, sometimes the study of a foreign language is viewed as the accumulation of a certain amount of knowledge and the formation of skills, that is, there is no understanding of language as a complex, constantly evolving, multilevel system. But the difficulties of teaching a foreign language in non-linguistic universities are related to the specific features of it as an object that is difficult to study in a university. Learning a foreign language requires the expenditure of tremendous strength and energy, as well as daily, systematic, motivated work. Therefore, only a personal interest in mastering a foreign language can effectively contribute to the formation of motivation for this subject.[3, p. 6].

Calling for students in non-linguistic faculties the need to carry out speech activity in a foreign language is a prerequisite for teaching foreign culture. An obstacle to the realization of this condition, as V.S. Korostelev, is a "thematic organization of teaching foreign languages and the related treatment of the situation as a combination of circumstances" [5, p. 239]. To solve this problem, the methodologists propose the use of such situations, based on socially significant values (social, moral, ethical). Discussion of such topics causes students to express their opinion,

prove and defend their point of view, i.e. a natural need for communication in a foreign language.

An important aspect of the psychological component of teaching a foreign language is the pragmatic component of language learning, when it is important not only to acquire a qualitative mastery of a foreign language communication, but also a real access to the culture and its carriers, which implies a practical knowledge of language in interpersonal language communication. the formation of a "pragmatic intercultural and communicative competence"[4, p. 336]. In this regard, the impact on students' mental activity can be called a natural component of the learning process, when the teacher is focused on revealing the personal potential of the young man by creating favorable external and internal conditions for overcoming the difficulties that arise in him. And the point here is that the psychological component of the process of teaching a foreign language also means the organization of a productive interaction between subjects of the educational process within the framework of their joint coordinated activities. At the same time, it is important that the very process of teaching a foreign language should be refracted through knowledge of the student's needs, motivation to understand another culture as its individual and psychological characteristics. In addition, the effectiveness of teaching a foreign language arises only when practical activity in teaching a foreign language is accompanied by success, when the teaching evokes positive emotions, the student's awareness of his growth and development in mastering a foreign language, and the teacher's pedagogical activity is to bring satisfaction. The teacher is also not able to receive satisfaction from his labor, if this work is unproductive, conflict, monotonous. To successfully master a foreign language, students are very important: a good mood, a sense of joy, success, a comfortable atmosphere in the lesson. Positive emotions facilitate students' constant efforts to memorize and retain in memory a variety of lexical and grammatical phenomena, a constant change in activities and thought operations.[6, p. 905-908]. We should also focus on motivation as the most indisputable factor in the success of learning in general and the study of foreign languages in particular. In addition to the well-known external and internal motivation, psychology distinguishes between global, situational and instrumental. All of them are necessary for learning a foreign language. In the process of teaching a foreign language, a number of psychological barriers arise in the field of motivation: lack of belief in success, the presence of heightened anxiety, tensions before performing excessive tasks, low self-esteem of abilities, ambiguity of the goals of using a foreign language in a future life. Therefore, the primary task of the teacher is to increase the motivation of students to learn a foreign language. Equally important in the learning process is the student's self-esteem. Formation of a high level of communicative competence will positively influence self-esteem. People with high self-esteem and faith in their own strength master the language faster and more successfully.

Thus, mastering a foreign language is a complex process, consisting in improving linguistic abilities, complicating speech actions, and enriching many aspects of the personality.

Bibliography:

1. Andronkina NM Problems of teaching foreign-language communication in teaching a foreign language as a specialty // Teaching languages in school and university. - St. Petersburg: Publishing House of the Russian State Pedagogical University, 2011. - 190 p.
2. Valeev AA, Baranova A.R. Psychological component of teaching a foreign language in non-linguistic faculties of the university. // Modern problems of science and education. - 2015, No. 2-2.
3. Valeev AA, Kondratieva I.G. Factors of successful teaching to foreign professional communication // Modern problems of science and education. - 2014, No. 6.
4. N.Galskova. Theory of teaching foreign languages. Linguodidactics and methodology. Moscow: Academy, 2008. 336 p.
5. Nazarov M.M. Mass communication in the modern world: the methodology of analysis and the practice of research. 2 nd ed., Rev. Moscow: URSS, 2012.- 239p.

Исабаева А., Э-12 тобы студенті, ҚҚЭУ
Жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Қабатаева К.Т.

Х. ДОСМУХАМЕДУЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АНАЛИТИКАЛЫҚ ӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТЕРМИНДЕР

Х.Досмұхамедұлы шығармаларының тіліндегі терминдердің біразы түбірлердің бірігуі, қосарлануы арқылы жасалған. Тілдегі жаңа атаулардың жасалу жолдары, оның ішіне терминдер де енелі, қалыптасқан дәстүрлі үрдісі бар. Солардың бірі аналитикалық тәсіл болып табылады. Бұл тәсіл жөнінде соңғы кезде жазылған ғылыми еңбектердің бәрінде дерлік сөз қозғалады. Атап айтқанда, «Жаңа атаулар» кітабының алғы сөзінде, С.Исаев еңбектерінде сипатталған. Халел еңбектерінің тілін зерттеу барысында осы тәсіл арқылы қалыптаса бастаған терминдер болғанына көзіміз жетті. Енді соған тоқталайық.

Жаңа ұғымдарды атаулық тіркестер арқылы беру, терминдік, мағынада күрделі сөздер жасау процесі 1920-30 жылдарда етек алды. Бұл әдістер Халел еңбектерінде жиі ұшырасады.

Тіліміздегі байырғы сөздер бір-бірімен аналитикалық байланысқа түсіп, жаңа мағынаға ие болып, терминдік қызметте жұмсалады.

1920-30 жылдарда мәдени өмірдегі өзгерістерге, ғылымның, оқу-ағарту ісінің алға басуына байланысты қазақ терминдерінің аталған тәсілдері арқылы жасалуы активтік түрде дамуына жол ашады.

1. Біріккен сөз. Сөздерді біріктіріп, тұтас мағынада айту бұрынғы қазақ лексикасында кең өріс алмаған құбылыс еді. Х.Досмұхамедұлының тілінде қолданылған біріккен сөздердің көпшілігі орыс тіліндегі ұғымдарға балама іздеу үстінде, төл сөздерді біріктіру негізінде көпшілігі калькалау әдісі арқылы жасалған. (Қолжазба – рукопись, бесжылдық – пятилетка, еңбекақы – зарплата, т.б.). Осы кезеңде пайда болған біріккен сөздердің әрбір сыңары төңкерістен бұрын жеке-дара өз алдына дербес мағынада қолданылған сөздер. Халел тілінде біріккен сөздер арқылы жасалған терминдер біршама. Мәселен, *өнеркәсіп, демалыс, төбеаға, қолбасшы, баспасөз, шикізат, шашбау, өңіржсиек, белбеу, қолбасы, сыртас, көзқарас, табиғаттану, пышақсап, жаратылыстану*, т.б.

Жинақталған материалдар негізінде, біріккен сөздерді құрамындағы сөздердің кірме не тума болуына қарай бірнеше топқа бөлдік: а) *екі компоненті де төл сөз: төбеаға, отарба, қолбасшы, шашбау, өңіржсиек, баспасөз, көзқарас, көкнәр, қызылбас, ауызбірлік, орынбасар, байқошқар, қарасақал*, т.б; ә) *компоненттерінің бірінші сыңары кірме, екіншісі төл сөз: кітапқұмар, қаламақы, адамзат, абырой, төсекжапқыш, шарапқұмар, әзілқұмар, қаламсап*, т.б; б) *компоненттерінің біріншісі төл екіншісі кірме: көркемөнер, күйсандық, қолөнер, беторамал, қолорамал, құмшекер, жансая, жансыр*, т.б; в) *компоненттерінің екі сыңары да кірме сөздер: мәрмәр, мәртебе, шарайна, шынар, іңкәр, інжу, сырқат, семсер, саяхат, сарбаз, тұнбақ, қаражат, кесел, көкек, кенеп, кеңес, жексенбі, жайнамаз*, т.б.

2. Қос сөз. Терминдік қос сөздерді шығу төркініне қарай, құрамы кірме не төл сөзден болуына байланысты бірнеше топқа бөлдік: а) *екі сыңары да қазақтың байырғы төл сөздері: ата-баба, ішек-қарын, керек-жарақ, жалғыз-жарым, азық-түлік, ақыл-ой, құрт-құмырсқа, жазу-сызу, қышқыл-көмір, аяқ-табақ, оқу-ағарту, түсім-шығыс, қару-құрал, салт-сана, қал-жай, жән-жосық, жарлы-жалқыбай, құйрық-қанат, мал-мүлік, бала-шаға, алыс-жуық, жол-жоба, көрпе-жайма*, т.б; ә) *екі сыңары да кірме қос сөздер: қоғамдық-саяси, дәрі-дәрмек, пабрік-зауып, кітап-жорнал, сөлтан-пырабитіл, қалам-қарындаш, мектеп-медресе, жорнал-газет, есеп-қисап, қожжа-молда, хал-ахуал, әдет-*

ғұрып, ғылым-қисап, сапқоз-қолқоз, т.б; б) алғашқы сыңары төл, екінші сыңары кірме қос сөз: қағаз-қалам, үгіт-насихат, тас-қалам, үгіт-насихат, білім-ғылым, т.б; в) алғашқы сыңары кірме, екіншісі төл сөз: мәдени-білім ғамал-тәсіл, ғылым-білім, әдет-салт, ақын-жырау, аспан-сайман, әзіл-оспақ, үтір-ноқат, ыстақан-кесе, т.б.

3. Сөздерді тіркестіру арқылы жасалған терминдер.

Х.Досмұхамедұлы еңбектерінде сөздерді тіркестіріп айту едәуір орын алған. Олар түбірлердің тіркесуі негізінде жасалған.

Ғалымның қолданған тіркестерінің құрамындағы сыңарларының жасалу жолдарына қарай мынадай топтарға бөлуге болды.

1) Сыңарларының екеуі де төл сөздер: киім тазалаушы, бұлық көпшік, мезгілді жұмысшы, бесжылдық жоспар, білім кеңесі, шежіре би, кара ақын, оқу маусымы, сырттан оқыту, басқарма мүшесі, жел кеме, жел қуық; 2) Сыңарларының бірі төл, бірі кірме сөз; а) қазақ тілінде бұрынырақта енген және орыс тілінен жаңадан енген сөздерден құралған тіркестер (төл сөз+орыс сөз). Мәселен, *Қазақ-қырғыз институті, жәрдем кәмисиесі, ағарту инспектрі, жиынды пұрғырамма, білім кәмисиесі, тексеру кәмисиесі, ағарту кәмисариаты, әдістеме бұйрасы*; ә) сыңарлары қазақ тілінің төл сөздері және араб-парсы сөздерінен құралған тіркестер (төл+араб-парсы керсінше): *ғылым мамандары, кітап жазушылар, білім адабиаты, оқу адабиаты, ауыз адабиаты, ел адабиаты, жазба адабиаты, білім кітаптары, ұлт маданияты, халық маданияты*; 3) сыңарлары тек кірме сөздерден құралған: *Фани усул өшетілдік семинария, областной земство, партия сиезі, этнография материалдары, электр зауоты, Мағариф назараты, әһли сәлиб* (крестовые походы), т.б.

Сондай-ақ, сөз тіркестерінің сандық құрамы жағынан да жіктеп бөлуге болады: а) *екі сыңарлы: ұлт кәмисериеті, басқыш кітаптары, мәдени-білім жұмысы, білім кеңесі, білім жұрты, шаруашылық саясаты*; ә) *үш сыңарлы тіркестер: қазақ-қырғыз білім кәмисиесі, тәрбие ғылымының педагогы, халық ағарту жолы, мемлекеттік білім кеңесі, жүгірту ақшалы компротсы, кіңдік, комитетінің тілі, т.б.* Төрт сыңарлары тіркестер: *Түркістан халық ағарту кәмисериеті, мемлекеттік баспасөз таратушы махкама, қазақ-қырғыз білім кәмисиесі махкамасы, мемлекеттік сауда орынның басқармасы, халық ағарту жолындағы жұмысшылар сиезі, т.б.*

Сөз тіркестіру арқылы жаңа термин жасау тәжірбиесінен түрлі өзіндік ерекшеліктерді байқауға болады. Мәселен, жат тілде бір ғана сөзден тұратын терминдердің қазақ тіліне аударылғанда екі не одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалатынын, яғни құрамы өскенін көреміз. Бұл қазақтың ұлттық менталитетінен, ұзақ сөйлеуге икемділігінен туындайтын жайт. Мәселен, термин – пән атаулары, психология – жан тілі, биология – тіршілік тану, зоология – жануартану, хрестоматия – оқу кітабы, анатомия – тән тірлігі. Тағы бір ерекшелік – компоненттер саны шет тілдерде қанша болса, қазақ тілінде сонша құрамда кездесуі. Мысалы, жүйке жүйесі (нервная система), мүше жүйесі (система органов), жауапты шығарушы (ответственный редактор), жиһангерлік соғыс империалистическая война, қоғамдық тәрбие (общественное воспитание), т.б.

Аналитикалық жолмен жасалған терминдердің біразы көпшілікке түсініксіз болуы мүмкін. Бірақ олардың құрамына еніп отырған сөздер ұғынықты, тілде жиі қолданылатын сөздер. Мысалы: Қызылбас. Парсыларды бұрын қазақтар осылай атаған. “Бала күнінен осы сөзге құлағы қанық Махамбеттің еліндегі ақсақал, қарасақалдарды біздің келтіріп отырған өлеңімізді дұрыс дейді”. Өңіржиек. Омырауға тағу үшін сәндеп, әшекейлеп жасаған зат. “Күміс белбеу, декбет (кемер), сырға, шашбау, өңіржиек, жүзік, сақина, білезік, түрлі ілгек түймелер сықылды бұйымдардың бәрін зергерлер соғады”. Отарба. Поезд алғашқы кезде осылай атаған “үстіміздегі киімді мәшинеммен тоқиды, шөпті мәшинеммен шабады, жерді мәшинеммен жыртады, мақтаны шитінен мәшинеммен айырады, мәшинеммен сүттің майын айырып алады, отарбаларды темір жолмен қара-айғыр (парабоз) сүйрейді”. Жел қуық. Үрлеп ойнайтын резеңкеден жасалған ойыншық. “Кең мойынды

шөлмекке резеңкіден жасалған жел қуықты салалық”. Жел кеме. Алғашқы кезде ұшақты осылай атаған. “Биік таулардың басына шыққанда, жел кемелермен аспанға ұшқанда адамдардың жоғары көтерілген сайын тынысы тарылып, демі бітеді”. Бұлық көпшік. Ер үстіне салатын көпшік. “Сонда Махамбет астындағы бұлық көпшікті жарып жіберіп, құтылып кетеді”. Қолбасшы. “Махамбеттің мінезі Исатайдікі секілді көптің басын құрастырып, бүтін елді соңынан жүргізетін мінез емес, Махамбет жақсы бастықтың қолында өте ыңғайлы қолбасы”.

Қорыта келгенде, Халел Досмұхамедұлы еңбектерін жарыққа шығарған дәуірде ғылыми терминдердің қалыптасуында күрделі сөз тіркесімділігінің ерекше рөл атқарғандығын байқаймыз.

1920-30 жылдары ұлт жазылған Х.Досмұхамедұлының еңбектерінің алатын орны мен маңызы ерекше. Оның еңбектері қазақ топырағында ұлттық мектептердің қалыптасуына, сол кезеңдердегі қазақ зиялыларының танылуына, халыққа ана тілінде жоғары және орта білім беруде, тілдің коммуникативтік қызметін жандыруда орасан зор рөл атқарған. Х.Досмұхамедұлының шығармалары қазақтың жазба әдеби тілін, оның озық дәстүрлерін дамытуда және терминологиялық лексиканы саралауда, әдеби тілдегі көптеген термин сөздермен терминдік тіркестерді тіліміздің ежелгі сөздік қорын пайдалану арқылы байытуға, сол дәуірде пайда болған терминдердің тұрақталып, қолданыс аясының кеңеюіне қосқан үлесі елеулі. Ғалым көптеген қоғамдық-саяси соны ұғымдарды бейнелейтін лексикалық бірліктерді қолданып, әлеуметтік өмірдегі жаңалықтарды білдіретін тың атауларды туғызады. Олардың бірқатары тілдің кейінге даму барысында қолданыстан шығып қалса да, басым көпшілігі ана тілінің сөздік қорынан берік орын алды.

1920-30-шы жылдарды ұлт мәдениетінің қоғамдық қызметінің едәуір артқандығын және сол кезеңдегі зиялы қауымның ана тілінің табиғатын кірме элементтерден таза сақталуын басты принцип етіп алғандығына осы Х.Досмұхамедұлы шығармашылығы дәлел бола алады.

Х.Досмұхамедұлы еңбектеріндегі терминдердің жазылу тәжірбиесінде ұстанған негізгі принципі – қазақ тіліне шеттен енген терминдерін қабылдауда ана тілінің айтылу нормасына сәйкес жазылу принципін негізге алу. Ғалым терминдердің қабылдау принциптеріне ғана емес, сонымен қатар ұйымдастыру мәселесіне де көңіл бөліп, өз ұсыныстарын айтады.

Егерде Х.Досмұхамедұлы ұстанған ұсыныстарын іске асырғанда терминология саласында бүгінгі күні бей берекет орын алмас еді.

Х.Досмұхамедұлы – медицина, зоология, ботаника ғылымдарына байланысты қысқаша болса да тұңғыш сөздіктерді құрастырған ғалым. Ол сөздіктердің саны – үшеу. Сөздіктерде студенттерге арнап жазған түсініктемелерін оқулықтың соңында отырады. Ғалымды лексикограф ретінде танытатын үш сөздігін талдағанда осы салаға қатысты аңғаруға болатын жаңа пікір, ой, пайымдауларын кездестірдік. 1) Реестірлік бөлімде орыстың өз сөздерімен қатар көптеген кірме сөздерді кездестіруге болады. Ғалым орыс сөздерін қазақ тілінен балама тауып, төл сөздер арқылы аударып отырады. Ал, кірме сөздерге келгенде оларды жаппай аударма бермей, бірқатарын ғана аударған. 2) Үнді-европадан алынған сөздердің жазылуын орыс тіліндегідей тұлғада жазбай, қазақтың халық тіліндегі айтылу заңына бейімдеп жазылуын жақтаған. 3) Ғалым сөздіктерінің реестірінде кездесетін екі құрамды, үш құрамды не төрт құрамды тіркестерді аударғанда сөзжасам амалдарын қолдану арқылы байырғы сөздерді сарқа пайланған. 4) Үнді-европа сөздерін сөз еткенде ғалым түсіндірудің неше түрлі амалдарын пайдаланған (вариант арқылы, жақша арқылы, сипаттама түрі арқылы түсіндіру т.б.). Құрамында тірек сөздері бар тіркестерден жасалған атауларды сәтті аударып отырған. Көптеген тіркестерге негіз болған тірек сөздер нақты түрде анықталды (таяныш мектеп, ересектер мектебі, жатақты мектеп, басқыш мектеп, орта дәрежелі мектеп).

Ғалымның еңбектерінде өзі жасаған біраз терминдер анықталып көрсетілді. Мысалы, жатақты мектеп (мектеп-интернат), екілену (тәштиттену), буылтықсыз тегіс, тас қалам (грифель), азықшы (повор), гулеме (сквозняк), ауыр әскер, ардықты мүше (почетный член), көмекші мүше (рядовой член), шын мүше (действительный член). Мұндай жаңа сөздер әсіресе ғалымның биология, медицина саласы бойынша жазған еңбектерінде де мол кездеседі. Мысалы, бұташық, бүршікшік, жапырақшық, көпіршік, сабақшық, күн-кабақ дәні, кербез сал шешек, бұхырлау (дезинфекция), жарық жүйкесі (зрительный нерв), бақлашақ (фаланга), обқыр (фагоцит), жалған аяқ (ложная ножка), т.б.

1920 жылдары термин жасау, қабылдауда негізінен екі қағида қолданылды. Біріншісі-ана тілінің ішкі мүмкіншіліктерін барынша сарқа пайдалану. Екіншісі, тілімізде жоқ, ойда жоқ ұғым атауларын сөздерді орыс тілінен тікелей алу және орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдерді аударып не аудармай алу арқылы толықтырудың болғандығы айқындалып, бұл құбылыстың Халел тілінде де кездесетіндігі айтылды. Бұрыннан қолданылып келе жатқан төл жұрнақтарымыздың бірқатары жаңа сөз жасауда сөзжасамдық қызметі артып, актив түрде қолданылуы осы 1920-жылдардан басталғандығы айтылды. Бұл кезеңдегі аффикстердің қолдану аясы қызметі басқа кезеңдермен салыстырғанда өте жоғары болғандығы байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1982.
2. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1988.
3. Құрманбайұлы Ш. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуы // ҚРҒМ-ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1996. N5-6; Термин шығармашылығындағы шарттылық// Қазақ тілі мен әдебиеті, 1998.
4. Х. Досмұхамедұлының Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде емле, термин туралы сөйлеген сөзі // Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор: Кирг. гос. из-во, 1925.
5. Сарыбаев Ш. Тіл білімпазы// Халел тағылымы. (Республикалық ғылыми теориялық мәслихат материалдары). – Алматы: Ғылым, 1994.
6. Халел тағылымы. (Республикалық ғылыми-теориялық мәслихат материалдары). – Алматы: Ғылым, 1994.
7. Мектептегі А. Халел Досмұхамедұлы және әдебиеттану мәселелері// Халел тағылым. – Алматы: Ғылым, 1994.

Kanatbaeva A., Gruppe JU-31k, KWUK,
Wissenschaftliche Leiterin: Kandidatin der philologischen
Wissenschaften, Dozentin Korbaeva A.A.

DIE CYBERKRIMINALITÄT UND EINIGE PROBLEME IHRER PRÄVENTION

Der Präsident der Republik Kasachstan Nursultan Nasarbajew betonte in seinem Schreiben Kasachstans Weg-2050: gemeinsames Ziel, gemeinsame Interessen, gemeinsame Zukunft " die Bedeutung der Informationssicherheit, die ein Schlüsselement der Entwicklungsstrategie des Landes bis 2050 ist [1, 2].

Heute sind IT-Verbrechen weit verbreitet. Dies sind Handlungen wie Hacking, elektronischer Diebstahl, E-Mail-Kommunikation, kriminelle Übertragung.

Wie gefährlich ist Cyberkriminalität für Kasachstan?

Heute ist unser Land Internet-Kriminalität Anstieg seit der Bildung des Informationsraumes des Prozesses der Globalisierung, die rasanten Entwicklung des Internets in der entwickelten Ländern, aufgrund einer Erhöhung der Zahl der Projekte auf diese Art von Kriminalität wächst von Tag zu Tag.

Cyberkriminalität wächst im Land. Diese Straftat beinhaltet mehr als 200 Milliarden Dollar pro Jahr in der Weltwirtschaft. Gegenwärtig schließt sich unser Land einer Reihe von internationalen Übereinkommen an, um die Verbrechen im Bereich der Hochtechnologie zu bekämpfen. Jetzt werden die Strafverfolgungsbehörden des Landes zusammenarbeiten, um Erfahrungen mit dem US-Sicherheitsdienst zu teilen.

Online-Diebstahl von Geld von den Konten, Verbreitung falsche Informationen, spezielle Nachrichtensendungen, wie die Vervielfältigung, Verbreitung Operationen kiberlik Verbrechen. Wenn das Internet stetig wächst, steigen solche Aktionen.

Unser Leben ist in den Informationsraum eingedrungen. Durch den Nachweis des Social-Networking, Smartphones, E-Mail, von Tag zu Tag Arbeit mit Computern, Drucker, zu Hause intelligente Haushaltsgeräte, elektronischer Dokumentenaustausch, die Regierung aus dem Bankensystem, Straßenbahnen, Leichtindustrie, Infrastruktur, Telekommunikation, Energie, Umwelt abhängig.

Nur 10-15 Jahre sind vergangen, seit das Internet nicht mehr ohne es leben kann. Mit Hilfe des Internets können wir Sie in Sekunden kontaktieren. Wir können alle Informationen finden, unterhalten, online und viel einfacher.

Eine der Prioritäten der Entwicklung und des Wohlstands des Staates ist die Stärkung und Entwicklung von Internet-Systemen. Aber die Abhängigkeit von diesem Internet kann jedoch eine große Bedrohung für uns und sogar unser Land darstellen. Es ist kein Wunder, dass du einfach in den Hackerstab fallen und dich verirren kannst. Und wer kann garantieren, dass Sie nicht Opfer ideologisch diverser Betrüger werden?!

Haben wir ein System, das das Internet vor Kriminellen schützt? Haben wir Cyber-Sicherheit in unserem Land? Wie hoch ist das Niveau unserer Spezialisten?

Nach Angaben des Ministeriums für Innere Angelegenheiten wurden im Jahre 2017 152 Fälle von Cyberkriminalität registriert. 138 waren leichte Straftaten, 11 - mittlere und 3 - schwere Cyberkriminalität. Der Gesamtschaden belief sich auf 19.717.752 Tenge.

Sie müssen verstehen, was Cyberspace tun wird, so können Sie bestimmen, wie gefährlich es ist. In der Regel Internetsicherheit umfasst mehrere Bereiche.

Experten unterscheiden es durch drei:

- 1) Sicherheit in Cyber-Information, Kommunikation, Technologie;
- 2) Bekämpfung der Nutzung von Informations- und Kommunikationstechnologien für Zwecke der Cyberkriminalität;
- 3) die Nutzung des Internets für terroristische Zwecke, dh Propagierung, Aggression gegen den Krieg und die Androhung von Terroranschlägen.

Um die Cyber-Sicherheit zu verstehen, ist es wichtig, zuerst herauszufinden, wer ein Hacker ist. Sie haben auch mehrere Arten. Im Rahmen ihrer Online-Aktivitäten wird es in der Regel als Hacker in diesem Bereich bezeichnet.

Schwarz-Hacker - sie brechen Websites, geben persönliche Informationen ein und stehlen Geld. Und IT-Spezialisten, können sie die Website unter Verletzung des Programms zugreifen, aber mit den gleichen Schwächen, Fehler und stellt fest, dass es eine Bedrohung ist, den Eigentümer zu kontaktieren. Es gibt immer noch einige Hacklisten, die ihre Seiten brechen und ihre ideologischen Ziele umsetzen [3].

Im Jahre 2016 zwei Bürger von Almaty Schwarz-Hacker haben in Almaty den größten Internet-Kriminalität organisiert. Sie beschädigten Computer von 40 physischen und juristischen Personen per E-Mail, was einen Schaden von 50 Millionen Tenge verursachte. Um das virale Programm zu verbreiten, schickten sie zunächst ein offizielles Schreiben von Regierungsbehörden. Es hat eine virtuelle Datei, die offiziell über eine gefälschte Adresse registriert wurde, an mehrere Unternehmen verteilt.

Es ist schwer für das Land, solche schwarzen Hacker zu bekämpfen. Laut Experten ist selbst das staatliche Egov-Portal selbst anfällig für Viren.

Es gibt Hacker, die gefährlicher sind als Hacker. Sie sind ideologische Aktivisten. Erst gestern, durch das soziale Netzwerk, viele Jugendliche waren Selbstmordattentäter: Blauwal, ruhiges Haus, laufe oder sterbe, wecke mich um 4:20 schreckliche Spiele. Das ist die Welt aus den Händen von Hacker. Der Hacker hat ein spezielles Team in einem sozialen Netzwerk geschaffen. Der Jugend, durch sein Smartphone in diesem Spiel geht und gibt ihnen die Möglichkeit, seine Adresse zu finden. So macht es einfach, alle Informationen über seine Eltern zugreifen.

Es ist möglich, dass das Land Cyber-Angriffen religiöser Natur begegnen wird. Zur gleichen Zeit überwachen und verifizieren die Staatsanwaltschaft, das Innenministerium und die nationale Sicherheitsbehörde regelmäßig.

Spezialisten auf dem Gebiet der Cyber-Sicherheit sagen, dass der Cyber-Sicherheitssektor in dem Land schwach ist. Dementsprechend sind 90% der Websites anfällig für Viren. Im Jahre 2016 brachen die Hacker die Investment-Site und schrieben über Syriens Dais.

Am letzten Wochenende im Januar 2017 wurde auf der Website der staatlichen Stellen ein Massen-Cyber-Angriff verübt. Zu dieser Zeit meldete das Alarmsystem, dass 340 Seiten Hacker waren. 21 von ihnen sind in egov.kz registriert. Dieses Mal sagten Schatten-Tym-Hacker einfach, sie könnten ihr Land jederzeit bedrohen.

Um eine Website in Kasachstan zu durchbrechen, wird der Hacker eine große Anzahl von Plattformen finden, die alle Websites beschädigen werden. Also beginnt der Angriff. Also, wenn Sie bei egov.kz registriert sind, liegt es an Ihnen, angegriffen zu werden! Sind Sie und Ihre persönlichen Informationen, die wir in unseren elektronischen Dokumenten gespeichert haben, in den Händen des Hackers? Der Informationssicherheitssektor in unserem Land ist in einem sehr schlechten Zustand.

Bereits Ende 2016 gab es Berichte über Schwachstellen, die vom egov.kz-Registrierer entdeckt wurden, was bedeutet, dass alle auf egov.kz registrierten Seiten in Gefahr sind.

Dies bedeutet, dass keine professionellen Fähigkeiten benötigt werden, um administrative E-Government-Sites zu durchbrechen. Ein neuer Hacker kann leicht einbrechen. Die meisten unserer Spezialisten sind nur auf Benutzerebene. Es ist möglich, ein fertiges Antivirenprogramm zu installieren und mit kleineren Programmen zu arbeiten. Es ist unangebracht, Spezialisten zu beschuldigen. Weil die Ausbildung in der Hochschule ähnlich ist. In den Hochschulen wird es als Benutzer unterrichtet und weiß nicht, wie man ein Programm erstellt. Jetzt fängt es gerade an, die Industrie zu entwickeln. Im Allgemeinen ist dies ein sehr wichtiges Problem in unserem Land.

Der Staatsoberhaupt wies in seinem Schreiben 2017 an, digitale Technologien zu entwickeln, ein digitales Kasachstan-Projekt zu verabschieden und ein eigenes Programm zu verabschieden. Zur gleichen Zeit hat der religiöse Extremismus für 2017-2020 auch das Staatsprogramm auf dem Kampf gegen den Terrorismus erwähnt. Gleichzeitig ist es wichtig, Cyberkriminalität zu bekämpfen.

In seinem Schreiben an die Bevölkerung vom 31. Januar 2017 sagte der Staatsoberhaupt: "Die Relevanz des Kampfes gegen Cyberkriminalität nimmt zu. Ich rufe die Regierung und das Nationale Sicherheitskomitee auf, Maßnahmen zu ergreifen, um ein "System des Cybermobbings von Kasachstan" zu bilden.

Es ist notwendig, einfache Computerhygiene zu halten. Das heißt, Sie müssen zweifelhafte Seiten und Dateien vermeiden. Einige große Unternehmen installieren teure Antivirensoftware. Aber die Sekretärin hält keine Computerhygiene, öffnet alle Dateien, so viel Geld wird ausgegeben, wie viel Geld Ihre Computerhacker bekommen. Daher verbrauchen gewöhnliche Computer bis zu 90 Prozent der gesamten Cyber-Angriffsviren. Wir haben sogar ein einfaches Passwort für jeden in den öffentlichen Dienstleistungszentren, 1,2,3,6. Jeder weiß es und der Hacker kann auf Ihr persönliches Büro zugreifen. Wir haben keine einfache Computerkultur [4].

Das von der Verteidigung und Luft-Raum-Industrie vorgeschlagene Konzept der Cyber-Sicherheit fördert ein solches einfacheres Element. Erfassen Sie das Passwort, wenn Sie ein Netzwerk, einen Computer, ein Smartphone oder ein Tablet verwenden. Eine schlechte Praxis von egov.kz und ein niedriges Dienstleistungsniveau sowie unzureichende Kenntnisse im Bereich der Information und Kommunikation in Hochschuleinrichtungen werden ebenfalls in diesem Dokument erwähnt.

Laut unseren Experten ist der Kampf gegen Cyber-Angriffe im Land gesetzlich verankert. Ab 2018 wird die Informationssicherheit intensiviert. Wenn die inländische Cyberkriminalität fest ist, wird das Internet in unserem Land auch sicher sein.

Zusammenfassend ist es wichtig, sicherzustellen, dass Rechts-, Straf- und Prozessrechtsverstöße, Aufdeckung, Verfolgung, Verfolgung von Straftaten in Übereinstimmung mit dem Gesetz durchgeführt werden, sollte als eine alternative Wege betrachtet werden, die als eine der Möglichkeiten angesehen werden kann, das Problem zu lösen.

Das Problem der Cyberkriminalität ist aktuell. Um die globalen kriminelle Handlungen entgegenzuwirken verpflichtet, das Internet-System, durch ein neues Kapitel des Kodex Strafgesetzes ergänzt. Er wurde wegen Verbrechen gegen die Informationssicherheit angeklagt.

Liste der verwendeten literatur:

1. Das Schreiben des Präsidenten der Republik Kasachstan N.A. Nasarbajew Strategie „Kasachstan-2050“. Astana, Akorda 2012.
2. Das Schreiben des Präsidenten der Republik Kasachstan N.A. Nasarbajew „Kasachstans Weg -2050. Gemeinsames Ziel, gemeinsame Interessen, gemeinsame Zukunft“. Akorda am 17. Januar 2014.
3. Das Strafgesetzbuch der Republik Kasachstan, das Gesetz der Republik Kasachstan vom 3. Juli 2014 № 226-V // [electronic resource]: Eingang: online.zakon.kz/Document/
4. O.B. Muraschbekov. Kasachstan verstärkt Kampf gegen Cyber-Kriminalität // Wissenschaft und Leben von Kasachstan №2 (29). Internationales wissenschaftliches Journal 2015, Seiten 95-97.

language and possession of several others becomes a factor of personal competitiveness of the citizens of the country. At the state level, attitudes are developed that every Kazakh should know at least three languages: Kazakh, Russian and English. This will open up great opportunities for self-realization to the person, help him greatly expand his horizons and become as useful to his country as possible. The implementation of language policy should be based on a sense of patriotism, not on intolerance and negative emotions. Tolerance and loyalty are a positive moment that can support the consolidating basis of society. For the successful implementation of the goals of the ethno-lingual policy, a very painstaking, long-term work is needed. It will take time, a change of generations. There is optimism and confidence that we will achieve the tasks of language's improvement, and the time will come when the desire and ability to speak Kazakh will become natural for every citizen of Kazakhstan. In his speeches and addresses, President Nursultan Nazarbayev repeatedly spoke about the importance and significance of the development of multilingualism for a multinational Kazakh society. The President first announced the idea of the trinity of languages in Kazakhstan back in 2004, afterwards repeatedly returning to it. The head of state proposed to start a phased implementation of the cultural project "The Trinity of Languages". This fact that the new language policy of independent Kazakhstan begins today can serve as an example for other countries of the world in terms of the degree of popularity in the society and the level of its effectiveness. The meaning of English in the modern world is so great that its knowledge is not a privilege and a luxury. Once, computers, as well as mobile phones, could only be afforded by people of a particular social stratum. Now, these things are essentials. The same can be said about English. He is taught all and everywhere: in schools, universities, courses. It is understood that any educated person is simply obliged to know English, since it is his key to further self-education and self-improvement. English became the main language in the field of investment, international currency transactions and banking. Therefore, large corporations conduct English classes for their employees. The most ambitious young people dreaming of a career in finance are sent to study at universities of English-speaking countries to learn how to learn and increase their chances in the subsequent job search. Knowing English, you can safely go to travel to any, not even an English-speaking country and not to worry that you will not understand, because English is understood everywhere. Having learned English you can make friends in different countries of the Earth and communicate with them on the World Wide Web, and in the future, it is possible to stay with them. An important fact of studying English is that knowing this language, you get access to all fresh information sources, both electronic and printed, since almost all books and articles of world significance are written in English or translated into it. English is the most common language on the Internet. The Internet is 57% English-speaking. In business, science and technology, information technology, medicine and education, the latest publications are posted on English-language sites, and then on the rest. The largest number of books on business is published in English, while they are available on the Internet, for free or at a low price. If you know conversational English, and even more business, then you can use the fresh information you are interested in. This list of the advantages of English over others can be extended and extended, but we reviewed the most important and significant of them. From all of the above, you can draw a reasoned conclusion that every person who wants a good career growth, expand the boundaries of their communication, get fresh information from primary sources, open new life prospects and, in the end, diversify their lives and make it more interesting, learning English in the 21st century it is simply necessary.

References:

1. Актуальность английского языка в современном мире // Каталог статей [электронный ресурс] – режим URL: http://englishschool12.ru/publ/aktualnost_anglijskogo_jazyka_v_sovremennom_mire/3-1-0-852 (30.12.2009)
2. Виктория. Путешествие на английском языке // engblog [электронный ресурс] – режим URL: <http://engblog.ru/travels>

3. Выгода от знания английского языка // chemstat.com.ru [электронный ресурс] – режим URL: <http://chemstat.com.ru/publication/vigoda-ot-znaniya-angliiskogo-yazik> (02.08.2014)

Kabyzbekova M., student KEUK

Karpenko K., student KEUK

Scientific supervisor: candidate of philological sciences, professor Aubakirova G. T.

THE PROBLEMS OF MULTILINGUAL EDUCATION IN KARAGANDA ECONOMIC UNIVERSITY OF KAZPOTREBSOUZ

*“Knowing many languages means to have a lot of keys to one lock”
Voltaire*

The policy of trinity is part of the national ideology aimed at the formation and development of competitive Kazakhstan. Developing three languages, we must not forget about the importance of the state language, which should become a consolidator of the people of Kazakhstan. It is planned that by 2025 the Kazakh language will become the leader in all spheres of life, will become the language of universal communication.

Accordingly, a foreign language, and in particular English, which is spoken by half the world, is a language of successful integration into the world economy, an international image of Kazakhstan. The most important step on this path, playing a key role, was the accession of Kazakhstan to the Bologna agreement. Now the requirements for owning a foreign language have acquired specific outlines in the form of direct contact with foreign universities at different stages of university and postgraduate training.

One of the most urgent tasks of modern Kazakhstani education is the formation of a polylingual personality. The urgency of the problem under consideration is due to the triune language policy of our state, the need for a phased implementation of the cultural project «The Trinity of Languages», improving the quality of teaching the Kazakh language as a state language, as a language of interethnic communication and English as a successful integration into the global economy.

Already at school age, one must learn to live and communicate in a multicultural society. Ability to be aware of belonging to one's own national culture and, understanding, respect the identity of the culture of one's interlocutor. Our students live and grow up at a time that psychologists call the time of «information explosion», intense interpersonal contacts, when the friendly and business connections of modern people are not usually limited to their environment, but, on the contrary, very often go beyond it. That is why the mastering of a particular language must be built taking into account modern world trends and cover various areas of language use in order to prepare students for life in conditions of multilingualism and globalization, to dialogue in intercultural communication. Therefore, before the school today, the task is to educate a multicultural personality; the main mission of education is defined - providing conditions for self-determination and self-realization of the individual; the way is indicated, according to which this personality was formed, the child's entry into the culture of his people.

Ignorance of languages entails a loss of competitiveness in the labor market both outside and within the country, isolation, limited legal capacity, the inability to participate fully in the dialogue of cultures.

It is often possible to find a situation when teachers and parents do not make special efforts to fully develop the child's speech, do not have information about how the speech is formed in children-bilinguals. In this case one speaks of so-called spontaneous bilingualism. This happens when the parents do not plan the language of communication with the child in advance, do not control their speech, mix languages, do not pay attention to the child's speech deficiencies, and

also if on the street children speak a language other than at home, when «home» and «street» languages are mixed without any attention.

The development of three-language education at the university contributes to the systematic implementation of this policy to determine the most effective methods and the further development of a poly-linguistic, functionally competent personality.

Trilinguality is one of the priorities of our country, where the state language plays the main role. The head of state repeatedly noted that the Kazakh language should become a unifying factor for the whole society.

Why study English? Because it communicates the whole progressive world. It is the language of science and technology. It conducts most of the research in the economy and business. Knowledge of English opens up great prospects for man.

There is an opinion that the policy of Kazakhstan regarding languages infringes on native speech. However, it is not. The concept of trilingualism in the Republic of Kazakhstan provides for the creation of conditions for the study of the Kazakh language by other peoples who live on the territory of the country.

Knowledge of English will help with admission to the best schools and universities, prospects in the work.

At the XVII session of the Assembly of the People of Kazakhstan, the Head of State noted that «we set the goal by 2017 for the mastery of the state language by 80% of the population of the republic, and by 2020 at least 95%, by 2020 the proportion of the population who speaks English should be at least 20 %».

It is from this moment that the new language policy of independent Kazakhstan begins, which today can serve as an example for other countries of the world in terms of the degree of popularity in the society and the level of its effectiveness. Harmoniously entering the process of spiritual development of the people, language policy is inseparable from the general policy of large-scale social modernization. The President believes that for the success of modernization it is very important that every citizen is useful to his Fatherland. Modernization is needed by all Kazakhstanis. Only with this understanding can wide public consensus and success be achieved.

«We must make every effort to further develop the Kazakh language, which is the main factor in the unification of all Kazakhstanis. At the same time, create favorable conditions for the representatives of all ethnic groups living in the country to be able to freely speak, learn in their native language, develop it», - President Nazarbaev of Kazakhstan.

«Kazakhstan should be perceived all over the world as a highly educated country», the President repeatedly emphasized, «whose population uses three languages. These are: Kazakh language is the state language, Russian is the language of interethnic communication and English is the language of successful integration into the global economy».

In each of his messages to the people of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev strives to concentrate his attention on the development and improvement in the sphere of education, culture, and especially knowledge of languages. It is not the first time that our President notes that it is very important nowadays to develop language policy in modern Kazakhstan society, since it is necessary for the successful future of the younger generation.

Integration of Kazakhstan into the world community is possible only if we own the dominant languages, then the world will open to us. Also, language policy will increase the country's competitiveness, strengthen public consent.

In 2007 in Kazakhstan at the state level «cultural project» Trinity of languages «was adopted» - Kazakh, Russian and English. However, this idea had both supporters and opponents.

William May Fierman, Director of the Center for the Study of Central Asia and Kazakhstan at the University of Seattle (USA), William Fierman, assessed the idea as correct on May 15, 2008 at the international scientific and theoretical conference «Poly-linguism: Language-Consciousness-Culture» that opened in Almaty, but stressed that for the Kazakh language the problem is that there is a low demand for it, as in the state language.

On November 26, 2009, well-known figures of culture, literature, as well as editors-in-chief of newspapers and magazines published in the republic, representatives of the intelligentsia, leaders of public organizations - signed by 124 people, with the support of more than 5,000 citizens, said that thanks to the «trinity of languages» the Kazakh language will gradually die out, and Russian and English will occupy a dominant and progressive role.

The development of three-language education at the university contributes to the systematic implementation of this policy to determine the most effective methods and the further development of a poly-linguistic, functionally competent personality. In order to implement the program of multilingual education, the university prepares students in three languages, the number of multilingual groups increases every year. Highly qualified teachers work in poly-linguistic groups, trained and trained in foreign universities.

Young people now understand that the main advantage of the program of multilingual education is the fluency in three languages, which is very topical at the moment and does not feel any language barriers. The number of languages on which a person can freely express their thoughts has always been one of the indicators of education and the level of culture. Naturally, one language is not enough to know, the more languages a person knows, the more competitive it is. The modern young man, not knowing languages, will lag behind in reception of that information which is necessary for professional growth.

To implement any task, you need to have a clear, clear goal: «What do we want to achieve?». The study of the Kazakh language in schools is allocated six hours a week for 11 years. Then they continue to study in colleges and universities. But at the same time, leaving the educational institutions, children do not speak it. Because the curriculum in our state is more focused on the grammar and translation methodology of teaching. For today this is a big problem, which does not allow developing four necessary skills: reading, speaking, listening and writing.

Ideally, when on all kinds of carriers, phones can be loaded with good teaching materials for learning Kazakh, Russian and English. You go on the bus, put on headphones, and read, listen or study. That's what you need to do. To do this, we need a strong team of indifferent professionals, teachers and programmers, developers who together will create such things specifically for the people of Kazakhstan.

Trilingualism is a direction that is receiving much attention now, both from the state and from society. Today, the problem of trilingualism, the methods of development of this program, many see in different ways. But we must remember that this is our common task and responsibility. Because we are today, building our tomorrow. The increase in the number of people who speak three languages is possible with a scientific approach to this issue, the application and implementation of innovative methods, as well as using the available experience, which contributes to the effective study of languages.

With the direct participation of the basic universities on the introduction of multilingualism by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan in 2012, the Concept for the development of multilingual education is developed, which analyzes the conditions and opportunities of the modern education system for the realization of the idea of a triune language and identifies the priority areas for the development of a multilingual education.

This implies, first of all, a revision of the content of modern language education in general, which will require developing a package of documents that determine the strategy and tactics of studying languages in the educational system of the Republic of Kazakhstan. Along with this, it is necessary to construct a new content of language education, conceptually based, programmed, the implementation of which should be regulated by standard requirements, scientifically based prescriptions and recommendations.

One of the important factors in the development of multilingualism is research in the field of ethnolinguistics, within which scientifically based recommendations and prescriptions for educational practice on the rational combination of spheres of influence, functioning and development of languages should be developed.

The current stage of the development of multilingual education in Kazakhstan requires specific organizational forms of its implementation, which can be addressed by the Republican Coordination and Research Center on the problems of multilingual education, centers for the development of multilingual education in universities and regional departments of education, training seminars on the implementation of the level model of education Kazakh, Russian, English languages, mechanisms of pedagogical monitoring of multilingual education.

Ultimately, language is the pivot of a nation-state. And so the question of language is not only cultural, but also political.

This study was based on questionnaires conducted among students with different levels of English. The study was conducted in Karaganda Economic University of Kazpotrebsouz. Interest in students of Kazakh universities is dictated by the fact that this age is characterized by the formation of their own social, ethnic, political, ideological notions and is a purposeful and rapidly developing social unit.

For the study, a questionnaire was developed, which consists of 17 questions.

The survey involved 100 students from 1 to 3 courses studying English as a foreign language. The average age of the respondents is 20 years. The respondents' coverage of the training course is distributed evenly: 35% of the students study in the first year, 35 - in the second year, and 30% in the third year.

The native language is Kazakh for 37% of students and Russian for 63% of students. The distribution of respondents by degree of proficiency in English is shown in Table 1.

Table 1

Level of English proficiency	
Mark	Percent (%)
«Excellent»	20
«Good»	60
«Satisfactorily»	20

As can be seen from Table 1, most students rated their knowledge of the degree of language proficiency in the "Good" score (60%). At the same time, it should be noted that 81% of the respondents answered positively to the question «Is it necessary for a person to have a good knowledge of a foreign language?», Which indicates the relevance of the study. But at the same time, 43% of respondents have difficulties while learning English. 49% of students consider English to be difficult to study and identify a number of factors that make it difficult for them: a small number of allocated hours, a lack of literature, a weak interest in the language, and a dry supply of material.

Analysis of the data showed that 91% of respondents use several languages in the speech simultaneously. At the same time, 64% of respondents do not face problems in using several languages simultaneously. The remaining 36% of students find it difficult to use multiple languages in speech simultaneously.

Table 2

Introduction of trilingual in universities	
Assertions	Percent (%)
Only for certain specialties	63
For all specialties	25
Difficult to answer	12

As can be seen from Table 2, 63% of respondents believe that polygamy should be used only for certain specialties, for the rest it is enough in one mother tongue, 25% agree that polygamy should be introduced for all specialties, 10% find it difficult to answer.

Table 3

Free expression of thoughts	
Assertions	Percent (%)

Yes, but the university did not help it	22
Yes, it became possible due to the university education	19
No	37
Difficult to answer	32

As shown by the results of the survey, 41% of students can freely express their thoughts in English (Table 3), of which 19% was made possible through training in the university and 22% of the university did not contribute to this. 37% of students do not have sufficient knowledge to express their thoughts in English and 22% of students find it difficult to answer.

Students expressed their personal attitude to the necessity of knowledge of a foreign language. Here are the thoughts that were fixed: The need for knowledge of a foreign language lies in the great prospects associated with the future profession, in studying abroad, in establishing international relations.

Also noted are forms of work convenient for learning at the lesson of a foreign language. The main ones are: practice of colloquial speech, game form, interactive, watching films in the lesson, and various other creative forms of teaching.

It was revealed that the majority of students (60%) do not read books in the foreign language being studied. But at the same time, a lot of students (86%) watch films in the original, and consider that films help when teaching a foreign language.

In the course of our study, the attitude of students towards polygamy in Kazakhstan was determined. The results of our study showed that in whole, trilingualism is perceived by students as a positive phenomenon. It was also revealed that the introduction of polygamy leads to success in teaching.

The problem of trilingualism is today considered in various aspects, and one of the most important among them is the attitude of the trainee to it. We believe that the introduction of polygamy into the educational sphere of Kazakhstan is one of the most important factors for the development of Kazakhstan as a strong state with a developed economy, opportunities for universal labor and Kazakhstan's entry into the rating of the most developed countries of the world.

This article is just an attempt to determine the attitude of students to trilingualism and to identify problems that arise during the educational process.

Links to sources:

1. "Sagadiev told how he will introduce trilingualism in schools" IA News - Kazakhstan on March 9, 2016
2. "Kazakhstan «TRILKUAL» - unique formula of language policy" Innovation in science: sat. ct. on mater. XI International Scientific-Practices Conference part II. - Novosibirsk: Sibak, 2012.
3. "Trilingual as a pass to the big world" LLP "Internet Portal Nur" (Internet Portal Nur), 2009-2017
4. The functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2001-2010. // The Kazakh truth. - 2001. - № 47-48. - Feb. 17

Рымбеков Б., ТҮР-12 тобы студенті, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.магистрі Келмағанбетова Ш.С.

АЙТЫС, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айтыс — ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

Айтыс — синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі әсер-ықпал жасап отырған. Батыр және лиро-эпос жырларына да әсерін тигізіп, өзі де арнасы кең мол салаға айналған.

Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар. Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс қазақтан басқа арабтың бәдеуилер тайпасында және түрік тілдес елдердің бірқатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында бар. Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркемөнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп бір бүтін өнер саналып, әні де, өлеңі де, оны шығару да, орындау да, қимыл, бет құбылысы, тағы басқалары да қосыла жүрген дәуірде туса керек деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек.

Айтыстың ескі түрі деп есептелетін бәдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, басқа айтыстардың ішінде қайсысы ерте, қайсысы кеш туды, оны айту қиын. Дегенмен, кейбір айтыстардың мазмұнына, лексикасына, сөйлем құрылыстарына қарап, қай заманда пайда болғанын топшылауға болады. Мысалы, жануарлар айтысына, өлі мен тірінің айтысына қарағанда, жұмбақ айтысының анағұрлым кеш туғандығы анық.

Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл күйі мен өнер сынасу болса, ақындар айтысында өнер салыстыру, сөз сынасудың үстіне әр ақын өз руын дәріптей жырлаушылық келіп қосылғанын көреміз. Әсіресе бұл ХІХ ғ. етегін кеңірек жайған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар: Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Бала Омар, Біржан, Сара, т.б. түрлі тақырыпта шығарған қысқа өлеңдерімен қатар, айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған. Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Тек қазақта ғана емес, бүкіл Шығыс елінде бар айтыс қазір өзінің жанрлық қасиетін, түрін қазақ әдебиетінде ғана сақтап қалып отыр.

Ақындар айтысында "жаттама (трафарет) өлеңдер аз болады" (С.Мұқанов). Олар өлеңді табан астында шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Екі ақын да бірін-бірі тығырыққа қамау үшін, бірін-бірі сүріндіру үшін, өмір құбылыстарын жұмбақ етіп те тартады. Соның бәріне ақындар жөпелдемеде жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, ел-елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Олай болмаған күнде құр ділмарлықпен ештеңе өндіре алмайды, сайыста дәрменсіз болып қала береді. Жаттанды сөз өрнегін қолдану ақынға абырой әпермейді. Ақындар айтыстың бас кезінде асқақ әуенге басады, өздерінің мойны озық сөз жүйрігі екенін таныта, қарсылас ақынын тұқырта, кеміте, үркіте сөйлейді. Әсет пен Ырысжан айтысында Ырысжан:

Дау айтып күні бұрын көрсетпелік,
Майданда озса жүйрікке есептелік.
Орта жүз түгел білген Ырысжанмын
Үш кессе қауқарым бар кесірткелік,
– деп, Әсетті ықтыра сөз тастайды, ал Әсет оған:

Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ,
Алты арысқа білінген екен менмін,
– деп, асқақ жауап катады.

Ақындардың бірден асқақ кетуі тек бірін-бірі ығыстырып үркіту, тұқырту ниетін көздемейді, олар сонымен қатар бір-бірінің аяқ алысына, сөз саптасына, өнерлілігіне барлау да жасау мақсатын көздеген. Сөз майданында тосын кездескен, бір-біріне танымал емес ақындардың мұндай барлау жасауы табиғи да.

Ақындар айтысының тағы бір ерекшелігі "ойында өрелік жоқ" дегендей, айтысқа үлкен де, кіші де, еркек те, әйел де қатынаса береді. Тек талант-дарыны болса, бәйгеге түсер шамасы болса болғаны. Майталман ақынның жарыста таныла бастаған балаң ақынмен, ұлғайған ақынның жас қыз, келіншекпен айтысуы, сөзбен сілкілесуі шам емес.

Сонымен қатар айтысып отырғанда, ақын өзінің жеңілгенін білу де айтыстың негізгі шартының бірі болып саналады. Сөзге сөз табу, орынды жерінде ұтымды сөз айту сияқты өзінің, жеңілгендігін білу де жоғары бағаланады. Жеңілгеніне қарамай, құр босқа төпей беруді көпшілік дарындылық, ақындық деп танымайды. Мұндай қылықты қазақ айтысқыштық, ұтымшылық деп санамайды. Оны қазақ "сиыршылау" деп атайды. Шынайы ақын өзінің ұтылғанын білсе, бірден жеңілгенін мойындап, әрі қарай сөз таластырмайды. Ауыз әдебиетінің басқа жанрларына қарағанда, айтыстың ерекшелігі – оған көптеген әйел ақындар қатынасқан. Қазақ ақындар айтысында талантымен танылып, бүкіл елге аты жайылған әйгілі ақындар аз емес. Сара мен Ырысжан, Ақбала мен Күнбала, Тоғжан мен Тәбия сияқты ақындар – топтан озған жүйріктер. Осындай аяулы өнер иелерін халық қатты ардақтаған.

Өлшеусіз талант әрі әнші екі саңлақтың шешен сөздері – өзінің көркемдік жағынан күні бүгінге дейін үлгі. Бұл айтыстың сөздері анықтық, тазалық, дәлдік жағынан болсын, көркемдік, сұлулық жағынан болсын қазақ поэзиясының төрінен орын алады. Үздік теңеу, эпитет, жалпы троп пен фигураның бұл айтыстан небір шұрайлылары табылады.

Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес, Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес, – деген жолдардағы эпитеттік метафоралар, "қырандай желді күнгі аспандаймын" деген жолдағы теңеу үздік образдар екені сөзсіз. Біржан өзін де, біреуді де дәріптегенде, өте шебер және көбірек қолданатын әдісі – метафора, әсіресе оның ұлғайған түрі. Сол көркем сөз айшықтарын екі ақын да өз арман-мұраттарын, мұң-шерін айтып беру үшін шебер пайдалана білген. Біржан сөздеріндегі алуан түрлі эпитет, метафоралар, Сара сөзіндегі үздік теңеулер соны да көркем. Біржан мен Сара айтыстарында ақындық көркем тілдің және бір түрі — ирония мен сарказмды шебер де ұтымды қолданған. Әсіресе айтыстың соңында Сараның Жиенқұлды шақыр деген жеріндегі сөз, сөйлем құрылысын алсақ, түгелдей ирония, сарказмға құрылады.

Көрінсін Біржан салға ай секілді, Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді, Ұсынса, қол жетпейтін арғымағым, Біржанға баламаймын тай секілді...

Мұнда сөйлемнің сыртқы құрылысы көркем, асыра мақтау болса да, ішкі мазмұнында Жиенқұлдың шын суреті мен шын қасиеті бұл мақтауды жоққа шығарады да, оны иронияға (әжуаға) айналдырады. Мұнда сырт жағынан болса да мақтау бар. Ал екінші үзіндіде Сара Жиенқұлды ашық шенейді:

Қонжиып мінер Құла жорға барса, Келе алмас ол шірігің қорғаласа, Ол бізді шын масқара қылар сонда, Қорс етіп бармаймын деп үйде қалса.

Алдыңғы үзіндіде ішкі мазмұнына сыртқы құрылысы керісінше келсе, соңғы үзіндіде өзінің барлық күйін ашық, улы сарказммен айтып, Жиенқұлды өлтіре сынайды. Сол арқылы өз басын малға сатып, сүймеген адамына бергелі отырған айналасына да наразылығын білдіреді. Сөйтіп, "Біржан мен Сара" айтысының негізгі түйіні – әйелдің бас бостандығы. Өткен ғасырда екі саңлақтың үн қосып, әйелдің бас бостандығын жырға арқау етуі, ескі феодалдық салтқа қарсы шығуы өз дәуірі үшін прогресшіл идея еді. Құрылысы, түрі жағынан алғанда, бұл айтыс – салт айтыстың ең биігі.

Айтыс - әдебиет жанры болғанымен, ертеден қалыптасқан халықтық дәстүрдің үлкен түрі. *Ойын, той, ас, қыз ұзату, келін түсіру* сияқты қазақ тойлары жүйрік ат, білекті палуандармен бірге айтыс ақындары да қатысып, олар айтыс арқылы той қызығы мен мәртебесін көтере түскен. Әрине мұндай жерде айтыстардың өз мақсаты, талабы, шарты бар. Көшпелі елдің қызық-қуанышын бөлісіп келген айтыс халқымыздың сан алуан ойын-той, әр түрлі дәстүрлі думандарда қуана қызықтайтын театры іспеттес болған. Жұрт көпшілік алдында сөз сайысына түскен екі ақынның жеңіске жету жолындағы тапқырлықтары мен алғырлықтарына куә болып, солардың біреуінің намысын жыртып,

тілеуін тілейтін жанкүйеріне айналады. Бұған айтыстың сауықшылдық, эстетикалық ләззат беретін сипаттары да айтарлықтай қызмет атқарады. “*Аттың жалы, түйенің қомында*” дегендей көп дайындықты керек етпейтін айтыс кез келген жерде өте береді де, мұның тыңдаушысы да, бағасын беріп төрелік айтушысы да халық немесе қадірлі ел ақсақалдары болады. Айтыстың дәстүрлі өнерге айналуына көшпелі өмір салты тікелей әсер еткені байқалады. Көшпелі елде шілдехана, ойын-тойға ерекше мән беріліп, қонақ кәдеден бастап, кішігірім ауыл айтыстары да өтіп отырған. Бұлар ертеңгі көрнекті айтысқа бастайтын дайындық тәрізді бүкілхалықтық сипат алған. Арқалы айтыс ақындары бірін-бірі іздеп келіп айтысатын дәстүрге жалғасты. Бір де бір үлкен жиын, ас-той ақындар айтысынсыз өтпейтін болды. Бұл дәстүр айтыстың сан алуан мазмұнды, мол ауқымды жанрға ұласуына қолайлы жағдай жасады.

Қазақ қоғамында ақынның ақын болып танылуы да тек айтыс арқылы жүзеге асқан. Көбіне-көп айтыста жеңілген ақын өткен айтысты ел арасына таратуға міндетті саналған. Сөйтіп, бір-біріне логикалық ой-жүйемен терең жымдасқан екі ақынның өлеңдері біртұтас дүниеге, қисса, дастан секілді желілі шығармаға айналған. Айтыс ақындарының ұғымында өлең белгілі бір кісіге қонатын өнер саналған. Кемпірбай, Базар, Бұдабай, Бақтыбай, Сүйінбай, Жамбыл тәрізді ақындар өлеңнің “киесі бар, иесі бар” деп білген. Мысалы, Бұдабай, Бақтыбай, Жанак ақындар түсінде бір ақсақалды әулиенің “өлең аласың ба, көген аласың ба?” деген тандатуынан соң, өздерінің өлеңді қалағандарын айтады. Бұл табиғатынан осы өнер түріне бейім жаратылған ақындардың ой-қиялының жемісі болуы да ғажап емес.

Айтыстың негізгі салмағы да, түйіні де өмір шындығы. Бетпе-бет келген екі ақын да сол орайда жеңудің сан алуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастырады. Ә дегеннен амандасу, ел жағдайын сұраудың өзінде айтыс боларлық түйін, сын тағарлық мәселелер іздестіріледі. Қарсыластардың қай-қайсысы да негізгі уәж, аталы ойларын бірден жайып салмай, аңысын андап, құрылған тор, айлалы қақпанға түсіруді көздейді. Оның алдын орап, матап, шырмап, қисынды да уәжді сөзбен тоспақ болады. Машығы мол, айла-тәсілі көп, аталы сөзді орнымен қолдана білген ақын ғана мәрелі жеңіске жетеді. *Суырып салма өлеңге ысылған, ағыл-тегіл жыр иесі айтыста сөз таппағаннан жеңілмейді, аталы сөзден, жүйелі ойдан, бұлтартпас шындықтан тосылады.* Мұны қанша өкінішті болса да жұрт алдында ашық мойындауға, кейінгі жырлау кезінде жасырмай айтуға мәжбүр болған. Бұл шыншылдық ойды “Аталы сөзге арсыз жауап қайырады” деген мәтелімен айтыстың әділ қазысы болған халық өзі түйіндеп отырған.

Айтыс түркі елдерінде көне дәуірден белгілі. Махмұд Қашқаридің “Диуани лұғат ат-түрк” атты еңбегіндегі “*Жаз бен Қыстың айтысы*”, Қожа Ахмет Иасауидің “Диуани хикметіндегі” Жұмақ пен Дозақтың айтысы” бұл жанрдың ғасырлар қойнауына жол тартатынын аңғартады.

Әуезовтің айтыс жанры туралы сүбелі еңбегінің бірі - 1946 жылы Жамбылдың 100 жылдық мерейтойында жасаған «*Жамбылдың айтыстағы өнері*» дейтін баяндамасы («*ҚазКСР ғылым академиясының хабарлары. Әдебиет сериясы*», 1948, N2 55). Бұл еңбегінде автор ақындар айтысының үш халықта - қазақ, қырғыз, қарақалпақтарда бар екенін айтады. Ақындар айтысына ұқсас жанрдың көшпелі араб тайпаларында бар екеніне (мұғалақат) тоқталып, қазір ірі жанр ретінде жоқ болғанмен, ертерек уақыттарда Еуропа халықтарында да айтысқа ұқсас жанрлар болғанын атап көрсетеді. Айтыскер ақынға тән қасиеттер ретінде алғыр импровизаторлық қасиет, дүниетанымның кеңдігі, тапқырлық, батылдық тағы басқа қасиеттерді санамалап айтқан. Жамбыл айтыскерлігін мысалға ала отырып, айтыстағы демократиялық үрдістің дамуын және жыршылық дәстүрдің айтыс ішіне кіру ерекшеліктерін талдаған. Айтыс жанры - 19 ғасырда Ш. Уәлиханов, В. Радловтардан басталған үлкен ғылыми-зерттеу тарихы бар жанр. Әуезовтің әсіресе 50-жылдардағы зерттеулері бұл саланы жаңа сапалық биікке көтерді. Қазақ КСР Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының 1960, 1964 жылдары шығарған «Қазақ әдебиеті тарихында» (1-том, 1,2-кітаптар) дәстүрлі айтысқа

және кеңес дәуіріндегі айтыстарға арналған тарауларында айтыс жанрының зерттелуі туралы салиқалы ойлар келтірілген. Ондағы «Айтыс» тарауын, 60-жылдарда шыққан 3 томдық *«Айтыс»* жинағының алғы сөздерін Әуезов жазып, айтыс поэтикасы туралы озық ойлар, тартымды тұжырымдар айтқан. Айтыстың жиналуына, зерттелуіне қал-қадерінше еңбек сіңірген алғашқы ғалымдар Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Ә. Диваевтардың еңбектеріне тоқталған. Әуезовтің «Ақындар айтысы - көпшілік алдында, тыңдаушы, сыншы журттың көз алдында туып, орындалады. Әнмен не әр ақынның арнаулы сарынымен: қобыз-ға, домбыраға, гармонға қосылып айтылады. Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік айтушы да сол жиынның өзі болады» деген пікірлерін айтыс поэтикасының негізі, әліппесі деу керек. Тыңдаушы орта жайындағы пікірлері де әлі күнге дейін өте маңызды. *«Оның үстіне, көбінесе, тыңдаушы жұрт екі жақ болып, екі ақынның туысы, тілеулесі, жақын ортасы болады. Сондықтан тартыс, талас тек екі ақын арасында ғана емес, бәсеке тілеулестік екі жарылған жиында да болады»* деген қағидалар ұсынады. «Осы айтылған ерекшеліктердің барлығы, ақындар айтысын, тыңдаушы көпшілік үшін әр кезде театрлық, драмалық аса қызу әсері бар, өнер түріне айналдырады» деп, айтыста драматизм элементтері, театрлық белгілер бар екеніне ден қояды. Әуезов ақындар айтысы салт айтысының дамуы негізінде шыққанын, 16-18 ғасырлардағы ақындар айтысының бізге жетпегенін айтады. Арабтардағы *«мұғаллақат»*, Үндістан, Иран елдерінде *«мұшайра»* жанрлары талданған Еуропа халықтарындағы импровизация белгілері бар әдеби фактілер келтірілген. Ақындар айтысы (қазіргідей, бірден жазып алынбаған) дәл айтылған қалпында сақталмайды, айтушылар ақынның өзі, одан ұғып алған басқа ақындар, шәкірттері негізін сақтай отыра жырлайды, бірақ бәрібір өзгеріске ұшырап, редакцияланады. Жеңу мен жеңілу мәселесіне талдау жасалып, құр шешендіктен, төкпеліктен гөрі логикалық қарым негізгі себеп екенін дәлелдеген. Айтыстың тақырыбы мен идеясына келгенде, таптың, халықтың мәселелерін қарап, ақынның идеялық көзқарастарынан барып туындайтын айтыскерлік бітім, шығармашылық ерекшеліктері талданады. Әуезов айтысты негізінде - әдет-салт айтысы және ақындар айтысы - деп екі түрге жіктеген. Ақындар айтысын - түре айтыс және сүре айтысқа бөлді. Ғалымның айтыс түрлеріне берген анықтамалары әлі күнге айтыс түрлерін ажыратудағы негізгі пікір болып келеді. Түре айтыстың бір шумақ өлеңін екі түрге ажыратқан. Бірі - қайым өлең, екіншісі - қара өлең. Әдет-салт айтыстары *«аса ескісі, жекелеген айтыс емес, топ-топ болып айтысқан, салттан туған, ескілікті наным әдеттерден туған айтыс»* деп, бұл айтыстарды діни салт айтыстарына (бәдік), үйлену салт айтыстарына (жар-жар) жіктеген. *«... әдет-салт айтыстарында «жеңу», «жеңілу» сияқты қорытындылар болмайды»* дейді. Ақындар айтысына тусуші ақындардың өзіндік стилі, ерекшеліктері болғанымен, көп ақындарға тән тақырыптар, мотивтер болатынын айта келіп, ең алдымен көп жағдайда ақындар алдымен өздерін мадақтайтынын, белгілі бір ру, тайпаның мүддесін көздейтіндігін, белгілі бір әлеуметтік топтың жоқшысы болатындығын айтады. Бір топ ақындар ауқатты үстем тап өкілдерінің мүддесін көздесе, екінші бір топ ақындардың жалпы халық мүддесіне жақын тұратынын мысалдармен дәлелдеген. Бұл еңбекте Жамбыл, Құлмамбет, Майкөт, Сүйінбай, Біржан-Сара айтыстарына баға беріліп талданған. Тараудың соңында діни айтыстардың табиғатына тоқталады. «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томының 2-кітабындағы «Айтыс» тарауында кеңес дәуіріндегі айтыстар қаралады. Бұл дәуірдегі айтыстың дәстүрлі айтыспен қарым-қатынасы, ұқсайтын, ұқсамайтын жақтары қарастырылып, осы ерекшеліктерді тудыратын себептер айтылған. Қоғамдағы ірі өзгерістерге, белгілі оқиғаларға байланысты жаңа тақырыптардың тууы, ақындардың өзіне баға берудегі өзгешеліктер, жаңа жағдай туғызған ақындық этика нормалары, шаруашылық мәселелерін тақырып ету, белгілі оқиға, тақырыпқа бейімдеп айтысу, жазып айтысу тағы басқа айтыс проблемаларын Әуезовтің зерттеулерінен көреміз. Кеңес өкіметі кезіндегі ақындар айтысы туралы ойларын сол кездегі идеологиялық талаптарға сәйкес талдаған жерлері де бар. Иса Байзақов, Шашубай Қошқарбаев, Нұрлыбек Баймуратов, Көшен Елеуов, Нартай Бекежанов тағы басқа ақындардың айтыскерлік ерекшеліктеріне жан-жақты баға берілген.

Әуезов 1943 жылы Алматыда өткен 1-республикалық ақындар айтысына ғылыми қорытынды жасап, баға берді. 1961 жылы өткен халық ақындарының республикалық мәслихатын да басқарады. Осы күнге дейін Әуезовтің айтыс жанры туралы, әсіресе айтыс поэтикасы туралы зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымындағы ең озық еңбектер болып саналады.

«Литературная газетада» 1959 жылы 24 ақпанда жарияланған. Мәскеудегі Орталық әдебиетшілер үйінде өзбек әдебиетін талқылау туралы жиында Әуезов бұл туысынан әдебиеттің сол кездегі жағдайы мен дамуы жөнінде келелі пікір қозғап, салиқалы ойлар айтқан. Орыс әдебиет сыншысы А. Караваева сынаған П. Қадыровтың «Үш тамыр» романына өзінің жылы пікірін білдірген. Сондай-ақ Әуезов бүкіл өзбек әдебиетінің жай-күйіне де әділ баға беріп, оның алдағы уақытта даму процесі туралы нақты ұсыныстарын ортаға салған. КСРО кезінде ұлттық әдебиеттің одақтас республикалар әдебиеті мен өнерінің он күндігін өткізіп туру дәстүрі ұлттық әдебиетті дамытуға игі ықпалын тигізген еді. Ол ұлттық әдебиеттің жетістік-кемшіліктерін кеңінен талдауға мүмкіндік берді. Сөйтіп жазушы немесе ақын өз шығармасына назар аударылғанын бірден сезінді. Сондықтан Әуезовтің бұл мақаласы бауырлас өзбек қаламгерлеріне шабыт беріп, жаңа шығармаларын терең құлшыныспен жазуға жетелегені анық.

Әуезов кейінгі зерттеуінде айтыс өлеңдерінің жиналып, зерттелу тарихына және басқа халықтардың ауыз әдебиетінде кездесетін кейбір ұқсас жанрларына қысқаша шолу жасап, қазақ айтыс өлеңдерінің өзіндік әр алуан ерекшелік, өзгешеліктерін ашып айқындайды. Айтыс өлеңдері ауыз әдебиетінің сонау ескі замандардан келе жатқан ең көне әрі кең тараған мол түрі болумен қатар, онда халық театр өнерінің де «анық, дәл ұрығы бар деуге болады» деген пікір айтады. Айтыс өлеңдерін автор әдет-салт айтысы және ақындар айтысы деп, үлкен екі түрге бөліп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, талдаулар жасайды. Әдет-салт айтысын өте ескіден келе жатқан түрлі наным, салттан туған, топ-топ болып айтысатын «бәдік айтыс» және «жар-жар» деп екі түрге бөліп қарастырады. Ақындар айтысын сыртқы көлеміне, түр ерекшелігіне қарай «түре айтыс» және «сүре айтыс» деп екі топқа бөліп, түре айтыстың өзін «қайым өлең», «қара өлең» деп екі үлгіге жіктейді. Мұнда жазушы айтыс өнерінің жүйірігі ретінде аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Шәдітәре, Манат қыз, Түбек тағы басқа ақындар айтысының кейбір үлгілеріне тоқталған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. "Қазақ Энциклопедиясы".
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011.
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.

Сансызбайқызы Д., УА-14с тобы студенті, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.магистрі Келмағанбетова Ш.С.

ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Мақал-мәтелдер бір ғасырдың ғана жемісі емес. Мақал-мәтел-халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешетін асыл мұра, ақылына ақыл қосатын, жарқын болашағына дұрыс бағыт сілтейтін, өмірді

танытатын қамқоршы. Онда халықтың өмір сүру барысындағы барлық тәжірибенің өнегелі өсиеттері айтылған, халық даналығы сақталған.

Қазақтың мақал-мәтелдері –көркем әдебиетте сөздің әрін келтіретін, айтайын деген ойдың мағынасын толықтыратын, сонымен қатар ұтымды да ықшам қолданатын әдемі форма. Өйткені бұл – мол тәжірибенің ұзақ уақыт әбден сұрыпталған, екшелген, сыннан өткен асыл түйіні.

Адамның мінезіндегі жат қасиеттер де мақал-мәтелдерде жеркенішті түрде берілген. Халық даналығына баулуда мақалдар мен мәтелдердің тәрбиелік мәні бөлек.

Мақал мен мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшам да көркем, еске сақтауға икемді де жеңіл болғандықтан және бала тәрбиелеу ісінде ерекше рөл атқаратындықтан балалар әдебиетінен үлкен орын алады. Сонымен қатар балаларға арналған мақалдар мен мәтелдердің ерекшеліктері оның құрылысы мен жасалу жолынан емес, мазмұны мен мағынасы тәрбие жұмыстарына, оқу-ағарту істеріне байланысты болуынан көрінеді. Мақалдар мен мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар, оларды көркем және образды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын, сөздік қорын байыта түседі.

Қай халықтың болса да ауыз әдебиетінде мақал мен мәтел көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Мақал-мәтелдер өзін жасаушы халықпен бірге жасайды, біреулері ескіріп қолданудан шығып, екіншілері жасарып, жаңадан туындап жатады.

Халық шығармасының басқа түрлері секілді мақал мен мәтелдерде әуел баста жеке адамдар шығарады, оны біреуден біреу естіп, жаттап айта жүреді, өңдейді, өзгертеді, сөйтіп, олар бірте-бірте жалпы халықтық мұраға айналады. Демек, мақал-мәтелді белгілі бір халықтың өмірде көрген – білгенін жасаған қорытындысы, ақыл-ой түйіні деуге болады.

Мақал мен мәтел халықтың өзі жасап алған заңы, өмірде болатын әр түрлі жағдайларды ұғындыратын, түсіндіретін оқу құралы іспетті. Мақал-мәтелде, көбінесе ортақ ой, жалпы ереже, анықталған қағидалар айтылады, формасы жағынан тілге жеңіл, құлаққа жағымды дыбысқа, ырғақ-ұйқасқа құрылады, көбінше көркем тілмен, өлеңмен жасалады.

Мақал мен мәтелдердің өміршеңдігі, тілінің көркемдігі мен мазмұнының тереңдігінде, аз сөзбен көп мағынаны беретіндігінде, еске сақтауға қолайлылығында.

Мақал-мәтел адам тұрмысындағы алуан түрлі уақиғаларды, қарым-қатынастарды қысқа, тұжырымды тілмен түсіндіреді; айтылмас ойды ажарлайды, әрі анықтайды. Сондықтанда халық Сөздің көркі-мақал деп бағалаған.

Мақал-мәтел-қос мағыналы шығарма, онда көбінесе тура мағынамен қатар астарлы мағына да болады. Тура мағына мысал ретінде алынады да негізгі ой астарлап айтылады. Мысалы, Тырнадан қалауыл қойсаң, төбеңнен қиқу кетпес.

Мақал-мәтел, әдетте бүкіл адам баласына ортақ. Сондықтан бір халықтың мақалын екінші халық төл шығармасындай қабылдай береді. Көптеген мақал-мәтелдер көнермей көп жасайды, әлденеше ұрпаққа, қоғамға қызмет етеді. Малым жаным садағасы, жаным арым садағасы; Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді дейтін ежелгі халық мақалдары.

Мақал-мәтелдер ауыз екі сөзді көркейту үшін ғана емес, көркем шығармаларда да көп қолданылады. Ақын – жазушылар шығармаларында халық даналығын пайдаланумен бірге, сол үлгімен өздері де жаңа мақал-мәтелдер жасайды. Ыбырай Алтынсариннің Аш бала тоқ бала мен ойнамайды, тоқ бала аш баламен ойнамайды дейтін сөз мақалға айналып кеткені рас.

Мақал-мәтелдер-ертек, аңыз әңгіме, батырлық-ғашықтық жырлар, қара өлеңдер секілді халық шығармаларымен қатар жасап келе жатқан көне жанр. Олай дейтініміз XII-XII ғасырлардан сақталған сирек жазба деректерде де мақал-мәтелдерді кездестіруге болады.

«Көре-көре көсем боласын, сөйлей-сөйлей шешен боласың», деп еңбектенудің, алаптанудың, үздік әрекеттің арқасында осындай иелікке алға қарай шырқай беруге

болатынына жасөспірімдердің сенімін арттырып, өздерін ынталандыра, қызықтыра түседі. Балалардың көңілін серпітіп, қанатына су бүркіп, эстетикалық идеясын шыңдап аспандата береді. Оның бәрі халықтың балаға деген ізгі ықыласынан туған асыл мұра.

Халықтық шығармалар ішінде балаларға арнайы айтылған мақал мен мәтелдердің алатын орны да өз алдына ерекше. Бұл барлық айтылған ойдың, насихаттың жиынтығы, қорытындысы ретінде беріледі. Мысалы Ата балаға сыншы деген халық мақалы мейлінше дұрыс айтылған пікір. Бұл өмір тәжірибесінен алынған бірден- бір даналық сөз.

Бала өсіруде, тәрбиелеуде халық өзінде бар барлық асыл сөз, даналық ойларын балаларға, жеткіншектерге арнады. Өз өмірін ғасырлық тәжірибесінен алынған асыл ойларын мақал-мәтел етіп, үлгі өнеге ретінде өмірінің жалғасы болатын баласына, немересіне қалдырып отырған. Бала-бауыр еті, көздің нұры деп босқа айтпаған. Кім болса да өз баласын білімді, өнегелі халық азаматы болып өссе екен деп арман еткен. Сол арманын іске асыру үшін қолда бар барлық мүмкіншілігін бала болашағының игілігінен аямайды. «Оқу- білім -өмір шырағы» деген нақыл сөздерді әрқашан құлағына құйып отырған.

«Оқу – білім азығы, білім-ырыс қазығы» деп өз болашағының ырысты болуы да сол білімділіктен туатынын айтады. «Ақыл- тозбайтын тон, білім таусылмайтын кен» деп оның болашағы да соншалық босымды, мығым болатынын сан рет ескертеді.

Бірақ мұның өзі еңбексіз, әрекетсіз тектен-тек қолға түсе қалатын оңай олжа емес. Асуы қиын бел-белес, ұшы қиыры көрінбейтін құба жон екенін де ашық айтқан. Қажымай қайрат көрсету арқылы ғана оның үлесінде болатынын ескертеді.

«Білім қымбат, білу қиын» деген мақал осыдан алынып, жасөспірімдерге әдейі айтылған.

Өз білмегенін кісіден сұра, үлкен жоқ болса кісіден сұра, қалайда соның уәдесіне жет, шыңына көтеріл дегенді насихат етеді. Егер білім алу жолындағы қиыншылыққа төзбесең, еңбектенбесең қатарыңнан қалып қойсаң, өкінішті боласың.

Өкініш естен кетпейді, бір тойғаның түске жетпейді. Өнерлі жігіт өрге жүзер, өнерсіз жігіт жер соғар деп жастардың намысына тие, ойына қозғау сала айтатын жақтары да халық мақалдарынан көп кездеседі.

Адам болар баланың кісіменен ісі бар,

Адам болмас баланың кісіменен несі бар, - деп баланың психологиялық оқу процесіне зер салып, дұрыс бағытқа жөн сілтеп отырған. Адам болатын баланың талабы, ынтасы жас кезінен танылады. Көпшілікке, оның игілікті жақсы жақтарына үйір бола бастайды. Қоғамшыл, көпшіл бола бастайды. Ақыл-парасатқа бой ұрып, игі жұмысқа тез үйренеді.

«Мақал дегеніміз – тағылым берерлік, ырғағы бар, тәжірибеде көп қолданылатын бейнелі, қысқа, нақыл сөйлем... Мәтел дегеніміз де өнерге берерлік бейнелі, ырғағы бар сөйлем. Мұның мақалдан айырмашылығы-мағынасы ашық болмай ишарамен айтылғандығы, сөйлемнің толымсыз болып келуі.

Мақалдар мен мәтелдер – мағынасы да, тұлғасы да әлдеқашан қалыптасқан, тез өзгере қоймайтын жанр.

Мақал мен мәтел-егіз жанр, туыс жанр. Дегенмен мағынасына, құрылысына, атқаратын қызметіне қарағанда өзіндік айырмашылықтары бар. Мақал аяқталған бір тиянақты ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына береді. Мысалы: Толмасқа құйма, тоймасқа берме.

Мәтел жеке тұрып тиянақты ойды бере алмайды, тек белгілі бір ойды, пікірді ажарлау, айқындау үшін қолданылады, эпитет, теңеу қызметтерін атқарады. Мысалы: Ат қойып, айдар тағып, көргеннен көзі ақы алған деген мәтелдер тиянақты ойды білдіріп тұрған жоқ.

Ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдің араласпайтын жанры жоқ. Ертегі, аңыз әңгіме, дастан-жыр, халық өлеңдерінде, тіпті жұмбақтар мен тақпақтарда дау сөз әрлеу, ойды өткірлеу үшін мақал-мәтелдер дәлел, айшық ретінде қолданылады. Мақал-мәтелдер ауыз

әдебиетінің аталған жанрларына материал-кірпіш болып қаланумен бірге, олардан өзі де нәр алады, ойлы, өнегелі сөйлемдер есесінен байып, дамиды. Қорқыт дегенде өстіп Қорқыт деп пе едім дейтін мәтел «Бөдене мен түлкі» әңгімесімен, Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты дейтін мақал жыл туралы аңызбен байланысты шыққан.

Мақал-мәтел халықтың сан ғасырлық көрген білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл ойының жиынтығы, анықтамасы: табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөзінің тобықтай түйіні.

Әр халықтың мақал мен мәтелі-сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі.

Мақал-мәтелдер өте терең мағыналы, бейнелі сөздер арқылы адамдарға ғибрат, сабақ, көптеген тәрбие береді. Адамдарды ар-намысты болуға, адамгершілікті қастерлеуге, еңбекшіл, ақыл-парасатты, төзімді, ынсапты, пәк, көркем де иманды болуға, шыншыл, өнерлі, білімді болуға тәрбиелейді. Мақал-мәтелдердің өсиеттік маңызы, иландыру қуаты өте күшті болады. Себебі мақал-мәтелдер халықтың ұзақ жылдық тұрмыс-тәжірибелерінің қорытындысы негізінде жинақталған ой-пікірлерінің гауһары болып саналады. Сондықтан мақал-мәтелдердің оқушының сөйлеу қабілетін жетілдіруде рөлі өте зор. Мақал-мәтелдердің көбі өлең формасында ұйқасып келетіндіктен оны есте сақтау оңай болады. Бастауыш мектеп ана тілі оқулығында мақал-мәтел өте көп. Бұлардың барлығы мәтіндердің ішінде кездеседі және көптеген мәтіндердің соңына, мәтін мазмұнына сәйкестендіріліп, арнаулы орналастырылған. Оқыту барысында бұлардан аттап өтіп кетуге мүлде болмайды. Мақал-мәтелдерді оқытуда мыналарға көңіл бөлу керек:

1) Мәтіндердің соңына қосылып берілген мақал-мәтелдерді сол мәтіннің мазмұнымен бірлестіріп, түсіндіру керек. Түсіндіруде мазмұн көлемінен шығып кетуге болмайды.

2) Мақал-мәтелдер – тіл жетілдірудің ықшам бейнелі бейнелеудің тамаша құралы, ол оқушылар тілін дамытуға анық та бай мазмұн қосады. Мазмұндама жазғанда немесе сөйлегенде мақал-мәтелдерді лайықты пайдаланса, мазмұндама немесе сөздің тілі жанданып, логикалық қуаты күшейіп, жалпыға бірдей түсінікті болып шығады. Сондықтан мақал-мәтелдерді оқыту арқылы оқушылардың сөздік қорын көбейтуге болады.

Мақал-мәтелдер дегеніміз сөз арқылы ықшамды, өтімді түрде айтылатын белгілі бір күрделі ойлардың қорытындысы қоғамдық өмірдегі тұрмыс-салттағы болып өткен елеулі оқиғалар, мақал-мәтелдердің шығуына негіз қалаған. Өйткені көпшілік назарын аударатын кейбір іс-әрекеттер белгілі бір тиянақты ұғым, тұжырымды ой тудырып, мақал-мәтелге айналып отырған. Мақал-мәтелдер ықшам, бірақ толық бір ой-пікірді білдіріп, барынша жинақталған, бейнелі тіл байлығы болып есептеледі. Мақал-мәтелдер әркімнің құрғақ қиялының туындысы болмастан, қайта тұрмыстағы алуан түрлі құбылыстардан нәр алған өмір тәжірибесінің қорытындысы. Онда халықтың данышпандығы, асыл тәжірибелері және өткір де шынайы талғамдары бейнеленген. Көшпелі ата-бабаларымыз сонау ерте дәуірден-ақ мақал-мәтелге ерекше мән беріп, оларды ақылмен байыптай алатын адамды қастерлеген. Көшпелі тұрмыс салтында мақал-мәтелдер мектеп пен мұғалімнің, кітап пен баспасөздің қызметін атқарды. Ол айнала дүние туралы білімнің сығынды жиынтығы, өзінше шағын ауызекі энциклопедия ғана болып қоймай, ұстаздық, тәлімгерлік міндетті де атқарды. Адам бойындағы барлық жақсылықты паш етіп, жамандық атаулыны жерлеп, күлкіге, әзіл-оспақ, келекеге айналдырды. Ал мұндай ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа, әрі иланымды болды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

2. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: ҚазССР Ғылым академиясы, 1955.
4. Катаринский В. Памятная книжка Тургайской области на 1899 год.
5. Әуезов М. Шығармалар жинағы. XX том. - 401 б.
6. Сейфуллин С. Шығармалар, IV том. Алматы, 1964, - 295
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2000. – 286-287 б.
8. Абай. Қарасөздер. Поэмалар. Алматы: Ел, 1993.
9. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. - Алматы: Рауан, 2012
10. Қалиев С. Тамыры – ұлттық, танымы – ғылыми тәрбие 2015

Серікбол Б., ҚҚЭУ

Ғылыми жетекші: магистр, оқытушы Бажикеев Қ.

ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ («АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ДІЛДӘ БЕЙНЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Өмір өзгеріп, таным-түйсігіміз, көзқарасымыз жаңа арнаға бет бұрған уақытта келіп жетті. Егемен еліміз өз тәуелсіздігін алып, саяси, экономикалық, рухани дамуында, оның ішінде қазақ әдебиетінде кеңестік дәуірдегі әдебиеттегі орын алған олқылықтарды өз орнына қойып жатыр. Ықылым заманнан бастау алған алған бай әдеби мұрамыз кеңестік кезеңде тоталитарлық режимнің тұсауына, советтік идеологияның бұғауына мойынсұнуына тура келген болатын. Ары-беріде өткен талай тарихи қаһармандарымыз осы бір тұста тар қалып, аядай шеңбердің ішінде қамалып, өз ұлтымен басқаша тұрғыда, өзгеше бейнеде қауышып жатты. Әлі күнге дейін бүгінгі ұрпақ танымында, біздің ойымызда әдеби қаһармандарымыз бейнесі сол дәуірде жазылған көркем шығармалар бойынша қалыптастып келеді. Ал шындығында қалай? Социалистік реализм дейтін тар қалыпқа белгілеп берген әдебиетті, ұлттық қаһармандарымызды жарыққа шығарудың амалы тіпті қиындап кеткен болатын. Осындай «тар жол, тайғақ кешуде» бір-ақ жол бар еді. Ол тарихи шындықты көркемдік шындық арқылы бүркемелеу. Сол бүркемелеу арқылы ұзын арқан, кең тұсауда әдеби геройды жарыққа шығару мақсатында басты кейіпкер айналасындағы образдарды мүлде бөлек, өзгеше тұрпатты, соны кейіпте бейнелеу, және сол бейнелеуі бойынша шығармаларынан орын беру үрдісі қалыптасты. Яғни басты қаһарман жолында талайларды құрбандыққа шалу мәжбүрлігі туды. Осы арқылы ғана шығарма көпшілікке жол тауып, тарихи тұлғалар халқымен қауышып жатты. Бұл-лажысыздың, амалсыздың ісі болатын. Десекте көркемдік шындықты тарихи шындықтан бөліп алуды өте тапқыр әрі ұтымды пайдаланған жазушыларымыз да болды. Сондай жазушылардың бірі ретінде ұлы суреткер М.Әуезовті де атауға болады. Дегенмен заңғар жазушының әйгілі «Абай жолы» романында да тарихи шындық пен көркемдік шындықтың алшақ кететін тұстары да көпшілікке белгілі. Біз бұл шағын мақаламызда «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Ділдә образы мен шынайы өмірдегі Ділдә бейнесінің ара жігін айқындап көрмекпіз. Ендеше, бірден тақырыбымызға ойыссақ.

Біз бұл баяндамамыз арқылы заңғар жазушы Әуезов шығармаларына сын айтудан, баға беруден аулақпыз. Тек тарихи шындық танымынан Ділдә бейнесіне баса назар аудармақпыз. Көк байрағы желбіреген қазақ елінің киесі, рухы, ұлттық кемеңгер, ұлы ақын, философ Абай данышпандығын танып-білуіміз осы романнан бастау алады десек, романда суреттелген қазақ тарихында өшпес, өлмес ана бейнесі болып енген Зере мен Ұлжан, ақын махаббаты мен сүйіспеншілігінің қайнар көзі, бастауы болған Тоғжан мен Әйгерім бейнелері терең де мәнді көрсетілген. Ал дана Абайдың адал жары бола білген Ділдә кім және роман-эпопеяда және өмірде қандай адам болған деген сауал тұрғысынан ой қозғап көрсек.

Абайдың бәйбішесі - Ділдә Жүсіпқызы. Руы-Қаракесек-Бошан-Газ-Бұлбұл-Шаншар. Шаншар бабамыздың Әйбике, Нұрбике деген әйелдері сонау ХҮІІ ғ. Ташкентті билеген катаған Тұрсын ханның қыздары болса керек. Әйбикеден тараған ұрпақты-Әйбике Шаншар, Нұрбикеден- Нұрбике Шаншар деп атаған. Абайдың анасы Ұлжан осы Нұрбике шаншардың ұрпағы. Ал біз сөз етіп отырған Ділдә Айбикеден тарайды. Яғни Айбикенің төрт бегінің үлкені Келдібек, одан атақты Қаз дауысты Қазыбек, одан Тіленші би, одан Алшынбай би. Алшынбай биден Жүсіп мырза туады. Ал Ділдәнің 1844 жылы туғаны жайлы осы Жүсіп Алшынбаевтың архивінен табылған анкетасында көрсетілген.

Ендеше, бірден көзге түсетіні –Ділдәнің тектілігі. Арғы атасы қалың қазақты ауызына қаратқан Қазыбек би, бергі атасы Алшынбай бидің өзі болса, Ділдә әжеміздің тектілігінің қаншалық екендігі айтпаса да түсінікті. Ақылбайдың өз нағашылары туралы:

Нағашым Ер Қазыбек әулие өткен,

Пәниден уақыт жетіп ол да кеткен.

Сасқан жан жер түбінен «бабам» десе,

Әруағы күңіреніп келіп жеткен,-дегені бар [1]. Ақылбайдың ақыл-парасаты, ақындық қарымына тәнті болған Абайдың: «Ұлым-ау Қазыбек сенің ғана нағашың ба, менің де нағашым ғой» деуі де тегін емес болса керек. Осы тұста Ділдәнің әкесі Жүсіппен бір туған Бәпиден атақты әнші,сазгер Мәди Бәпиұлының туғанын атап өтсек, Ділдә тектілігінің тамырын одан әрі тереңдеткендей. «Абай жолы» романында « Оның ата-тегі бар Тобықты, бар Қарқаралы «қаракөк» деп атайды, Алшынбай белгілі би Тіленшінің баласы, қалыңдығы Ділдә тіпті бір үлкен, асқақ жердің қызы тәрізденді» делінеді. [2, 117]. Бұдан бөлекте де романда Ділдә бейнесі өте солғын, тек қысқа көріністер арқылы ғана сомдалады. Байшылық, феодалдық дәуірді, ескілікті аңсау деп желеу таққан заманда Әуезовтың солай етуі де түсінікті еді. Бірақ сол шағын дүниелер арқылы да Ділдә бейнесін танып-білмекпіз. Роман-эпопеяда: « Ділдәнің Абайдан екі жас үлкендігі болғанымен, әйгілі әулеттің қызы тым тәкаппар, өр көңілді, кесек сөйлеп, кергіп басады. Ал Тоғжанға деген маздақ сезім жүрегінде мәңгі жанған Абай Ділдәмен дәм-тұзы жарасқанымен, ол оның сүйіп алған жары емес еді. 15 жасында отау йесі атанған Абай тұңғышы Ақылбай дүниеге келгенде де өзін әке ретінде сезіне алмады» делінген[2, 145]. С.Жүнісовтың М.Әуезов дәрісінен айтылған естелігінде « Құнанбай бай-ауыл сыртындағы елдердің қыздарында әпереді. Бірі-жер, бірі-әкімшілік яки т.б мәселемен болып жатады. Осы құдалық, осы айттыру Абайдың басында да болып, Ділдәға үйленеді» дейді. Бұдан түсінгеніміз алысты аңдайтын, көреген әке Құнанбай қажы Абайдай ұлына лайықты жардың осы Ділдә боларын бұрыннан сезгендей-ақ. Қазақтың от ауызды, орақ тілді әділ билерінің соңғысы саналатын Алшынбайқызы Ділдә романда бірбеткей, тым тәкаппар Әйгерімге қарсы бейнеде сомдалып көрінгенімен, Ділдәнің солай етерліктей жөні бар десекте болады. Ақылына парасатына көркі сай Ділдә бейнесіне романның өзінде-ақ жауап даяр. «Майбасардың Ділдә ауылына барып қайтқанын ойлап, Абай ең алғаш рет өз қалыңдығы туралы құпия, бір ыстық сезімді сезгендей еді. Бармады. Бірақ көргісі келуші еді...Қандай екен? «Иегі ителгінің тамағындай» деп Майбасар суреттеген Абай көз алдына ителгі, қаршыға, тұйғын сияқты қырандардың сұлу мойындарын келтіріп, шынымен сондай нәзік, ақшыл тамақ,иектердің болатынын ойлады, бір бүгін емес мұның алдында бірнеше рет Ділдәнің жайын өзгеше бір толқынмен ойлаушы еді.» [2, 163]. Иә, айтқандай-ақ бұл Ділдәнің сұлулығына берілген баға. Бұдан тәкаппар Ділдәнің сұлулықтан кенде емес екендігі байқалады. Ендеше, аққудың асқақ кірпияздығындай сұлуда сырбаздықтың, кербездіктің болуы заңды құбылыс. «Қалыңдықтың отырысын, түсін Ербол айтқысы кеп еді. Ол өзі Ділдәнің ажарына қатты ырза Бірақ Абай айтқызбады» [2, 164]. Абайдың Ділдәні өз көзімен көруге деген ынтықтығы осы жайттан сезіледі. Абайдың ұрын келуінің соңына ала болатын оқиғада: «Қарлықырап шыққан дауыспен қалыңдық:«ары жатшы»-деді Талай күннен бері сан ырымды жасап, мәпелеп, аялап келген екі жардың ең алғаш тіл қатысқаны осы еді. Қазірде Абай көңілі қандай салқын болса, Ділдә да сондай жалынсыз» [2, 171]. Бұл не қылған салқындық? Ынтыққан Абай көңілінің сууы неде? Кейінде

М.Әуезовке айтқан бір сөзінде Ділдә: « Біздің ел (қаракесектер) Тобықтыдан мәдениетті, күшті ел болған соң, Абайды менсібеген едім алғашқыда» деуі бар. Демек бұл романдағы «Ал, еркем, күйеу қалай екен, ұнаттың ба?»- дегенде, «Қайдан білейін, бір жуан қара ғой» деп қосынғанына сай келіп тұр. Сонда бұл не қылған менсінбеушілік? Біздің ойымызша, бұл шын тектінің өзіндей бір тектіге берген жауабы. Қыран қыранды алыстан таниды десек, сен Құнанбайдың ұлы болсаң, мен Алшынбайдың қызымын деген өр көңілінен Ділдәнің тектілік тұрпатын біржола айқындағандаймыз. Бірақ романда қос текті атаның ұл-қызының осы жайы болашақтағы Абай-Әйгерім махаббатына апарар этюд ретінде я болмаса Ділдәнің Әйгерімге қарсы образ жайында танылуының бастамасы ретінде көрініс береді

Тектілігінің үстіне Ділдә Абай үшін жалпы Құнанбай әулеті үшін аяулы ана, асыл жар бола білді. Ел аузындағы әңгімелерден кейбір істерде Абайдың өзі Ділдәдан ақыл сұрағаны айтылады. Ал Абай мен Ділдә арасындағы салқындық сызы, алшақтық Абай Әйгерімге қосылған тұстағы роман сюжеттерінен білінеді. Романда Майбасардың: «Ділдә сенің жарың емес пе? Мені теріс айтты деп отырмысың?!»-дегеніне Абайдың: «Ділдәға менің керегім жоқ. Ол маған кек пен ызадан басқа көңілден ажыраған. Ол – балаларымның анасы. Жақсы анасы болса, жақын досым. Оған қанағат қылмаса, бетінен жарылқасын. Жолы болсын! Сөз осы-ақ»-дейтіні бар [2, 218]. Соншалық бір-ақ күнде Ділдәдан бас тартатындай ол нендей құдірет деген ой келеді. Бұл кертартпа кезеңдегі ұлы суреткер М.Әуезовтың Ділдә түгіл Абайдың өзі феодал ақын деп мінелген тұстағы «шаш ал десе бас ал» дейтіндерге көрсетілген жауабы тәрізді яғни Әуезов бұл тығырықтан тек Ділдә арқылы ғана жол таба алатын еді. Себебі бұл тұста бидің немересі, байдың қызы деп суреттелетін Ділдә бейнесі арқылы ғана Абайды жарыққа алып шығу мүмкін болатын. Рас Ділдәнің Абай мен Әйгерім махаббатына қарсы болуы, қызғануы, Әйгерімді кедей қызы деп менсінбеуі оған пандықпен қарауы, Абайдың көбінеки Әйгерім отауында болуы тарихи шындық десекте, Абай өз балаларының анасы, сүйікті бәйбішесінен оңай бас тартады деу қисынсыз. Абайға өзінен өзгені тең көрмеуі Әйгерімді төмен санауы расымен болғанмен бұл жоғарыда аталған Ділдә тектілігінің бір белгісі іспетті. Әйтпесе кезінде 1864 жылы Абайдың Ділдәдан туған Әкімбай деген баласы 9 жасында қайтыс болғанда соған арнап шығарған жоқтауында Абайдың:

Ата – тегі мұндағы,
Орта жүздің ұлығы.
Ана тегі мұндағы,
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан қосылған,

Сом алтынның сынығы,-деуі көп нәрсені аңғартса керек [3]. Мұндағы «Ана тегі мұндағы, Өзен судың тұнығы» деуі Ділдә тектілігіне, ағын судай тазалығына Абай көзімен берілген баға. Романда Әйгерімге қарсылығы қатаң түрде бағамдалғанымен ата салтын ардақтаған асыл жар Ділдәнің Әйгерімнен туған Абайдың ұлы Тұрағұлды бауырына салып, «бай – оныкі болса, бала менікі» деп еш бөгелместен жас нәрестені бауырына алуынан-ақ оның ізгі ниетін байқауға болады. Романдағы Әйгерім мен Ділдә теке тіресіне қарсы жауапта осы.

Романдағы біз білетін Ділдә он саусағынан өнер тамған Әйгерімдей сұлуға қарсы үй шаруасына олақ, аурушаң, тым нәзік сапада бейнеленеді. Ал шындығында Ділдәда бармағынан бал тамған, өнерлі хәм қолынан іс келетін жан болғаны анық.

Ақылбайдың:
Алшынбай одан туған орны басқа,
Ешбір жан сөз сөйлемес жүйрік қасқа.
Біреуді егер сұлтан қоям десе,
Теріс деп. бұза тартып шайқалмас та.
Одан соң мырза Жүсіп нағашы атам,
Сөзімді сөкпеңіздер болса қатам.

Арғы –бергі атасын түгел айтып,

Апама осы өлеңді тонға сатам,- дейтіні бар. Бұл өлеңнің айтылу себебі неде дегенге тоқталсақ: Ділдә он қара тоқтының терісін илеп, Шыңғыс тауының зердей жылтыр қызыл-сары қынасына бояп, адам қызығарлық тон тігіп болып отырса, оған көзі түскен Ақылбай: «Маған беріңіз» деп жата жармасады. Ал, Ділдә одан нағашыларын жырға қосуды айтады. Осы жерде Ділдә еңбекқор, ісмер әйел бейнесінде көрінеді. [3]. Халқымыздың «Өлеңшінің сөзі алтын, өнершінің қолы алтын» деген нақыл сөзі Ділдәға арналғандай, оның еңбекке, ісмерлікке ден қойғаны, бос отыруды сүймейтіндігіне дәлел осы. Осы сюжетті одан әрі өрбітсек: «Өзі шешем деп білмейтін Ақылбайды паң мінез Ділдә бауырына тартуды мін санады. Өзімнің бауыр балаларымның біріне берем, саған тон табылмай ма ары жүр»- деп тонды бермепті. Бұл жолдардан Ділдәнің табиғатындағы бірбеткейлік өрлігі байқалады. Ақылбайдың өлеңінен кейін Абай отырып: «Тонның құны жетерлік болды, Ділдә!»-деген сөзінен Ділдә көзіне жас алып Ақылбайды құшақтап, маңдайынан иіскеп, тәу етіп, тонды өз қолымен кигізеді. Бұл жолдардан Ділдәнің баласына деген ерекше махаббаты байқалады [3].

Асыл жар, ардақты бәйбіше, өнерлілігімен қатар Ділдә Абай балаларының анасы. Текті, аяулы Ұлжан ана тәрбиесін көрген Ділдә да ардақты ана бола білді. Абайдың Ділдәдан алты баласы болды: Ақылбай, Гүлбадан, Әбдірахман, Мағауия, Әкімбай. Романда: «Ділдәнің бар баласы рең жағынан Абайға тартпай шешеге тартып келеді. Бәріде ақшыл сарғыш», -делінетін тұс бар. [2, 193]. Демек, ата қанынан бөлек ана сүтімен сан алуан қасиеттерді бойына дарытқан Ділдә балаларының Ділдәнің өзі сияқты болуы заңды еді. Ділдә апамыздан Абайдың өзі айтқандай «жақсы балалары» Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия туды. Кезінде Ұлжан ана Абайдай ананы дүниеге әкелсе, Ділдә апамызда сол ұлылықтың жалғасындай етіп Абайға ақыл –парасатымен, көрік-келбетімен бірінен-бірі өткен балаларды сыйлағаны мәлім. Абай болашағына мол үміт күткен Әбдірахмандай ақылына өнері келіскен ұлы, Мағауиядай түріне мінезі қабысқан баласы, Ақылбайдай аңғал әрі ақылды перзенті бар Ділдә қандай бақытты ана десек, сондай Ділдәдай балаларының анасы бар Абай да бақытты әке, бақытты жар. «Абай жолындағы» Ділдәнің Әбдірахманға лайықты жар іздеуі, кезінде өзін Құнанбай қалай дәл таныса, Ділдә да Әбдірахмандай асылына Мағрипадай жарды лайық деп тануы, оны алып беруі өмірден ерте озған сүйікті Әбіші, ұлдары Мағауияны мәңгілік жоқтауынан оның қаншалықты қамқор, мейірбан ана, үлкен жүректі жан екендігін бағамдағандаймыз. Ақылбай, Әбіш, Мағауия Абай үшін тек төл перзенттері ғана емес, оның болшаққа жағылған нұрлы жұлдызы, асқақ арманы, сөнбес сәулесі Абай ақындығын арындатып, қалам қарымын қалыңдатқан, көзінің нұры, үміті, һәм шам-шырағы еді. Олар Абай салған сара жолды жалғастырушы, тектілігін тереңге жіберуші, Абайдың өнердегі ізбасары әрі шәкірті, кемел келекшекке ұмтылған Абай нұрының шашылған шуақтары еді. Ал солардың басында шам-шырағы болған Ділдә бейнесі жарқырап көрінеді. Демек Ділдәні «ұлылықтың ұлы анасы» десек артық емес.

Сонымен қорытындылай келсек, Ділдә апамыз айбарына ақылы сай, аймаққа абыройлы бәйбіше, адал жар, ізетті келін, аяулы ана екендігі даусыз. Бүтін бір әулеттің ұйытқысына айналған қарт кейуана Абай қайтыс болғасын да бүтін Абай шаңырағына ие болып, бар Абай ұрпағын бауырына басып 1826 жылы дүниеден озған болатын. Қайым Мұхамедханов деректерінде 1824 делінеді. Өмірден озғанына ғасыр жуықтаған текті әжемізге лайықты бағасын беретін кезде келіп жеткендей. Осы баяндама арқылы біз де ой қозғап көрдік. Десекте Абайдай данаға асыл жар болған Ділдә ананың өзіне лайық шын бағасын алатын күн де алыс емес. Ділдә Қарқабат пен Нүрилла, Зере мен Ұлжан, Айғаным сынды ардақты аналар қатарында көрінуге лайық бірден-бір тарихи тұлға.

Әдебиеттер:

- 1 <http://www.abai.kz>. // 3.Тайшыбай. «Абайдың нағашылары мен қайын жұрты».
- 2 Оуезов М. «Абай жолы» 1-4 том. Алматы: «Жеті жарғы», 1997.- 319 б.

3 «Қазақстан мектебі» журналы 1994 ж №2

4 «Жұлдыз» журналы. 1999. №5 // Ишағы Жағыпарқызы: Санамда жаңғырады бейнелерің.

Шайкенова З.Г., ГМУ- 21к тобының студенті, ҚҚЭУ
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Акатаева Ш.Б.

БІЛІМДІ ҰРПАҚ ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.

«Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғырудың» біз барынша мән беріп, берік байлам етіп алуға тиісті тұстары мыналар:

Біріншіден, «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды». Бұны мақала авторы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» тарауында айтып отыр. Ілгеріде біз, Құдайшылығын айтайықшы, тап бүгін де, «ұлттық мәдениет» дегеннен гөрі «Көпұлтты Қазақстан халықтарының мәдениеті» деген терминді қолданғанды құп көріп келеміз. Алайда бұл термин елімізде өмір сүріп жатқан диаспора өкілдерінің дәстүрін, тілін, әлеуметтік тұрмысын толық қамтамасыз еткенімен, «Жаңа замандағы жаңа Қазақстанның» мәдениетіне соны соқпақ бола алған жоқ. «Көпұлтты Қазақстан халықтарының мәдениеті» қазақстандық саясаттың сахнасындағы декоративті материалға жарағанымен (әлі де жарауы мүмкін) доминантты мәдениет – бәрінің басын қосып, бір арнаға тоғыстыратын мәдениет, әр күн сайын өзінің қажеттілігін аңғартып тұрды. Ол, әрине, мақала авторы жазып отырғандай, «ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елдің» мәдениеті еді. Демек, ендігі кезекте ұлт жанашырлары «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деген сөзді биліктегі жауапты тұлғалар мен мақала авторының есіне салып, керек кезінде талап етіп отыруға тиіс.

Екіншіден, білім. Білім болғанда ұлттық рухани құндылыққа негізделген білім. Токсаныншы жылдардың басында-ақ Қазақстан жастарды топыралтып дамыған елдердің озық оқу орындарына мемлекет қазынасынан қыруар қаржы бөліп, білім алуға жіберіп жатты. Содан бері де ширек ғасырды шиырып тастаппыз. Ал, «кәне, шыққан мүйізің?» Әрине, бойында жігері бар қыз-жігіттер мемлекеттік органдарда, ірі бизнестік құрылымдарда қызмет жасап, табыс тауып жүрген шығар. Бірақ, олар біздің билік пен бизнестегі космополитизмді, тілдік нигилизмді түрлендіре түскені болмаса, басқалай игілікті қадам жасай қойған жоқ. Міне, осылайша, қазақты қашанда жерге қаратумен қарқынды жұмыс жасап келген күштерге бүгінгі мақаласымен Президент қатты соққы берді ме деген ойдамын. Өйткені мақала авторы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз» дегенді айта келіп, 100 жаңа

оқулықтың тек мемлекеттік тілде білім алатын жастарға арналатындығын ашық білдірді. Былай деп: «Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз». Өз тілінде терең білім, жан-жақты ақпарат алған адам қай ортада да өзін еркін ұстайды. Бұны, бір деп қойыңыз.

Екіншіден, мейілінші терең әрі сапалы білім беретін тілге деген сұраныс та, құрмет те жоғары болады.

Ал идеология мәселесіне келер болсақ, кестелі сөз, кесек ойлары көрініс тапқан ой-толғауында Президент елес идеологияларға ермей, заманға сай амал етуге үндейді: «Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмеске кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс». Мақалада көтерілген идеологиялар туралы кесек ой да ел басқару жүйесін жаңа өзгерістер биігіне бастары айқын. Дәл осындай тәуелсіз Қазақстанды өркениет көшінің алдыңғы легіне апаратын жаңа бастамалар қашанда көпшіліктің қолдауына мен ықыласына бөленеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады.

Ендеше, рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы.
2. «Абай» порталы- <http://abai.kz/post/51594>.
3. «Айқын» газеті- <https://aikyn.kz/2017/04/13/9963.html>.

Shaikenova Z.G.,

Research supervisor: candidate of philological science,
professor G.T. Aubakirova

INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TRAINING FOREIGN LANGUAGE

Annotation: Important in the article is the consideration of innovative technology reflecting the specificity of the studied subject and the learning environment itself: openness, interactivity, system and consistency, interactivity, visibility of the material presentation and redundancy of all components of the environment. Thus, innovative technologies significantly enrich and diversify the teaching of foreign languages. In place of monotonous work comes an intellectual

creative search, in the process of which a new type of personality is formed, active and purposeful, oriented to constant self-education and development.

Keywords: student, foreign language, information technologies, innovative technologies, education, professional knowledge, teaching method.

The current trend of global development, the competitive relations of the market and social environment, the constant variability of the information field dictate its rules for modernizing society in all areas, and education is no exception. Change is susceptible both to the content of education and the methods of teaching foreign languages.

In this regard, there is a tendency to strengthen the role of a foreign language in the process of training qualified personnel who have professional, special, communicative and information competencies.

However, the formation of professionally significant qualities of a competently capable specialist is impossible without the introduction of modern innovative information technologies into the process of its training and further integration of the knowledge acquired in professional application.

Modern education enhances the role of independent work of students and assigns to it more than 50% of the total number of hours of discipline. In such conditions, the introduction of innovative technology means mastering students with professional knowledge, necessary skills and communication skills through the integration of personality-oriented and system-activity approaches in teaching.

Under the meaning of innovation (the word appeared in the middle of the 16th century from the Latin chapter "Innovare") we mean the renewal, occurrence and generation of a number of changes in a certain sphere [1].

The modern educational process is impossible today without including it in the information space, and consequently, the interactive factor is included in the learning process for Internet mobility. Information technology today reformatted the personal consciousness, formed a new type of person who can integrate into any subject area and, unquestionably, the whole system of the educational institution should be implemented from the standpoint of modern requirements [2, p. 167]. The use of multimedia teaching tools in the classroom implies the multi functional use of program elements and the widening of the range of information. In this regard, there is a great deal of activity in the use of interactive testing programs in the learning process, which provides the student with the opportunity to select different modes of knowledge control.

To date, innovation in education is understood as the successful application of the developed technologies and techniques, but there is a difference between the concepts "technology" and "methodology." A number of scientists consider technology a form of execution of the methodology, while others argue that the very concept of "technology" is much broader than the "technique." V.I. Zagvyazinsky resolves the problem of the discussion: "Both technology and methodology have a systemic nature (they must be based on a system of scientific legal provisions), but an ideal technology has a strictly defined system of prescriptions that are guaranteed to lead to the goal, i.e. instrumentality "[3, p. 95-96]. The methodology is represented by various ways of executing theoretical propositions, which does not guarantee its goal-setting, that is, an impeccable methodology is not characterized by instrumentality.

Let's consider the key technologies and training tools that help to increase the level of competencies of students:

- problem-searching activity: creative activity, which includes the cognitive processes necessary for the accompaniment of creativity: psychological, methodological, organizational;
- technology of the situational aspect of learning: a learning element whose goal is to independently form the learner's personal cognitive component;
- heuristic innovations: creative projects, intellectual debates, communication games [4, p. 104].

Thus, the efficiency of using innovative technologies in teaching a foreign language provides a stable formation of the communicative abilities of the individual. This knowledge

enables continuous integration into the process of training, improvement and practical application of knowledge in a professional career. The use of innovative technologies provides a high-level potential for the content of the future specialist, which in turn will ensure its qualitative entry into any competitive environment.

Bibliography:

1. Bondarenko O.V. Modern innovative technologies in education // Electronic Journal "RONO" - 2012. - № 16.
2. Frolova I.V. The role of the use of news and analytical media texts in the English language course for students of non-linguistic universities // Materials of the scientific-methodical conference "Actual problems of teaching foreign languages in non-linguistic universities". - M.: The Publishing House of the Higher School of Economics, 2012. - 238 p.
3. Zagvyazinsky V.I. Theory of Learning: Modern Interpretation. - Moscow: Academy, 2001. - 192 with.
4. Kulyutkin Yu.K. Heuristic methods in the structure of solutions. - M.: Pedagogika, 1970. - 104.
5. Dobrel'ya A. Yu., Kalmykov Yu. A. Innovative technologies in education // Proceedings of the II International Scientific and Practical Conference "Problems and perspectives of professional education in the XXI century." - Omsk: BOU OO SPO "Siberian Professional College", - pp. 165-169.

Yakhshilikova S., МЭ-11к, KEUK

Scientific supervisor: Master of pedagogical sciences Tugambekova M.T.

THE GLOBAL PROBLEMS OF ECONOMY

The essence of global problems lies in the fact that they affect the economy and life of the population of any country in one way or another, and the solution of these problems depends on the efforts of all countries and the world.

Kazakhstan became the first state among the countries of the CIS and Eastern Europe to be chosen by the world community to host the International Specialised Exhibition, EXPO 2017. A successfully functioning model of a market economy has been built in Kazakhstan. In 2017, the country, having overcome the negative consequences of the global crisis, returned to the trajectory of strong growth. At the end of the year, the GDP growth was **4%**, and industrial production grew by more than **7%**. In addition, the processing sector exceeded **40%** in the total volume of industry. Kazakhstan's successful development has allowed the formation of the middle class. Poverty in our country declined 13-fold, the unemployment rate fell to 4.9% [1, p.3].

The emergence of global problems is primarily due to the peculiarities of economic development in the second half of the twentieth century. For the first time about global problems, politicians and economists began to speak in the 60s - 70s. XX - century. It was from this period that the term globalistics entered the scientific context as a special line of scientific research.

In the context of growing interdependence, the particular problem of one country or region can gradually develop into a global one if it does not find a timely solution. Nevertheless, all modern global problems have common characteristics.

The following characteristics of global problems can be singled out:

1. Affect the interests of all countries (or most countries).
2. Brake the economic and social development of the world.
3. Demand an urgent solution.
4. Interconnected.
5. Demand coordination of actions of all countries of the world.

It is difficult to determine the priority of global problems. It depends not only on the severity and scale of the problems, but also on the real possibility of their solution or at least mitigation at a given time. For millions of people in the countries of the Third World, the standard of living has frozen on the spot and in some countries even decreased. According to some reports, 1/4 of Brazil's population, 1/3 of Nigerians, 1/2 of India's population consume goods and services for less than 1 dollar per day (at purchasing power parity). Thus, economic growth in the global economy is incapable of destroying or at least reducing the level of impoverishment of several regions of the world [2, p.382].

The relationship between population growth and economic growth has long been the subject of research by economists. As a result of the research, two approaches were developed to assess the impact of population growth on economic development. The first approach is more or less connected with the theory of Malthus, who believed that population growth outstrips the growth of food, and therefore the world's population inevitably gets poorer. The modern approach to assessing the role of population in the economy is complex, and reveals both positive and negative factors influencing the growth of the population on economic growth. But at any approach it is obvious, that it is impossible to ignore influence of population growth on economy, especially in modern conditions.

Every year the world's population grows by 93 million people. At the same time, more than 82 million people are born in developing countries. It can be considered that this is an unprecedented growth in the history of mankind. However, the problem of population growth affects not only its size. This is a problem of human well-being and development.

Many specialists from both industrialized and developing countries believe that the real problem is not the population growth itself, but the following problems:

a) Underdevelopment. The real problem is backwardness in development, and development is the ultimate goal. Economic and social progress creates mechanisms that to some extent regulate the growth of the population.

b) Depletion of world resources and destruction of the environment. Developed countries, where less than 25% of the world's population are concentrated, consume 80% of the world's resources.

As the World Bank notes in the World Development Report in 1992, environmental protection is an important part of development. The process of development without its effective protection will be undermined.

In the 70s of the XX century, economists and politicians realized the importance of environmental problems for economic development. The processes of environmental degradation can have a self-replicating nature, which threatens the society with irreversible destruction and depletion of resources.

There is no consensus on the magnitude of the costs of preserving the environment in various types of economic activity. But most experts agree that they should be taken into account when developing development policies.

The global energy supply problem contains two problems similar in nature: energy and raw materials.

In the 70s - early 80s. For the first time, phenomena that were called energy and raw material crises were discovered.

At that time they hit hard on the current system of international economic relations, worsened the economic and social situation in many countries. But in aspect they created the incentives for the introduction of energy-efficient and resource-saving technologies. In the 70-80s of XX century the energy intensity of production in developed countries has decreased by about 25% [2, p.394].

There are many different definitions of globalization in the economic literature. In our opinion, they do not contradict each other, but rather are complementary. Each definition characterizes certain aspects of globalization that are closer to the author. Without pretending to

be unambiguous and accurate, one can characterize globalization as the process of forming a single global manufacturing, financial - economic and information space.

There is a different attitude towards globalization in practice. There are supporters, and also opponents.

Supporters of globalization, even mentioning the real and potential risks associated with it, believe that this process is irreversible, and it is only necessary to properly manage and participate in it.

Opponents of globalization are divided into two camps. Some recognize the objectivity of globalization and consider it an evil, sad, if not tragic, inevitability. Others question the existence of the phenomenon itself.

The commonplace of all passages on globalization is the openness of borders for trade and financial flows. Adherents of globalization see its main advantage in strengthening fruitful competition, not limited to protectionist and ideological frameworks in the context of a global division of labor. Generally speaking, competition is contrary to cooperation.

If these theses are taken literally, then we can conclude that the benefits from globalization and their sources are far from unambiguously understood. What kind of positive effect is expected: whether competition will spur efficiency, or the division of labor will bring a synergistic effect.

The apparent contradiction can be removed only if we consider global competition exclusively between transnational corporations, and not between countries, since the principle of the division of labor will be used for them.

In order to increase their own efficiency, companies try to find in their development process tools that can reduce transaction costs. These costs are derived from the uncertainty arising from any interaction of the system itself with the external environment or between its own elements. The development of management science has made it possible to reduce transaction costs within corporations and thereby build ever larger and more stable corrupt companies. Simultaneously, marketing science is increasingly deepening in techniques and techniques that can reduce uncertainty in interactions with the external environment.

Revolution in the fight against friction played, developing at an impressive pace, information technology. The development of special classes of corporate information systems, for example, ERP or Workflow, is aimed at reducing internal friction. The development of E-business technologies, apparently, is a consequence of the desire to search for new tools to reduce external friction [3, p.3].

In this light, globalization is nothing more than a tendency to reduce transaction costs at the level of giant systems. First, in addition, the desire for effective capital management will ultimately result in the need to create a coordinating body, a kind of global central bank. The only contender for this role, which has higher chances – the Federal Reserve of the USA. But this fact does not suit the political elites of many countries that are influential in the economic sense. It seems that the competition will again move to the geographical plane, and not to the plane of transnational corporations - they will just provide themselves with all of the above advantages.

References:

1. State of the Nation Address by the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, January 10, 2018.
2. Мировая экономика. Под редакцией А.С.Булатова. – Москва. 1999. P.382, 394.
3. <http://market-pages.ru/mirecc/38.html>

СЕКЦИЯ 5. СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ

Ибраева А.Е Student group МЭ-31

Scientific manager: Talimova G.U.

Department "World Economy and International Relations"

Karaganda Economic university of Kazpotrebsouz

INNOVATIVE COMPETITIVENESS AS A FACTOR OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF ECONOMY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

An innovative approach to a country's competitiveness is one of the promising directions of development of Economics as a recognized factor of economic development. Today the main priority for the development are innovative tools. Successful implementation of strategic tasks set by the President of the Republic of Kazakhstan in the address to the people of the country for the next decade, Kazakhstan's leadership in Central Asia and the former Soviet Union are provided by the competitiveness of the economy by such main factors as innovative development and human potential. Essentially, Kazakhstan is entering a new stage of its development. The step of forming the foundations of the future economy, the use of new advanced technologies, ideas and approaches, modernization and diversification of production, innovation development and competitiveness. Movement in this direction will be the more successful, the more complete will be taken into account world tendencies of economic and social progress [1].

Strategy is an important engine in the development of competitiveness and innovative capacity, by which the entities able to respond adequately to changing conditions. Strategy of innovation in any industry should be focused on the introduction of new technologies and products. It is intended to provide for the selection of specific research objects on which the enterprise first carries out a systematic search for new technological opportunities. In this direction the development of the innovation strategy focuses on the achievement of future results directly through the innovation process [1].

In order to further develop innovative processes and to develop competitive innovation strategies need support from the state. One of the directions of government support are tax benefits, support in the implementation of innovative projects on the basis of mixed state administration that is private. Now in the Republic firm, organizations engaged in production of goods based on new technology provides benefits in the form of exemption from some taxes [2].

In the development of innovation projects it is advisable not only resources, but also technological capacity, and financial resources for modernization. Real achieve effective and innovative results can be expected only in the case where the primary raw material resources of the country will comprehensively be involved in the processes of production, it is necessary to create a rational and efficient system of transportation. Competitive innovation strategy should be based on sustainable development and social efficiency and responsibility [3].

Successful implementation of the strategy "Kazakhstan-2030", "Kazakhstan-2050" should contribute to the qualitative changes in the structure of Kazakhstan's economy, which will lead to its sustainable growth based on efficient use of human, produced and natural capital, the output of Kazakhstan to a new level of social development and the structure of society [4].

An important fact of development is the recent major international achievement of Kazakhstan – international exhibition "EXPO-2017" in Astana, which became not only a new stage in the promotion and popularization of the name of Kazakhstan in the world, but also the basis for a powerful breakthrough in the innovation development. Kazakhstan consistently creates conditions and shapes the possibilities for reliable and long-term innovative development of the national economy, realizing the importance and relevance of sector innovation for sustainable growth. Know-how will help the national economy to realize the importance of

modern technology and necessity of the use of science for sustainable growth, with the result that the Kazakhstan economy will be able to increase your ranking in the world space [5].

In the beginning of the year Nursultan Nazarbayev in his annual address on Thursday urged to develop the scientific potential of Kazakhstan: the Republic should be among the leading innovative countries in the world that use in all sectors of the economy only the most advanced technology. Officials at various levels from time to time report the progress in this direction. But international experts see no progress: for the year 2017 according to their innovative potential of Kazakhstan decreased from 59 to 84 place in the world with the overall index of 3.2 [6].

Summing up, it should be noted that the development of a successful strategy is the main driver that contributes to growth, economic competitiveness, innovative capacity and socio-economic progress in the country.

The list of resources:

1. <https://articlekz.com/article/8212>
2. http://www.rusnauka.com/41_PWSN_2014/Economics/13_184084.doc.htm
3. http://www.rusnauka.com/41_PWSN_2014/Economics/13_184084.doc.htm
4. <http://kazorta.org/novye-napravleniya-innovatsionnogo-razvitiya-v-ekonomike/>
5. <https://primeminister.kz/ru/news/7/expo-2017-novye-vozmozhnosti-innovatsionnogo-razvitiya-kazahstana->
6. <https://365info.kz/2017/09/naskolko-konkurentosposoben-kazahstan-chast-1-biznes-i-innovatsii/>

Бабенова А.А., МО-21 к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Мусаева Э.Ә.

ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ШИЕЛЕНІСТЕР (ШОТЛАНДИЯ МЕН СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ МЫСАЛЫНДА)

Қай уақытта болмасын мемлекет үшін тәуелсіздік оңайлықпен келмейтіні таңсық емес. Өздерінің еркіндіктері үшін қан алысып жан беріскен халық арасында қашанда тәуелсіздікке қарсы шығып, оппозицияның пайда болуы от тұтандыратын шиеленістерді тудыртып, қарсылықтың азаймайтындығы белгілі. Ұлыбританияның қазіргі отарлары сондай күндерді бастан кешіруде. Халықтың тең жартысы өздерінің тәуелсіздіктерін алуын жақтаса да, саны жағынан аз ғана басым халық қазіргі заманғы экономика және саяси жағынан мықты Ұлыбританияның қол астынан шығу тиімді емес екенін алға тартып, қарсы шығуда. Ұлыбританияның мемлекеттік туынан көрініс тапқан Ирландия мен Шотландияның қазіргі таңдағы жағдайы қандай? Тәуелсіздіктерін алып, еркіндікте өмір сүре алады ма? Әлде отар болып үйреніп қалған бұл мемлекеттер өз бетімен өмір сүруге әлі дайын емес па? Осы сұрақтарға нақты жауап әлі де шешімін таппауда.

Әрине, Ұлыбритания бұл екі аймақты өз уысынан шығарып алғысы келмейтіні анық. Бірақ әрбір мемлекет, әрбір өз діні, тілі, тарихы бар ұлт өз тәуелсіздіктерін алуға қашанда толық құқылы. Бірақ Ұлыбританияны бұл алаңдататын жағдай емес екені белгілі жағдай. Осы жағдайларды толық түсіну үшін, түпкі тарихынан бастау алып, жіктеп тоқтала кеткен жөн.

Шотландия – Ұлыбритания корольдігі мен Солтүстік Ирландияның әкімшілік-саяси бөлігі. Шотландия 843 жылдан 1707 жылға дейін тәуелсіз ел болып өмір сүріп келді. Тарихта Шотландия мен Англияның дос көршілер болмаған, олардың арасында бірнеше қақтығыстар орын алғаны жазылған [1, с.57].

1707 жылы екі ел арасындағы соғыстарға «Акт об унии» келісіміне қол қойылып, келісімнің нәтижесінде ортақ парламенті бар Біріккен Королдік құрылғаннан кейін нүкте

қойылды. Қазіргі таңда Лондонда да, Эдинбургте де бұл қосылудан кімнің басым пайда тапқаны туралы сұрақты қозғағылары келмейді. Бірақ тарихшылардың пайымдауынша, бұл қосылу Шотландия үшін экономикалық және әкімшілік пайданы алып келді және жедел дамуына жол ашты. Тәуелсіздік туралы сұрақтың 1971 жылы туындауы сол жылдары Шотландияның солтүстік жағалауында мұнайдың табылуымен байланысты еді. Араға бес жыл салғанда сол жерден мұнай өндірілу ісі қолға алына бастады. Бұл жағдай аймақтағы сепаратистік көңіл-күйді ушықтырған еді, себебі Шотландия өзін-өзі саяси реттеуге құқылы болмаған еді. Осы оқиғадан кейін 1979 жылы Лондон тәуелсіз Шотландия парламентін құруға рұқсат беруге мәжбүр болды. Бірақ бұл құқық ұзақ өмір сүре алмады. Тек 1997 жылы билік басына лейбористтер келгенде Шотландия жаңа референдум өткізіп, парламент қайта жандануға мүмкіншілік алды. Парламент жергілікті халықтың пайдасын реттеу құқығын иемденді. Сөйтіп, Референдум өткізілген күннен 10 жылдан кейін, Ұлыбританияға қосылғаннан 300 жылдан кейін Шотландия тәуелсіздік үшін күресін бастады. Сол жылдары Шотландияның бірінші премьер-министрі Алекс Сэлмонд – қазіргі таңда Шотландия Ұлттық Парламентінің лидері. Ол халық арасында қазіргі заманда тәуелсіздіктің қаншалықты маңызды екендігін айтып, үгіт-насихат жүргізді. Тәуелсіздікке жету үшін жасалған бірнеше талпыныстардың нәтижесінде Алекс Сэлмонд 2013 жылдың 21 наурызында өткен парламенттің кезекті отырысында референдумның өтетін уақытын 2014 жылдың 18 қыркүйек күніне бекітті. Халық бір ғана сұраққа жауап беруге тиісті болды: «Шотландия тәуелсіз ел болуы керек пе?». 2013 жылдың 26 қарашасында жарық көрген Алекс Сэлмондтың 670 беттен тұратын «Ақ кітап» құжатында болашақта мүмкін болатын жаңа мемлекеттің құрылысы жайында барлығы жазылған. Тәуелсіз Шотландияның ұлттық валютасы Британдық фунт стерлинг қалады, ал мемлекет билеушісі болып Ұлыбританияның патшайымы қалу туралы ұсыныстар жазылған. Сонымен қатар:

- Өздерінің әскери күштерін жаңғырту;
- Территориядан ядролы қаруды аластату;
- Минималды жалақыны көтеру;
- Кәмелет жасқа толмаған балаларды арнайы мекемелерде 30 сағатқа дейінгі қарауды қамтамасыз ету және т.с.с жоспарлар көрсетілген.

2010 жылы қабылданған Заңның шартына сәйкес, референдумға қатысуға құқылы:

- Шотландияда өмір сүретін Британия азаматтары;
- Шотландияда өмір сүретін ЕО елдерінің азаматтары;
- Шотландияда өмір сүретін лордтар парламентінің мүшелері;
- Шотландияның сайлаушысы ретінде тіркелген Біріккен Корольдіктің әскери қызметкерлері.

Шотландия тәуелсіздігін алған жағдайда қандай құқықтарға ие бола алады?

1. Өзін-өзі билеу принципіне қол жеткізеді. Шотландықтар өз еліне қатысты сұрақтарды өздері шеше алады.

2. Қорғаныс пен сыртқы істер мәселелеріне бақылауды өздері орнатады. Бұл Шотландиялықтардың халықаралық ұйымдарға мүше болатынын не болмайтынын өздері шеше алатынын білдіреді.

3. Ядролы қарусыз аймақ бола алады.

4. Шотландия шекарасындағы мұнай өндіретін Солтүстік теңізге өздері бақылау орната алады.

Шотландиялықтардың тәуелсіздігіне қарсы болып жүрген кімдер? Ұлыбританияның үш ірі компаниясы, және де басты оппозиция болып отырған Шотландиялық лейбористік партия және либерал-демократтар, сонымен қоса әйгілі Джордж Галлоуэй сынды жергілікті саясаткерлер де аймақтың тәуелсіздік алуына қарсы болып отыр. Референдум өткізілу уақытынан бір жыл бұрынғы британ салық институтының жүргізген санағы бойынша, Шотландияның Біріккен Корольдіктен шығуы 6 млрд фунт шығын әкелетінін алға тартты. Бұл қыруар ақшаның жартысының өзі Шотландия үшін мұнай және газ

экспортынан түсетін пайданың тез арада түсетініне әкеліп соғатын еді. Ал Экономикалық және Әлеуметтік зерттеулер жөніндегі Ұлттық институттың пайымдауынша, Шотландияның дербес мемлекет болуы олардың 10 жылдан астам дағдарыс құрсауына түсетінін айтты [2, с. 132].

Бұған ең басты себеп Шотландияның қарызға алған ақшаларының проценттік көрсеткіштертері еді. Бұл көрсеткіштер Ұлыбритания құрамында болған мемлекеттен гөрі тәуелсіз мемлекетте әлдеғайда жоғары болатын еді. Сонымен қатар, Шотландия Корольдіктің құрамынан шығатын болса, оның өзге де бөліктерімен қарым-қатынасы тұрақты болмайтыны белгілі. Осындай саяси және экономикалық жағынан мықты Ұлыбританиядан қол үзсек, әлемде орын алып жатқан экономикалық бәсекелестік заманына төтеп бере аламыз ба? деген сұрақтар көкейлерінде жүргені өтірік емес. Ал тәуелсіздік жайлы халықтың ойы қандай? 16 жастан бастап дауыс беруге құқылы шотландиялық азаматтар арасында бірнеше рет сауалнама жүргізілген еді. Шотландияның азат ел болуын қолдайтын халық 32%-дан 40%-дың арасында өзгеріп тұр. Шотландияның бірнеше жүз жылдықтар бойы жете алмай келе жатқан тәуелсіздік туралы сұрағы әлі де шешімін таппай келеді.

Ұлыбритания үшін өткен және қазіргі кездегі шешімін таппай келе жатқан тағы бір мәселе – Ирландиядағы этносаяси конфликт, ұлттық және діни шиеленістердің ретке келмеуі. Ирландия Ұлыбритания тәуелділігіне ортағасыр кезден-ақ кірген. XIV ғасырда аралда жер конфискациясы басталып, жергілікті жерлерді ағылшындықтар иелене бастады [3, с. 345].

Британия билігінің бұндай жер саясаты Ирландықтардың қытығына тиіп, қанды көтерілістер сол кезден бастап белең ала бастады. Ирланд тілін бірте-бірте ағылшын тілі ығыстырды. Сонымен қатар, діни қақтығыстар да қазіргі таңға дейін шешілмеген мәселе болып қалып отыр. Ресми түрде ирландықтардың тәуелсіздік үшін күресі 1916 жылы Дублин қаласында болған Пасхальді көтерілістен бастау алады. 1919 жылы Ирландия Республикалық Армиясы (ИРА) құрылды. Бұл – сеператисттік ұйым. Басты мақсаты – Солтүстік Ирландияның Ұлыбританияның құрсауынан толығымен шығарып, Ирландия Республикасына қосу болып табылады. ИРА күрестері процессінде тіпті террорлық сипаттағы қимылдар да көбейді. Ұлыбритания премьер-министрі Маргарет Тетчерге жасалған қасақана ұйымдастырылған қастандық бұған бірден бір дәлел. 2005 жылы ИРА қимылдары бұғатталып, олар жұмыстарын тоқтатқан еді. Бірақ кейіннен 2012 жылы қайта жанданды. 1921 жылдың желтоқсан айында болған компромиссті ағылшын-ирландия келісімінде Ұлыбритания Ирландияны ағылшын доминионы деп таныды. Осындай статуспен Ирландия 1937 жылға дейін өмір сүрді. Солтүстік Ирландия Ұлыбритания құрамына ресми түрде енді. Бірақ сол жылдың 16 желтоқсанында ирландықтардың лидері Имон де Валера аяқ астынан Ирландияның Ұлыбританияға қосылуын жақтамай, керісінше қарсы шыға бастады. Бұл жағдай болашақта саяси-идеологиялық қақтығыстарды одан әрі жалғасуына түрткі болды. 1998 жылы 10 ақпанда Белфаст қаласында Ирландияның бірнеше партиялары қолдаған британ-ирландия келісімі қабылданды. 23 маусымда өткен референдумда аймақ тұрғындарының басым бөлігі келісімді қолдады [4, с. 289].

Бұл келісімнің нәтижесінде Солтүстік Ирландия Ассамблеясы құрылды. Сонымен қатар Ирландия аралының барлық бөліктерінің ара қатынасын реттейтін Солтүстік және Оңтүстік министрлер кеңесі мен Ұлыбритания мен Ирландияның барлық билік органдарының қарым-қатынасын қадағалауға алатын Британ-Ирландия кеңесі құрылды.

Саяси келісімдердің барына қарамастан шиеленіс әлі де болса шешімін таппауда. Қазіргі таңда Солтүстік Ирландияда протестанттық және католиктік милитаризацияланған ұйымдар, сонымен қатар ИРА-ның көп ағымдары жойылмай отыр.

Қорыта айтқанда, жүздеген жылдар бойы Ұлыбританияның мықты саясатымен өмір сүріп келген бұл екі аймақ тәуелсіздігін алғаннан кейін бәсекелестіктің қайнап тұрған заманында әлемдік саяси аренада өздігінен өмір сүре алады ма деген сұрақ туындайды.

Халықтың екі ойда болуы бекерден емес екені белгілі. Әрбір ұлт тәуелсіз мемлекетте өмір сүруге құқылы емес пе? Бұл шиеленістердің шешімін табу оңай нәрсе емес. Алайда, Ұлыбритания болашақта екі әкімшілік аймақтарынан айырылып қалуы әбден мүмкін. Халық айтса, қалып айтпайды. Қазіргі таңда біріккен корольдіктен шығып тәуелсіз ел болу үшін халықтың қолдауы өте маңызды. Дегенмен, өткен тарихы мен өз салты бар бұл екі ұлттың дербес мемлекет болып құрылады деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хрестоматия по Новой истории в 3-х тт. / под ред. А.А. Губера, А.В. Ефимова. Т.1 (1640-1815) . - М.: 1963. - 140 с.
2. Средневековая Европа глазами современников и историков / Под ред. А.Л. Ястрембицкой. . - М., 1995. Т. 3-4. - 672 с.
3. Всемирная история. История средних веков / Состудент Журавлёва И.А. - Тула: ТулГУ, 2007. - 611 с.
4. Тарасов А. Британская империя и ее beneficia. - М.: Космополис, 2004. - 252 с.

Батықова Ә. Е., МО-11к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Мусаева Ә.А.

ТАУЛЫ КАРАБАХ ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ, ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ОРТАҚ ҚАТЕЛІКТЕРІ

Таулы Карабах аймағындағы даулы мәселенің туындау тарихына көз жүгіртіп өтелік. Армяндық тарихи деректерге сүйенсек, арцахтар біздің эрамызға дейінгі VIII ғасырдан бастап кездеседі. Бұл деректерге сенсек, ерте ортағасырларда осы Таулы Карабах армяндықтардың қарамағында болған. Түркия мен Иранның жаулаушылық соғыстары кезінде бұл аймақ аталған елдердің қолына өтті. Ал армяндық кнәздіктер Карабах маңында өмір сүруін тоқтатпағанымен, жартылай тәуелді жерлерге айналды. Ал зерттеушілер болса, бұл ежелден Әзірбайжанның қарамағындағы жер болып табылады деп тұжырымдады. Карабах сөзінің өзі Әзірбайжанның «қара бақ» сөзінен шыққан деседі. XVI ғасырда Қарабағымыз Сефевид мемлекетінің құрамында болып, одан соң тәуелсіз хандыққа айналыпты [1].

1805 жылы Карабах хандығы Ресей империясының қарамағына өтеді, ал 1813жылғы Гюлистан келісіміне сәйкес Ресей құрамына Таулы Карабах аймағы да кіретін болды [2, с.36].

Түркменчай және Эдирне қаласында өткен келісімдер бойынша Түркия мен Иран аумағында тұратын армяндар Солтүстік Әзірбайжанға, соның ішінде Карабах аймағына да көшірілетін болып шешілді. XX ғасырдың басында Таулы Карабах екі мәрте армян-әзірбайжан қантөгіс соғысының (1905-1907, 1918-1920 жылдары) айлағы болды. Ал 1918 жылдың мамырында Ресей империясының құлауына байланысты Кавказ аймағында тәуелсіз мемлекеттер пайда бола бастайды. Олар- Кавказ Демократиялық Федеративті Республикасы, Грузин Демократиялық Республикасы, Армения Республикасы және Әзірбайжан Демократиялық Республикасы. Армяндықтар шоғырланған Карабах пен Зангезур ӘДР-ге бағынудан бас тартты.

1918 жылдың 22 шілдесінде Шуше қаласында өткен бірінші армян съездінде Карабахтың тәуелсіздігі жарияланып, өздерінің Халықтық билігін сайлайды (1918ж қыркүйектен бастап- Карабахтың Армян ұлттық советі). Екі жақты қақтығыстар Әзірбайжан кеңестік биліктің шырмауына іліккенге дейін болып тұрды.

1920 жылы сәуірде Әзірбайжан құрамына Карабах, Зангезур, Нахичевана кіреді. 1920 жылы 30 қараша Әзревком өз декларациясыменен Зангезур мен Нахичкваньді Армения жерлері ретінде мойындап, Таулы Карабахқа өзін өзі басқаруға құқық берді.

1921 жылы 3 маусымда Карабах Армениянікі деп танылды, бірақ 5 шілдеде қорытынды шешім шығып, Карабах Әзірбайжан территориясында қалады [3, с.7].

Саясатшылар бұл жағдайды Кеңестік Ресейдің Кемалдік Түркияға жақындауы үшін жасаған қадамы деп түсінді. 1923 жылы Әзірбайжан құрамына кіретін, халқын армяндар құрайтын Шуше, Джебраиль, Джеваншир, Зангезур уездері Таулы Карабах автономды облысының құрамына кірді. 1960 жылдары автономия ішінде әлеуметтік-экономикалық қысым бола бастайды. 1980 жылдардағы Горбачевтің демократияландыру саясаты елдегі саяси шектеулердің әлсізденуіне алып келіп соқты. 1987-1988 жылдары армяндықтар өздерінің әлеуметтік - экономикалық жағдайларына көңілдері толмайтынын көрсетті. 1988 жылдары 90мың оқырманы бар «Кеңестік Карабах» газетінде Таулы Карабахты Армян ССР-мен табыстыру жайлы идеялар жарық көре бастады. ТКАО мен интеллигенцияның басшылығымен миацум идеясы ел ішіне таралды. Степанакерт қаласында армяндық студенттердің көптеген көтерілістері болды. Көп әзірбайжандар бұл ситуацияның бағалай отырып, елден кетуге бел байлайды. 1988-жылдың басына қарай Армениядан Әзірбайжанға 4000-дай әзірбайжандар қашып, паналайды [1.]

ТКАО-ның советі Таулы Карабахтың Әзірбайжан құрамынан шығуы жайлы шешімге келеді. 1988 жылы екі ел арасында қарулы қақтығыс өтеді. Территория Әзірбайжан бақылауынан шығып кетеді. Екі елде Кремльге бағынбай -ақ өздерінің заң жобаларын қабылдап, түрлі қылмыстық істермен айналысты. 1991 жылы 30 тамыз Армения өзінің тәуелсіздігін жариялайды, 2 қыркүйек Арменияның қолдауымен Таулы Карабах та өз тәуелсіздігін жариялады. Бірақ Таулы Карабах шынайы тәуелсіздікке тек желтоқсан айында жетті. Бұл кездері Әзірбайжан да тәуелсіз мемлекетке айналған еді. Таулы Карабахты өзінен бөліп тастауға келіспей, 1991 жылы Әзірбайжан мен Армения, Таулы Карабах арасында ұзақ емес, бірақ қатыгез соғыс басталды. Арменияның артында Ресей Федерациясы тұрса, Әзірбайжан артында Түркия тұрды. КСРО армиясының Кавказ аймағындағы әскери базасы Әзірбайжан еді. Әзірбайжан 11000 вагон қару жараққа, 4-ші жалпы әскери армиясына, әуе қорғаныс әскерінің үш бригадасына, әуе күштерінің 4 базасына және Каспий теңізінің флотына ие болды. Бірақ, 4 жылға созылған соғыс Әзірбайжан үшін сәтсіз болды. Армения Әзірбайжан территориясының 13,4%-на ие болды. Бұл ТКАО-ның 92,5%-і еді. 25 мың адам өмірінен айырылды. 100 мың бейбіт тұрғын үйлерінен кетуге мәжбүр болды [4].

Екі жақты келісімге келтіру мәселесі сол кезде үлкен маңызға ие болды. Мысалы: БҰҰ қақтығысқа байланысты 4 қарар қабылдады. 1991 жылы 23 қыркүйекте Әзірбайжан, Армения, Қазақстан, Ресей мемлекет басшылары бас қосты. 1992 жылы көктемде ЕҚЫҰ арнайы қақтығысты реттеуші топ құрды. Атысты тоқтату тек 1994 жылдың көктемінде ғана орындалды. 1994 жылы 12 мамырда Қырғызстан астанасы Бішкекте Әзірбайжан, Армения және Таулы Карабах арасында екі жақтың достасуы, және соғыстың тоқтатылуы жайлы протоколға қол қойылады [2, с. 23].

2014 жылы армян-әзірбайжан шекарасында әскерилер арасында қақтығыс туындайды. Екі жақтан 20-ға жуық адам қайтыс болды [3, с. 47].

2016 жылы 2 сәуір түннің қақ ортасында 4 күндік соғыс басталып кетті. Екі ел бірін бірі эскалацияда айыптады. Әзірбайжан жағында 13 адам шығыны болса, Армениядан 21 әскери қызметкер қайтыс болып, 35-і жараланған. 5 сәуір екі жақты шабуылды тоқтатуға келісім жасалды.

Ендігі кезекте екі жақтың ұстап отырған позициясы мен қателіктеріне тоқталғым келеді. Армения жұртшылығы бізге не дейді? Олар өздерінің арцах екендерін алға тартады. Таулы Карабах Республикасының президенті Бако Саакян бір сөзінде былай айтқан еді: « Арцахтар Армения тарихында үлкен рөл атқарған. Карабах мәселесінің пайда болуы Осман империясының Әзірбайжан атты мемлекетті дүниеге әкелуінен басталды. Әзірбайжан бұдан бұрын тарихта болмаған мемлекет және пайда болған алғашқы күндерінен бастап, көрші елдердің территориясына өзінің құқықтылығын алға қоя бастады. Ал Кеңестік Ресейдің Карабахты Әзірбайжанға беруі, шығыста большевизмді

тарату үшін жасалған амал еді». Армяндықтар Бішкек протоколын алға тартып, өздерінің заңды тұрғыда сол жерге тиесілі екенін айтады. Сонымен қатар тұрғындардың 70%-ы армяндықтар болғандықтан Әзірбайжан жағында емес, Армения қарамағында қалғанды жөн көреді. Ал Әзірбайжан аумақтық тұтастыққа құрметпен қарап, мемлекеттің халықаралық деңгейде танылған шекараның бұзылуына көз жұмбауға шақырады. Олар қақтығыстың шешіліп, армян-әзірбайжан қауымдастықтарының бейбіт өмір сүруін қалайды. Осы мақсатта, Әзірбайжанның ресми ұстанымына сәйкес, барлық оккупацияланған аймақтарды босатып, қоныс аударуға мәжбүр болған тұлғалардың қайтарылуын сұрайды.

Негізінен, Кеңестік Әзірбайжан кезінде биліктегілер Таулы Карабахтағы демографиялық жүйені өзгертпекші болған екен. Бұл жайлы 2002 жылы Гейдар Алиев мойындаған болатын. Ол бірінші хатшының (1969-1982) қызметін атқарған кезде, ТКАО - да әзірбайжандардың санын көбейту үшін демографиялық саясат жүргізген. Кеңестік кезеңде Карабах армяндықтарына мәдени, саяси қысымдар болып тұрған. Әзірбайжандықтар болса армяндықтардың тарапынан дискриминацияға ұшырады. Біреулердің саяси ойынынан қарапайым халық жапа шекті десе де болады. Көп саясаткерлердің ойынша, бұл қақтығыс Америка, Ресей, Түркияның саяси ойыны деседі. Себебі Түркияның Ресейдің СУ-24 ұшағын атуынан соң Анкара- Мәскеу қатынасында үлкен алшақтаушылық пайда болды. Америка өз кезегінде Түркия мен Әзірбайжан арасы жақын болғанын қаламайды. Мұнай өте бай жердің Түркияның қарамағында болуы әрине АҚШ үшін тиімді емес. Сондықтан да АҚШ өз бейтараптығын сақтап қалған.

Ал 2016 жылғы 4 күндік соғыстың басталуының өз себебі болды. Себепп мұнай бағасының күрт төмендеуі және инфляция салдарынан жұмыссыздықтың көбеюі, Әзірбайжан экономикалық ахуалының нашарлауында жатыр. Өз кезегінде Ильхам Алиевке ел назарын басқаға аударып, халықтың отансүйгіштік қасиетін ояту керек болды [5].

Екі жақтың қателігі-басқалардың саяси ойыншығы болуы. Осы қақтығыс қаншама адамның өмірін қиды. Әзірбайжанға өзінің ұлты тұрмайтын жер керек пе? Жауабы «Жоқ . Себебі Таулы Карабах Әзірбайжанға қосылған күннің өзінде сепаратизмге тап болады. Ел іші бейберекет күн кешетін болады. Ал Арменияға болса, Әзірбайжан секілді қуатты армиясы бар елмен соғысу ауыр соғады.

Мәселенің шешілу жолдарына тоқталып өтсек. Егер, ӘДР Таулы Карабах территориясын өзіне қосатын болса, бұл аймаққа өзін-өзі басқарудың ең биік статусын беретінін айтады. Армения өз кезегінде Таулы Карабахпен қосылуды қазіргі кезде мақсат тұтпайды. Бұған дәлел Армения Республикасы мен Таулы Карабахтың 1989 жылғы 1 желтоқсандағы қосылу жайлы парламент шешімінің әлі күнге дейін орындалмай, қағаз бетінде қалуы. АР-ның Таулы Карабахтың тәуелсіздігін мойындамауы, елдің саяси талқылауларға есікті айқара ашық қалдырғанының белгісі [6, с. 8].

Автономиядан жоғарғы статус беру. ӘДР-дің барлық заңдық принциптеріне сай өмір сүру Таулы Карабах тұрғындарының көңілінен шықпады. Сондықтан да олар бұл ұсынымнан бас тартқан болатын [6, с.10].

Территорияны алмастыру. Бұл ұсынысты ұсынған американдық саясатшы Пол Гобл. Бұл ұсынысты ол 90-шы жылдары жарыққа шығарды. Оның ойынша, ТКАО-ның Әзірбайжан жаққа өзендердің құйылатын жерін Арментяға беріп, Арменияда орналасқан Нахчеван мен Әзірбайжанға көршілес, тұрғыны әзірбайжандарды құрайтын елді мекендерді беру. 1996 жылы Гобл бұл ұсынысқа түзетулер енгізді. «Армения-Мерги Иранға» дәлізін шығаруды жөн көрді. Бұның себебі, дәліссіз Армения Иранмен көршілестігінен айырылып, саяси-экономикалық зардаптарға ұшырауы мүмкін еді. Бұл ұсыныс өзекті болғандығын, ұсынысты 2000-2001 жылдары ӘДР мен АР талқыға салғанынан көруге болады [6, с.13].

Кипр моделі бұл модельде Таулы Карабах ресми түрде тәуелсіздігі танылмайды, халықаралық ұйымдарға мүше бола алмайды. Бірақ де-факто толыққанды тәуелсіз

мемлекет болады. Оның ішкі мәселелеріне еш ел қол сұқпайды, т.б. Армения Республикасы бұл модельді толығымен қолдап отыр. Бірақ ӘДР бұл моделдің іс жүзінде аймақта 24 жыл бұрын орнағанын, бірақ ешқандай нәтижеге жетпегенін алға тартуда [6, с. 16].

Бұл тақырыпты зерттей келе ұсынысым ретінде: мен Таулы Карабахты тәуелсіз және демократиялық зайырлы республика ретінде тану халықтың қолдауына да, биліктің қолдауына да ие боларына сенімім мол. Бұндай сұрақтарға келгенде бірінші кезекте аймақтағы халық пікіріне құлақ асу жөн деп санаймын. «Алға тартсақ арба сынады, артқа тартсақ өгіз өледі» деген мақал осы жағдайға дәл келуде. Ал біз бұл жағдайда Конфуцийлік алтын ортаны тауып, ерекше балансқа жетеміз. Бұл алтын орта- Таулы Карабахты тәуелсіз мемлекет ретінде тану. Заңды тұрғыдан алып қарасақ, 1921 жылғы Кавказдық бюро большевистік партия шешімінен басқа, Таулы Карабахты Әзірбайжанның құрамында танитын шешімдер жоқ, және де тек Кеңестік кезеңде Әзірбайжанның бұл жерге заңды тұрғыда ие болуы, қазіргі кезде КСРО-ның құлауымен ие болу құқығының жойылғандығын көрсетеді. Егер ТК тәуелсіздік алатын болса, екі ұлттың да қауіпсіздігі қамтамасыздандырылып, құқықтары қорғалады. Америка, Франция, Қазақстан, т.б елдер көпұлтты мемлекеттің бейбітшілікте өмір сүруінің айқын дәлелі. Сол себепті Таулы Карабах тәуелсіз мемлекет болып өмір сүре алмайды деген сөз шындыққа жанаспайды.

Қортындылай келе Оңтүстік Кавказдағы өзара түсіністікке ұлттық сана-сезім кедергі келтіреді, бұл ең алдымен мифологиялық сипатқа ие ұлттық тарихпен туындатылған генезис, бірлік, жеңіс және т.б. Бұл айтылғандардан қысылтаяң уақытта бас тартудың еш айыбы жоқ. Оның себебі бар: Ұлттың өткен тарихы осы шақтағы тарихтан алшақтауы тиіс. Сол кезде ғана Таулы Карабах аймағында өмір сүретін екі ұлт біртұтастыққа қол жеткізеді. Бейбітшілік үшін, бүгінгі мен өмір сүру қажет.

Бүгінгі таңда өркениетаралық (дінаралық) қақтығыстар, өңірлік қақтығыстар, ұлтаралық соғыстар әлемді тығырыққа тіреді. Ірі державалар өздерінің пайдаларын ғана ойламай, қарапайым халықтың да мұң-мұқтажын ескеруі тиіс. Бұл қақтығыс жайлы БҰҰ-мы бақандай 4 қарар қабылдай отырып, мәселені әлі күнге дейін шешпегені таң қалдырады. Егер әлем елдері бұл мәселеге бейқамдықпен қарамаса өз шешімін тез арада табады деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. Карабахский конфликт: Ключевые понятия и хроника. —Манасян А. Ер.□ НОФ «Нораванк». 2005.-216 с.
3. Карабах. История в контексте конфликта- Керим Шукюров, Т. Багиев; Издательство «Вестник». 2014. -403 с.
4. <http://operline.ru/content/v-mire/kratkiy-ekskurs-v-istoriyu-karabakhskogo-konflikta.html>
5. <http://www.coldwar.ru/conflicts/karabah/karabah.php>
6. Варианты решения Карабахского конфликта: Идеи и реальность- Али Абасов, Арутюн Хачатрян; Издательский Дом ЛТД «Ени Несил». Баку, 2002.- 38 с.

Есен Г.Е., МО-31к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Э.Ә. Мусаева
Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ КҮРДТЕР МӘСЕЛЕСІНІҢ ГЕОСАЯСИ АСПЕКТІСІ

2015 жылдың тамыз айында Түркияда Күрдистан жұмысшы партиясымен кезекті қақтығыс басталды. Күрд бүлікшілерінің шабуылының нәтижесінде 900-ден астам әскери

және полиция қызметкерлері, сондай ақ 300-ден астам адам қаза тапты.Күрдтердің бейресми астанасы-Диярбакыр үнемі түрік әскерлерінің қоршауында қалды.Түркияның Қорғаныс министрлігінің мәліметтері бойынша,осы уақыт аралығында 10 мыңнан астам КЖП-ның(Күрдистан жұмыс партиясы) мүшелерінбейтараптық танытты.Қала тіршілігі толығымен тоқтап қалды. Күнделікті операциялар сияқты соңғы «контртеррористік операциялардың» нәтижелерінде де, жүздеген елді мекендердіңқиратылып,ал кейбіреулері жер бетінен мүлдем жоғалып кеткендігі Күрдистан үшін жаңалық емес.Куәгерлердің мәліметтері бойынша түрік әскерлері бейбіт халыққа қарсы әртүрлі тиым салынған қару түрлерін қолданды.Атап айтқанда,кассеталық бомбалар, әуе және артилериялық атқыштар.Қазіргі кезде миллионнан астам адамдар өздерінің тұрғылықты жерлерін тастап кетуге мәжбүр болды.Әскери операциялардың нәтижесінде,зардап шегуші бейбіт халықтың саны күннен-күнге артты [1].

Күрдтер-Алдыңғы Азиядағы ежелгі халықтардың бірі.Ғалымдар күрдтердің әзербайжан,грузин және еврей халықтарына жақындығын дәлелдеген. Күрдтерезид, христиан,иудей діндерін, албасым бөлігі ислам дінін ұстанады.Ғылыми зерттеулерге сәйкес күрдттер ежелгі мидиялықтардан таралған автохтондық халық.Ежелгі күрдтердің бір бөлігі Ахеменид империясының басып алуларынан кейін ирандандырылуғаушыраса,ал басқа бөлігі кейіннен Осман империясының құрамында–түркіленіпкеткен.Армян таулары мен Месопотамия территориясындағы ежелгі күрдттер миграциясы моңғолдардың жойқын шабуылдары мен түрік басқыншылығынан бастау алады.Нәтижесінде күрдтер барлық Таяу және Орта Шығыс,Кавказ елдері бойынша таралып кеткен [2].

Бүгінде күрдтер Курдистанның тарихи аумағы Азия құрлығының оңтүстік батысында орналасқан оңтүстік-шығыс Түркия,солтүстік Ирак және солтүстік Сирияның,сондай-ақ Иран территориясыныңбір бөлігін мекендейді.Күрдтер Ираннан басқа аталған үш мемлекетің ішіндегі ірісі.

«Күрдистан» атауы мемлекетке емес,олардың абсолюттік немесе салыстырмалы көпшілігі мекендейтін этникалық территориясына байланысты аталған.Қарастырылып отырған сызбада Күрдистан территориясы төрт бөлікке бөлінген.

Мемлекет	Халық саны	Атауы және географиялық орналасуы	Астанасы
Туркия	15 млн	Солтүстік Курдистан	Диярбакыр
Ирак	7 млн	Оңтүстік Курдистан	Эрбиль
Иран	3,5 млн	Шығыс Курдистан	Мехабад
Сирия	1,8 млн	Батыс Курдистан	Эль-Камышлы

Жалпы алғанда күрдтер Түркияның-20%,Ирактың-20%,Сирияның-8%,Иранның-7% құрайды.Басқа мемлекеттердегі күрдтердің саны:Германия – 800мың, Ауғанстан – 200мың, Әзербайжан – 150мың, Франция – 120мың, Израиль – 100 мың, Швеция – 100 мың, Австрия – 50 мың, Грекия – 25мың, АҚШ – 20 мың құрап отыр. Статистикалық мәліметтерге сәйкес посткеңестік мемлекеттер территориясында 200 мыңға жуық күрдттер мекен етеді: Ресейде- 57 мың, Қырғызстанда-13 мың, Түркменстанда 40мың, ал Қазақстанда-44 мың [3].

Қазіргі уақытта күрдтер тек қана дербес мемлекет статусын алу ғана емес,сонымен қатар өздерінің ұлттық құқықтары мен бостандықтарын таныта алмады.

Тарихи географиялық мекен жайына байланысты күрдтермен көршілес елді-мекендердегі атаулы этностардың тағдырына қысқаша тоқталып өтсек.

Ирак билігі 1970 жылы Курдистанға автономия беру туралы декларация қабылдады. Бірақ күрдтердің қазіргі жағдайы өте ауыр. Себебі, 2017 жылғы 27 қыркүйекте өткізілген сәтсіз референдумның нәтижесінде Бағдат күрдтердің барлық қаржы операциялары мен аумақпен жасалатын халықаралық авиа қатынастарды тоқтатып, толық блокада жарияды.

Иранда күрдтер өздерінің автономиялық құқықтары мен тәуелсіздіктері үшін соғыстарды XIX ғасырдың ортасынан бастап үздіксіз жүргізіп келеді. Олардың жеткен жеңістері, ұзаққа созылмады. Соңғы уақытта, күрд партиялары ішінаралық қарама-қайшылықтарды жойып, бірінғай іс-қимыл бағдарламасын құруға қол жеткізді. Саяси партиялар мен ирандық күрдтер қозғалыстары парсылармен тең саяси, әлеуметтік және мәдени құқықтар алу мен ұлттық дискриминациялауды тоқтату, білім алу мүмкіндігін алу туралы талаптар қоюда. Күрдтер Иран Ислам Республикасымен әскери қақтығыстарды тоқтатып, өздерінің құқықтарына саяси жолмен қол жеткізуге тырысса да, Тегеран әлі күнге дейін күрд аймақтарын әскери зона ретінде санап, ондағы әскери күштерін әлі күнге дейін шығарған жоқ. Күрд қозғалысының қатысушыларына деген қуғын-сүргін де тоқтатылмады. БАҚ өкілдері күрд белсенділерін жазалау мен қамауға алулар туралы жиі хабарлайды [4].

Ал енді Сирия территориясындағы мәселеге қысқаша тоқталар болсақ, Сирия Араб Республикасы құрылған сәттен бастап күрдтер ешқандай құқыққа ие болмады: оларды туған жерлерінен қуды, тілдік және мәдени ассимиляцияға ұшыратты, жеке меншік құқықтарынан айырып, саяси және экономикалық құқықтарын шектеді. 2016 жылдың наурызында күрдтер Сирияның солтүстігінде өзінің үкіметі, парламенті, құқық қорғау органдары бар автономдық аймақ құру туралы мәлімдеме жасады. Өз кезегінде Сирия билігі солтүстікте федеративтік аймақ құру туралы мәлімдемені заңсыз деп таныды.

Жоғарыда аталғандай, қазіргі Түркия үкіметі күрдтер мәселесін күшпен шешуге тырысуда. Көп уақыт бойы халықаралық құрылымдар түрік армиясының айуандығына көз жұмып келді. Оның үстіне, Түркия мен Батыс елдері күрдтер әскери және саяси құрылымдарын лаңкестік ұйымдар тізіне қосқан болатын. Қазіргі Түркия мен ЕО арасындағы қарым-қатынас нашарлаған уақытта ғана Брюссель күрд мәселесін естеріне түсірді. Қазіргі таңда Түркияның оңтүстік-шығысындағы күрдтерді этнос ретінде тазалау процесі қарқын алып, оны тоқтату мүмкін болмай отыр [1, б.3].

Таяу Шығыс мәселесімен айналысатын ғалымдардың ойларына жүгінетін болсақ, «Күрд мемлекетінің құрылуы ешқандай проблеманы шешпейді, керісінше олардың жаңа және ауқымды толқынын алып келеді. Сондықтан Курдистанды құру жоспарын кім құрастырып, жүзеге асырса да оның бір ғана стратегиялық мақсаты бар: ол ұзақ мерзімді тұрақсыздықтың жаңа ошағын ашу және оны өңірлік, ғаламдық деңгейде басқару құралы ретінде пайдалану» - дейді Д. Нерсесов [5].

Бұл дәйексөзден қорытынды жасай отырып, «Курдистан мемлекетін құру кімге және не үшін қажет болуы мүмкін?» деген сұраққа жауап беруге болады:

Біріншіден, Израиль. Курдистан толығымен арабтарға қарсы сипатта құрылатын болады. Яғни, еврей мемлекетінің жоспары бойынша, бірден Израильдің одақтасына айналады. Мықты дайындалған және тәжірибелі әскері бар күрд мемлекетінің құрылуы Таяу Шығыстағы күштер балансын Израильдің пайдасына түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді және еврейлерге үнемі төніп тұрған әскери қауіптен құтқарады. Басқаша айтқанда, Курдистанның құрылуы израильдік тарихтың жаңа тарауын ашып, Тель-Авивке стратегиялық жоспарын орындау үшін үлкен мүмкіндіктер береді.

Екіншіден, АҚШ. Америка Израильдің стратегиялық одақтасы және осы орайда ол Курдистанның құрылуына қызығушылық танытып отыр. Вашингтон үшін жаңа мемлекеттің құрылуы бірнеше нақты жоспарларын орындауға мүмкіндік береді. Кем дегенде, өзіне тәуелді мемлекеттер тізімін кеңейту: Курдистан тек антиарабтық ғана емес және израильдік және американдық сипатта құрылады. Бұл американдықтарға өңірлік аренада өзіндік мүдделерін сақталуын қамтамасыз етеді [6].

Қазіргі замандағы «күрд мәселесі» осылайша пайда болды. Бүкіл әлем күрдтердің тәуелсіздігін алуда қызығушылық танытып отырған жоқ. Бұл нақты өзекті болған қақтығыс және оны барынша ушықтыруға ат салушы мемлекеттер де жоқ емес. Күрд мемлекетінің құрылымы тек қана антиарабтық ғана емес, сонымен қатар антитүріктік және антиирандық болмақ. Қазіргі уақытта Израиль мен АҚШ-одағында территориялық талап қоятын Күрдистанның-Ирак пен Сирия, шииттік Иран мен сунниттік Түркияның шекаралас өңірінде пайда болуы-бұл аймаққа ұзақ уақыттық «террор, тұрақсыздық, соғыстар» қорқынышын алып келеді.

Пайдаланған әдебиетер тізімі:

1. Мосаки Н. З. Турецкая образовательная политика и ассимиляционные процессы у курдов
2. [Минорский В. Ф. «История курдов»](#)
3. http://www.demoscope.ru/weekly/ssp/sng_pop.php
4. Ханалиев Н.У. Курдский вопрос: Исторический экскурс
5. Нерсесов Д. «Государство Курдистан взорвет Ближний Восток»
6. Жигалина О.И. Этнический Курдистан как перекресток геополитических и экономических интересов

Жубекова А., Руденко Е., студенты группы МО-32КЭУК
Научный руководитель: к.э.н., доцент Арыстан М.И.

КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА: УСЛОВИЯ И ФАКТОРЫ РОСТА

Экономика Казахстана является крупнейшей экономикой в Центральной Азии. Страна обладает огромными запасами нефти, руд черных и цветных металлов. Также имеет значительный сельскохозяйственный потенциал с его огромными степными землями, позволяющими развивать скотоводство и зерноводство, гористой местностью на юге, создающей отличную среду для выращивания овощей и фруктов.

Промышленный сектор Казахстана основывается на добыче и переработке природных ресурсов, а также на относительно большом машиностроительном секторе, специализирующемся на строительной технике, тракторах, сельскохозяйственной технике и некоторой военной продукции.

Казахстан – это также развитая космическая инфраструктура, которая обеспечивает запуск космических кораблей к Международной космической станции.

Распад СССР и крах спроса на казахстанские традиционные товары тяжелой промышленности привели к резкому сокращению экономики с 1991 года, при этом самый резкий годовой спад произошел в 1994 году. В 1995-1997 годах правительственные программы экономических реформ и приватизация оживили экономику Казахстана и привели к значительному смещению активов в частный сектор.

В декабре 1996 года Каспийским трубопроводным консорциумом было подписано соглашение о строительстве нового газопровода от месторождения Тенгиз в Западном Казахстане к черноморскому побережью, что создало перспективы для наращивания объемов экспорта нефти. [1, с.150]

Экономика Казахстана испытала спад в 1998 году при снижении темпов роста ВВП на 2,5% в связи с резким падением цены на нефть и финансовым кризисом в августе в России. В 1999 году произошло восстановление мировых нефтяных цен, которые, в сочетании со своевременной девальвацией тенге и урожаем зерна, вытащили экономику из рецессии.

В целом, за девяностые годы размер ВВП на душу населения сократился на 26%. Однако с 2000 года экономика Казахстана начала резко расти, чему способствовал рост цен на мировых рынках на основные экспортные товары – нефть, металлы, зерно. ВВП Казахстана в 2000 году вырос на 9,6%, по сравнению с 1,7% в 1999 году. Начиная с 2001 года, рост ВВП Казахстана был одним из самых высоких в мире. В 2006 году очень высокие темпы роста ВВП были устойчивыми, а показатель составил 10,6% [2]. В кризисном 2009 году рост ВВП Казахстана сократился до 1,2%. В 2010-2013 году экономика страны росла более чем на 5,0% ежегодно. В 2014 году темп роста ушел в минус, составив -6,7%, в 2015 году -18,9%, в 2016 году ВВП показал рост в 1%, в 2017 году - уже 3,9% [3].

Одним из интегральных показателей развития экономики любой страны являются данные в различных рейтингах и отчетах, к примеру, существует Отчет о глобальной конкурентоспособности, который представляет собой ежегодный доклад Всемирного экономического форума. Его история начинается еще с далекого 1979 года. С 2004 года Отчет ранжирует страны на основе «Глобального индекса Конкурентоспособности». Индекс конкурентоспособности оценивает способность стран обеспечить высокий уровень благосостояния своих граждан. Позиции государств по этому показателю зависят от того, насколько эффективно страна использует ресурсы, которыми располагает. При этом для поддержания уровня жизни в условиях свободного рынка, как правило, необходимо постоянное повышение производительности труда и качества товаров и услуг.

Членами ВЭФ являются около 1000 крупных компаний и организаций из разных стран мира, а его штаб-квартира расположена в пригороде Женевы – Колоньи. Экономика оценивается в соответствии с 12 уровнями конкурентоспособности, определяемыми в отчете: институты, инфраструктура, макроэкономическая среда, здравоохранение и начальное образование, высшее образование и профессиональная подготовка, эффективность рынка товаров, эффективность рынка труда, развитие финансового рынка, технологическая готовность, размер рынка, бизнес изысканность и инновации [4].

В Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира от 1 марта 2006 года» Нурсултан Назарбаев перечислил меры, которые нужно предпринять на всех уровнях государственного управления для улучшения своих показателей в мировых рейтингах. С этого времени позиции Казахстана стремительно устремились вверх в рейтинге «Глобальной конкурентоспособности». Если в 2011 году наша страна при подсчете рейтинга страны по всем 14 индикаторам занимала 72 место, 2013 году – 51 место, 2015 году – 50 место, в 2016 году – 42 место [5].

Однако в 2017 году Казахстан не смог повторить очередной успех и спустился в рейтинге на 15 позиций. Мы попытались далее проанализировать внешние и внутренние факторы, которые способствовали столь резкому падению [6].

Одна из проблем нашей экономики кроется в количестве запасов природных ресурсов. Казахстан является примером "ресурсного проклятия", то есть страной, обладающей значительными запасами природных ресурсов, наличие которых не определяет наше лидерство. Эта «болезнь» вызывает отсутствие диверсификации экономики, вызванное увеличением реального обменного курса, связанного с притоком в страну доходов от ресурсов. Из этого вытекает следующий немаловажный фактор: высокая зависимость доходов страны от продажи ресурсов на мировом рынке. [6, с.103]

По графику на рис.1 можно сказать, что безудержный рост казахстанской экономики есть прямое следствие роста стоимости нефти. Согласно "коэффициенту корреляции", который отражает, как тесно связан один показатель с другим. То есть, значение этого показателя для стоимости цены нефти и ВВП Казахстана составляет 0,88. Это значит, что 88% развития экономики нашей страны определяет цена на нефть.




Рис.1 - Динамика темпов роста ВВП Казахстана и стоимости нефти на мировом рынке [7]

Следующими причинами текущих проблем казахстанской экономики являются курс национальной валюты и экономическая структура. Окончательно перейдя в августе 2015 года к свободно плавающему режиму в своей валютной политике, Национальный банк принял объективное решение, так как девальвация российского рубля и китайского юаня сделала бы поддержку тенге слишком затратной, и снизила бы конкурентоспособность казахстанских производителей.

Однако мы должны понимать тот факт, что картина рынка нашей страны выглядит следующим образом: 60% потребительской корзины Казахстана составляют импортные товары, а значит, малейшие изменения курса тенге оказывает прямое влияние на вариацию их стоимости.

Искоренить текущие проблемы можно лишь структурными мерами. В нашем случае – это масштабная диверсификация. Существует целый ряд государственных программ, направленных на диверсификацию казахстанской экономики. Как сказал Президент Н.А. Назарбаев в своем недавнем послании народу Казахстана от 10 января 2018года: «Необходимость быть готовыми к глобальным изменениям и вызовам побудила нас принять Стратегию развития «Казахстан-2050». Мы поставили целью войти в тридцатку самых развитых стран мира. Реализуется План нации – 100 конкретных шагов, из которых 60 уже исполнены. Остальные носят в основном долгосрочный характер и осуществляются планомерно. В прошлом году запущена Третья модернизация Казахстана. Успешно реализуется Программа индустриализации. Принята комплексная программа «Цифровой Казахстан». Разработан комплексный Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года. Наши долгосрочные цели остаются неизменными». Все необходимые программы для реализации успехов казахстанской экономики на мировой арене у нас есть и для достижения целей этих программ Казахстану придется пойти по пути процессов обновления и изменения.

Список литературы:

1. Кошанов А.К. Смешанная экономика: трансформационная модель развития Республики Казахстан. - Алматы, 1997. - 169 с.
2. Новый этап экономических реформ и прогноз социально-экономического развития Республики Казахстан // Казахстанская правда. 2008. 2 февраля

3. Динамика основных социально-экономических показателей Республики Казахстан за 1991-2017 годы / <http://stat.gov.kz>.
4. Индекс глобальной конкурентоспособности /[http://gtmarket.ru /ratings/global-competitiveness-index](http://gtmarket.ru/ratings/global-competitiveness-index).
5. Казахстан в рейтинге Глобального индекса конкурентоспособности Всемирного экономического форума /<http://www.kst.adilet.gov.kz>.
6. Чистяков Е.Г., Шульга В.А. Экономическая интеграция и национальный экономический ростudent - М: РАЕН, 2010. -124 с.
7. Экономика Казахстана. Итоги 2017 года /<https://informburo.kz>.

Ким В., студент гр. МО-23 КЭУК
Научный руководитель: ст. преп. Сыздыкбеков Е.С.

УГРОЗА РЕЛИГИОЗНОГО ЭКСТРЕМИЗМА И ТЕРРОРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Религиозный экстремизм и терроризм в Казахстане не появились просто так. В борьбе с ними главный вопрос – кто заказчик? По этому поводу нет единого мнения. Это может быть проявлением активности всемирной террористической сети, направляемой из Ближнего Востока. Многие эксперты не исключают и варианта, связанного с усилением борьбы за власть внутри страны.

Противодействие терроризму и экстремизму является одним из приоритетных направлений в обеспечении национальной безопасности страны. Казахстан решительно осуждает терроризм во всех его формах и проявлениях и выступает за принятие коллективных усилий мирового сообщества по борьбе с этим явлением. В декабре 2003 года распоряжением Президента РК создан Антитеррористический центр для более эффективной работы всех силовых структур в борьбе с проявлениями терроризма и религиозного экстремизма [1]. Казахстан выполняет требования Резолюции Совета Безопасности Организации Объединенных Наций и ежегодно представляет Национальный доклад о проделанной работе в Контртеррористический Комитет ООН. Поддержано создание и принято активное участие в деятельности Международной контртеррористической коалиции. Казахстан участвует в реализации контртеррористических мероприятий в рамках Индивидуального плана действий партнерства с НАТО.

На протяжении 9 лет, осуществляется сотрудничество между спецслужбами государств-членов Шанхайской организации сотрудничества (ШОС) [2].

Была создана целостная нормативная правовая система по борьбе с терроризмом, эффективный ряд механизмов сотрудничества, заседание руководителей пограничных служб, включая обеспечение безопасности проведения крупных международных мероприятий, обмен оперативной информацией. С 2005 года, ежегодно проводятся совместные антитеррористические учения в рамках Региональной антитеррористической структуры ШОС (РАТС), что вносит существенный вклад в национальную безопасность и стабильность в регионе [2].

В целях достижения стоящих задач нужно не только углублять деловое сотрудничество между компетентными органами государств-членов ШОС, но и укреплять контакты и сотрудничество с компетентными органами государств-наблюдателей при ШОС. Необходимо не только создавать новые механизмы делового сотрудничества, но и неуклонно развивать и совершенствовать уже существующие.

Если оглянуться назад, то можно увидеть, что за этот период времени в Казахстане произошло около 12 терактов и антитеррористических операций. В 2011 году у здания Актюбинского областного департамента Комитета Национальной Безопасности

Казахстана, был совершен террористический акт террористом-смертником, инструментом акта послужило самодельное взрывное устройство. Так же не стоит забывать в 2012 году в Иле-Алатауском национальном парке массовое убийство. 2016 год теракт в Актобе, который был совершен группой людей, являвшихся радикальными приверженцами нетрадиционных религиозных течений [3].

Все это говорит о том, что наше государство является объектом для экстремистов. И дело здесь не только в национальной, но и глобальной безопасности.

Основываясь на пережитых случаях, Комитет Национальной Безопасности Республики Казахстан разработал новую программу по противодействию терроризму и экстремизму с 2017 по 2020 года. По материалам ведомства, из лагерей международных террористических организаций, а также опорной и транзитной инфраструктуры в третьих странах возвращены, либо вернулись 79 граждан Казахстана. Из них 34 привлечены к уголовной ответственности за участие в террористической деятельности [4]. Предлагаемая программа включает ряд мер и задач – обеспечение безопасности граждан и государства от явных проявлений насильственного терроризма и религиозного экстремизма. Достижение цели программы будет измеряться целевыми индикаторами: снижение на 20 процентов численности лиц, разделяющих экстремистские идеи, направленные на разжигание религиозной вражды или розни, к концу 2020 года.

Так же подводя итоги председательства в Совете Безопасности ООН, КНБ РК опубликовал проект государственной программы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму на 2018-2022 годы. В документе, говорится об интеграции списков Совета безопасности ООН по лицам, причастным к терроризму с национальной базой данных Казахстана. Для выявления фактов пропаганды в социальных сетях, СМИ, экстремизма и терроризма в интернете, КНБ намерены усовершенствовать данную технику.

Список литературы:

1. В Казахстане создан Антитеррористический центр // <https://atc.gov.kz/ru/antiterroristicheskoe-zakonodatelstvo>
2. Антитеррористическое учение компетентных органов государств-членов ШОС «Қазығұрт – Антитеррор – 2013» // <http://www.knb.kz/ru/article/antiterroristicheskoe-ucenie-kompetentnyh-organov-gosudarstv-clenov-sos-kazygurt-antiterror>
3. Теракты в Казахстане. Хроника пяти лет // <http://theopenasia.net/articles/detail/terakty-v-kazakhstane-khronika-pyati-let/>
4. Борьба с терроризмом и экстремизмом в Казахстане // <http://www.mfa.kz/ru/content-view/borba-s-terrorizmom-i-ekstremizmom-v-kazakhstane>

Өміржан Н., ГМУ-11к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Х. Ертай, ЭТ және МЖБ
кафедрасының оқытушысы, магистр
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ- ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ДАМУДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Бүгінгі таңда заманауи қоғамды басқару үшін экономикалық және әлеуметтік сияқты маңызды екі саланың өзара байланысы мен жағдайын бақылап отыру керек. Дегенмен, кейде осы салалар бір-бірімен байланысты және тәуелді (мысалы, экономикалық дамудың деңгейі халықтың тұрмыс жағдайының деңгейінде көрініс табады, ал кадрлық әулет

экономикалық түрленудің өтуін анықтайды). Осылардың әрқайсысының жеке нақты бағыты бар және көрсеткіштердің жүйесін құуды талап етеді.

Бір жағынан, әрбір аймақ қоғамдық еңбекті бөлуде белгілі орын алады және стратегиялық дамудың жалпы мемлекеттік жүйесін жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс. Екінші жағынан тиімді мемлекеттік стратегияның жетілдірілуі аймақтар дамуының әулеті мен келешегін алғашқы бағалаумен қатар, аймақаралық ғылыми-өндірістік кешендерін құрудың мүмкіншіліктерін пайдалана отырып орындалуы қажет. Бұл елдің экономикалық тұтастығын күшейтудің мәселелерін шешуге, даму деңгейі бойынша аймақтардың дифференциация деңгейінің азаюына, аймақаралық интеграцияны жылдамдату және бір мезетте жекелеген аймақтардың әлуеттерінің дамуының іске асырылуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Заманауи жағдайда, экономикалық өсім көбінесе жаңа техника енгізу базасында өндірістің интенсификациясына тәуелді болған кезде, көптеген рұқсат етілген нұсқалардың ішінен ең жақсы орындалған экономикалық-әлеуметтік сценарийін таңдауда ғылыми дәлелдемелерге талаптар бірден өседі [1].

1. Аумақтық дамуды бағдарламалау іс жүзінде барлық дамыған және дамушы елдердің аймақтық әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асырудың ең басты нысаны болды.

2. Әрбір бағдарламалық механизм аймақтық даму міндеттерін басқарудың барлық буындарының біріккен, келісілген жауапкершілік ретінде мойындайды, бірақ әрбір буын өзінде бар күшті пайдаланып, нақты рөл атқарады.

3. Өңделіп жатқан бағдарламалар экономикалық дамудың жалпы бағдарламаларына қол жеткізу үшін көптеген қатысушылардың ресурстарын тартуды қарастырады.

4. Бағдарламаларды өңдеу экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қатысушылардың аймақтық субъектілерінің құқығының тең болуына кепілдік беру керек (мекеме, кәсіпорын, аймақ), яғни мақсаттар мен қатысушылардың экономикалық қызығушылығы бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру құралдары сәйкестігі сақталуы керек.

5. Бағдарламалардың мақсаты берілген объективті күші бар шектеулердің болуына қатысты жоспарлаған кезеңде мүмкіндігінше халықтың тұрмыс жағдайын максималды көтерумен қамтамасыз ету болуы тиіс. Халықтың тұрмыс жағдайының деңгейі қарастырған кезеңде халықтың абсолютті қажеттілігін осы кездер арасында қанағаттандыру кешенімен сипатталады.

6. Халықтың тұрмыс жағдайының максималды өсімі объективті түрде бағдарламаны өңдеу кезінде ескерілуге тиісті бірқатар ресурстар мен қажеттіліктермен шектелген. Оларға материалды, қаржылай, жоспарланған кезеңнің басында болған еңбек ресурстары, ғылым мен техниканың қолжеткен даму деңгейі, жалпы мемлекеттік сипаттағы керек-жараққа бөлінетін ресурс (қорғаныс, қоршаған ортаны көмек көрсету, сыртқы экономикалық байланыс және т.б.) және басқалар жатады.

7. Аймақтың бағдарламалар қандай жолмен болмасын ұлттық артықшылық жүйесіне кіргізіледі, олардың иерархиялық және сап бойынша түзеу жүргізіледі, бағдарламалау атты марка негізінде бақылаусыз мемлекеттік шығындар мен сол шығындарға шектеу қойылуда.

8. Жетілдірілген бағдарламалар кешенді сипатқа ие болулары тиіс. Ондағы бүкіл тапсырмалар керекті және өзара байланысқан. Олар маңыздылық дәрежесі бойынша бөлінбейді. Себебі, олардың біреуі де бағдарламадан оның тұтастығының бұзылуынсыз алып тасталынбайды.

9. Бағдарламалық механизмде жетілдіріп жатқан іс-шаралар бірнеше жылға жоспарланады, және сол, иелік етіп отырған субъектілерге қаржыландыру және басқа мәселелер шарттары бойынша белгілі тұрақтылық дәрежесін ұсынады [2].

ҚР Халықты әлеуметтік қорғау талдаулары халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруын тежейтін мәселелердің бар екенін көрсетті. Аталған мәселелерді шешу жолдары әлеуметтік саясат саласында стратегиялық мақсатта қарастырылған және ҚР Үкіметімен «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» қабылданды.

Әлеуметтік көмек бағдарламаларын орындау барысында кең ауқымда үкіметтік емес ұйымдар төменгі деңгейде әкімшілік шығынды қысқартып, жұмыс тиімділігін жүйенің жоғарғы деңгейіне көтеру мақсатында тартылады. Үкіметпен жергілікті мәселелерді және ел бойынша еріктілер институтының таралу мәселесін шешуге шақыртылған, территориялды, үкіметтік емес ұйымдарды дамыту үшін жағдайлар жасау бойынша қадамдар жасалып жатыр [3].

Қазіргі кезде Қазақстанның көп аймақтары халыққа атаулы әлеуметтік көмек беруде тәжірибе жинақтаған, бірақ көмек берудің механизмдерін әр уақытта жетілдіріп отыру қажет, күнкөріс минимумын есепке ала отырып аз қамтылғандардың жәрдемақысын қайта електен өткізіп отыру өте маңызды.

Жол картасының аясында жұмысбастылық жәрдемінің белсенді нысандарын пайдалану, мысалы әлеуметтік жұмыс орындарын құру, жастар тәжірибесін жинақтау, біліктілікті қайта даярлау мен жоғарылату арқылы арттыру сияқты түрлері тұрғындар арасындағы мақсатты топтың азаматтарын қызықтыруға ықпалын тигізеді. Алғаш рет жастар жұмыссыздығының деңгейі 4,7%-ды құрап, жұмыссыздықтың жалпы деңгейінен төмен деңгейін көрсетті.

2. Невозможно использовать советники и индикаторы в МТ5, написанные под торговый терминал МТ4.

Также мы проанализировали опыт различных стран в данной сфере. И выявили самую популярную платформу которой пользуется США и вся Европа, это ROX.

Это современная мощная торговая платформа с уникальным набором аналитических инструментов, поддерживающая мгновенную маршрутизацию на все биржи, MTF и ECN. ROX построена на технологии OMS, которая используется сотнями торговых площадок по всему миру и позволяет трейдерам управлять своими ордерами с доступом на все ведущие биржи. Она эффективна, надежна и проста в использовании.

Ключевые преимущества торговой платформы ROX:

-Поддержка котировок NYSE, NYSEOpenBook, LevelII ит.д.

-Мониторинг своего счета, открытых позиций;

-Возможности работы с ордерами;

-Хорошие возможности графического анализа;

Ну и конечно же один огромный минус что это самая старая и неудобная платформа. Тем не менее, только ROX может посоперничать с крупными торговыми платформами как в стоимости, так и по количеству рынков, на которые открывает доступ. Отлично подойдет для неактивных трейдеров и инвесторов[3].

Подводя итоги, можно сказать, что техническое оснащение с каждым годом модернизируется и совершенствуется, следовательно, будут модифицироваться торговые платформы, предлагаемые брокерами. На наш взгляд, сейчас нужно обратить внимание на инвестиционное образование для инвестора: предоставление полного спектра ознакомительной информации по всему рынку ценных бумаг, о возможностях и перспективах развития фондового рынка. Но не только брокеры должны думать над этими проблемами. Государство тоже должно приложить свои усилия, для того чтобы сделать рынок более привлекательным для частного инвестора [4]

Взяв за основу торговую платформу MT5 и посмотрев какие же у неё есть преимущества и недостатки мы предполагаем, что данная платформа лучше всего подойдет для рынка ценных бумаг Казахстана. Казахстан относится к постсоветскому пространству, и это довольно молодая и развивающаяся страна. Россия тоже стоит на пути к развитию и переосмыслению нового, более современного динамичного рынка ценна бумаг. Взвесив все за и против мы решили, что данная платформа как нельзя лучше подойдет нашему государству.

Таким образом, мы хотим отметить, что Казахстанский фондовый рынок, в частности и рынок торговли ценными бумагами всё еще молод, и естественно, во многом отличается от американского. Инновации и новые торговые платформы внедренные на рынке США в силу многих факторов не могут не могут применяться на рынке акций.

Но всё же при всех отрицательных моментах, можно найти и положительные. Например то, что инвестиционную культуру и финансовую грамотность казахстанцы будут познавать со школьной скамьи. Недавно в правительстве Министерство финансов презентовало специальную программу. Ее цель вовлечь население республики, как частных лиц, так и компании в фондовый рынок. Развитие фондового рынка - этот вопрос стал основным на заседании правительства.

Также ближайшей задачей должен стать доступ к рынку для розничных инвесторов, однако эта задача не только техническая, должны быть приняты меры в отношении структуры рынка, перечня акций, создания условий для портфеля, роста ликвидности бумаг.

Не повысив финансовые и инвестиционные знания, трудно рассчитывать на грамотность в действиях людей со своими средствами в будущем. Каждый казахстанец должен понять, что человек может управлять своими финансами, что деньги - это инструмент, который в умелых руках превращается в «рог изобилия», который приносит тем больше денег, чем больше их вкладываете. Но лишь образованием и культурой населения многого не добьешься. Если не будет создана качественная, развитая и заманчивая система, то есть рынок, где будут комфортно себя чувствовать не только крупные компаний, холдинги или корпораций, но и физические лица, естественно, от программы не стоит ждать нужных результатов.

Список литературы:

1. Кунакова Э. Система информационного обеспечения на рынке ценных бумаг // Актуальные проблемы предпринимательского права / под ред. А.Е. Молотникова. – М.: Стартап, 2015. Вып. IV. – С. 76–83.
2. Ценные бумаги. Учебник / Под ред. В.И. Колесникова, В.С. Торкановского. М.: Финансы и статистика, 1998. С. 69.
3. Аналитическая информация о состоянии рынка ценных бумаг Республики Казахстана <http://www.kase.kz/ru/faq>

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ДАМУЫНА БЫҚПАЛЫ

Қаржылық тәуекелдерді басқарудың басты мақсаты – даму процесінде кәсіпорынның қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның нарықтық құнының мүмкін болатын төмендеуінің алдын алу.

Кәсіпорынның басты мақсатын жүзеге асыруға бағытталған қаржылық тәуекелдерді басқарудың негізгі мәселелері:

1. Кәсіпорынның қаржылық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қаржылық іс-әрекеттегі жоғары қаржылық тәуекел салаларын айқындау. Бұл мәселе кәсіпорынның түрлі қаржылық операцияларына тән тәуекелдердің жекелеген түрлерін идентификациялау, кәсіпорынның қаржылық іс-әрекетінің жекелеген бағыттары шеңберінде қаржылық тәуекелдердің шоғырлану деңгейін анықтау, қаржылық стратегия мақсаттарына қол жеткізе алмау қаупін төндіретін сыртқы қаржылық орта факторларына тұрақты мониторинг жасау жолымен жүзеге асырылады.

2. Жекелеген тәуекелді жағдайлардың туындауы мен олармен байланысты қаржылық шығындардың туындау ықтималдығын жанжақты да объективті бағалау. Осы мәселенің жүзеге асырылуы келесілер арқылы жүзеге асырылады: осындай бағалауды жүзеге асырудың шынайы ақпараттық базасын қалыптастыру; қарастырылып отырған қаржылық тәуекелге тән қаржылық жағдайдың туындау ықтималдығын бағалау құралдары мен әдістерін таңдау; тәуекелді жағдайдың мүмкін болатын туындау жағдайында кәсіпорынның қаржылық залалының тікелей және жанама мөлшерін анықтау.

3. Қаржылық операциялар табыстылығының қарастырылып отырған деңгейіне қатысты қаржылық тәуекел деңгейінің минимизациялануын қамтамасыз ету. Егер жекелеген қаржылық операциялардың табыстылық деңгейі немесе қаржылық іс-әрекет бағыттары алдын ала анықталса, онда қаржылық тәуекелдерді басқару процесінде олардың деңгейінің қарастырылатын табыстылық деңгейіне сәйкестігін бағалап („тәуекел-табыстылық” шкаласы бойынша), қаржылық тәуекелдер деңгейін минимизациялау шараларын қабылдау қажет. Шығындар мен тәуекелді минимизациялау қаржылық тәуекелдерді қаржылық операция бойынша әріптестер арасында бөлумен, инвестициялық портфельді әртараптандырумен, потенциалды дебиторларды жанжақты бағалаумен және дебиторлық берешек портфелін әртараптандырумен қамтамасыз етіледі.

4. Тәуекелді оқиға туындаған жағдайда кәсіпорынның мүмкін болатын қаржылық шығындарының минимизациялануын қамтамасыз ету. Осы мәселені жүзеге асыру процесінде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы мен төлемқабілеттілігінің бұзылуының, оның операциялық немесе қаржылық іс-әрекетінің көлемінің төмендеуін алдын алу бойынша превентивті шаралар кешені өңделеді. Аталмыш шаралар жүйесіне келесілер кіреді: жекелеген қаржылық операцияларды хеджирлеу, ақшалай қорлардың ішкі резервтерін қалыптастыру, қаржылық тәуекелдерді сырттай сақтандыру[1,б. 404].

Кәсіпорынның қаржылық тәуекелдерін басқарудың қарастырылған барлық мәселелері өзара тығыз байланысты және бір кешенде шешіледі.

Кәсіпорынның басты мақсатының жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қаржылық тәуекелдерін басқару ілеспелі түрде мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

1. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың ақпараттық базасын қалыптастыру.
2. Қаржылық тәуекелдерді идентификациялау.
3. Қаржылық тәуекелдер деңгейін бағалау.
4. Мүмкін болатын қаржылық тәуекелдерді бағалау.
5. Тәуекелдерді шешімдерді қабылдау критерияларының жүйесін бекіту.
6. Тәуекелді шешім қабылдау.

7. Қаржылық тәуекелдердің мүмкін болатын жағымсыз салдарларын алдын алудың әдістерін таңдау мен жүзеге асыру.

8. Қаржылық тәуекелдердің мониторингі мен оларды бақылау.

Кәсіпорындар әрекет ететін экономикалық дағдарыс шаруашылық етуші субъектісінің іс-әрекеті мен кәсіпорын тәуекелдерін басқару механизміне өз түзетулерін енгізеді. Мұнда оның ықпалын толық көлемде бақылау мүмкін емес, бірақ жекелеген тәуекелдерге оның ықпал ету аспектілерін анықтау әбден мүмкін [2, с. 69].

Әріптестер қалыпты әрекет етуі үшін шартқа деген сенім болуы тиіс. Банктер клиенттердің бірінші талаптары бойынша төлемді жылдам да сенімді жүзеге асыруы тиіс. Шоттарға төлем жүргізу құралы – банктік трансферт немесе чек. Мұнда фирманың бухгалтерлік есептілігінен жағдайдың айөын бейнесін көруге болады, мұнда банктегі әрбір төлем тіркеледі. Осылайша, алдау мүмкіндігі айтарлықтай төмендетіледі.

Сонымен, кәсіпкерлік іс-әрекетті дамыту үшін негізгі алғышарттар қарастырылған. Әрі қарай тәуекел дәрежесімен пайданың өзара әрекет ету мәселелері қарастырылады.

Пайда ақшалай салымдар бойынша тәуекел дәрежесімен тығыз байланысты. Өзінің әрекет етуші капиталын тәуекелге буғысы келмейтіндер, сол оны жақсы банкке салып, инфляция қарқынынан асатын пайыздар алып отырады. Егер неғұрлым жоғары табыс алғыңыз келсе, онда үлкен тәуекел қабылдауға тура келеді, себебі бұл қаржылық шығындар ықтималдығымен байланысты. Осылайша, акциялар немесе облигациялардың құны құлауы мүмкін, сатып алынған тұрғын үйдің нарықтық бағасы төмендеуі мүмкін, ал салымдар орналастырылған банк банкротқа ұшырауы мүмкін. Бұл тәуекел алған ұтысқа ықпал ете алмайтын құмар ойын сияқты.

Ал кәсіпкерлік тәуекел – бұл мүлдем өзге жағдай. Бұл, ең алдымен, болашақ оқиғалардың ықтималдығын бағалауды талап ететін инвестициялармен байланысты жұмыс. Қаражаттарды тиімді пайдалану – бұл өзінің жемісін әкеліп, оқиға барысына айтарлықтай ықпал етеді.

Кәсіпкерлік тәуекелдің дәрежесі тұрақты шама болып табылмайды, барлығы шаруашылық субъектінің іс-әрекетіне ықпал ететін оқиғалар барысынан тәуелді болады. Кәсіпкер немесе менеджер - бұл тәуекел дәрежесін төмендетуге ықпал ететін кілтті тұлғалар.

Әрине, адамдар өз тәуекелі үшін сыйақы аламын деп тәуекелге бел буады. Көпшілік санасын тәуекелге барып, соңында барлығынан айрылады. Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен жауап беретін жауапкершілігі шектелген серіктестіктер (ЖШС) болады.

Жауапкершілікті шектеу - бұл инвесторлар өз салымдарының тәуекелге бел буатынның барлығы екенін біле отырып, іске өз қаражаттарын салатын механизм.

Іскерлік тәуекелді төмендетудің неғұрлым кең таралған және қалаулы тәсілі – қандай да бір мемлекет шеңберінде әрекет ететін заңдар шеңберінде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді немесе акционерлік қоғамдарды құру. Мұнда шағын бизнспен айналысатын шағын кәсіпорындар да жатқызылуы мүмкін.

Қандай да бір іске салынатын қаражаттар пайда береді, оның бір бөлігі акционерлер арасында дивиденд түрінде бөлінеді, ал екінші бөлігі жарғылық капиталды арттыра отырып, фирманың әрі қарай дамуына бағытталады. Акция иелері кәсіпорынды иеленушілер болып табылады. Фирма пайдасы меншік иелерінің капиталына арттырады, ал шығындар азайтады.

Меншік қаражаттарын өндірістің дамуына салатын акционерлер максималды пайда алуға ұмтылып, сол арқылы *gommioi*, тәуекелге барады. Егер фирма жағдайы жақсы жүрсе, онда пайданың басым бөлігін акционерлік капиталдың иелері алады. Ал егер керісінше болса, онда фирма жұмыскерлері тиесілінің барлығын алады, ал капитал иелері ештемеге ие болмайды

Егер фирма қарыз қаражаттарды пайдаланса, онда қарыз туралы шартқа қол қойғаннан кейін оның шарттары дереу орындалуы тиіс. Ол бойынша шарттағы пайыздар

төленеді, соңғы есепте негізгі сома төленеді. Кредитор жоғары табыс алуды күтпейді, ол үшін аталмыш шараның сенімділігі қымбатырақ. Ол тіпті төменгі пайызға да келіседі - бұл ештеңе алмағанмен салыстырғанда жақсы нұсқа: себебі ссудалық пайыз және қарыздың негізгі сомасы салынған капиталға пайданы төлегенге дейін төленеді [3, б. 94].

Фирманың мерзімінде пайыз төлеп, қарыз қайтара алмау қабілеттілігі оның банкроттығы үшін негіз болып табылады. Сондықтан көптеген кредиторлар қарыздардың фирма активтерімен қамтамасыз етілуін талап етеді.

Қарыз қаражаттары мен меншікті капиталдың құны фирмаға өз қаражаттарын салушылар алуы мүмкін сыйақы шамасы болып табылады. Олардың тәуекелін өзгерту күрделірек, бірақ ең сәтсіз жағдайдың өзінде тәуекел мөлшерін инвестицияланған капитал мөлшерімен шектеуге болады.

Кәсіпорын иелегінде қалатын барлық пайда екі бөлікке бөлінеді. Біріншісі кәсіпорын мүлкін арттырып, жинақтау процесіне қатысады. Екіншісі тұтынуға жұмсалатын пайда үлесін сипаттайды. Мұнда жинақтауға бағытталатын барлық пайданы толығымен пайдалану міндетті емес. Мүліктің артуына пайдаланылмаған пайданың қалдығы маңызды резервтік мәнге ие болып, соңғы жылдары мүмкін болатын шығындарды жабуға бағытталуы мүмкін.

Бөлінбеген пайда кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, әрі қарай дамуы үшін қайнар көздің болуын дәлелдейді. Сонымен, кәсіпорынның шаруашылық жағдайын ынталандыратын таза пайданың болуы нарыққа көшу барысында олардың коммерциялық істерін нығайту мен кеңейтудің факторына айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мельников В.Д., Ильясов К.К. Финансы. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2005г – 560с.
2. Стоянова Е.С. Финансовый менеджмент: теория и практика. – М.: «Перспектива», 2015г. – 656с.
3. Павлова Л.П. Финансовый менеджмент. Учебник. М.:ИНФРА – М, 2016г. – 454с.

Дайырова А.Р., Ф-41к топ студенті ҚҚЭУ
Ғылыми жетекші: магистр, аға оқытушы Игликова Д.Д

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ БЮДЖЕТТІҢ КІРІС БӨЛІГІН ҚҰРУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ САЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Мемлекеттің тұрақты экономикасын құруда салықтар маңызды орын алады. Экономикалық мазмұн тұрғысынан салық дегеніміз тұрғын, кәсіпорын мен ұйымдардан заңға негізделіп алынатын міндетті төлем жүйесі. Салық мәселесі мен салық салудың тамыры ғасырларға тереңдеп кеткен. Салық – нарықтық қатынастардың бір бөлігі, оның қызмет етуі елдегі экономикалық реформалардың нәтижелілігімен тығыз байланысты. Өз кезегінде жүргізілген салықтық реформаның тиімділігі мемлекеттің экономикалық дағдарысын, проблемаларын шешуші қызметін атқаруда.

Жергілікті салықтар жергілікті бюджет табысының негізгі көзі болып табылады. Жергілікті салықтарға мүлік салығы, жер салығы, көлік құралдар салығы, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, біржолғы талон бойынша жеке тұлғадан түсім салығы, бензинге акциз, дизель отынына акциздер, бірыңғай жер салығы және әлеуметтік салық жатады.

Жергілікті бюджетке түсетін ірі салықтар ретінде мүлік салығын, жер салығын, көлік құралдар салығын айтуға болады.

Жер салығы

Жер салығы толығымен жергілікті бюджетке түседі, сондықтан бұл жергілікті уәкілетті органдарының аталған салықты жинауға мүдделерін арттырады.

Жер салығын төлеушілер – меншігінде немесе тұрақты пайдалануында жер учаскесі бар заңды тұлғалар (оның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және жерге иелік етуші жеке тұлғалар.

Жер салығының мөлшері жер учаскесінің саласына, құнарлығына, орналасу аймағына және сумен қамтамасыз ету мүмкіндігіне қарай анықталады және жер иесі мен жерді пайдаланушының шаруашылық нәтижесіне байланысты болмайды. Жер салығы жер алаңының бірлігі үшін жыл сайынғы тіркелген төлем түрінде белгіленеді. Ал басқа мемлекеттерге берілген жер учаскесін пайдаланғаны үшін салық салудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының осы мемлекеттермен жасасқан шараларымен анықталады.

Жер салығының салық салу объектісі – жерге иелік ететін немесе пайдаланатын заңды және жеке тұлғалардың қарамағындағы жер учаскелері.

Мүлікке салынатын салық.

Салық салу объектісіне қарай мүлікке салынатын салық тікелей салықтарға жатады. Белгіленген ставкаларды есепке ала отырып, салық мүліктің құнына тікелей салынады.

Мүлік салығын төлеушіер:

-Қазақстан Республикасының аумағында меншік шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар (соның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғалар);

-Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында салық салу объектісі бар жеке кәсіпкерлер;

-меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар.

Меншік иесі салық салу объектілерін сенімгерлік басқаруға немесе жалға берген кезде меншік иесімен келісім бойынша салық төлеуші сенімгер басқарушы немесе жалға алушы болуы мүмкін.

Жеке тұлғалар үшін салық салу объектісі - Қазақстан Республикасының аумағындағы тұрғын үй – жайлар, саяжай құрылыстары, гараждар және өзге де құрылыстар, ғимараттар болып табылады.

Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін салық салу объектісі – негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің орташа жылдық құны [1].

Көлік құралдарына салынатын салық тікелей салық және мемлекет пен көлік құралдарының арасындағы экономикалық қатынастарды реттейтін салықтарға жатады. Көлік құралдарының иелері көлік құралдарын иемдену барысында республиканың автомобиль жолдарын пайдаланады. Ал осы автомобиль жолдарын қаржыландыруды мемлекеттік бюджет жүзеге асырады. Сондықтан көлік құралдарына салынатын салықтың экономикалық мәні зор деп айтуға болады.

Көлік құралдарына салынатын салық салу объектісіне қарай тікелей салықтарға жатады. Ал пайдалану белгісіне қарай бұл көлік құралдарына салынатын салық арнайы салықтарға жатады. Өйткені, бұл салықтан жиналған ақша қаражаттары сол көліктер жүретін жолдарды жөндеу үшін арнайы мақсатқа жұмсалады.

Салық салу объектісін бағалау дәрежесіне қарай көлік құралдарына салынатын салықтар нақты салықтарға жатады. Өйткені бұл салық көлік құралдарының сыртқы белгісіне қарай табыстың түсуін есептеместен салынады. Ал салық салынатын органға қарай көлік құралдарына салынатын салық жергілікті салықтарға жатады.

Төлеушілер - заңды тұлғалар көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ағымдағы салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей, сондай-ақ декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына табыс етеді. Салық салу

объектілеріне уәкілетті органда мемлекеттік тіркелген және есепте тұрған көлік құралдары (тіркемелерді қоспағанда) жатады [2].

Сәтбаев қаласы бойынша 2015-2017 жылдар есебі бойынша жергілікті бюджетке түсетін салықтардың түсу көлемін 1-ші кестеден көруге болады.

1 кесте.

2015-2017 жыл аралығындағы Сәтбаев қаласы бойынша салықтық түсімдер


мың тг.

Төлемнің атауы	2015ж нақты түскені	2015ж болжанған	2016ж нақты түскені	2016ж болжанған	2017ж нақты түскені	2017ж болжанған
Заңды тұлғалардың мүлік салығы	500464,3	504206,0	750540,3	507432,0	533310,5	521053,0
Жеке тұлғалардың мүлік салығы	87100,1	85463,0	95006,0	89052,0	94984,0	89848,0
Жер салығы	92142,2	81173,0	146755,2	144063,0	149920,2	140110,0
Заңды тұлғалардың көлік салығы	89823,6	84428,0	89926,1	84671,0	88408,6	84155,0
Жеке тұлғалардың көлік салығы	343387,8	340076,0	333572,5	326869,0	344508,3	305848,0
%-ға орындалды	101,6	-	122,9	-	106,1	-
ЖБ қорытындысы	1112918,0	1095346,0	1415800,1	1152087,0	1211131,6	1141014,0
Ескерту - Сәтбаев қаласы бойынша МКБ есебі негізінде						

1-кестеде көрсетілгендей, жергілікті бюджетке түсетін салықтарды жинау жоспары 2015 жылы 101,6%-ға орындалды, болжам бойынша бюджетке 1095346,0 мың теңге түсуі керек, ал нақты түскен ақша қаражаттар көлемі 1112918,0 мың теңгені құрады.

Жергілікті бюджетке түсетін мүлік салығы болжам бойынша заңды тұлғалардан 504206,0 мың теңге, жеке тұлғалардан 85463,0 мың теңге болды, ал нақты түскен түсім заңды тұлғалар бойынша 500464,3 мың теңге, жеке тұлғалар бойынша 87100,1 мың теңгені құрады. Көлік құралдары салығы болжам бойынша заңды тұлғалардан 84428,0 мың теңге, жеке тұлғалардан 340076,0 мың теңге болды, ал нақты түскен түсім заңды тұлғалар бойынша 89823,6 мың теңге, жеке тұлғалар бойынша 343387,8 мың теңгені құраған. Сонымен қатар, жер салығы болжам бойынша 81173,0 мың теңге, ал нақты түскен түсім 92142,2 мың теңгені құрап, едәуір жоғары түскенін байқауға болады.

Сонымен қатар, Сәтбаев қаласының бюджетке түсетін салықтарды жинау жоспары 2016 жылы 122,9%-ға орындалды, жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне 1415800,1 мың теңге түсті, ал болжам бойынша 1152087 мың теңге болуы керек, яғни өсім көрсеткіші 263713,1 мың теңгені құрады. Жергілікті бюджетке түсетін көлік құралдары салығы болжам бойынша заңды тұлғалардан 84671,0 мың теңге, жеке тұлғалардан 326869,0 мың теңге болды, ал нақты түскен ақша заңды тұлғалар бойынша 89926,1 мың теңге, жеке тұлғалар бойынша 333572,5 мың теңгені құраған. Сонымен қатар, жергілікті бюджетке түсетін жер салығы болжам бойынша 144063,0 мың теңге, ал нақты түскен ақша 146755,2 мың теңгені құрады. Мүлік салығы болжам бойынша заңды тұлғалардан 507432,0 мың теңге, жеке тұлғалардан 89052,0 мың теңге болды, ал нақты түскен ақша заңды тұлғалар бойынша 750540,3 мың теңге, жеке тұлғалар бойынша 95006,0 мың теңгені құрап, едәуір жоғары түскенін байқауға болады.



Сурет 1. 2015-2017 жылдардағы Сэтбаев қаласы бойынша салықтардың түсу динамикасы

Қорытындылай келе, 1-суретте көрсетілгендей, жергілікті бюджетке түсетін салықтардың түсу динамикасы 2015 пен 2016 жылдар аралығын салыстырсақ, 2016 жылы 302882,1 мың теңгеге көп болған, ал 2016 мен 2017 жылдар аралығын жылы қарастырсақ 2016 жылы 204668,5 мың теңгеге жоғары болған.

Жергілікті бюджет бойынша 2017 жылы болжам 1141014,0 мың теңге, ал нақты түскені 1211131,6 мың теңге болды, яғни жоспар 106,1% ға орындалған (1-сурет).

Сэтбаев қаласының бюджетке төленетін салықтарды жинау жоспары 2017 жылы 106,1%-ға орындалды. Жергілікті бюджетке түсетін көлік құралдары салығы болжам бойынша заңды тұлғалардан 84155,0 мың теңге, жеке тұлғалардан 305848,0 мың теңге болды, ал нақты түскен ақша заңды тұлғалар бойынша 88408,6 мың теңге, жеке тұлғалар бойынша 344508,3 мың теңгені құраған. Барлық салық түрлері бойынша күтілген сомадан нақты соманың артық түскенін байқауға болады.

Салық салу жүйесін жетілдіру үшін ең алдымен салық жүйесінің айқын заңға сүйенген базасын істеп шығару қажет, салықтан ауытқу үшін жауаптылық туралы бап енгізу қажет, салық енгізушілердің мәртебесі туралы жағдайды қабылдау керек.

Экономикалық салықтың өсу шегінің экономикаға жағымсыз әсер ететін факторға айналуын көрсету үшін қаншама кестелер және графиктер есептеп шығарылды (Лаффер мен Лоренцтің атақты қисықтары және сол сияқтылар).

Соның ішінде салықты құруға шек қою ретінде азаматтардың «төлеу мүмкіншіліктерін» ескертетін үш категория енгізілген:

- салық субъектісіне қатыста алғанда – салық барлық азаматтарды қамтуы тиісті;
- салық салу объектісіне қатыста алғанда – салық салу ретінде азаматтардың төлеу мүмкіншіліктерін ашатын объектіні таңдап алу қажет;
- салықтың көлеміне қатысты алғанда – салық көлемі салық төлеушінің мүлік жайына ықпал жасайтын жағдайлардың барлығын ескеру мүмкіншілігіне рұқсат етуі тиісті: салық төлеушінің жеке басының жай күйін, салық алынатын объектінің сипаттамасын, салық салу объектілерінің мөлшерін – осы көрсетілген жағдайдың барлығы салық көлемін құруда назарға қабылдануы тиісті [3,316].

Жергілікті салықтарды жетілдіру барысында біз жергілікті бюджетті толтырамыз. Жергілікті бюджеттің толуы ауданның өркендеуіне әсер етеді деп айтуға болады. Жергілікті бюджетті қаржыландыру және оның ресурстарын рационалды пайдалану проблемасы аймақтық деңгейде шешіле алатындығы күмәнсіз. Бірақ ол үшін тек қана жергілікті бюджетті меншік объект ретінде тіркеп қою жетпейді, оны қалыптастыру және орындалуы қажет шарттарды заңдастыру қажет болады.

Барлық салық төлеуші жергілікті бюджетті толтыруға өзіндік үлес қосады. Осыдан әрбір салық төлеуші өз аудан экономикасының дамытуына әсерін тигізеді. Осы жерден тиісті салық төлемінің толыққанды, уақытында түсіп тұруын қадағалауға салық органдары міндетті. Салық жинау құрылымның ең төменгі сатысы – аудандық салық комитетіне жүктелетін міндет пен жауапкершілік.

Жергілікті бюджетті толтыру барысында жергілікті салықтарды жетілдіру жолдарын қарастыру және толықтыруға болады [4,786].

Мүлік салығы бойынша қазіргі уақытқа сай, экономиканың дамуына, адамдардың өмір сүру, тіршілік деңгейіне, дәрежесіне сәйкес салық төлеушілердің мүлігінің құнын өсіріп, салық сомасын арттыру, мүлік құнының артуын айтуға болады.

Жер салығы бойынша, жер құнарлығының сапасын жақсарту негізінде бал бонитетті өсіріп, нақты бюджетке төленетін жер салығының көлемін өсіруге болады.

Көлік құралдары салығы бойынша, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқы жылдары бюджетке төленетін көлік құралдарының көлемі қазіргі уақытпен салыстырғанда аз болатын. Шет ел көліктерінің біздің елге тартылуы және олардың санының кеңеюі төленетін салық сомасының өсуіне әкеліп отыр.

Болашақта ел экономикасын дамыта отырып, жалпы ұлттық өнімді өсіру арқылы көлік құралдарына салынатын салық базасын арттыра отырып, бюджетті кеңейту керек.

Осыдан біздің елдің дамуына байланысты, нарықтық экономикаға көшуіне, жеке меншік түрлерінің көбеюіне байланысты, салық төлеушілердің тұрмыс жағдайына байланысты, бюджетке төленетін салық төлемдерін өсіру арқылы, салық жүйесіне көптеген өзгерістер енгізуге болады. Өйткені салықтар тек мемлекеттік және жергілікті бюджетті қаржыландырып қана қоймай, біздің экономикамыздың барлық салаларына да әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Салық Кодексі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»
2. ҚР Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік Кірістер Комитетінің ресми сайты <http://kgd.gov.kz>
3. Байдусенов А.Д. «Налоговая система Казахстана» Алматы, 2012 ж.
4. Крамаренко Т.Н., Комбарова А.М. «Салық және салық салу» Астана, 2011ж.

Елдосова А. К., «Қаржы» мамандығының 1 курс магистранты, ҚҚЭУ Ғылыми жетекші: Н.С. Улаков, э.ғ.к., «Қаржы» кафедрасының доценті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ ДАМУЫ

Қазақстан Республикасының салық жүйесі 1991 жылы біздің мемлекетіміздің тәуелсіздігін алғаннан бастап дамыды. Өз дамуында Қазақстандық салық жүйесі 5 кезеңнен өтті.

Салық реформасының бірінші кезеңі (1992 жылдан 1995 жылғы маусымға дейін). Республикада 40-тан астам салық түрлері болды: 13 жалпы мемлекеттік салықтар, 11 жалпыға міндетті жергілікті салықтар, 18 жергілікті салықтар.

Салық реформасының екінші кезеңі (1995 жылдан бастап 1999 жылға дейін). Сол кезде салықтардың саны 11-ге дейін төмендеді. Олар жалпы мемлекеттік салықтар және жергілікті салықтарға бөлінді. 1996 жылдан бастап «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заңына 30-дан астам түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Салықтар және алымдардың саны 18 түрге дейін өсті.

Салық реформасының үшінші кезеңі (2000 жылдан 2001 жылға дейін). Жаңа Салық кодексі салық жобасын әзірлеу. Ол үш бөлімнен тұрды: жалпы бөлім, ерекше бөлім, салық әкімшілігі.

Салық реформасының төртінші кезеңі (01.01.2009 жылдан бастап). 01.01.2009 жылдан Салық кодексі қолданысқа енгізілді. Жаңа салық жүйесі салық салудың халықаралық принциптеріне барынша жақындады және негізінен Еуропалық Одақтың салық салу принциптеріне негізделді.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстандағы салық реформасының бесінші кезеңінде көптеген маңызды өзгерістер мен түзетулерді қамтитын «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» жаңа кодексі (Салық кодексі) енгізілді. Атап айтқанда, Кодекс экономиканың әр түрлі секторларын ынталандыруды және әкімшілікті жеңілдетуді көздейді. Енді бұл салықты өз бетімен төлеуге ынталандырады. Бұрын Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов атап өткендей, бірінші кезекте Кодекс шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған, атап айтқанда, салық салу режимінің жаңа баламасы ұсынылады [1].

Қазақстанның 2018 жылғы жаңа Салық кодексінің кейбір жаңалықтарына қысқаша шолуды ұсынамын.

Жаңа салық режимі. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның шағын және орта бизнесі жаңа қолайлы салық режимін алды - белгілі бір шегерімге негізделген режим (кірістер мен шығыстарды ескере отырып). Берілген салық режимі салық салынатын табыс базасынан 30% түсімді шегеруге мүмкіндік береді. Қолдану мерзімі: - жылына шекті табыс - 12 260 еселенген ең төменгі жалақы мөлшері (2018 жылы - 346 761 840 теңге); - қызметкерлердің ең көп саны - 50 адам.

Жеңілдіктердің жаңа түрлері және төмендетілген ставкалар. Қазақстанның 2018 жылғы Салық кодексінде жекелеген салық төлеушілерге жаңа жеңілдіктер қарастырылған. Тауарлардың электрондық саудасын жүзеге асыратын салық төлеушілерге (мысалы, инстаграмда тауарлармен сауда жасау) жеңілдіктер өте қызықты болып табылады. Электрондық коммерциядан түсетін табыс 100% -ға КТС мен ЖТС-нан босатылады. Бұл жеңілдіктер 2025 жылға дейін жарамды болады. Сондай-ақ, кейбір ставкалар төмендетілді, мысалы: - патент бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер үшін ставка 2-ден 1% -ға дейін төмендеді; - Әлеуметтік салық ставкасы 1,5% -ға - 11% -дан 9,5% -ға дейін (2025 жылға дейін) төмендетілді; - айыппұл мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасының 2,5 есе мөлшерінен 1,25 есе азайды.

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізудің жаңа ережелері. 1 қаңтар 2018 жылдан бастап салық заңнамасына өзгерістер ағымдағы жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей жылына бір реттен артық емес қабылдануы мүмкін және оларды қабылдағаннан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан ертерек күшіне енеді.

Салық заңнамасының жаңа қағидасы. «Адал салық төлеушілер» жаңа принципі енгізілді және оның негізгі мазмұны: Салық кодексінің барлық түсініксіз болған жағдайлар және дәлсіздіктер салық төлеушілердің пайдасына түсіндірілетін болады. Егер салық төлеуші салық органының түсініктемесіне сәйкес әрекет еткен болса, айыппұлдар мен өсімдер қолданылмайды, кейіннен оның позициясын өзгертеді.

Жаңа талап қою мерзімі. 2020 жылғы салық міндеттемелері мен талаптары бойынша талап қою мерзімі 3 жыл болады (норма мониторинг пен жер қойнауын пайдаланушылардан тұратын ірі салық төлеушілерге қолданылмайды).

Жаңа институт - «Салықтық несие». Салық және алымдарды төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу институты енгізілді. Мерзімін кейінге қалдыру немесе салықтарды төлеу бойынша бөліп төлеу қаржылық жағдайы салық төлеуге (немесе) төлемді белгіленген мерзімде төлеуге мүмкіндік бермейтін салық төлеушіге ұсынылуы мүмкін, алайда, оларды төлеу мүмкіндігі кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу кезеңінде пайда болады деп санауға жеткілікті негіздер бар.

Заңды тұлғаларды сот шешімі бойынша таратудың жаңа негіздері. Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі мемлекеттік табыс органдарының заңды тұлғаларды сот шешімі бойынша жою жөніндегі шараларды қолдануы мүмкін болатын негіздер тізбесін кеңейтеді. Мысалы, салық есептілігін кемінде 5 жыл бойы табыс етпеген, ақшалай операциялар жүргізбеген, ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмеген, әлеуметтік төлемдер мен басқа да төлемдер бойынша қарыздар жоқ заңды тұлғалар күшпен жойылады.

Қосылған күн салығын енгізу мақсатында тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны туралы жаңа ұғымдар. 2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметтің орнытехникалық қызмет көрсету және бағдарламалық жасақтама жаңартулары, Интернет ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету ретінде танылады. Осылайша, егер Сізге резидент емес осындай қызметтер көрсетсе, онда Қазақстан Республикасы резидент емес үшін ҚҚС төлеу қажеттілігін тудыратын іске асыру орны деп танылады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін жаңа төлем ережелері. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылға дейін жеке тұлғалар үшін МӘМС жарналар – жеке кәсіпкерлер, азаматтық-құқықтық келісімшарттар бойынша табыс алған және т.б. өз бетінше жұмыс істейтін тұлғалар үшін тоқтатылды (жеке тұлғалардың қызметкерлеріне аударымдар сақталады).

Жеке тұлғалар кірістерін жалпыға бірдей декларациялау. Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінде жеке тұлғалардың табыстарын жалпыға бірдей декларациялау туралы бөлек бөлім енгізілген. Декларацияда біз барлық табыстарымыз мен мүліктерімізді көрсетуге міндеттіміз, мысалы, мысалы, ақша, жылжымайтын мүлік, автомобильдер, кредиторлық берешек сомалары және бізге тиесілі сомалар[2].

Жалпыға бірдей декларациялауға көшудің мақсаты - көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күресу үшін жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктерін бақылау. Жалпыға бірдей декларациялау Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария сияқты көптеген елдерде қолданылады.

Мұнда салық заңнамасындағы өзгерістер туралы қысқаша шолу келтірілген. Осындай деңгейдегі құқықтық актіні қабылдау сөзсіз шоғырлануды және қолданыстағы қызметтің көптеген аспектілерін қайта қарауды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Какие изменения произошли в налоговом законодательстве в 2018 году. <https://www.zakon.kz/4897093-kakie-izmeneniya-proizoshli-v-nalogovom.html>
2. Новый налоговый кодекс РК 2018. <http://uchet4u.kz/ru/news/kratkiy-obzor-novshestv-novogo-nalogovogo-kodeksa-rk-2018>

Жолжаксынов А., Ф-41к тобы ҚҚЭУ.

Ғылыми жетекші: э.ғ.м., аға оқытушы Айтбек С.К.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МЕХАНИЗМДІ ЖЕТІЛДІРУ МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ОПТИМИЗАЦИЯЛАУ

Көптеген елдерде жүзеге асырылатын денсаулық сақтаудағы реформалар үш құраушыдағы қоғамдық және жеке сектордың оптималды үйлесімін іздеуге бағытталған: қаржыландыру, басқару мен медициналық көмекті көрсету. Дамыған елдердегі денсаулық сақтау жүйесінің қызмет ету тиімділігін аналитикалық талдау, халыққа медициналық қызмет көрсетудегі ағымды және жағымсыз жақтарды сындық талдау Қазақстанда бейімделуін ескере отырып, денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесінің типтерін жүйелеуге және денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін дамытудағы шетелдік тәжірибені пайдалануды анықтауға мүмкіндік берді.

Соңғы он жылда Қазақстанда жүргізілетін денсаулық сақтау саласындағы саясат экономикалық және саяси трансформацияның салдары болды, мұнда денсаулық сақтау саласындағы реформаларға қатысты тәсілдемелер бірнеше рет өзгертілген. Бүгінгі күні Қазақстандағы денсаулық сақтау жаңа стратегияларды енгізумен оның құрылымын әрі қарай жетілдіруді қажет етеді.

Кейіннен денсаулық сақтауды жетілдірудің негізгі қағидаларының бірі болып республиканың денсаулық сақтау жүйесінің елдің көпсалалық экономикасын жаңартумен интеграция табылуы тиіс. Яғни денсаулық сақтау мемлекеттің ұлттық экономикалық доктринасының бөлігіне айналуы тиіс. Дамыған қоғамда денсаулық сақтау мен онымен байланысты фармацевтикалық индустрия, биотехнология, ақпараттық технологиялар, медициналық сервис, медициналық сақтандыру, әлеуметтік жұмыс, коммуникативті-психологиялық іс-әрекет сияқты салалар тұрақты экономикалық дамудың өзара байланысты элементтері болып табылады.

Денсаулық сақтауды тұрақты дамыту бағдарламаларының тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін мынадай құраушылар қажет: стратегиялық жоспарлау мен басқару, тиімді де рационалды қаржыландыру, сапалы нормативтік база, алдыңғы қатарлы ғылыми-әдістемелік және заманауи институционалды даму базалары. Қазақстанда экономиканың әлеуметтік секторларын дамыту шеңберінде денсаулық сақтау салаларын дамытудың ұлттық институттары қажет, олардың мақсаты ретінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін ғылыми, ұйымдық-әдістемелік, білім беру және қаржылық қамтамасыз ету болуы тиіс [1].

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін болады. Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс. Саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керек. Жастардың репродуктивті денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару керек. Тиімділігі аз және мемлекет үшін шығыны көп диспансерлік ем қолданудан негізгі созылмалы ауруларға алыстан диагностика жасап, сондай-ақ осы саланы амбулаторлық емдеу арқылы басқаруға көшу қажет деген [2].

Медициналық қызметтер сапасы кешенді түсінік болып табылады және көптеген себептерден тәуелді болады, олардың ішінде: медициналық мекемелердің материалды-техникалық жабдықталуы, клиникалық мамандардың кәсіпқойлық деңгейі мен оны арттыруға деген олардың мотивациясының болуы, медициналық көмекті ұйымдастыру мен ұсынуды басқарудың заманауи технологиясының енгізілуі, медициналық көмекке ақы төлеудің тиімді әдістерін енгізу. Медициналық қызметтер сапасын басқаруды жетілдіру 2020 жылға дейінгі Қазақстандағы денсаулық сақтауды стратегиялық дамытуда аса зор маңызға ие болды.

Бағдарламада ведомствоаралық және сектораралық өзара әрекеттесуді ескере отырып, жоспарланатын шаралардың орындалуын заңнамалық, инвестициялық, құрылымдық, экономикалық және кадрлық қамтамасыз ету бойынша шаралар қарастырылған. Саланың нарықтық қатынастарға бейімделуі де қарастырылады: меншіктің көптеген формаларының дамуы, медициналық қызметтер нарығын қалыптастыру, медициналық ұйымдар арасындағы бәсекелік қатынастарды қалыптастыру.

Бағдарламаның жүзеге асырылуы келесілер арқылы денсаулық сақтау жүйесін қарқынды дамытуға ықпал ететін болады: медициналық қызмет көрсетудің аз шығынды формаларына көшуге жағдай жасау, саланың профилактикалық бағытын қамтамасыз ету, медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасының деңгейін арттыру, арнайы әлеуметтік қызметтерді енгізу, медициналық персоналда кәсіпқойлық және тұлғалық өсімді мотивациялау, денсаулық сақтау жүйесінің заманауи талаптар мен қоғамның нарықтық жағдайларына бейімделуі.

1. Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін жылдамдатылған ауқымды қайта құрылу қажеттілігін ескере отырып, Қазақстанның жаңарту үрдісі жүйелі де отандық денсаулық сақтау жүйесінің нормативті-әдістемелік, экономикалық, технологиялық, интеллектуалды,

инфрақұрылымдық артта қалуын жойып, оның бәсекеқабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

2. Қазіргі таңда инновациялық дамудың тиімді механизмі болып инновациялық процестерді басқаруға негізделген жобалық менеджмент табылады.

3. Денсаулық сақтаудағы жобалық менеджмент мақсаттарын қол жеткізу мен оны орындаудың маңызды құралы – жоспарлау, жүзеге асыру, есепке алу, бақылау мен жүйенің қаржы-экономикалық жағдайын талдау процесі ретіндегі инвестициялық бюджеттеу.

4. Денсаулық сақтау жүйесін дамытудың инновациялы-инвестициялық стратегиясы келесілерге мүмкіндік береді: денсаулық сақтау жүйесінің негізгі көрсеткіштерін жақсарту, саланың қаржыландырылуын жаңарту, бұл, өз кезегінде, халықтың медициналық қызметтермен қанағаттануын, қол жетімділігі мен сапасының артуына, медициналық қызметтердің әлеуметтік жағдайының жақсаруы мен саланың стратегиялық мәселелерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ұлыбритания тәжірибесінің денсаулық сақтау саласында стратегиялық жоспарлауға көшу барысында Қазақстан үшін неғұрлым қолайлы болуы, ал Сингапур тәжірибесінің - медициналық жинақтаушы шоттарға көшу барысында неғұрлым қолайлы болатыны да анық.

Денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесі әрекет етуінің әлемдік тәжірибесіне байланысты алдағы 10 жылдағы Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесін реформалаудың негізі болып келесілер табылуы тиіс:

- өз денсаулығының жағдайы үшін жеке жауапкершілікті ынталандыратын ынталар жүйесін құру. Аурулардың профилактикасына жұмсалатын шығындар оларды емдеу шығындарынан жоғары болатын жағдай жасау. Адам денсаулық сақтау жүйесінен тауарлар мен қызметтерді сатып алу режимін дербес таңдауы тиіс;

- мемлекеттік денсаулық сақтаудың монополиялық жүйесінен жеке компаниялардың еркін бәсекелестік жағдайына көшу. Ресурстарды басқару құқығын ашық тендерге қатысу нәтижесінде коммерциялық құрылымдар да ие болуы тиіс;

- бастапқы кезеңде барлық мемлекеттік ауруханалар мен поликлиникаларды ашық акционерлік қоғамдарға өзгертіп, акцияларды жергілікті билік органдарының балансына беру. Әр медициналық мекеме толық шаруашылық дербестікке ие болады. Ол тұтынушыларға қызмет көрсету құқығы үшін өзге медициналық мекемелермен еркін бәсекеге түседі;

- мемлекет медициналық қызметтер, жеке ұйымдармен шығарылатын дәрі-дәрмектерге бағаларды бекіту құқығына ие болмауы тиіс. Мемлекеттік медициналық мекемелер үшін бағалар міндетті емес, ұсынылатын болуы тиіс;

- барлық медициналық мекемелерге адамдарға экстренді медициналық көмекті көрсетуден бас тартуға тыйым салатын заңнамалық норманы енгізу;

- жедел-жәрдем қызметтері жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылады, реформалар мен белгілі уақыттан кейін аталмыш қызметтер ашық тендерде осындай құқыққа ие болатын жеке компаниялармен көрсетілетін болады;

- клиенттердің ұсынылатын қызметтер бағалары туралы толық ақпараттандырылуына қатысты қатаң талаптар.

Егер салық реформасы, қаржы секторының реформасымен келісілген түрде жүзеге асырылып, макроэкономикалық тұрақтылық жағдайында жүзеге асырылғанда ғана денсаулық сақтау жүйесіндегі реформа табысты болады.

Қазақстанда соңғы жылдары халықтың туу санының артуы, өлім көрсеткішінің тұрақтануы, халықтың табиғи өсімі коэффициентінің артуы сияқты жағымды қозғалыстармен қатар нәресте өлімі көрсеткішінің өсімі де байқалады. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, қазіргі уақытта қаржыландырудың аралас, көп арналы жүйелері бар модельдер қызығушылық тудырады. Осындай жүйенің нақты мысалына Швейцария мен Сингапурдың медицинасының аралас моделін келтіруге болады.

Денсаулық сақтаудағы қаржылық модельдердің шетелдік тәжірибесін талдау негізінде қазақстандық жағдай үшін олардың неғұрлым прогрессивті формалары анықталды және оларды мынадай топтарға біріктіруге болады:

1) Ай сайын әр адам өз жалақысының бөлігін аударатын міндетті медициналық жеке жинақ шоттарының жүйесі (Medisave). Аталмыш шоттардың қаражаттары аурухана ақысын төлеу, стационардағы хирургиялық операциялардың ақысын төлеу, сонымен қатар химиотерапия сияқты белгілі қымбат процедуралардың ақысын төлеу үшін қолданылуы мүмкін. Аталмыш шоттағы ресурстарды жақын туыстардың аталмыш қызмет ақыларын өлеу үшін де қолдануға болады.

2) болжанбаған аурулар немесе ұзақ уақыт госпитализациялау жағдайында шығындарды жабуға арналған MediShield бағдарламасы.

3) медициналық қызметтерді сатып алу бойынша нашар қамтылған азаматтарға қолдау көрсетуге арналған қор болып табылатын медициналық қор (Medifund).

Аталмыш жүйенің басты артықшылығы – ол жеке жауапкершілікке негізделген, ал үкімет көмекші (қосымша) рольге ие. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын ұстану шығындары емдеу шығындарынан төменірек. Денсаулық сақтау сияқты күрделі де көп факторлы салада барлық әрекет етуші мәселелердің толық шешілуін қамтамасыз ете алатын әмбебап модельдің жоқ екені көрсетілген. Табыс деңгейінің бірдейлігімен сипатталатын елдердің денсаулықты қорғауға қатысты маңызды мәселелерді шешудің өзіндік мүмкіндіктерімен айрықшаланатыны да белгілі. Осылайша, денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру әлемдік тәжірибені ескере отырып, нақты экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайлардағы басымды мәселелердің шешілу мүмкіндігін бағалау негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Біздің ойымызша, Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін институционализациялау мәселелерін шешу келесідей концептуалды мәселелердің кешенді шешілуін талап етеді: Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтаудың Бірегей ұлттық жүйесін құру; ақысыз медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін жақсарту; Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту.

Элементтер (экономикалық, басқарушылық, ақпараттық және т.б) критерийлер мен көрсеткіштерден, сонымен қатар мақсатқа қол жеткізу механизмдері мен тәсілдерінен құралатын Қазақстандағы денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін құрудың ұйымдық-экономикалық механизмі ұсынылған.

Институционалды тәсілдеме негізінде Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтаудың Бірегей ұлттық жүйесін дамытудың ұсынылатын Тұжырымдамасында сервис түріндегі медициналық бақылау философиясын, заманауи менеджментті, ҚР ДМ жүзеге асырылатын және әрекет етуші Тұжырымдамадан интегративті тәсілдеме және оны негіздеудің жетілдірілген әдістемелік аппаратымен айрықшаланатын инновациялық тәсілдемелерді дамыту қағидалары есепке алынады [3].

Аталған ұсыныстардың жүзеге асырылуы денсаулық сақтау органдарының аналитикалық бөлімшелеріне Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау органдарының қызмет етуін талдау жасап, даму бағыттарын идентификациялауға, институционалды қайта құруларды жүзеге асыру мақсатталығын анықтауға мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, денсаулық сақтау органдарының дамуын басқару процесінде шешім қабылдаудың сапасы мен негізділігін арттырып, денсаулық сақтау органдары іс-әрекетінің нәтижелілігінің артуына ықпал ететін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2010-2017 жылдардағы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар

3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 4 августа 2009 года 1174 «Об утверждении Плана мероприятий по реализации Единой национальной системы здравоохранения Республики Казахстан.

Искакова А.Р., гр. УА-33 КЭУК,
Научный руководитель: магистр З.Д.Фазлетдинова


РОЛЬ НАЛОГОВ В ФОРМИРОВАНИИ БЮДЖЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В соответствии с положениями Бюджетного кодекса, республиканским бюджетом является централизованный денежный фонд, который формируется за счет соответствующих поступлений. Расходы республиканского бюджета предназначаются для реализации общереспубликанских направлений государственной политики, а также финансового обеспечения задач и функций центральных государственных органов, подведомственных им государственных учреждений (к примеру, Правительство РК и Министерства, Парламент, Верховный суд, органы, непосредственно подчиненные Президенту РК и т.п.). Принятие республиканского бюджета сопровождается утверждением Закона. [1]

Рассмотрим обзор основных параметров республиканского бюджета на 2013 – 2019 годы.

Основные параметры республиканского бюджета демонстрируют рост на протяжении 2013-2017гг. Так, доходы республиканского бюджета выросли с 5,18 трлн. тенге (2013) до 7,66 трлн. тенге (2016). В 2017 году доходная часть бюджета утверждена в размере 9,54 трлн. тенге. Затраты республиканского бюджета за тот же период выросли с 5,7 трлн. тенге (2013) до 10,74 трлн. тенге в 2017 году, что составляет рост в процентном отношении на уровне более 180%. За рассматриваемый период, пик выданных из республиканского бюджета бюджетных кредитов приходится на 2016г. - 315 млрд. тенге (погашено 93,6 млрд.), тогда как в 2013 году сумма составляла - 122,1млрд. тенге (погашено 83,9 млрд. тенге). Наибольшая сумма на приобретение финансовых активов была затрачена в 2014 году (480 млрд. тенге), в 2017 году, данная сумма утверждена в размере 162,4 млрд. тенге. Дефицит республиканского бюджета в 2017г. утвержден в размере -1,55 трлн. тенге, в сравнении с 2016г. -741,2 млрд. тенге, рост дефицита бюджета составил 209%. (смотреть график 1. Объемы республиканского бюджета, 2013-2019гг., млрд. тенге)

График 1. Объемы республиканского бюджета, 2013-2019гг., млрд. тенге




Доходная часть республиканского бюджета формируется из поступлений в виде налоговых и неналоговых поступлений, поступлений от продажи основного капитала и поступлений трансфертов. (смотреть График 2. Доходы республиканского бюджета, 2013-2019гг., млрд. тенге)

7. 'Der öffentliche Auftrag der deutschen Sparkassen aus der Sicht des Stakeholder-Managements' Burgess, R., Pande, R. (2005)
8. 'Do Rural Banks Matter? Evidence from the Indian Social Bank-ing Experiment', American Economic Review 95, 780-795. , Zeitschrift für öffentliche Unternehmen 33, 311-332. Carvalho, D. (2014)
9. 'The Real Effects of Government-Owned Banks: Evidence from an Emerging Market', Journal of Finance 69, 577-608. Dinç, S. (2005) 'Politicians and banks: Political influences on government-owned banks in emerging markets', Journal of Financial Economics 75, 453-479. Elsas, R., Krahen, J.P. (2004)

Есинбекова А.А. магистрант 1 курса, КЭУК
 Научный руководитель: к.э.н., доцент Ж.А. Гусманова

АНАЛИЗ ДЕЙСТВУЮЩЕЙ ПРАКТИКИ ФИНАНСИРОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ПРОЕКТОВ В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ

В настоящее время использования инноваций являются основным способом достижения экономического роста и повышения конкурентоспособности во всех регионах. Инновационная деятельность включает в себя ряд различных показателей. Показатели, наиболее широко применяемые в отечественной и зарубежной практике и характеризующие инновационную активность. Ее инновационную конкурентоспособность, можно разбить на следующие группы: затратные; по времени; обновляемости и структурные. [1, с.10-123]

Инновационная деятельность характеризуется следующими показателями:

1. Внутренние затраты на НИОКР по областям
2. Анализ структуры по секторам деятельности
3. Уровень инновационной активности предприятий РК
4. Объем произведенной инновационной продукции РК
5. Объем инновационной продукции в разрезе регионов РК
6. Внутренние затраты на НИОКР в региональном разрезе
7. Уровень инновационной активности предприятий по регионам
8. Затраты на процессные инновации
9. Затраты на продуктовые инновации

Наиболее часто используются показатели, отражающие удельные затраты фирмы на НИОКР в объеме ее продаж и численность научно-технических подразделений. Восприимчивость предприятий к инновациям, которая часто рассматривается как инновационная активность.

По уровню инновационной активности наблюдается тенденция к росту у большинства регионов. Среди областей активные позиции занимают ЮКО, ВКО и города Астана и Алматы. Все три года наблюдается незначительное увеличение показателей в ЮКО с 2 009 млн.тг. в 2014 г. до 2 315 млн.тг. в 2016 г.; ВКО с 1 767 млн.тг. до 2 091 млн.тг. соответственно. В городах Астана и Алматы также наблюдается тенденция увеличения. Так в г.Астане в 2014 г.- 1 617 млн.тг, в 2015 г.- 1 997 млн.тг., в 2016 г.- 4 103 млн.тг. В г.Алматы показатели составили в 3 902, 4 389 и 7 970 млн тг. соответственно. [2]

Уровень инновационной активности предприятий следует рассматривать также и с позиции объемов произведенной инновационной продукции (рисунок 1):




Рисунок 1. Объем произведенной инновационной продукции в РК за 2008 – 2016 гг.

На рисунке 1 можно отметить, что в целом за 9 лет наблюдается увеличение объемов произведенной инновационной продукции 2,47 раза.

Если рассмотреть 2008-2010 года то видно, что наблюдается тенденция к снижению. Если 2008 г. объем произведенной инновационной продукции составил 152 500,6 млн. тг., то в 2010 г. – 82 597,4 млн. тг., т.е. за три года данный показатель снизился на 45,8%. Затем рост объемов инновационной продукции вплоть до 2014 года составил 580 386 млн. тенге или прирост составил с 2010 года – 497788,6 млн. тенге или 7,0 раза. Однако последние два года объем продукции опять начал снижаться и в 2016 составил 377 196,7 млн. тг., снизившись на 35%.

Структура приобретенных технологий показывает негативную тенденцию: преобладает закупка готовых товаров и услуг, когда для эффективности инновационной деятельности следовало бы приобретать знания и технологии. Что касается объема экспорта высокотехнологичной продукции, то перед Казахстаном остро стоит необходимость создать условия для максимальной диверсификации экономики. В противном случае внешняя угроза, вызванная возможными резкими колебаниями мировой конъюнктуры на мировых сырьевых рынках, будет нарастать.[3, с. 56-59]




Рисунок 2. Объем произведенной инновационной продукции в разрезе регионов РК на период 2014-2016 гг.

По данным показателям в явных «локомотивах» - Южно-Казахстанская область, которая на протяжении трех лет демонстрировала высокие позиции: в 2014 г. – 33177,5 млн тг., в 2015 г. – 45153,5 млн тг., в 2016 г. – 61465,6 млн тг. Следом идет г. Алматы, которая также показывает увеличение показателей за 3 года с 12504,9 млн тг. до 38876,9 млн тг. соответственно (рисунок 2).

Рассмотрим динамику изменения объемов инновационной продукции за два последних года.

Наблюдается прирост только в в Кызылординской области - 45,6 % и Южно – Казахстанской области – 36,1%. Все остальные регионы показали снижение. Аутсайдерами по снижению изменения объемов инновационной продукции стали Акмолинская область – 2,6 раза, г. Алматы – 76,0%, Атырауская область – 59,8% и Актюбинская область – 58,7%.

Сравнительно высокую долю инновационной продукции в общем объеме собственного промышленного производства демонстрируют Жамбылская, Восточно-Казахстанская, Павлодарская, Акмолинская, Северо-Казахстанская и Костанайская области – от 5,9 до 11,9%. Средний показатель наблюдается в Южно-Казахстанской, Карагандинской, Алматинской областях и городах Алматы и Астана – от 1,7 до 4,9%. В остальных регионах зафиксировано менее 1%. [4]

В целом основными источниками финансирования инновационной деятельности в регионах являются средства предприятий, БВУ, институтов развития, республиканского бюджета в рамках программы «Дорожная карта бизнеса 2020». Сдерживающим фактором выделения средств из местного бюджета на поддержку инновационной деятельности, по мнению некоторых регионов, является отсутствие законодательного закрепления компетенции акиматов. [4]

В настоящее время первоочередной задачей экономического развития в Казахстане является создание эффективной инновационной системы и увеличение предложения отечественной инновационной продукции на мировом рынке. Опыт развитых стран показал, что необходимой национальной инновационной системы является венчурное инвестирование – механизм финансирования проектов на ранних стадиях развития посредством прямых инвестиций в малые инновационные предприятия.

Венчурный капитал в Казахстане начал свое развитие в 2000-х годах, а государственную поддержку получил в 2004 г., с момента одобрения Программы развития национальной инновационной системы, которая действовала в рамках Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы.

Правительство Республики Казахстан своим постановлением в 2003 г. создало один из институтов инновационного развития – АО «Национальный инновационный фонд» (НИФ) со 100% участием государства, основной задачей которого стала реализация инновационной политики на принципах партнерства с частным капиталом. И одним из направлений деятельности НИФ явилось создание и развитие венчурной инфраструктуры в Казахстане.

НИФ в короткий промежуток времени создал 5 казахстанских венчурных фондов с собственным участием в 49%, с несколькими финансовыми компаниями и группами Республики Казахстан.

Согласно информации, полученной из открытых источников, общий объявленный капитал по 5 фондам составил 110 млн долл. США, в 2012 г. данная цифра увеличилась до 130 млн долл. США, а количество фондов достигло 6 (таблица 2).

Таблица 2- Венчурные фонды Республики Казахстан

№	Наименование венчурного фонда	Год создания	Партнеры	Уставный капитал
1	АО «Венчурный Фонд»	2004	АО «Lancaster Group»	2 700 000

	«Адвант»		Kazakhstan»	
2	АО «Фонд высоких технологий «Арекет»	2004	АО «Туран Алем Секьюритис», АО «АИФН Курулыс Констракшн», АО «Инвестиционная группа «Алан»	1 472 526
3	АО «АИФРИ «Венчурный Фонд Центрас»	2004	ТОО «Сентрас Капитал»	2 679 000
4	АО «Almaty Venture Capital»	2005	АО «Алматы Бизнес Групп»	2 600 000
5	АО «АИФРИ «Glotur technology Fund	2005	АО Glotur	2 693 800
6	АО «АИФРИ «Logycom Perspective Innovations»	2007	АО Logycom	2 449 800
Примечание - Составлено авторами				

При этом необходимо отметить, что некоторые частные АИФРИ осуществляли и осуществляют рискованные инвестиции в проекты, т.е. посредством НИФ государство проводит политику развития рынка венчурного капитала, однако рейтинг показывает, что ее реализация весьма слабая.

С 2010 по 2014гг. казахстанскими венчурными фондами было профинансировано 15 проектов в различных отраслях, из них на сегодняшний день завершено 8 проектов. В 20012-2015 г. начато финансирование 3-х проектов, а фактически сформированный капитал по всем фондам на 2011 г. составил около 25 млн долл. США.

Таким образом, можно отметить, что практический опыт развития венчурной инфраструктуры в части создания венчурных фондов с участием государства в Казахстане положителен. Успехом является закрытие двух венчурных фондов с прибылью в размере 58,8 млн тенге для НИФ.

Однако, если подойти с учетом теории и практики зарубежных стран, можно сказать, что полученный опыт не является становлением венчурной индустрии в республике, а скорее развитием прямых инвестиций. И важно понять из-за чего произошел сдвиг в сторону прямых инвестиций. На наш взгляд, во-первых, средний бизнес в сложившейся ситуации не готов делать 5-7-летние рискованные инвестиции, во-вторых, наличие малого или, правильнее сказать, мизерного количества проектов для венчурного капитала, в-третьих, малое количество специалистов, имеющих успешный опыт создания, реализации и продажи именно стартап проектов [5, с. 103-114].

Результаты работы созданных казахстанских венчурных фондов показывают, что фактически фонды осуществляли не инвестиции в технологичные проекты, а финансирование молодых недавно образованных компаний, которым необходимо было финансирование бизнеса из внешнего источника. То есть фактически под термином «венчурный» и понятиями «венчурный капитал» и «венчурное финансирование» понимается любой вид финансирования, отличающийся от срочного и обремененного кредитования, и во многом напоминает проектное финансирование.[6]

Однако эти причины и являются также проблемами в части создания и деятельности венчурного капитала, то есть тут целесообразно рассматривать проблемы в комплексе с вопросами развития всей инновационной инфраструктуры. [7]

Исходя из этого можно отметить наличие следующих системных проблем по полноценному развитию венчурного инвестирования инновационной деятельности в Казахстане:

-отсутствие достаточного количества малых инновационных предприятий и, соответственно, бизнес-предложений, отвечающих базовым критериям венчурных инвесторов. Проблема отсутствия проектов имеет следующее очертание: в республике

присутствуют лишь единичные проекты, пригодные для венчурного капитала, действующий венчурный капитал не готов финансировать данные проекты. Фактически Казахстан, обладающий достаточно высоким человеческим капиталом и высокоразвитыми исследовательскими учреждениями, имеет низкие валовые внутренние расходы на НИОКР, то есть соотношение составляет менее 0,5%. Поэтому необходимо говорить о разрыве между НИОКР и промышленностью, потому что именно из НИОКР формируется поток проектов, пригодных для венчурного капитала;

-отсутствие квалифицированных кадров со стороны венчурных фондов, в частности, отсутствие мотивации, а также недостаточная подготовка менеджмента компании-соискателя;

-отсутствие заметных казахстанских источников венчурного капитала;

-отсутствие в Налоговом кодексе Республике Казахстан прямого стимулирования венчурной деятельности;

-недостаточно развита инновационная инфраструктура, способная обеспечить плодотворный симбиоз венчурного капитала с малым и средним инновационным бизнесом;

-отсутствует система информационной поддержки рынка инноваций, а также система обмена информацией между разработчиками и потенциальными инвесторами.

Список литературы:

1. Палютин Ф. М. Формирование системы показателей эффективности инновационной деятельности предприятий. – М.: Инфра, 2014 г. - 360 с.

2. Официальный сайт статистики Министерства национальной экономики РК www.stat.gov.kz.

3. Мазур И.И., Шапиро В.Д., Ольдерогге Н.Г. Управление проектами: Учеб. Пособие для вузов/ Под общ. Ред.И. И. Мазура. - М.: ЗАО "Издательство "Экономика", 2005. - 574 с.

4. Венчурное финансирование инновационных проектов. Общая редакция и составление: А.М. Балабан, М.Л. Балабан. Научное редактирование: профессор В.А. Воронцов. - М.: АНХ, 2009. - 247 с.

5. Смирнов В.Т., Бондарев В.Ф., Романчин В.И. Основы экономической теории. Учебное пособие. - Орёл, 2012. - 256 с.

6. Официальный сайт АО Холдинг «Байтерек»: <http://www.baiterek.gov.kz/ru/programs/gpfiir-program/>

7. Официальный сайт Finance Masters- <http://www.financemasters.ru/fmass-245-3.html>

Сыздық С.М., Ф-21к тобы студенті, КЭУК
Ғылыми жетекші: к.э.н., доцент Ж.А. Гусманова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ: ОНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРІЛУІ

Қазақстан егемендігін жариялау, елдің экономикасы мен банк жүйесін реформалау сенімділігі, қауіпсіздігі мен тиімділігімен ерекшеленетін, жедел және көп тәуекелсіз төлемдер жүзеге асыруға мүмкіндік беретін төлем жүйелерін құру қажеттілігін тудырды.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі төлем жүйесінің негізгі құрылымдарын талдап – сараптау; төлем жүйесінің ұғымының маңызы мен мәнін ашу және еліміздегі болашақта жүзеге асырылатын төлем жүйесінің дамуының жоспарларын анықтау.

Баяндаманың өзектілігі: бұл ретте ұлттық төлем жүйелерінің сенімділік деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі тұрақты түрде алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды ескеру арқылы төлем жүйесінің серверлерін жаңарту бойынша жұмыстар атқаруда, нормативтік құқықтық базаны жетілдіруде.

Банкаралық ақша аударымдары жүйесі (БААЖ) елдің нақты уақыт режиміндегі жалпы есеп айырысулар жүйесі (бұдан әрі – RTGS) болып табылады, яғни құжат жеке өңделеді және ақша аудару әрбір төлем құжатының негізінде жүзеге асырылады.

2017 жылдың қаңтар-қазан айларында БААЖ арқылы 708 680,9 млрд. теңге сомаға 12,2 млн. транзакция жүзеге асырылды. 2016 жылғы қаңтар-қазан айларымен салыстырғанда төлемдер саны 5,6%-ға (649,2 мың транзакцияға) ұлғайды, төлемдер сомасы 49,2% (233 740,9 млрд. теңгеге) ұлғайды.

Орташа алғанда бір күнде БААЖ арқылы 2017 жылдың қаңтар-қазан айларында 3 455,7 млрд. теңге сомаға 59,8 мың транзакция өтті, бұл 2016 жылдың осындай кезеңдегі деңгейден саны бойынша 5,8%-ға (3,3 мың транзакцияға) және сомасы бойынша 48,4% (1 127,6 млрд. теңгеге) көп.

1 кесте - Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ), (тиісінше мың транзакция және млрд.тг)

Жыл		қазан		Жиынтығы (қаңтар-қазан)	
		саны	көлемі	саны	көлемі
2016	барлығы	1 107,6	47 913,9	11 535,5	474 939,9
	орташа алғанда бір күнде	52,7	2 281,6	56,5	2 328,1
2017	барлығы	1 243,6	69 904,7	12 184,7	708 680,9
	орташа алғанда бір күнде	60,0	3 165,6	59,8	3 455,7
Өзгеріс, %-бен	барлығы	12,3%	45,9%	5,6%	49,2%
	орташа алғанда бір күнде	13,7%	38,7%	5,8%	48,4%

Е с к е р т у www.nationalbank.kz сайтынан ақпарат ретінде алынған.

Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ) – ұсақ төлемдерге арналған клиринг жүйесі. Көрсетілген жүйеде барлық төлемдер нетто (таза) негізде жүзеге асырылады. БКЖ-ның негізгі бағыты шағын сомаға көптеген бөлшек төлемдер жүргізуден тұрады. БКЖ қаражат пайдаланушының шотында алдын ала депоненттелмей, көпжақты негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте жүйеде бір төлем үшін 5 млн. теңгеге тең барынша жоғары сомаға шектеу белгіленді.

2 кесте - Банкаралық клиринг жүйесі, (тиісінше мың транзакция және млрд.тг)

Жыл		қазан		Жиынтығы (қаңтар-қазан)	
		саны	көлемі	саны	көлемі
2016	барлығы	1 598,4	519,5	17 759,5	4 811,1
	орташа алғанда бір күнде	76,1	24,7	87,1	23,6
2017	барлығы	1 918,7	570,4	17 413,0	5 205,4
	орташа алғанда бір күнде	87,2	25,9	84,9	25,4
Өзгеріс, %-бен	барлығы	20,0%	9,8%	-2,0%	8,2%
	орташа алғанда бір күнде	14,6%	4,8%	-2,4%	7,7%

Е с к е р т у www.nationalbank.kz сайтынан ақпарат ретінде алынған.

Төлем карточкалары-2017 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша төлем карточкаларын шығаруды іс жүзінде 25 банк және «Қазпочта» АҚ жүзеге асырады. Аталған ұйымдар халықаралық жүйелердің төлем карточкаларын шығарады және таратады (олардың үлесі – 99,5%): VISA International, MasterCard Worldwide, UnionPay International және American Express International. Бұдан басқа Қазақстан банктері жергілікті жүйелердің төлем карточкаларын шығарады: Altyn Card – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және Ситибанк Қазақстан жергілікті карточкасы - «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

2017 жылғы 1 қарашасындағы жағдай бойынша банктер 18,2 млн. төлем карточкаларын шығарды, ал бұл карточкаларды ұстаушылар саны – 16,3 млн. адам болды (2016 жылғы осындай күнгі жағдаймен салыстырғанда – тиісінше 17,7% және 15,6% өсу). Ең қолайлы таралған карточкалар дебеттік карточкалар болып табылады, олардың үлесі 82,6%, кредиттік карточкалардың үлесі – 13,7%. Кредиттік лимиті бар дебеттік карточкалардың және алдын ала ақысы төленген карточкалардың үлесіне тиісінше 2,9% және 0,9% сәйкес келеді.

2017 жылғы қазанында қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған транзакциялардың көлемі 1 279,0 млрд. теңге болды (2016 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда өсу 16,9%). 2017 жылғы қазан айында транзакциялар саны 45,0 млн. транзакция болды және 2016 жылғы қазан айымен салыстырғанда 42,4% ұлғайды. Бұл ретте қолма-қол жасалмайтын төлемдер санының және сомасының өсуі 121,49% (транзакциялардың саны 24,4 млн. транзакция болды) және 124,16% (транзакциялардың көлемі 333,3 млрд. теңге болды), ал қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялардікі тиісінше 14,65% (транзакциялардың саны 20,6 млн. транзакция болды) және 25,08% (транзакциялардың көлемі 945,8 млрд. теңге) болды.

Қолма-қол жасалмайтын төлемдердің негізгі үлесі POS-терминалдар (қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы санынан және көлемінен 53,65% және 46,39%) және интернет (тиісінше 42,04% және 45,87%) арқылы жасалды. Қолма-қол ақшаны беру операциялары негізінен банкоматтар арқылы жасалды (қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялардың жалпы санынан және көлемінен 95,09% және 84,93%).

3 кесте - Төлем карточкалары

Көрсеткіштер	01.11.16	01.11.2017
Айналымдағы карточкалар саны (мың бірлік), оның ішінде:	15 491,1	18 239,6
<u>жергілікті жүйе карточкалары</u>	<u>344,0</u>	<u>86,7</u>
<u>халықаралық жүйе карточкалары, оның ішінде:</u>	<u>15 147,0</u>	<u>18 152,9</u>
Visa International, оның ішінде:	11 153,8	11 954,5
дебеттік	8 465,4	9 003,4
кредиттік	2 164,7	2 299,2
кредиттік лимиті бар дебеттік және алдын ала ақысы төленген	523,7	651,9
MasterCard Worldwide, оның ішінде:	2 858,1	4 829,8
дебеттік	2 599,6	4 648,6
кредиттік	190,5	145,5
кредиттік лимиті бар дебеттік және алдын ала ақысы төленген	67,9	35,7
Карточка ұстаушыларының саны (мың адам), оның ішінде:	14 100,5	16 295,8
<u>жергілікті жүйе карточкалары</u>	<u>291,0</u>	<u>71,3</u>
<u>халықаралық жүйе карточкалары, оның ішінде:</u>	<u>13 809,5</u>	<u>16 224,5</u>
Visa International, оның ішінде:	10 308,9	10 891,4
MasterCard Worldwide, оның ішінде:	2 656,1	4 224,2
Қолданылған карточкалардың саны (мың бірлік), оның ішінде:	8 080,0	9 226,6
<u>жергілікті жүйе карточкалары</u>	<u>213,9</u>	<u>33,4</u>
<u>халықаралық жүйе карточкалары, оның ішінде:</u>	<u>7 866,1</u>	<u>9 193,2</u>
Visa International, оның ішінде:	5 731,5	5 931,8
дебеттік	4 450,9	4 588,6

кредиттік	950,0	988,9
кредиттік лимиті бар дебеттік және алдын ала ақысы төленген	330,6	354,2
MasterCard Worldwide, оның ішінде:	1 484,9	2 440,0
дебеттік	1 340,0	2 340,3
кредиттік	115,3	84,5
кредиттік лимиті бар дебеттік және алдын ала ақысы төленген	29,6	15,2
POS – терминалдар саны (дана), оның ішінде:	103 907	123 515
сауда кәсіпорындарында	96 002	113 593
банктерде	7 905	9 922
Банкоматтар саны (дана), оның ішінде:	9 483	9 706
қолма-қол ақшаны беру функциясымен	7 970	8 100
қолма-қол ақшаны беру және қабылдау функциясымен	1 513	1 606
Сауда кәсіпорындарының саны (бірлік)	63 348	75 922
Банк киоскілерінің саны (бірлік)	1 443	890
Төлем терминалдары саны (бірлік)	14 433	15 412
Е с к е р т у www.nationalbank.kz сайтынан ақпарат ретінде алынған.		

Төлем құралдары - 2017 жылғы қазан айында банктер және «Қазпочта» АҚ кестеде ұсынылған төлем құралдарын пайдалана отырып 23 685,5 млрд. теңге сомаға 62 531,9 мың транзакция көлемінде транзакция өткізді.

Бұрынғыдай Қазақстанның аумағында төлем тапсырмалары және төлем карточкалары неғұрлым таралған төлем құралдары болып табылады. Бұл ретте, бір төлем тапсырмасының орташа сомасы 2017 жылдың қазан айында 1 291,4 мың. теңге құрады.

Көрсетілген мерзімде төлем құралдарының ішіндегі төлем және инкассалық өкімдер аз пайдаланылады. Жалпы сан мен көлемдегі осы құралдарды шамалы пайдалану үлесі олардың ерекшелігіне байланысты.

4 кесте - Төлем құралдары, (саны, мың тр.; сомасы, млрд. теңге)

Төлем құралдары	Саны		Сомасы	
	абсолюттік көрсеткіш	жалпы көлемнен %	абсолюттік көрсеткіш	жалпы көлемнен %
Төлем тапсырмалары	17 325,7	27,7%	22 374,6	94,5%
Төлем талаптар	205,8	0,3%	19,6	0,1%
Инкассалық өкімдер	29,9	0,0%	4,0	0,0%
Төлем карточкалары	44 969,6	71,9%	1 279,0	5,4%
оның ішінде:				
- қолма-қол беру туралы операциялар	24 401,2	39,0%	333,3	1,4%
- қолма-қол ақшасыз төлемдер	20 568,4	32,9%	945,8	4,0%
Басқа құралдары	0,9	0,001%	8,2	0,03%
Жалпы жиынтығы	62 531,9	100,0%	23 685,5	100,0%
Е с к е р т у www.nationalbank.kz сайтынан ақпарат ретінде алынған.				

Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы жіберілген ақша аударымдарының көлемі 2017 жылдың қазан айында 50 030,2 млн. теңге сомадағы 257,6 мың транзакцияны құрады. Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, Unistream, Дүниежүзілік почта одағының жүйесі, Contact, Faster, MoneyGram, Блиско сияқты жүйелер және басқа

жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді. ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады. 2017 жылдың қазан айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 6,4% және жалпы сомасының 3,1% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 93,6% және 96,9% құрайды. Қазақстан аумағында 2017 жылдың қазан айында 5 182,5 млн. теңге сомасына 30,7 мың транзакция жүргізілді.

Электронды ақша- 2016 жылы қазақстандық эмитенттермен Қазақстанның аумағында электронды ақшаны пайдалана отырып 154,2 млрд. теңге сомаға 43,3млн. Транзакция көлемінде транзакция өткізді. 2016 жылы электронды ақша арқылы жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың пайдасына жүргізілген төлемдер 130,4 млрд.теңгені құрады.2016 жылдың 1 қаңтарында операцияларды жүзеге асыруы мүмкін электрондық эмияндар саны 2 943 477 эмиянды құраса , 2017 жылдың 1 қаңтарында ол көрсеткіш 5 913 356 эмиянды құрады , яғни орташа алғанда әрбір қазақстандыққа 0,3 электронды эмиян келіп отыр. Сонымен қатар 2016 жылы 129,7 млрд. теңге көлемінде электронды ақша шығарылды.2017 жылдың 1 қаңтарында айналыстарға ақша сомасы 3,3 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық төлем жүйесін дамытудың негізі тенденцияларын анықтауда қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың тиімді формаларын құру туралы мәселені де қарастыру керек. Нарықтық экономикада төлем құралдарының алуан түрі бар. Төлем құралдары дегеніміз – ақшаны бір клиенттің шотынан екіншісінің шотына аудару туралы банкіге берілген электронды немесе қағаз жүзіндегі тапсырма.

Қазіргі кезде қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың негізгі төлем құралы төлем тапсырмасымен есеп айырысуды (аз мөлшерде болса да төлем талаптарымен немесе есеп айырысудағы) инкассомен жүзеге асыру болып табылады. Чек және заңды тұлғалардың көпшілігі есеп айырысуды қазіргі уақытта қарқынды дамып келе жатқан төлем карточкалары арқылы жүзеге асырады. Сондықтан төлем карточкаларын есеп айырысу мен төлем қатынастарына енгізуді дұрыс жолға қою керек.

Төлемдерді чек арқылы жүзеге асырудың формасын дамыту үшін чектерді қабылдау ережесіне, қағаз бен баспа сапасына, сонымен қатар клирингілік жүйе арқылы чектің өтуі үшін талап етілетін уақыт мерзімін тексеруге көп көңіл бөлінуі тиіс. Сондай-ақ жалпы жарнамалық компания арқылы чекке сенімді төлем құралы ретінде жарнама жасау, белгілі сома мөлшерінде чекпен төлемді кепілдендіру туралы банкіге ұсыныстар жасау, есепшоттағы ақшаға кішігірім мөлшерде пайыздық үстеме қосу арқылы өздеріне клиенттерді тарту қажет.

Төлем карточкалары қызметінің бөлшек нарығын дамытудағы басты бағыт – «Тенгри-карт» микропроцессингілік технология ірі және ұсақ төлемдерді жүзеге асыру үшін өз карточкаларын қолдануға мүмкіншілік береді. Микропроцессингілік технология арқылы жүзеге асырылатын ірі төлемдер 80 %-ды құрайды. Мұндай жүйе құрудың ең негізгісі – маңызды әрі ірі көлемдегі қолма-қол ақша айналымын қолма-қол ақшасыз есеп айырысу түріне алмастыру болып табылады. Бұл өз кезегінде бюджетке түсетін салықтар түсімін көбейтуге, коммерциялық кәсіпорындардың сауда айналымдарын зандастыруға, қолма-қол ақшаның жасырын айналымын қысқартуға мүмкіндік жасайды. Орталықтанбаған төлем жүйесін құру жобаның негізін қалаған маңызды идея болып табылады. Мұндағы мақсат – карточка иесінің кең көлемді бірегей инфрақұрылымын жасау, яғни банкілер Ұлттық банкаралық төлем жүйесін құру үшін әрбір банкінің инвестициясын қысқартуға мүмкіншілік береді.

Төлем жүйесін дамытудағы басты мақсат – төлем жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық база құру. Мұндағы міндеттер:

1. Кредиттік, өтімділік және жүйелік тәуекелді азайту.
2. Қатысушы тараптардың міндеттері мен құқықтарын анықтау және бекіту.

3. Сенімді қорғалған, шығындарының мөлшері аз төлемдерінің өз уақытында төленуін қамтамасыз ету.

4. Мемлекеттегі коммерциялық қызметті қамтамасыз ету.

Төлем жүйесінің құқықтық базасының негізгі элементтері: төлем жүйесі мен банкілердің қызметін бақылауға құқығы бар реттеуші орган, қызметпен қамтамасыз ететін немесе менеджер болып табылатын және де төлемдерді жүзеге асыратын ұйымдар, төлем жүйесіне тікелей немесе жанама қатысушылар, жүйені жанама қолданушылар (банкілік мекеменің клиенттері болып табылатын ұйымдар немесе жеке тұлғалар).

Төлем жүйесіне қатысты заңдар заңдар жеткілікті деңгейде тәуелсіз болғаны дұрыс, себебі клиенттер банк тарапынан көрсетілген қызметтер мен берілетін ұсыныстардан ешқандай қолайсыздықты сезінбеуі керек. Сонымен қатар бұл заңдар ішкі банкілік тәртіп пен процестерде, төлем жүйесінің операциясы мен функциясында аудит жүргізуге мүмкіндік береді. Компьютерлік операция, желі және жүйеге кіруде кеткен қателіктермен бірге банк пен клиенттер арасындағы қаржылық даулар да жиі кездесетін заң бұзушылықтарға жатады.

Қазіргі уақытта төлем жүйесі арқылы төлем жүргізу мен ақшалай аударымдарды жүзеге асыру кезіндегі уақытша кідірістер жойылған. Төлем жүргізу қауіпсіздігі мен тиімділігінің жоғарылауына байланысты Қазақстанның төлем жүйесі екінші деңгейлі банкілерден, банкілік емес ұйымдардан және шаруашылық жүргізуші субъектілерден қолдау табуға.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚҰБ Басқармасының «Төлем карточкалары №1073 бойынша мәліметтер жасауды ұсыну жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 25.06.16 жылғы тұжырымдамасы

2. Ұлттық банктің Жылдық есебі. - Алматы, 2012.

3. Ильясов А.А Денежно-кредитная политика. 2007.

4. Тедеев А.А Электронные банковские услуги. 2005.

5. www.nationalbank.kz сайтынан.

6. Сәулембекова Ә.Қ. Интернет төлем жүйелерінің жіктелуі 2013.

7. Қаржы- қаражат: Журнал 2006.

ВАЛЮТАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВАЛЮТАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Тілеубаев Ә.-С., Ф-31к тобы студенті ҚҚЭУ,
Ғылыми жетекші: Исанов А.С., магистр, оқытушы

Бүгінгі әлемде экономикалық және шаруашылық қатынастар күннен-күнге даму барысында халықаралық валюта қатынастарының өркендеуі өндіргіш күштердің қарқынды өсуімен, валюта жүйесі дамуымен, дүниежүзілік рыноктың қалыптасуымен, халықаралық еңбек бөлінісінің тереңдеуімен, шаруашылық байланыстарының интернационалдануы және жаһанданумен сипатталады.

Валюталық қатынастар халықаралық экономикалық қатынастардың дамуына жалпылама түрде өзінің онды әсерін тигізеді.

Валюталық жүйе дүниежүзілік шаруашылықтың шеңберіндегі сатып алу және сату айналымын тудыратын әдістер, құрал жабдықтар және мемлекетаралық ұйымдардың жиынтығынан тұрады. Оның пайда болу және одан әрі даму экономикасы халықаралық ақша кеңістігіндегі адекватты шарттарды талап ететін ұлттаралық капитал үрдісінің объективті дамуын бейнелейді.

Өзекті мәселе еліміздің әлемдік рынокта алдыңғы қатарлы елдер санатына қосылуы үшін ішкі экономикалық өсумен қатар, халықаралық экономикалық қатынастарымыз

дамып, соның ішінде өзекті саласы валюталық қатынастардың дамуы еліміз үшін маңызды. Өйткені біздің экономикамызда теңгеміз еркін айналысқа шыққандықтан, әлемдегі валюта өзгерістері бізге де зор әсер етеді.

Валюталық қатынастың мақсаты - ағымдағы валюталық операцияларды жүргізу кезінде болатын төлем балансының дисбалансын қысқарту; ағымдағы операциялар бойынша валютаның конвертациялануын қамтамасыз ету.

Қазақстанның алдында шетелдермен дербес валюта қатынастарын құрумен қатар халық шаруашылығын қайта құру, оны нарық рельестеріне түсіру мәселелерін бірге шешу міндеттері тұрды.

Жалпы жұмыс барысында алдыға қойылған мақсат, міндеттерге қол жетіп, жұмысты жоспар негізінде жан-жақты талдау жасалды шетел экономикасымен отандық экономика туралы айтылды және де диаграммалар жасалды.

Әсіресе, қазіргі жаһанданған әлемде әлемнің барлық елдері валюталық қатынастарға түседі. Мұндай сыртқы экономикалық байланыстарда қарым-қатынасқа түсуде әрбір ел өзінің валюталық саясаттары мен шараларын іске асырып отырады. Сондықтан Қазақстан үшін де бүгінгі таңда әлемдік нарықта ұлттық экономиканың тиімді дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін валюталық қатынастарды реттеуді өте тура жолмен жүргізіп отырудың орны ерекше болып табылады [1].

Әр ел өз банкноталарын басқаларға ұқсас болмайтындай етіп жасауға тырысады. Бұл өзінің дарашылдығын, тәуелсіздігін көрсету үшін ғана емес, егер әртүрлі ұлттық валюта банкноталары бір-біріне ұқсас болатын болса, болуы мүмкін алдау әрекеттерін болдырмау мақсатында туындайды. Жаңа дизайн Қазақстанда соңғы жылдарда болып жатқан өзгерістерді көрсетеді және Қазақстанның бай мәдени тарихын қазіргі заманғы дизайн элементтерімен байланыстыра отырып біріктіреді.

Қазақстанның мақсаты шетелдермен тұрақты валюталық қатынастарды құрумен қатар ұлттық экономиканың тиімді дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттері тұр.

Қазақстан 1992 жылдың шілдесінде ХВҚ-ға мүше болып крігеннен бастап өзінің валюта қатынастарын Ямайка валюта жүйесінің құрылымдық қағидалары мен қордың Жарғысына сәйкес қалыптастыруда.

Валюта қатынастарын ұйымдастыру үшін 1993 жылдың 14 сәуірінде «Валюталық реттеу туралы» алғашқы заң қабылданды. Ол кезде Қазақстан сом аймағында болғандықтан шетелдермен жеке валюталық байланыстары жоқтың қасында болатын.

«Ұлттық валюта ретіндегі теңге, біздің еліміздің тарихында өзінің рөлін тәуелсіздіктің экономикалық негізі ретінде ғана атқарған жоқ. Кейбір жағынан алғанда теңге – бұл тарихымыздың өзінің толымды бір бөлігі, өз заманының нысаны». Н.Назарбаев

Валюталық жүйе — ұлттық заңдылықтармен немесе мемлекет аралық келісімшарттармен бекітілетін валюталық, қатынастарды ұйымдастыру және реттеу нысаны.

Валюталық жүйелер үш түрге бөлінеді:

- Ұлттық валюталық жүйе;
- Дүниежүзілік валюталық жүйе;
- Аймақтық немесе мемлекетаралық валюталық жүйе.

Валюта(итал. *voluta* — күн, баға) — тауарлар құнының шамасын өлшеу үшін пайдаланылатын ақша өлшемі. Халықаралық валюталық қаржы операциялары тәжірибесінде ол мынадай мәндерде қолданылады:

1) мемлекеттің ақша өлшемі және оның типі (алтын, күміс, қағаз ақша), мысалы, Қазақстанның ұлттық ақшасы — теңге, Ресейдікі — рубль;

2) шет мемлекеттердің ақшасы;

3) халықаралық (аймақтық) есеп айырысу өлшемі (вексель, чек, банкнот) және төлем құралы. 19 ғ-ға дейін күміс валюта мен биметаллизм кең тарады. 19 ғ-дың басында

[Ұлыбританияда](#), 19 ғ-дың 2-жартысынан басқа елдерде алтын валюта енгізілді. Валютаның жалпы [дағдарысы](#) кезеңінде (1-дүниежүзілік соғыс кезінде) қағаз валюта кеңінен қолданыла бастады. Алтын мен күміске айырбасталмайтын [банкноттар](#) қағаз ақша түрінде болды.

Валюталық нарықта валюталарға деген сұраныс және ұсыныс, сондай-ақ олардың бағамдық шекті қатынастары қалыптасады. Нарықтық реттеу құн заңына бағынады. Мұндай заңдардың валюталық нарықтағы бәсекелестік жағдайында жұмыс жасауы, валюталар айырбасының қатысты баламалылығын, тауарлар, көрсетілетін қызметтер, капиталдар, несиелер қозғалысына байланысты әлемдік шаруашылықтың қажеттілігіне валюталардың халықаралық ағымының сәйкес келуін қамтамасыз етеді [2].

Валюталық саясат—бұл елдің ағымдық және стратегиялық мақсаттарына сәйкес, халықаралық валюталық және басқа экономикалық қатынастар аумағында жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы.

Қазақстанның әлемдік экономикалық қатынастарда басқа елдермен сауда, экономикалық қарым-қатынасқа түсуі үшін, шетелдермен экспорт пен импорта, әлемдік капитал ағымдарының іске асуына және шетел валюталарының еркін айналымын ұйымдастыруда, сонымен қатар халықаралық әр түрлі қарым-қатынасты іске асыру валюталық жүйе негізінде жолға қойылады. Валюталық жүйелер дүниежүзілік шаруашылықта құрал жабдықтар, сатып алу және сату айналымын тудыратын әдістер және мемлекетаралық ұйымдардың жиынтығынан тұрады. Оның пайда болу және одан әрі даму экономикасы халықаралық ақша кеңістігіндегі адекватты шарттарды талап ететін ұлттаралық капитал үрдісінің объективті дамуын бейнелейді.

Теңгенің ресми тарихы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1993 жылғы 12 қарашадағы «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығынан басталды. Ал 2013 жылдың 15 қарашасынан бастап теңге еліміздің жаңа төлем құралы және есеп айырысу бірлігі ретінде айналымға енгізілді.

Иә, 1993 жылдың қазан-қараша айларында Қазақстан рубль аймағынан толықтай шығып, 15 қараша күні теңге ресми айналымға енген болатын. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау сол жылдың 15 қарашасы күні таңғы 8.00-де басталып, 20 қараша күні 20.00-де аяқталған еді. Ұлттық банк алғашқыда 1 теңгені сол кездегі 1000 рубльге бағалаған болатын. Алайда, кейін еліміздің саяси және әлеуметтік, мемлекетаралық қатынастары ескеріліп, 1 теңге 500 рубль бағамында белгіленді. Есте болса, теңге айналымға енердің алдында үш күн бұрын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан Республикасында Ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлық шығарған болатын. Жалпы, төл теңгемізді дайындау жұмыстары 1992 жылы қолға алынып, сол жылдың 27 тамызы күні Ұлттық банк теңге купюрасының үлгілерін бекітті. Ал ертеңінде қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлеловтер Англияға аттанды. 1993 жылы алғашқы теңге партиясы Англияның ең көне әрі әйгілі «Харрисон және ұлдары» фабрикасында басылды. Теңгені елге тасымалдау үшін төрт ИЛ-86 ұшақтары Тұманды Альбион еліне 18 мәрте қатынады. Төл валютамыздың алғашқы партияларын сақтау үшін арнайы жерасты қоймалары дайындалып, дәл осы қоймалардан ұлттық теңгеміз еліміздің барлық өңірлеріндегі банктерге 8 күн ішінде жеткізілген еді.

Отандық дизайнерлердің шетел мамандарынан жоғары баға алған жетістіктерінің бірі 2016 жылы наурыз айында Бухарест қаласында (Румыния) өткен Жоғары қорғалған мөр жөніндегі еуропалық конференцияға (High Security Printing Europe) қатысуы болып табылады, онда Қазақстанның 20 000 теңгелік банкноты 2015 жылғы өңірлік банкнот ретінде дизайн мен қорғаныс саласында қолданылған технологиялар жағынан үздік деп танылды.

2016 жылғы мамырда Вашингтон қаласында (АҚШ) өткен Banknote — 2016 халықаралық конференциясында бұл банкнот «Валюта индустриясындағы үздік техникалық жетістіктер үшін» номинациясында үш жүлдегер қатарына кірді.

Халықаралық валюталық қатынастар — ұлттық шаруашылықтары қызметтерінің нәтижесінен өзара қызмет ететін және әлемдік шаруашылықтағы валюталардың қызмет етуі барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар жиынтығы.

Валюталық қатынастардың жекелеген элементтері ерте Грекияда және Ертедегі Римде вексель түрінде пайда болған. Келесі даму кезеңіне Лиондағы және Батыс Еуропа елдерінің басқа да сауда орталықтарында орта ғасырлық вексель жәрмеңкелері жатады. Мұнда аудармалы вексель (тратта) бойынша есеп айырысулар жүргізілген. Феодализм қарсаңында және өндірістің капиталистік тәсілінің құрылуымен байланысты банктер арқылы халықаралық есеп айырысулар жүйелері дами түсті.

Ұлттық Банктің инфляциялық таргеттеу саясатын және теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамының режимін жүргізуді жалғастырып жатқандығын атап өту қажет. Ұлттық Банктің негізгі мақсаты инфляция деңгейін Үкіметтің және Ұлттық Банктің бекіткен дәліз шегіне жеткізу болып табылады, яғни, ортамерзімді перспективада 2020 жылға қарай 4%-ға дейін бұдан әрі төмендете отырып, 2016 – 2017 ж.ж. 6-8% дәлізді белгіледі.

Яғни, жалпы республика бойынша 2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша депозиттердің көлемі 2016 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 11,0% өсті және 15171,5 млрд.теңгені құрады, оның ішінде, ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 1,6 есеге өсіп, 5763,4 млрд. теңгені құрады, шетел валютасындағы депозиттер 6,7% төмендеп, 9408,1 млрд.теңгені құрады. Қарағанды облысы бойынша депозиттердің көлемі жыл басымен салыстырғанда 10,3% өсті және 543,2 млрд.теңгені құрады, оның ішінде, ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 1,7 есеге өсіп, 268,7 млрд. теңгені құрады, шетел валютасындағы депозиттер 17,3% төмендеп, 274,5 млрд.теңгені құрады [3].

Республика бойынша коммерциялық банктердің кредиттік салымдарының сомасы 2016 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 0,1% өсті және 2016 жылғы 1 қазанда 12686,1 млрд.теңгені құрады. Қарағанды облысы бойынша коммерциялық банктердің кредиттік салымдарының сомасы ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 2,9% төмендеді және 2016 жылғы 1 қазанда 415,4 млрд. теңгені құрады.

ҚР Ұлттық ақша бірлігі теңгенің 2014-2016 ж.ж. сай Ресей рублімен, АҚШ долларымен, Еуро Одақтың еуро валютасымен, Қытай юанімен, Беларусь рублімен және Қырғыз сомымен айырбастау бағамы индекстері бейнеленген. Екі жыл ішінде шетел валюталарының арасындағы айырбас индексі бірнеше пайыздарға артқандығын байқаймыз. Әсіресе АҚШ доллары мен ҚР Ұлттық ақша бірлігі теңгенің арасындағы айырбас бағамы индексі 43,5 %-ға артқандығын көреміз. Тиісінше РР/Теңге - 9,30%-ға, Еуро/Теңге – 29,8%-ға, Юань/Теңге – 38,4%-ға, БР/Теңге – 14,3%-ға және Қырғыз Сомы/Теңге – 26,7%-ға. Атап өтетін бір жайт, біз аталып кеткен елдермен (Ресей, Беларусь, ҚХР, Қырғыз елі, ЕО және АҚШ) жалпы экономикалық байланысының, соның ішінде сауда-саттық, жоғары деңгейде екенін айта кетуіміз керек.

Еліміздің валюта нарығындағы сұранысқа ие 3 шетелдік валюталардың және теңге арасындағы 2016 жылдың желтоқсанның бір апталық кезеңіндегі айырбас бағамдары келтірілген.

Қорыта келгенде, ұлттық валюта — теңгені енгізген бері 24 жыл өтті. Бұл біздің еліміздің тәуелсіздігін жариялаған бастап болған айрықша мәнді оқиғалардың бірі болып табылады. Ұлттық валютаны енгізу елімізде жеке ақша-кредит саясатын жүргізуге мүмкіндік берді. 23 жыл ішінде теңге біршама нығайды және ТМД елдерінің анағұрлым тұрақты валюталарының бірі болып қалды. Қазақстандық ұлттық валюта – теңгенің айналыста 23 жыл болуы Қазақстанның қазіргісі мен болашағы үшін теңгені енгізудің тарихи маңыздылығына объективті баға беруге мүмкіндік береді. Өзіміздің ақша бірлігімізді енгізу Қазақстанның экономикалық егемендігін іске асыру үшін негіз болды. Ұлттық валютаны енгізумен нарық экономикасын құруға бағытталған құрылымдық қайта құрулар жылдамдатылды. Қазақстан өзінің ұлттық валютасы —

теңгені күрделі жағдайда әзірлеп, қабылдағанын естен шығармау қажет. Теңгені жасаудағы тұңғыш президентіміздің ерен еңбегін әр қазақ білері сөзсіз.

Әсіресе, қазіргі жаһанданған әлемде әлемнің барлық елдері валюталық қатынастарға түседі. Мұндай сыртқы экономикалық байланыстарда қарым-қатынасқа түсуде әрбір ел өзінің валюталық саясаттары мен шараларын іске асырып отырады. Сондықтан Қазақстан үшін де бүгінгі таңда әлемдік нарықта ұлттық экономиканың тиімді дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін валюталық қатынастарды реттеуді өте тура жолмен жүргізіп отырудың орны ерекше болып табылады [4].

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өту аясында осы жылы еліміз бойынша ұлттық идеологияны және қазақстандықтарды отансүйгіштікке тәрбиелеуді насихаттау, Қазақстан халқының тарихи- мәдени мұрасын, оның ішінде, мемлекетіміздің ең соңғы тарих беттері туралы мәліметтерді дәріптеу және тарату бойынша ауқымды жұмыстың жүргізіліп жатқандығын атап өту қажет.

Қазір ел экономикасы даму үстінде. Сондықтан теңгенің тұғыры да тұрақты. Қазір ол жақын шет елдерде сұранысқа ие. Мәселен, теңге Өзбекстан, Қырғызстан, Ресейде евро, доллармен бірге айналымда жүр. Бүгінде осы аумақта Ресей мен Қазақстанның экономикасы ілгерілеу тұр. Рубль мен теңгенің қарым-қатынасы жақсы. Ұлттық валютаның бүгінгі тұғыры бір қалыпты. Жалпы, ұлттық валютаның құны ел экономикасының өсімімен белгіленіп отырады. Бұл – айқын нәрсе. Басқа валютаның қатынасына қарай құны белгіленеді. Жалпы көршілерде теңгені сатып алуға құқық бар, ендеше қазақ валютасына да сұраныс бар. Теңге – дербестік тірегі, экономикалық дербестіктің кепілі. Теңге өзінің тарихи функциясын толығымен орындап шықты, әлі де өзінің құндылығын дәлелдей бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.nationalbank.kz> Қазақстан Ұлттық Банкінің парақшасынан
2. <http://www.inform.kz> Халықаралық ақпарат агенттігі парақшасынан
3. <http://www.kase.kz> Қазақстан қор биржасы парақшасынан
4. <https://ru.wikipedia.org> Уикипедия — ашық энциклопедия парақшасынан